Этнотанымдық мәтіндердің қай-қайсысын алсақ та, олардың құрамында тілдік қатынасқа түсушілер (коммуниканттар) айқын көрінеді. Осыған орай, коммуниканттар моделі анықталады. Мәселен, айтыста коммуниканттар моделі: ақын мен ақын. Батада: *жасы үлкен, сөзі дуалы, қадірлі ер адам мен үй иесі, жас адам* т.б. Табу сөздерде: *келін мен қайын ата, қайын аға* т.б. Бесік жырында: *ана мен бала* т.б. Олар айтыс, бата, бесік жыры т.б. арқылы тек тілдік қатынасқа түсіп қоймайды, қазақ халқының мәдени-рухани өмірін, тыныс-тіршілігін, шаруашылығын, тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге қызмет атқарады.

Тілдік қатынас тұрғысынан алсақ, айтыс та, шешендік сөздер де, бата да, табу сөздері де ауызша тілдік қатынас құралына жатады. Себебі олар нақты сөйлеу әрекеті үстінде орындалады. Коммуниканттардың ешбір жазу-сызусыз, көзбе көз отырып, ауызба-ауыз тілдік қатынасқа түсу тәсілін көрсетеді.

Құрылымына зер салсақ, құрамындағы сөйлемдер диалогқа негізделеді. Диалог ауызша сөйлесудің басты көрсеткіші екені белгілі. Алайда мұндағы диалог сезімдік танымның көрсеткіші ретінде сөйлеудің ішкі түрімен сәйкестеніп, алдымен, айтылған ойдың мықтылығын, ауыздан шыққан сөздің тыңдаушыға әсерлі болуын талап етеді. Сондықтан этнотанымдық мәтіндердің құрылымындағы диалогта ұйқасты сөздер, мақал-мәтелдер, эпитеттің түрлері, экспрессиялық бояуы қалың тілдік элементтер, теңеулер, метафоралар, ассонанс, аллитерация, параллелизм сияқты көріктеуіш амалдар қолданылады.

Бір мәжілісте бас қосып, сөйлесіп отырған Шоң биге Мұса Мырза:

*Ақ сауыт деп нені айтамыз?
Арғымақ деп нені айтамыз?
Ақылды деп кімді айтамыз?
Ер жігіт деп кімді айтамыз? —*

деп сұрақ қойыпты. Бұған Шоң:

*Ақсауыт деп айтамыз,
Атқанда оқ өтпесе.
Арғымақ деп айтамыз,
Желігенде жылқы жетпесе.
Ақылды деп айтамыз,
Тозған елді септесе.
Ер жігіт деп айтамыз,
Жауға тастап кетпесе! —*

депті. («Қазақтың шешендік сөздері»). Ауызша сөйлеу құралына жататын шешендік сөздерде адресат қойылған сұраққа ешбір кітап оқымай, алдын ала дайындалмай, коммуникативтік жағдаят үстінде поэтикалық тұрғыда бірден жауап табады. Шешендік сөздер ақиқат болмыс туралы танымды тілдік логикамен сабақтастырып, адам танымында орныққан, өмірде аса маңызды мәні бар шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар туралы білім аясын қалыптастырады. Құрамындағы сұрақ-жауап диалогы танымдық, философиялық түсінікке негізделеді. Сондықтан шешендік сөздерде ұшқыр ой мен тапқырлықтың сипаты жоғары болады. Қойылған сұраққа тыңдаушысын еріксіз мойындататын жауап тауып, оның поэтикалық образбен жеткізілуі ауызша тілдік қатынас құралына жататын шешендік сөздердің әрі танымдық, әрі коммуникативтік мәнін анықтайды.

Айтыс, шешендік сөздер, бата-тілек, табу сөздері айтушы, тыңдаушы және олардың қарым-қатынасын анықтайтын тілдік код ретінде де ерекшеленіп қоймайды, коммуниканттар өз пікірлерін міндетті түрде өлең түрінде жеткізеді. «Өлеңсіз айтыстың аты ерегіс болады» деген А.Байтұрсынұлының сөзін ескерсек [7], ерегіс болған жерде тіл мәдениеті, тілдік норма заңдылықтары сақталмайтыны белгілі. Ендеше, этнотанымдық мәтіндер — қазақ халқының жөн-жоралғысына сіңген мәдениеті мен халықтық психологияның нормалары мен ұстанымдарының көрінісі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Сағындықұлы Б.* Таңдамалы туындылар. — Алматы: Үш қиян баспасы, 2009. — 291-б.
- 2 *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. — Алматы: Жазушы, 1985. — 28-б.
- 3 *Сыздық Р.* Ғылыми таным үзіктері: Мақалалар жин. — Алматы, 2009. — 3-т. — 101, 102-б.
- 4 *Сыздықова Р.* XVIII–XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ғылым, 1984. — 105-б.
- 5 *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 21-б.
- 6 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Қазақстан халқына Жолдауы. — Астана: Ақорда, 2012. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz/>
- 7 *Байтұрсынов А.* Сөйлеу әуезділігі // Ақ жол. — Алматы, 1991. — 408-б.

Н.А.Ильясова

Лингвокоммуникативные особенности этноментальных текстов

Главным объектом статьи являются исследования лингвокоммуникативной важности этноментальных текстов. В различных ситуациях, несмотря на то, что у них похожий смысл, они употребляются в разных формах, проявляются психическими изменениями, уточняются стилем речи. В этноментальных текстах выступающий доносит информацию, а перед этим делает новые выводы и заключения, которые направлены на слушателя.

N.A. Il'yasova

Lingualcommunicative features atomentry texts

The subject of this article is to investigate linguocommunicative importance of ethnomental texts from the point if science. According to different situations expressive way of speaking can have similar meaning but contains different forms of expression and psychological features. In ethnomental texts the duty of speaker not only to transfer information but also to understand responsibility in front of other speaker, to transfer new information, to direct, to show the right way of speaking. All these aspects are determined in the article.

References

- 1 *Sagyndykuly B.* *Selected Work*, Almaty: Ush kiyan baspasy, 2009, p. 291.
- 2 *Ualikhanov Sh.* *The select*, Almaty: Zhazushy, 1985, p. 28.
- 3 *Syzdyk R.* *Excerpts of scientific knowledge*: Collection of articles, Almaty, 2009, 3, p. 101, 102.
- 4 *Syzdykova R.* *History of Kazakh literary language of the XVIII–XIX c.*, Almaty: Gylym, 1984, p. 105.
- 5 *Dosmukhameduly Kh.* *Alaman*, Almaty: Ana tili, 1991, p. 21.
- 6 *Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan «Kazakhstan – 2050»*, Astana: Akorda, 2012, [ER]. Access mode: <http://www.akorda.kz/>
- 7 *Baiytursynov A.* *Ak zhol*, Almaty, 1991, p. 408.

Хожағайын Касипбек

*Ховда мемлекеттік университеті, Қытай Халық Республикасы
(E-mail: kkasipbek@yahoo.com)*

Метафораның зерттелу мәселесі жайында

Мақалада метафораның зерттелу тарихына қысқаша шолу жасалды. Автор метафораның жасалу жолдарын, жіктелуін қарастырған қазақ және орыс тіл біліміндегі еңбектерге жан-жақты тоқталды. Тіл білімінде және әдебиеттануда метафораға берілген анықтамалар келтірілді. Метафора тілдегі қолдану сипатына қарай: тілдік метафора, тұрақты метафора, жеке қолданыстағы метафора деген түрлерге бөлінетіндігі анықталды. Зерттеушілердің еңбектерінде метафораның бірнеше қызмет атқаратындығы айқындалды.

Кілт сөздер: метафора, эмоционалды-экспрессивті лексика, тілдік метафора, тұрақты метафора, авторлық метафора, танымдық метафора.

Метафора мәселесін ойшылдар сонау ықылым заманнан бері қарастырып келе жатыр. XX ғасырдың орта шеніне дейін метафора жай ғана стилистикалық құрал немесе көркем шығарманы әсірелеуші, көркемдеуші әдіс ретінде қарастырылып келсе, соңғы онжылдықтарда тілтанушы ғалымдар метафораның көпқырлылығына көңіл аударып, жан-жақты зерттеуді қолға алды. Мұндай ғалымдар қатарына метафора жайлы құнды еңбектер жазған Н.Д.Арутюнова, В.Н.Телия, Б.Блэк, Дж.Лакофф, М.Джонсон сияқты авторларды жатқызуға болады.

Қазақ тіл білімінде тілдік метафора, оның түрлері туралы А. Байтұрсыновтың «Әдебиеттанығыш» (1926), К.Ахановтың «Қазақ тілі лекаикасының мәселелері» (1956), «Тіл біліміне кіріспе» (1965), М.Балақаев, М.Томанов, Е.Жанпейісов, Б.Манасбаевтың «Қазақ тілінің стилистикасы» (1974), Ә.Болғанбаевтың «Қазақ тілінің лексикологиясы» (1988), А.Айғабыловтың «Қазақ тілінің лексикологиясы» (1955), І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» (1975), тағы басқа біршама қазақ тіліне қатысты еңбектерде айтылып, түсінік беріледі.

Кейінгі жылдарға дейін метафора троптың бір түрі, көркемдік тәсіл, стилистикалық құрал ретінде ғана қарастырылды. Сөздіктерде, лексикологияда, әдебиеттану теориясына қатысты еңбектерде метафораның түрлері, тілдегі қызметі туралы біраз түсінік беріледі.

Қазіргі қазақ тілінде метафоралардың зерттелу бағыттарын былайша саралауға болады:

- қазіргі метафоралардың тілдік табиғатын ашу, оған қазіргі тілге сай ғылыми анықтама беру;
- метафораның түрлерін айқындау;
- жаңа мағына жасаудағы метафораның танымдық рөлін көрсету;
- әлемнің тілдегі көрінісін танып білуде метафораның қызметін көрсету;
- көркем мәтіндегі ұлттық ерекшелікті көрсетудегі метафораның маңызы;
- метафораның концептуалдық қызметі, номинативті мағына жасау қызметі.

Қазақ тіл білімінде метафораны ұзақ уақыт бір жақты түсіну орын алып келгені белгілі. Метафора – тек көркем шығармадағы көріктеу амал-тәсілдерінің бірі ретінде, бұған дейінгі жазылып, зерттеліп жүрген дүниелердің барлығында көркем шығарманың тілдік аспектісінде ғана троптың түрі ретінде, стильдік ыңғайда сөз етіліп келді. Қазақ ғалымдары метафораны тек осы тұрғыдан қарастырып, зерттеді.

Тіл – адамзат қоғамымен, оның ой-санасы, таным-білімімен бірге өзгеріп, бірге дамып келе жатқан жанды құбылыс. Оның сөздік құрамының үнемі өзгеріп, толығып, дамып отыруы заңдылық деуге болады. Әр дәуір, әр қоғам, әр халық өзіне қажет жаңалықтарды туғызса, сонымен бірге сол жаңа зат, құбылыс, ұғым, іс-әрекеттердің өз атаулары пайда болады. Қазіргі заманда қазақ халқының саяси, әлеуметтік мәдени өміріне, ғылым-біліміне көптеген жаңалықтар енді. Зерттеу жұмыстарында метафора түрлеріне, өзіндік жасалу және қолдану ерекшеліктеріне қатысты жеке-жеке бөлінеді.

Әлем лингвистикасында метафораның табиғаты адамның білім қорының құрылымдық сипатымен байланыстыра қарастырылады. Лингвистикалық, әдебиеттану терминдері сөздіктерінде метафораға төмендегідей түсініктер беріледі. Мәселен, «Тіл білімі сөздігінде»: «Метафора — (грек. *metaphora* — ауыстыру) троптың бір түрі, ұқсастық, сәйкестік және т.б. негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылуы» [1; 220] деп беріледі, ал метафоралану «... ауыспалы

мағынаның пайда болуы мен оның экспрессивті қасиеттерінің күшеюі нәтижесінде сөздің мағыналық аумағының кеңеюі» деп түсіндіріледі [1; 220]. «Лингвистикалық түсіндірме сөздіктегі» метафораның анықтамасы: «Метафора — троп немесе сөйлеу механизмі. Метафора – сөздің басқа мағынада қолданылуы. Риторика мен лексикологияда метафора номинациялық құрал ретінде қарастырылады» [2; 124].

Қазақ тіл білімінде теңеу, метонимия, эпитет сияқты троп түрлерінің лингвистикалық ерекшеліктері, жалпы теориялық жақтары біршама зерттелген. Т.Қоңыровтың «Қазақ теңеулері» (1978) [3], Л. Нұржекееваның «Қазақ метонимияларының лингвистикалық табиғаты» (1991) [4] деген еңбектері жарыққа шығып, кезінде жақсы пікірлерге ие болды. Қазақ тіліндегі метафораның жай-күйі, оның жасалу механизмі, тілді, ойды дамытудағы қызметі, жалпы қазақ метафораларының зерттелуі, сипатталуы, ғылым тіліндегі танымдық, термин жасау қызметі теориялық тұрғыдан терең зерттеуді қажет етеді. Әсіресе метафораның концептуалдық (мағына, ұғым жасау), когнитивтік (танымдық) қызметі, ғылыми мәтіндерде жаңа ілім-білім түрлерін қалыптастыруда қолданылуы, жаңа (номинативті) мағына, термин жасау қабілеті назардан тыс қалып келеді.

Метафораның бүкіл болмыс-бітімін ашатын, оны тек лингвистикалық аспектіде ғана емес, адам ойлауы мен танымына қатысты философия, психология, логика сияқты ғылымдармен байланыстырып, жан-жақты қарастыратын, қазақ тіліндегі метафора құбылысының теориясын қалыптастыруға үлес қосатын ірі зерттеу еңбектерді қажет етеді. Алғашқы рет қазақ тіл білімінде метафора мәселесі Р.Барлыбаевтың «Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы» атты кандидаттық диссертациясында (1963) және Б.Хасановтың «Қазақ тілінде сөздердің метафоралық қолданылуы» (1966) атты кандидаттық диссертациясында сөз етіледі [5].

Р. Барлыбаев былай деп жазады: «Бір заттың атауы жалпы сыртқы ұқсастық, сәйкестікке қарай екінші бір заттың, құбылыстың атауына ауысады екен. Олай болса, сөз мағынасының ауысуы объективтік болмыстағы заттардың, құбылыстардың жалпылық жақтарының негізінде туған тілдік құбылыс» [6; 136]. Ғалым сөздің ауыспалы мағынасы туралы ойларын былай қорытындылайды: «Біріншіден, сөздің ауыс мағынасы заттың түр, түс ұқсастықтарын негізделіп жасалады екен; екіншіден, тілдің тарихи даму барысында кейбір ауыс мағыналар дами келе тұрақты мағынаға айналып, кей жағдайда ауыс мағына алға шығып кетуі мүмкін; үшіншіден, сөздің тұрақты, кеңейген, көп мағыналығы (қай тілде болмасын), түрлі дәрежелері екенін айтуға болады» [6; 137].

Б. Хасанов «Қазақ тілінде сөздердің метафоралық қолданылуы» атты кандидаттық диссертациясында метафораны алғаш рет арнайы алып, жан-жақты зерттеген. Жұмыс өз алдына еңбек болып 1966 жылы баспадан жарық көрді. Еңбекте Абайдың, І.Жансүгіровтың С.Сейфуллиннің поэзиялық шығармалары, сонымен бірге XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының өлеңдері тіліндегі метафоралық тіркестерге талдау жасалады, сөздердің метафоралық мағынада стильдік қолданылуы жан-жақты зерттеледі. Ғалым, әсіресе, метафораның жасалу жолдарына ерекше көңіл бөледі. Автор метафоралық мағына алған сөз метафоралық қолданыстың негізінде пайда болатынын, оның сапасы сөйлеушінің шама-шарқына қарайлас, дүниетанымына, біліміне тікелей байланысты екенін айтады. «Көптеген уақыт өткеннен кейін метафоралардың өзі қайтадан метафоралануы, тіпті бұрынғы «төл мағынасына кері оралуы мүмкін», — дейді ғалым.

Сондай-ақ метафора туралы кейбір ой-пікірлер Б.Манасбаевтың «С.Мұқановтың поэзиясының тілі» (1961), М.Жақыпбековтың «Жамбыл шығармаларындағы сөздердің және фразеологиялық тіркестердің стильдік ыңғайда қолданылуы» (1955) сияқты кандидаттық диссертацияларында да айтылады. Әйтсе де басқа тілшілердің еңбектерінде метафора сөз болмайды деуге болмайды.

Метафора тілдегі қолдану сипатына қарай: тілдік метафора; тұрақты метафора; жеке қолданыстағы метафора деген түрлерге бөлінеді [2; 115].

Сонымен зерттеушілер метафораның бірнеше қызметін атап көрседі. Метафора жаңа мағына тудырады, бейнелі образ жасайды, көркем сөз стилінде бейнелеуші, мәнерлеуші тәсіл ретінде қолданылады, сөзге эмоционалды-экспрессивті баға береді. Метафораның қызметі арқылы тілдің лексикалық және фразеологиялық қабаты, жалпы сөздік құрылымы толығы түседі, белгілі бір ұғым аясы кеңі түседі. Метафора — көптеген тіл қабаттарының шығу көзі. Мәселен, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, канатты сөздер метафораға негізделіп жасалады. Адам өмір сүрген ортадағы факторлардың өзгерістеріне қарай еркін сөз тіркестерінен жасалған фразеологияның компоненттеріндегі тура мағынадағы сөздер ауыс мағынаға ауысуы — ондаған, жүздеген жылдардың ішінде болатын құбылыс. Ал кейбір реттерде идиома болған сөздер метафоралық қолданыстың

негізінде бірден ауыс мағына алуы мүмкін [7]. Демек, фразеологизмдер сөзді метафоралы қолданудан пайда болады.

Метафораны тіл білімінде зерттелуін қарастырғанда, олардың әр бағытта жазылғанын байқадық. Бұл құбылыстың адам ойын қалыптастырушылық қызметі ғалымдардың терең қызығушылығын тудырғанын көреміз. Тіл біліміндегі метафора семасиологиялық, ономасиологиялық, гносеологиялық, лингвистикалық тұрғыда зерделенуімен қатар, когнитивтік бағытта да қарастырылады.

Метафораны арнайы зерттеген еңбектердің арасында да оны стилистикалық құрал деп танығысы келмейтіндер де болған. Бұл — біржақты тұжырым. Шын мәнінде, метафора — мәніне мағынасы сай келсе, стилистикалық бейнелеуіш құрал. Ю.Л. Лясотаның сөзімен айтқанда, «индивидуальные метафоры являются одним из основных средств образной речи, используются как стилистический прием художниками слова» [8].

Профессор М. Балакаев көркемдік арқау болатын тілдік тәсілдерді екі топқа бөледі. Бірі — бейнелеу тәсілдері — өмірдің реалды шындығын, құбылысты кісінің көз алдына елестететіндей етіп суреттеу, екінші әсері — әсерлеу — оның үстіне кісінің эмоциялық сезіміне әсер беретіндей етіп көріктеу [9].

Әрбір жекелеген ұлт түсінігінде әлем әр түрлі көрініс табады. Бұл әсіресе тілде айқын байқалады. Яғни тілдегі әлем бейнесі — адамның әлемді тануының негізі. Бұған Б.Уорф пен Э.Сепирдің көзқарастары тұрғысынан қарасақ, әр түрлі ұлт осы ғаламды өзінше танып, өзінше пайымдайды. Демек, тіл біздің ата-бабаларымыздың «ғалам бейнесін» қалпына келтіруімізге мүмкіндік жасайды, тіл арқылы біз ата-бабаларымыздың «ғалам бейнесін» елестетеміз. Адам дүниетанымының басты элементі деп ғалам бейнесін айта аламыз. Онда адамның дүниені тануының негізгі көріністері жинақталған.

Мәселен, *сөз көтере алмау, ала көз болу, жылы сөйлеу*. Ағылшын тілінің фразеологизмдерінен мысал келтірсек: *to kill time* (убить время), *to have one's heart in one's boots* (душа в пятки ушла), *to be in step with the times* (шагать в ногу со временем), *with an open heart* (с открытой душой). Қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де метафоралық ойға негізделген мақалдарды көптеп кездестіруге болады: *тіл көтермегенді тіл көтереді; тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады; ашу — ақылдың дұшпаны; actions speak louder than words* (поступки красноречивее чем слова); *don't teach a fish to swim* (не учи плавать щуку, щука знает свою науку); *love laughs at locksmiths* (любовь на замок не закроешь).

Дүниенің тілдік бейнесіндегі метафоралардың алатын орнын көрсету — өте қызықты да ауқымды мәселе. Метафоралар әлемнің күнделікті тілдік бейнесіндегі үлгі-образ болып табылады.

Метафоралық дүние бейнесінің түп негізінде белгілі бір этномәдени ұжымның сан ғасырлар бойы қоршаған ортаны меңгеруі, игеруі және өзгертуі үдерісінде қалыптасатын дүниені бейнелі, көрнекі етіп көруі және тануы жатады.

Метафораның теориясын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлініп, оның тілдегі қызметі, тіл, сана, таныммен байланысты сан алуан ғылым салаларындағы термин жасау, жаңа білімді қалыптастыру қызметі, түрлері, мән-маңызы мен қолданылу аясы жөнінде қарастырылып келеді. Көптеген ғалымдар метафораны әлем туралы ойлаудың вербалды әдісі немесе ойлау әрекеті деген тұжырымға тоқталды. Осы мәселемен айналысқан лингвистердің қатарында А.Хили, Р.Харрис, А.Ортони, Р.Рейнольдс, Ф.Ницше, П.Риккер, М.Влэн, А.Ричардс, А.А.Потебня, В.Г.Гак, В.Н.Телия, Н.Д.Арутюнова, В.К.Харченко және тағы басқалар бар. Олардың жұмыстары 1990 жылы шыққан «Теория метафоры» жинағында жарық көрген. Құрылымы әр түрлі ағылшын және қазақ тілдерінің сөздік қорындағы сан алуан атаулардың ішінде өте жиі қолданылатын, мағынаға бай, қолданыс ауқымы кең тілдік бірліктердің бірі метафоралық теңеулер. Сондай-ақ қазақ тіл білімінде де кейінгі кезде жазылған Г.Зайсанбаева [10], А. Сыбанбаева [11], Б. Қасым [12], С.Е. Кәрібаева [13] тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде метафора танымдық тұрғыдан қарастырылады.

Метафоралардың басым көпшілігі ұлттық негізді арқау ете отырып пайда болған. Олар ұлт өмірінің айнасы, сондықтан да бойында сақталған ұлттық мәдени негіздерге сүйенеді. Қазақ, ағылшын тілдеріндегі метафоралар халықтың ұлттық дүниетанымы мен дәстүрінен хабар беруде ерекше қызмет атқарады. Олай дейтін себебіміз, белгілі бір ұлт тілінің жасалуына сол халықтың таным мен түсінігіндегі ақпараттар әсер етеді, яғни кез келген нәрсені таңбалаушы тілдік бірлік жайындағы ұғымы әр ұлтта әр түрлі екендігі анық. Сонымен қатар метафоралар күрделі тілдік бірлік болып табылады, оларға едәуір ақпараттық әлеует тән.

Сөздердің мағыналарының метафоралануы тілімізді жандандырып, оның төл байлығын көбейтуге, ұлттық терминдердің қалыптасуына зор үлес қосып келеді. Бұны кірме сөздердің, төл сөздерінің аударылуынан көруге болады.

Сонымен, бір заттың атауы жалпы сыртқы ұқсастық, сәйкестікке қарай екінші бір заттың, құбылыстың атауына ауысады. Сөз мағынасының ауысуы – объективтік болмыстағы заттардың, құбылыстардың жалпылық жақтарының негізінде туған тілдік құбылыс.

Әр ғалым метафора түрлерін өзінше саралайды. Ғалымдар метафоралардың жіктелуіне байланысты бір ортақ тұжырымға әлі күнге дейін келген жоқ. Мәселен, орыс тіл білімінде О.С. Ахманова метафораларды 5 типке ажыратады, олар:

- гиперболалы метафора;
- лексикалық метафора;
- нәтижелі метафора;
- нәтижесіз метафора;
- ақындық метафора [14].

Б.Н. Томашевский метафораларды екіге жіктейді, олар: стилистикалық және тілдік метафоралар [15]. А.В. Бельский метафораларды ақындық және риторикалық етіп жіктейді [16]. Ю.С. Язикова метафораларды екі ірі топқа ажаратады, олар: тілдік метафоралар және стильдік метафоралар, тілдік метафоралардың өзін генетикалық (*орындықтың арқасы, қаламсаптың басы* және т.б.) және ауыспалы мағыналы метафораларға (*алтын мінез, алтын қолдар* және т.б.) жіктеді [17]. А.А. Бельский екінші типтегі метафораларды риторикалық метафоралар деп атады. Осы ғалымдардың ішіндегі А.В.Калининаның метафора жіктеуін көптеген ғалымдар қолданады. Өйткені зерттеуші іргелі зерттеулерге сүйене отырып, тілдік мүмкіндіктерді ескере отырып, метафораларды жіктейді.

А.В. Калинина метафораларды қолдану дәрежесіне байланысты 3 топқа ажаратады, олар:

- метафора деп бір сөздің орнына екінші сөзбен орын ауыстыруын айтамыз. Мысалы, *мұрыныңның ұшындағыны білмейсің*;
- жалпы тілдік метафоралар. Мысалы, *қап-қап әңгіме*. Мұндай метафораларды сөздіктерден табуға болады, бұл метафораларды ауыспалы деп те атауға болады;
- автордың жеке стиліне байланысты жасалынған метафоралар [18].

Бұл образды метафоралар белгілі бір ақынның жаңадан тапқан метафораларын айтамыз. Мысалы, орыс тілінде мына сөздерді айтуымызға болады: *синец неба, кровинки ягод, vehicle of his daily business life* [19].

Қазақ тіл білімінде Б.Хасанов қазақ метафораларын екіге бөледі: «Метафораның екі түрі бар деуге болады: бірі – белгілі бір шешеннің сөз саптауында пайда болған индивидуалдық метафора, екіншісі — халықтық сипат алған дәстүрлі метафоралар. Бірақ бұл екеуінің ара-жігі жоқ, өйткені жеке авторлар жасаған метафоралар көбіне халықтық дәстүрлі метафоралардың ізімен жасалады және олардың көпшілікке кең тарауы мүмкін» [5; 138].

Метафораның жасалуын Р.Барлыбаев былай түсіндіреді: «Біріншіден, сөздің ауыс мағынасы заттың түр, түс ұқсастықтарын негізделіп жасалады екен; екіншіден, тілдің тарихи даму барысында кейбір ауыс мағыналар дами келе тұрақты мағынаға айналып, кей жағдайда ауыс мағына алға шығып кетуі мүмкін; үшіншіден, сөздің тұрақты, кеңейген, көп мағыналығы (қай тілде болмасын) түрлі дәрежелері екенін айтуға болады» [6; 137].

Көрнекті тілші К. Аханов метафораларды жалпы халықтық тілдегі метафоралар, жеке ақын-жазушылардың тіліндегі метафоралар деп екіге бөледі [20].

Ғалым А. Айғабылұлы метафораларды: тілдік метафора, тұрақты метафора, индивидуалдық метафора деп үшке бөледі [21].

Жалпы қазақ тілі оқулықтарын шолып қарастыру барысында тілші-ғалымдардың біразы метафораларды поэтикалық метафора, лексикалық метафора деп бөлсе, енді біразы дәстүрлі (халықтық тілдегі), жеке қолданыстағы метафоралар деп екіге бөледі, ал кейбір ғалымдар тілдік метафора, тұрақты метафора, индивидуалдық метафора деп үшке бөлетіндігін байқадық.

Әдебиеттану теориясында ғалым, академик-жазушы З.Қабдолов метафораның ұлғайған, күрделі түрлері туралы былай айтады: «Күрделі метафора жасаудағы мақсат – сөзді құбылту арқылы ұғымды тереңдету; ой бейнесін үстемелей, өсіре келе, оның әсерін күшейту» [22].

Көрнекті әдебиет зерттеушісі Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетіндегі метафораларды құрылысына байланысты бес түрге бөліп қарастырады:

- метафораның жай түрі;
- жалғаулар арқылы жасалатын метафора;
- көмекші етістік арқылы жасалатын метафора;
- күрделі метафора, немесе метафораның ұлғайған түрі;
- метафораның «бейне бір», «тең» деген сөздердің көмегімен жасалатын түрі [23].

Қазақ тілінде ең жиі қолданысқа түсетін метафоралар – поэтикалық (бейнелі) метафоралар. Поэтикалық (бейнелі) метафоралар тілге бейнелілік, көркемдік беріп, оқырманға эмоционалды-экспрессивті әсер етеді. Мәселен, жеке қолданыстағы поэтикалық метафораларды бейнелілік күшті болса, концептуалдық метафораларда әлсіз болады, тіпті жойылып кетеді. Терминдік мәндегі концептуалдық метафораларда бейнелілік мүлдем болмайды. Поэтикалық метафораларда бейнелі ой танымның алғашқы кезеңімен шектеледі. Ал концептуалдық метафоралар танымдық қызметі жағынан тереңдей түседі. Концептуалдық метафораларға әр түрлі ғылым тілінде атауыштық, термин қызметін атқаратын генетикалық кілт, мәдени ошақ, баспасөз беті, семантикалық өріс, дүниенің тұтқасы, ой ордасы, тарихи қабаттар, тарихи тозаңы сияқты мысалдарды келтіруге болады.

Аударма барысында метафоралар көптеген өзгерістерге ұшырайды. Бұл өзгерістер тілдің және аударылып жатқан тілдің этимологиялық және лексикалық өзгешеліктеріне байланысты туындайды. Бұл — жеке зерттеуді қажет ететін мәселе.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген зерттеулердегі пікірлер мен тұжырымдарды жинақтай келгенде, метафора құбылысына тән белгі қасиеттер мен ерекшеліктер ретінде мыналар көрсетіледі:

- ойлау, таным үдерісінің (процесінің) нәтижесі;
- ұқсастық (аналогия) негізінде жасалады;
- зат, құбылыс, белгі, қасиеттердің бір-бірімен теңдестірілуі;
- тілдік қолданыста бар сөз мағынасы мен жаңа ұғым атауының арақатынасының нәтижесі;
- күнделікті қолданыстағы сөз мағынасының қайта ойлаудан өтуі;
- жасалуы адам еркіне тәуелді емес. Ол тілдегі қажеттіліктен пайда болады;
- троптың метонимия, теңеу сияқты түрлеріне ұқсас қасиеттері де, айырмашылықтары да бар;
- тілдің ажырамас бір бөлшегі.

Қорыта айтқанда, метафора болмысын танып-білуге қажетті, маңызды мәселелердің бірі – метафора түрлерін анықтау. Сондықтан келешек жұмыстың басты мақсатының бірі метафора түрлерін анықтап, оларға ғылыми сипаттама беру болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тіл білімі сөздігі Ред. Э.Д.Сүлейменова). — Алматы: Ғылым, 1988. — 544 б.
- 2 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. — Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. — 320 б.
- 3 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. — Алматы: Мектеп, 1978. — 178 б.
- 4 Нұржекеева Л. Қазақ метонимияларының лингвистикалық табиғаты: Канд. дис. автореф. — Алматы, 1991. — 166 б.
- 5 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы: Канд. дис. автореф. — Алматы, 1966. — 187 б.
- 6 Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы: Канд. дис. автореф. — Алматы, 1963. — 206 б.
- 7 Ларин Б.А. История русского языка и общее языкознание. (Избранные работы). — М., 1977. — С. 115.
- 8 Лясота Ю.Л. Роль метафорических слов и выражений в развитии словарного состава языка: Автореф. канд. дис. — М., 1951. — 25 с.
- 9 Балақаев М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. — Алматы, 1961. — 98–99-б.
- 10 Зайсанбаева Г. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. — Алматы, 2002. — 25 б.
- 11 Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2002. — 162 б.
- 12 Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2002. — 313 б.
- 13 Кәрібаева С.Е. С.Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар (когнитивтік аспект): Канд. дис. автореф. — Астана, 2010. — 22 б.
- 14 Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексикологии. — М.: ГосУчпедиз. Минпросв. РСФСР, 1957. — 295 с.
- 15 Томашевский Б.В. Стилистика: Учеб. пособие. — 2-е изд., испр. и доп. — Л.: Изд-во ЛГУ, 1983. — 288 с.
- 16 Бельский А.А. Зарубежная драматургия: Сб. ст. / А.А. Бельский. — Пермь: Пермский гос. ун-т им. А.М.Горького, 1989. — С. 5–27.

- 17 Язикова Ю.С. Анализ метафор стиля повести М. Горького «В людях» // Уч. записи Дальневост. ун-та. — 1962. — Вып. 5. — 127 с.
- 18 Калинина А.В. Стилистические очерки. — М.: Изд-во МГУ, 1979. — 195 с.
- 19 Кубрякова Е.С. Роль словообразования в формировании языковой картины мира // В.кн.: Роль человеческого фактора в языке. — М., 1988. — С. 53.
- 20 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. — Алматы: Мектеп, 2002. — 158-б.
- 21 Айгабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. — Алматы, 2004. — 11-б.
- 22 Қабдолов З. Сөз өнері. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 226-б.
- 23 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. — II-т. — Алматы: Қазақтың мемкөркем әдебиет баспасы, 1960. — 216-б.

Хожагайын Касипбек К вопросу об исследовании метафоры

В статье дан краткий обзор понятия метафоры. Автором проанализированы работы казахских и русских ученых о способах образования и классификации метафоры. Также даны различные определения метафоры по лингвистическим и литературоведческим толковым словарям. Определены виды метафор — языковая, устойчивая, индивидуальная. Кроме того, приведены точки зрения исследователей о функциях метафоры, возможности использования её в переносном значении.

Hozhagaiyyn Kasipbek To a question of research of a metaphor

In article the short review to research of a metaphor is made. The author analyzes works of the Kazakh and Russian scientists about ways of education and classification of a metaphor. Various definitions of a metaphor according to linguistic and literary explanatory dictionaries are also given. Types of metaphors are defined: language metaphor, steady metaphor, individual metaphor. In work the points of view of researchers about functions of a metaphor, about opportunity its use are given in figurative sense.

References

- 1 Dictionary of linguistic terms, Suleymenova E.D. etc., Almaty: Gylym, 1988, 544 p.
- 2 Salkynbaiy A., Abakan Ye. Linguistic explanatory dictionary, Almaty: Sozdik-Dictionary, 1998, 320 p.
- 3 Konyrov T. Kazakh comparisons, Astana, 2005, 292 p.
- 4 Nurzhekeyeva L. Linguistic's nature of metonymies on kazakh languages, Almaty, 1991.
- 5 Khasanov B. The metaphorical uses in the Kazakh language, Almaty, 1966, 205 p.
- 6 Barlybayev R. Expansion and narrowing of word meanings in the Kazakh language: Manuscript of the cand. dis., Alma-Ata, 1963, 206 p.
- 7 Larin B.A. History of Russian and general linguistics. The chosen works, Moscow, 1977, p. 115.
- 8 Lyasota Yu.L. The Role of metaphorical words and expressions in development of dictionary structure of language, Moscow, 1951.
- 9 Balakayev M. Kazakh literary language, Almaty, 1991, 463 p.
- 10 Zaiysanbayeva G. Cognitive aspect of metaphorical names. Thesis abstract, Almaty, 2002, 25 p.
- 11 Sybanbayeva A. Language nature of metaphors and conceptual metaphors, Almaty: Kazakh University publ., 2002, 162 p.
- 12 Kasym B. Theoretical bases of difficult names in kazakh language: Dis. dok. Phil. Sciences, Almaty: Kazakh university al-Farabi, 2002, 313 p.
- 13 Karybayeva S.Ye. Author's metaphors in S.Mukanov's poetry (cognitive aspect): Abstract of cand. dis., Astana, 2010, 22 p.
- 14 Akhmanova O.S. Essays on General and Russian lexicology, Moscow: GosUchpediz min. prosv. RSFSR, 1957, 295 p.
- 15 Tomashevskiy B.V. Stilistic, Leningrad: Publ. house LSU, 1983, 288 p.
- 16 Belskiy A.A. Foreign dramatic art: collection of articles / A.A. Belsky, Perm: The Perm State. Univer. of A.M. Gorky, 1989, p. 5-27.
- 17 Yazikova Yu.S. The analysis of metaphors of style of the story of M. Gorky «In people». Scientific notes of Far East University, release 5, 1962, 127 p.
- 18 Kalinina A.V. Stylistic sketches, Moscow: Moscow State University publ. house, 1979, 195 p.
- 19 Kubryakova Ye.S. The Role of wordbuilding in formation of a language picture of the world // In the book: Role of a human factor in language, Moscow, 1988, p. 53.

- 20 Akhanov A. *Fundamentals of linguistics*, Almaty, 2002, 158 p.
- 21 Aiygabylov A. *Lexicology of the Kazakh language*, Almaty, 2004, p. 11.
- 22 Kabdolov Z. *Word art*, Almaty: Gylym, 1983, p. 226.
- 23 Zhumaliyev K.Zh. *Questions of history of the Kazakh literature and language of works of Abaiy*, 2, Almaty: Kazakhstan publ. house of fiction, 1960, p. 216.

УДК 81⁷

А.Б.Куанышева

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
(E-mail: sab_85@mail.ru)

Концепт «время» в русской языковой картине мира

В статье рассмотрена проблема взаимодействия языка и культуры, в частности, исследован фрагмент русской языковой картины мира — фразеологическая картина мира. Актуальность предпринятого исследования состоит в том, что изучение времени как ведущей миромоделирующей категории является важным в контексте постоянно расширяющегося диалога культур. Представлен лингвокультурологический анализ русских пословиц и поговорок, собранных В.И. Далем и репрезентирующих концепт «время» в русской лингвокультуре. На основе анализа языковых единиц выявлены культурно значимые смыслы концепта «время» в русской языковой картине мира, а также описана структура указанного концепта.

Ключевые слова: концепт, картина мира, языковая картина мира, концептуальная картина мира, лингвокультура, смысловой компонент, концептуальный анализ.

Время представляет собой основополагающую характеристику действительности и одну из вечных категорий ценностной ориентации человека в окружающем мире. В связи с этим изучение механизма отражения его в языке не теряет своей актуальности. Изучение времени как ведущей миромоделирующей категории является чрезвычайно важным в эпоху всеобщей глобализации, увеличения числа международных контактов, в контексте постоянно расширяющегося диалога культур. Концепт «время» относится к числу наиболее «насыщенным» культурной информацией. С ним связано мироощущение эпохи, поведение людей, их сознание. Всё это обуславливает актуальность настоящего исследования.

Время как базовая категория бытия первоначально оформляется в наивной картине мира и представлено в ней богатейшим паремиологическим фондом, фиксирующим важную роль феномена времени в жизни человека. Изучение паремиологического материала с темпоральной семантикой позволит выявить аксиологическое отношение к рассматриваемому концепту в русской культуре, поскольку фразеологические единицы всегда обращены на субъекта и служат не столько для описания мира, сколько для его интерпретации, оценки, выражения к нему определенного отношения. Следовательно, паремиологический фонд, аккумулируя культурный потенциал носителей русского языка, способен репрезентировать его национальную специфику.

Исследование языковой картины мира (далее ЯКМ) ведется в двух направлениях. С одной стороны, на основании системного семантического анализа лексики определенного языка производится реконструкция цельной системы представлений, отраженной в данном языке. С другой стороны, исследуются отдельные, характерные для данного языка концепты, которые обладают двумя свойствами: они являются ключевыми для данной культуры и, одновременно, соответствующие слова не всегда имеют эквивалент в других языках. Реконструкция фрагментов ЯКМ составляет одну из важнейших задач современной лингвистической семантики.

В последние годы развивается направление, интегрирующее оба подхода. Его целью является воссоздание русской ЯКМ на основании комплексного (лингвистического, культурологического, се-

миотического) анализа лингвоспецифических концептов русского языка в межкультурной перспективе (Ю.Д. Апресян, Н.Д. Арутюнова, А. Вежбицка и др.).

Ключевым понятием нашей работы является понятие концепта, которое в последнее время получило очень широкое распространение. Неоднозначность трактовки понятия «концепт» отражает в целом несколько подходов к нему. В данной статье мы будем придерживаться лингвокультурологического (или историко-культурологического) подхода к пониманию концепта, сторонниками которого выступают такие исследователи, как Ю.С. Степанов, А. Вежбицкая, Д.С. Лихачев, Ю.Н. Караулов, С.Г. Воркачев, Ш.К. Жаркынбекова, Г.А. Кажигалиева и другие. Наиболее полно разработанной и весьма убедительной теорией по проблеме концепта представляется нам концепция Ю.С. Степанова, изложенная им в книге «Константы. Словарь русской культуры» [1]. Его определение концепта мы примем за основополагающее и одновременно рабочее.

Ю.С. Степанов полагает, что концепт — это «как бы сгусток культуры в сознании человека; то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека, с одной стороны, и с другой стороны, концепт — это то, посредством чего человек сам входит в культуру, а в некоторых случаях и влияет на нее». Концепт — это «сгусток национально-культурных смыслов», «ячейки культуры в ментальном мире человека, которые обладают свойствами устойчивости и постоянства в культуре» [1; 43].

Содержание концепта тесно связано с проблемой концептуального анализа, поскольку в ходе такого анализа и определяется информация о нем. Как нет однозначного толкования термина «концепт», так нет до сих пор общепринятого определения термина «концептуальный анализ». Обзор работ разных авторов, в которых производится концептуальный анализ, показывает, что это не какой-то известный и общепринятый метод экспликации концептов [2]. Скорее всего, такие работы объединены некоторой общей целью. Однако пути ее достижения оказываются разными.

В своей работе мы варьируем различные методы (способы, приемы) концептуального анализа с целью наибольшей объективации полученных результатов. В качестве основных можно выделить историко-этимологический и анализ на основе совокупности контекстов. Последний подход к исследованию концептуальных отношений на основе конкретных контекстных реализаций анализируемого слова является, на наш взгляд, весьма обоснованным, поскольку информация, зафиксированная концептом, разворачивается в динамике речевого высказывания и вербализуется соответствующей языковой единицей, представляющей оптимальную для конкретной ситуации в конкретный отрезок истории языка форму выражения смысла, заложенного в концепте. Следовательно, на основе конкретных употреблений можно определить, какие именно знания наиболее часто сопрягаются с тем или иным словом-концептом на определенном синхронном срезе истории русского языка.

Цель работы — выявление культурно значимых смыслов концепта «время» в русской языковой картине мира. Материалом исследования послужили около 600 пословиц и поговорок, извлеченных из «Толкового словаря живого великорусского языка» В.И. Даля [3] и классического сборника «Пословицы русского народа» В.И. Даля в двух томах, включающего более 30000 пословиц и поговорок [4, 5]. Объектом исследования являются русские пословицы и поговорки, репрезентирующие концепт «время» в русской лингвокультуре. Предмет исследования составляет лингвокультурная информация, содержащаяся в семантике и структуре указанных языковых единиц.

На наш взгляд, концепт «время» находит наиболее полное выражение в пословицах и поговорках, относящихся к следующим разделам сборника В.И. Даля:

1) Былое — будущее (175 ед.): *который день прошел, тот до нас дошел; не нажить тех дней, кои прошли; пролетела пуля — не вернется.*

2) Жизнь — смерть (131 ед.): *два раза молодцу не быть, а смерти не отбыть; день да ночь — сутки прочь, а все к смерти поближе; день к вечеру — к смерти ближе.*

3) Пора — мера — спех (123 ед.): *всего вдруг не сделаешь; не под дождем: постоим да подождем; сколько ни бежать, а не миновать отдыхать (стоять); тихий воз будет на горе. Шагом обоим идут.*

4) Начало — конец (62 ед.): *не бойся начала, а жди конца (а бойся, берегись конца)!*

5) Молодость — старость (50 ед.): *золотое время — молодые лета. Пока молод, пока и весел; не годы, а горе старит; не старей умирает, а поспелый.*

6) Терпение — надежда (43 ед.): *придет пора, ударит и час; не соваться, а поры (или: а череду) дожидаться; пора придет, и вода пойдет; время придет — вдруг проредет.*

7) Судьба — терпение — надежда (22 ед.): *вечер плачь, а завтра радость; прежде веку не помрешь; все перемелется, мука будет.*

8) Тлен — суета (14 ед.): *одно НЫНЧЕ лучше двух ЗАВТРА; на сем свете мы в гостях гостим; все минется, одна правда останется.*

Языковым материалом, репрезентирующим концепт «время», послужили русские пословицы и поговорки, взятые именно из указанных рубрик. Рассмотрим в данном подразделе понятийную составляющую (или компонент) концепта «время», представляющую собой ядерную зону концепта.

1) В анализируемом языковом материале представлено наибольшее количество пословиц и поговорок, отражающих такую смысловую составляющую концепта «время», как «быстро–медленно» и демонстрирующих следующую особенность русского мировосприятия данного концепта — неодобрительное отношение к поспешности, торопливости, суетливости. Спешка и торопливость мешают делу, ведут к ошибкам, непродуманным решениям, а порой и к ошибочным действиям, о которых потом нередко сожалеют. Указанный смысловой компонент концепта «время» «медленно» представлен в значительном количестве (46 единиц) русских пословиц и поговорок:

Скоро огонь горит да вода бежит. Скоро блины пекут. Это — не блин испечь. Не блин — не испечешь. Не под дождем: постоим да подождем. Скоро сказка сказывается, да не скоро дело делается. Скоро шары перекатываются, не скоро королька подбивают. Не спеши хватать: оботри руки! Не торопи: дай умыться, да помолиться, да перекусить! Не торопись: когда смелешь, тогда и съешь. Который конь скоро бежит, тот (после) доле стоит.

Такое негативное отношение сложилось, поскольку поспешность приводит к отрицательному результату:

Скоро делают, так слепо выходит. Скоро блох ловят; Что хорошо, то не скоро. Что хорошо, то с поотдышкой; Что скоро, то и не споро. Скоро — не споро; Скоро хорошо не родится; Скорого дела не хвалят. Наскоре слепых рожают; С пылу хватать — не наестся, а обжечься; Не выносишь, не родишь, а выкинешь;

И, наоборот, неторопливость приводит к положительным результатам:

Мало-помалу птичка гнездо свивает; Не скоро запряг, да скоро приехал; Тихий воз будет на горе. Шагом обозом идут;

В русском языковом сознании оказалось закреплено представление, о том, что спешить, торопиться жить на белом свете нельзя, это может привести к ранней смерти: *у меня дядя все спешил, да и помер; Был такой, что торопился, да скоро умер; Торопиться жить — скоро умереть; Не торопи умирать, дай состариться!*

В русском мировосприятии человеческая жизнь полна событий, и за одно мгновение всё сделать невозможно: *часом море не переедешь; Всего вдруг не сделаешь; Родился — не торопился, а теперь незачем; Родился — не торопился: не спешишь стать и умирать.*

С такими понятиями, как поспешность и торопливость не следует путать понятия быстроты и скорости. Они хоть и соположенные, близкие, но, тем не менее, отличаются по своему содержанию: в русской культуре в работе ценятся быстрота и скорость, но не поспешность, на что указывает незначительный по объему языковой материал (10 пословиц и поговорок):

Поспевай, да не торопись. Спешишь не спеши, а поторапливайся! Годится и торопиться, коле под пальцем шевелиться. Вкруг пальца (около пальца) обмотать (т.е. сделать дело скоро и споро). Раз, два, три (т.е. живо, скоро, проворно). Скоро, так ладно; а споро, так спасибо. Скоро, так спасибо; а споро, так и два. Долго рассуждай, да скоро делай! Не устать поспешать: было бы кого догонять.

В пословице *тише едешь — беда догонит; шибко пойдешь — беду догонишь* — подчеркивается, что и слишком медленно — плохо, и слишком быстро — плохо, необходимо во всем соблюдать меру, придерживаться золотой середины.

Понятие же «быстро» оказалось наименее представленным в пословицах и поговорках В.И. Даля (11 единиц), в связи с чем можно говорить о том, что в русской культуре ценилось не поспешность, суетливость, торопливость, а умение быстро, скоро и споро выполнять ту или иную работу: *Как родился, так и явился (скоро). Одна нога тут, другая там (говорится о быстроте поездки). Шапки с головы ухватить не успеешь. Не успеет стриженная девка косы заплести. Кто по годам, а мы по часам. Не по дням, а по часам.*

2) Представленный языковой материал позволяет вычленить такую смысловую составляющую концепта «время», как *идеализация прошлого*. Русские люди живут чаще прошлым, нежели будущим: в пословицах они часто ссылаются на былые времена, идеализируя прошлое (39 пословиц):

Добрая старина, святая. Далекая пора, старина. Мохом поросло, не видать. Встарь, бывало, собака с волком жила. Пускай будет по-старому, как мать поставила. Старина, старина, да до

нас не дошла. Старинка посдобнее была. Добро помни, а зло забывай! Старое добро и во сне хорошо. Всякому свой век нравен (или: не нравен, т. е. прежде лучше было).

Только в прошлом была правда и хорошая, сытая жизнь:

Была, сказывают, и правда на свете, да не за нашу память. Старые пророки вымерли, а новые не нарождаются (а новые правды не сказывают). Было житье, еда да питье; ныне житье — как встал, так и за вытье. Было добро, да давно; ждать добра, да долго (да где оно?). Прежде жили — не тужили; теперь живем — не плачем, так ревом.

Для русского народа жизнь отцов, дедов и прадедов является образцом хорошей жизни:

Деды наши живали — мед, пиво пивали, а внуки живут — и хлеба не жуют. Деды наши жили просто, да лет со сто, а мы пятьдесят, да и то на собачью стать. Деды не знали беды, да внуки набрались муки. Жили деды так, и мы поживем. Как отцы и деды наши, так и мы. Наши деды живали, да мед пивали, а мы живем — ни едим, ни пьем. Отцы и деды наши не знали этого, да жили же не хуже нашего. Так жили отцы и деды наши. Как жили деды да прадеды, так и нам жить велели.

Новая жизнь не приветствуется у русского человека, лишь в прошлом он видит благополучие, счастье и радость: *Всегда новизна, да редко правизна. Старое по-старому, а вновь ничего. Что новизна, то и кривизна. Много нового, да мало хорошего. Много новизны, да мало прямизны. Все по-новому, а когда ж по-правому? Встарь люди были умнее, а ныне стали веселее.*

И жить следует так, как жили в прошлом: *Живи по-старому, а говори по-новому! Живи по-старому, проживешь дольше; мели по-новому, намелешь больше (об улучшениях в хозяйстве). Крой новый кафтан, а к старому примеряй!*

В то же время в русской культуре не одобряется жить прошлым (кто старое вспомнёт, тому глаз вон; кто старое (т. е. зло) вспомнёт, того черт на расправу потянет), не одобряется постоянно вспоминать прошедшие события, а тем более жалеть о том, что произошло (прошлому не кайся: скоро состареешься; поминать старое — шевелить костями.).

Прошлого вернуть невозможно, что прошло, то прошло, время необратимо; последнее указывает на линейное восприятие времени в русской культуре: *Вчера не догонишь, а от завтра не уйдешь. Не нажить тех дней, кои прошли. Часом опоздано, годом не поверстаешь. Прошлого не воротишь (не на конях, не заворишь). Битого, пролитого да прожитого не воротишь. Прожитого не пережить, а прошедшего не воротить. Времени (молодости, прошлого) не воротишь. Прожитое, что пролитое — не воротишь. То прошло, что в воду ушло.*

Народная мудрость учит относиться к прошлому спокойно, понимая, что время необратимо:

Было да былём поросло. Мало ли что было, да былём поросло. Было, да на низ сплыло. Было, да сплыло. Что было, то сплыло. Что прошло — поминать на что?

3) С понятием прошлого тесно связано понятие «очень давно» (14 единиц), которое нашло отражение в следующих поговорках, обладающих шутливой, иронической окраской:

Давно, когда еще баба девкой была. Давно, когда еще бабушка внучкой слыла. Была когда-то баба девкой, да давно. Певали и мы эту песню, да устали. Это было при дедушке Мирошке, когда денег было трошки (немножко). Эта дыра при старом воеводе была. Давно, когда царь Горох с грибами воевал. Умерла та курица, что несла золотые яйца.

4) В материале исследования зафиксировано большое количество языковых единиц с темпоральной семантикой «настоящее», «земное время» (48 единиц). В указанных пословицах *настоящее, земная жизнь* представлены тяжелой, нелегкой, полной невзгод, лишений и трудностей:

Тяжко на свете жить. Тяжел крест, да надо несть. Жить — мучиться, а умереть не хочется. Веку мало, да горя много. Боже мой, боже, всякий день то же: солнце встанет — хочется есть. Боже мой, боже, всякий день то же: полдень приходит, обедать пора. Жить грустно, а умирать тошно. Жить плохо, да ведь и умереть не находка. Жить страшнее, чем умереть. Жить тяжело, да и умирать нелегко. Чем жить да век плакать, лучше спеть да умереть. Чем с плачем жить, так лучше с песнями умереть.

Нами зафиксировано очень мало пословиц, демонстрирующих положительное отношение к настоящей жизни, желание жить на этой земле:

Вволю наешься, а вволю не наживешься.. Горько, горько, а еще бы столько (т. е. пожить). Свет мил, да расстаться с ним (а смерть постыла, да не отбыть ее). Жизнь — сказка, смерть — развязка, гроб — коляска, покойна, не тряска, садись да катись (книжн.). Было бы счастье, а дни впереди. Дал бы бог здоровья, а дней много впереди.

5) В анализируемом материале отражено *медленное течение земного времени*:

Век долог — всем полон. Жить век — и так и эх. Век — долга неделя. На веку — что на долгом волоку. Жизнь изжить — не лапоть сплести. Век изжить — не мех сшить. Дней много, а все впереди.

6) Не только к прошлому, настоящему, но и к будущему обращено внимание русского человека (33 единицы). Любознательность, желание знать, что ждет в будущем свойственны русскому человеку: *кинь бобами, будет ли за нами? В русском языковом сознании будущее — непредсказуемое, не-препредвиденное, события приходят внезапно, неожиданно-негаданно*:

Год — житейский, день — в святцах, а месяц на небе (т. е. неизвестно когда, о будущем). Жди, как вол обуха, а не дрогни! Живи на двое: и до веку, и до вечера (т. е. будь готов). Ныне на ногах, завтра в могиле. Ныне полковник, завтра покойник. Сегодня венчался, а завтра скончался. Наперед не угадаешь, кому по ком плакать. Не угадаешь, где найдешь, где потеряешь. Не угадаешь, где упадешь, где встанешь. Чем черт не шутит. Некошный пошутит — чего не нашутит. Сколько клеток поставил, знаю, а сколько кунц поймаю, не знаю.

Будущее неизвестно: *теперь так, да после-то как? Это вилами писано (надвое), да еще и на воде.*

Поскольку будущее непредсказуемо, то оно пугает русского человека, наводит страх: *одно НЫНЧЕ лучше двух ЗАВТРА; у завтра нет конца; не страшны злыдни в три дни, страшны в три года (впереди).*

Несмотря на это, не нужно стремиться заглядывать наперед, угадывать будущее, надо спокойно жить и ждать: *что-нибудь да будет (да выйдет); что было, то видели, что будет, увидим; а еще и то будет, что и нас не будет (что ничего не будет); почем знать, чего не знаешь.*

- «Шоқанның қырғыздар туралы жазған әңгімелері өте қызық болатын. Әрине, ол басшылары оның ағалары Саржан мен Кенесары болған қырғыз көтерілісінің тарихын қызықтырақ етіп жаза

алатын еді. Осы тарих жөніндегі әңгімелерді қырғыз өлеңдерінен алынған үзінділер, мақал-мәтелдер, халық аңыздары және ұлттық салт-дәстүрлермен байытып отырды»;

- «Шоқан қырғыздар бейбіт сүйгіш халық екенін дәлелдегісі келді, олар — ұры-барымташылар емес, бейбіт сүйгіш бақташылар. Олардың киімдеріне, қару-жарақтарына қараңдар, — деді ол. Оқ-дәрілері бар шекпен, қайқы қылыш, т.б. оларға беймәлім; олардың киімдері — халат, қаруы — табынның ішіндегі жылқыны ұстайтын сырғауыл»;
- «Шоқанның өз халқын сүйгені анық еді. Қырғыздан шыққан қызметшілерге, қайыршыларға нәзік ілтипатпен және ізгілікпен қарай бермейтін, мүмкін қырғыздың қарапайым адамдарына сүйіспеншілік болмаған шығар, бірақ оларға жақсылық жасау және өз халқының болашағы үшін қызмет жасау оның арманы болатын. Ол, ең алдымен, қырғыз халқын, содан соң Сібірді, содан кейін Ресейді, сонан соң барып бүкіл адамзатты жақсы көретінін айтатын. Орталық Азиядағы бай адамдар бір-біріне сыйға тартқанды жақсы көретін бірінің ішіне бірі салынған сол күңгірлік сандықтар сияқты бір сүйіспеншілік екіншісімен ұласып жатты. «Егер орыстар қырғыздарды сабап жатса, онда орыстарға қарсы шығамын, — деді ол, — ал егер француздар орыстарға қарсы соғыс ашса, онда менің жүрегім орыстар жағында».

Г.Н.Потанин Шоқанның кемеңгерлігін жоғары бағалаған. Оның қазақ қоғамындағы алар орнын болжаған: «Шоқанның мінезінде Пушкин немесе Лермонтовтың мінезіне ұқсас белгілер бар болатын... Егер Шоқан қырғыз халқының ішінен оқырман ортасын тапса, өз халқының кемеңгері болып шығар еді. Сондай-ақ өз жерлестерінің әдебиеті пайда болуының негізін қалар еді».

Орыс (Г.Н.Потанин) және қазақ (Ш.Ш.Уәлиханов) халықтарының атақты екі өкілінің саяхатшы-географ ретінде қалыптасу жолы бірге өткен. Бұл туралы Г.Н.Потанин Н.И.Веселовскийге жазған хатында: «Мен Шоқанмен бар болғаны төрт рет кездесіппін: Омбыдағы корпуста — бес немесе алты жыл; кейін Омбыда офицер болған кезімізде, мен казак офицері болып Казак әскери басқармасында қызмет еттім, Шоқан Гасфорттың адъютанты болған кезінде — екі жыл, содан соң Петербургте бір жылдай және ең соңғы рет Омбыда жолығыппын» [7], — деп жазған.

Г.Н.Потанин Шоқан Шыңғысұлы қайтыс болғаннан кейін оның артында қалған ғылыми мұрасын жинап, бастыру ісіне үлкен үлес қосты. Ол өмірінің соңына дейін Шоқан тақырыбынан қол үзбеген, аяулы досының өмірі мен қызметі туралы баспасөз бетінде жиі мақала жариялап отырған.

3. Ядринцев Николай Михайлович (1842–1894) — орыс этнографы, археолог, Сібірді зерттеуші, публицист. Сібір мен түркі тілдес халықтарды зерттеуге елеулі үлес қосты. Алтай өлкесіне жүргізген комплексті экспедициялары үшін (1878, 1880) Орыс география қоғамының алтын медалімен марапатталды. Ш.Уәлихановпен жақын таныс болып, ол жайлы көптеген мақалалар жазды [8].

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның шығысы, Батыс Сібір өңірін кеңінен зерттеуші, Ш.Уәлихановтың досы, пікірлесі болған Н.М.Ядринцев. «Шоқан Уәлиханов туралы естеліктер» [9] деген туындысында Шоқанның таланты, қабілеті, ғылымға бейімділігі, оның қоғамдық белсенділігі, туған халқының тарихына қызыққандығы туралы былайша суреттеген:

- «Шоқан Уәлиханов корпуста ізденімпаздық және асқан қабілеттілік танытты, ол көп оқыды және оның сүйікті авторлары Диккенс пен Теккерей болды. Бұл авторлар оған ерекше ұнады, себебі Уәлихановтың өзі керемет әзілқой болды...»
- Петербурда мен Шоқан Уәлихановпен Қашғар сапарынан кейін даңқы жайылған офицер ретінде кездестім. Шығыстанушылар онымен таныстықта болып, мен оның әр түрлі шығыстық қолжазбалар мен карталармен айналысып жүргенін көріп жүрдім»;
- «Оған түркі әдебиеті саласы оңайға түсетінін байқадым, себебі ол қырғыз тілін еркін меңгерген еді. Ол қытай тілін білмеді, бірақ қытай авторларының аудармаларын қызығып оқыды»;
- «60-жылдары Уәлиханов орыс өмірінің қозғалысы мен жаңаруын бақылап отырды, ең жақсы журналдарды оқыды, Костомаров сүйікті профессоры еді, Уәлиханов оны тыңдау үшін университетке баратын. Тап осындай қызығушылықпен Уәлиханов Орыс географиялық қоғамында не боп жатқанын бақылап отыратын, қырғыз даласы туралы географиялық мәліметтермен қамтамасыз етіп, қырғыздар жайлы этнографиялық зерттеулер жүргізіп, материал дайындады»;
- «Ол толыққанды білім алған, зиян әдеттерден аулақ адам еді және білімі мен мәдениеті жағынан төмен тұрған қандастарына астамсып қарамайтын. Ол өзін қоршаған орыс ортасын

түсінді және еуропалық өркениеттің негізінде онымен етене болуға әзір еді. Бұл оның өмірінің жаңа қағидасы еді»;

- «Біз онымен 1863 жылы Омбыда қайта кездескенімізде, Г.Н.Потанин қатысқан Струве экспедициясынан оралған болатын. Осы кездесуді атап өтіп, біз бір кеш жиналып отырдық. Шоқан да осы отырыста болды. Эдуард Струве қырғыздардың казактарды жек көретіні жайлы әңгіме қозғады. Кенет Уәлихановтың еріндері кекесінмен дір етіп, өзінің ең жақын досы әрі мектептес жолдасы, бұрынғы казак сотнигі Г.Н.Потанинге сондай мейірлене көз тастап, Струвенің алдында тұрып былай деді: «Мен қырғыздардың казактарды жек көрмейтініне куә келтіргім келеді. Сондықтан да қырғыз ретінде казак досымды құшамын және оған арнап тост көтеремін». Осылайша, ол Потанинді ыстық ықыласпен құшақтап сүйді».

Өмірден ерте кеткен Шоканның атқара алмаған істеріне Н.М.Ядринцев қынжылады, оның арманының орындалмағандығына өкінеді:

«Қырғыздың киіз үйінде бесіктен шыққан дарынды қырғыз өмірінің соңғы сәтінде өз отанына оралып, туғандарының арасында тыныш өмір кешеді. Бұл дарынды туманың өзге өмірді, өркениетті көріп, білім алып ақыры, осының бәрінен безініп келген тағдырының бір көрінісі. Бұл безінуде өзге елдің мәдениетіне сенбеу, қауіптену, өз-өзін сақтап қалуға деген ниет жатыр. Дәл осы сезімнің жетегімен Шоқан Уәлиханов туған жеріне оралса керек. Ескі орта, әдет-ғұрып, туған ел жүректен оңай кетпейді, Шоқан өзінің еліне, жеріне адал, халқын сүйетін азамат болып қала берді. Оның арманы халқын сақтай отырып, оны еуропалық біліммен сабақтастыру еді.

Көп жыл өткеннен кейін біз Шоқан Уәлихановтың бейітіне арнап ескерткіш тұрғызу жайлы сөйлесуге келген Шоканның туыстары, екі қырғыз қартты көрдік. Олардың бірі сұлтан Мұса Шорманов болатын. Бұл тілекті генерал-губернаторлардың біреуі айтса керек. Жоңғарияға саяхат жасаған, География қоғамының мүшесі бұған, әрине, лайық болатын.

Қариялармен әңгімелесе отырып, біз қазақ даласының өкілдері — қарттардың көз жасының куәгерлері болдық. Шоқан өз ұлтының мақтанышы және сүйікті ұлы болды. Және ол естеліктерде де осылай қала бермек», — деп жаза отыра, орыс зерттеушісі қазақ халқының ғұлама ғалымының шығармашылығының өз халқы, жалпы өркениет пен ғылым үшін өлместігін атап көрсеткен.

Исатай мен Махамбет, одан кейін туысы Кенесары бастаған қарулы көтерілістің жеңілісінен кейін өзінше ой түйініп, қазақ қоғамына эволюциялық дамудан басқа жолдың жоқтығын түсінген Шоқан өмірінің соңғы кезеңінде өз сенімдерінің дағдарысқа ұшырағанын сезінген. Мұны маңайындағылар да байқаған. Мысалы, Н.М.Ядринцев оның Түркістан жорығынан әбден қалжырап қайтқан кезін былай деп еске алады: «Ерекше дарынды әрі білімді, Орта Азия географиясын зерттеумен шұғылдаған, өз халқының сүйікті ұлы, қырғыз Ш.Уәлиханов офицерлік ортада алаңсыз өмір кешіп, асқан ақыл және тамаша тапқырлық қасиетке ие бола тұрып ол орыс өркениетіне күйінішпен қарады, бұратана халыққа жасаған қиянаттарын көріп, қапаланған ол түркістандық саяхаттан күш-қуаты сарқылып, далада, қазақ үйінде, көшпенді туған-туыстары арасында, оларға болашақта жақсы өмір сүру туралы үмітін де айтуға шамасы келмей, өкпе ауруынан қайтыс болды» [10].

4. Ш.Уәлихановтың саяхатшы-географ ретінде қалыптасуына Орыс география қоғамы өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болуының игі әсері аз болған жоқ. Олардың ішінде Шоқан Шыңғысұлының саяхат жазбаларының жарық көруіне Орыс география қоғамының хатшысы Ф.Р.Остен-Сакен қамқорлықпен қараған. Бұл екі ғалымның достық қатынаста болғандығын Шоканның 1863 жылы 20 маусымда К.К.Гутковскийге жазған хаттарынан айқын аңғарамыз.

Шоканды Қазақстан мен Орта Азия халықтары әдебиеті нұсқаларының, сирек кездесетін ежелгі қолжазбаларының, өнер ескерткіштерінің көрнекті жинаушысы ретінде бағалай келіп, Ф.Р.Остен-Сакен «Шоқан Уәлихановты еске алу» деген мақаласында [11]: «Бұл материалдарды жинау үшін Уәлиханов еш аянбастан өз халқының аңыздарын, әңгімелерін, поэмаларын ерінбей жазып алып, ортаазиялық сөйлеу мәнерін жаттап, жергілікті адамдар тапқан көне дүниелерді қымбатқа сатып алды; өміріне төнген қауіп-қатерге қарамастан будда шіркеуіне кіріп, ол жерден сирек жазбаларды алды. Осынау құнды дүниелердің ғылым үшін зор маңызды болғандықтан, текке кетпес деп үміттенеміз», — деп толғанған.

5. Мушкетов Иван Васильевич (1850–1902) — орыс геологы, географы. 1874–1875 жылдары Тянь-Шаньға, Қаратауға, Сырдария бойында (Қазалыға дейін) экспедицияға шығып бірнеше пайдалы қазыналар кендерін ашып зерттеді. 1877–1880 жылдары Орта Азияда жүргізген зерттеулерінің нәтижесін «Түркістан» атты еңбегінде (1886–1906) жариялады [12].

И.В.Мушкетовтың байқағанындай: «1858 және 1859 жылдары Шоқан Уәлиханов көпес ретінде сауда керуеніне еріп алғаш рет Верный қаласы мен Ыстықкөлден Зәукі асуы арқылы Тянь-Шаньның барлық жоталарын кесіп өтіп, Шатыркөл көлінен асып Қашғарға барды.

Уәлиханов мырза өз саяхатының барлық нәтижелерін жариялап үлгермеді; ол тек маңызды ғылыми мәні бар, автордың сирек кездесетін байқампаздығы мен мол білімін танытатын бірнеше мақалаларын жарыққа шығарды; шыққан тегі жағынан — қырғыз, ол жергілікті халықтардың тілін жақсы білді, сондықтан жергілікті халықтардан әр түрлі және толық мағлұматтарды одан артық ешкім жинай алмайтын еді, егерде ол Қашғардан қайтып келген соң көп ұзамай қайтыс болмағанда оның еңбектерінің нәтижелері тіпті жемісті болар еді» [13].

6. Семенов (Семенов–Тянь-Шанский) Петр Петрович (1827–1914) — орыс географы, статистик, қоғам қайраткері. 1856–1857 жылдары Тянь-Шаньді зерттеп, алғаш оның бет-бедері мен биіктігінің сызбасын жасаған. Орталық Азияға бірнеше ірі экспедиция ұйымдастырып, басшылық еткен. Орта және Орталық Азиядағы, Кавказдағы, Аляска мен Шпицбергендегі бірқатар географиялық нысандар; сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлардың 100-ге жуық жаңа түрі Семенов–Тянь-Шанскийдің есімімен аталады [14].

Ш.Уәлиханов көрнекті ғалым, Орыс географиялық қоғамын басқарған П.П. Семенов–Тянь-Шанскиймен 1856 жылы Омбыда Тянь-Шаньға бара жатқан сапарында танысқан. Бұл кездесу қазақ ғалымының бүкіл ғылыми ғұмырын айқындап берді. Жиырмадан енді асқан жас ғалымның Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарын, Тянь-Шань мен Ыстықкөл маңын зерттеген алғашқы еңбектері Семенов–Тянь-Шанскийдің қолдауының арқасында орыс географтарының назарына ілікті. 22 жастағы Шоқан дүниежүзіндегі ең таңдаулы Орыс географиялық қоғамының мүшесі болып сайланды. Саяхатшы-ғалымның көптеген зерттеу жұмыстары Семенов–Тянь-Шанскийдің тікелей араласуымен қолдау тапқан. Басқасын айтпағанның өзінде, аты шулы Қашқар саяхатына ұсынған және саяхаттың бағдарламасын жасауға басшылық жасаған да осы Семенов–Тянь-Шанский болатын.

Ол туралы орыс ғалымы өзінің «Батыс Сібірдегі және Жетісу өлкесіндегі кездесулер» атты естелігінде: «...Мен оған қазір Орыс және Берлин географиялық қоғамдарын және де бүкіл көзі ашық қауымды алаңдатып отырған д-р Адольф Шлагинтвейттің өлімі туралы дәлелді мәліметтер жинау және сол материалдардан, күнделіктерден ең жарамдысын іріктеу үшін поручик Шоқан Уәлихановты ұлттық киіммен Қашғарға аттандыру, ал кейін Уәлиханов қайтып оралған соң, генерал-губернатордың қарамағында қалдыра отырып, Қырғыз даласы туралы оның жинаған құнды этнографиялық және тарихи материалдарын өңдеу үшін Петербургке ұзақ уақытқа жібере тұру туралы өтініш жасадым. Бұған қоса мен Уәлихановқа Географиялық қоғамның үлкен қамқорлығын және жәрдемің уәде еттім [15].

Өзіне осындай қолдау білдірген ұстазымен Шоқан өле-өлгенше достық қатынасын үзген емес. Ол өмірден өткенде Семенов–Тянь-Шанский Орыс географиялық қоғамының атынан көңіл айтып, оның ғылымға сіңірген еңбегіне жоғары баға берді. «Аққан жұлдыздай» жарқырап өте шыққан аяулы ғалымның артында қалған қолжазбаларының жарық көруіне үлкен еңбек сіңірді.

7. Достоевский Федор Михайлович (1821–1881) — атақты орыс жазушысы. Оның бес жыл (1854–1859) өмірі қазақ жерінде — Семей қаласында өтті. Ұлы жазушының творчестволық өмірбаянында бұл дәуір елеулі орын алады. Жоғарғы қауымнан өгейлік көріп, қапастан қиналып шыққан адамға қазақтың кең даласы шипалы әсер етті. Оның Шоқан Уәлиханов сынды ұлы перзентімен достасты. Шоқанмен ол 1854 жылы Омбыда танысқан. Сол жылы көктемде Семейге келгеннен бастап өте жақындасып кетті. Бұл табысу Шоқанның да өмірі мен творчасында үлкен із қалдырды. Достоевскийдің Шоқан жайындағы, сол арқылы қазақ халқы жайындағы лебізін «Жазушының күнделігі» мен хаттарынан оқуға болады [16].

Орыс жазушысы өзінің белгілі хатында [17] Шоқанға: «Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ал мен еш қысылып-қымтырылмай-ақ, сізге ғашық болып қалғанымды жасырмай айтамын. Мен ешқашан, ешкімге, тіпті туған бауырымды да сізге құштар болғандай жақсы көрмеймін, қалай бұлай болғанын, бір Құдай біледі...

Өз халқыңыз туралы жерлестеріңнің арасында алғашқылардың бірі болып айтып жеткізу, бұған қоса өз Отаныңызға ағартушы ретінде қызмет ету, орыс ортасындағы өз халқының жоғын жоқтаушысы болу қасиетті іс, ұлы мақсат емес пе? Сіз еуропаша толық білім алған тұңғыш қырғыз екеніңізді еске алыңыз. Тағдыр бұған қоса сізді тамаша адам етіп жаратты, сізге жүрек пен кеңпейілділік берді», — деп жазған.

Сол кезде Ф.М.Достоевскийді өзіне ғашық еткен Шоқан не бәрі 19 жаста еді. Орыстың әйгілі жазушысының өзінен осындай сөздерді тудырған Ш.Ш.Уәлиханов бүгінде тарихтың ірі тұлғаларының, жарық жұлдыздарының біріне айналды.

Түптен келгенде, Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі, қызметі, шығармашылығы туралы бүкпесіз жазып, оның қызметін ресейлік, еуропалық ортаға таныстыруға өлшеусіз үлес қосқан, осы арқылы патша үкіметінің отарлық саясатына қарамастан, сол кезде-ақ ұлттар арасындағы қатынасқа, әділетсіздікті басынан кешкен қазақ халқының тарихына, болашағына ниеттес болған Н.И.Веселовский, Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев, Ф.Р.Остен-Сакен, И.В.Мушкетов, П.П.Семенов–Тянь-Шанский, Ф.М.Достоевскийді халқымыздың нағыз достары деп ұғынып, олардың есімдерін көпұлтты Отанымыздың қазіргі және келесі ұрпақтарына таныстыру — баршамыздың борышымыз.

*Қазақстандық ғалымдар мен жазушылардың шоқантану
мәселесіне арналған еңбектері*

Кезінде кеңестік шектеу саясаты шоқантануға зиянын тигізді. 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін жарияланған қазақ басылымдарындағы Ш.Уәлиханов жайлы мәліметтер кеңестік дәуірде пайдаланылмады. Олар сынға ұшырады. Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, тағы басқа арыстарымыздың Ш.Уәлиханов туралы жазғандары ескерусіз қалды. Ғалым жазып алып, жоғары бағалаған «Едіге» жырын сөз етуге тыйым салынды. Шоқан шығармаларының ана тілімізде толық жарық көрмей, түрлі сылтаулармен бүркемеленіп келуі де талай құпия қатпарлардан сыр аңартса керек.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана көне жазбалар, пайдалануға тыйым салынған әдебиеттер жарық көре бастады. Оларды Ш.Уәлихановтың әдеби мұрасын талдау барысында кеңінен пайдалануға, сөйтіп, ғалымның төл әдебиетіміз туралы еңбектерін тиянақты зерттеуге мүмкіндік туды.

Шоқантану саласындағы іргелі еңбектердің авторлары: М.Дулатұлы «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан» («Қазақ», 1914, № 71, 73, 76, 77); Ш.Сәтбаева «Шоқан — әдебиетші» (Алматы, 1989); Р.Бердібаев «Шоқан Уәлиханов» («Қазақ фольклористикасының тарихы». — Алматы: Ғылым, 1988, 47–91-б.); Х.Сүйіншәлиев «Шоқан Уәлиханов (1835–1865)» («Қазақ әдебиетінің тарихы». Алматы, 1997, 813–836-б.) т.б. Бұл еңбектерде Шоқанның әдебиеттанулық ой-пікірлері жалпы қарастырылған.

Ғалымның «Манас» дастанын зерттеген еңбегі өте маңызды М.О.Әуезов Шоқанның бұл саладағы еңбектерін жалғастырып, «Манасты» жете зерттеген арнайы еңбек жазып қалдырды. Мұны М.Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» (1959) атты кітабынан оқуға болады.

Атақты жазушы С.Мұқанов та Ш.Уәлиханов шығармашылығын зер сала зерттеп, соны еңбектер жазды. Мысалы, оның «Жарқын жұлдыздар» монографиясы — Шоқан мен Абай шығармашылығы туралы соны зерттеу. Жазушы қаламынан туған «Шоқан» пьесасы мен «Аққан жұлдыз» трилогиясы тамаша ғалымның көркем бейнесін жасап, оның есімін кейінгі ұрпаққа паш еткен туындылар болып отыр.

Ш.Уәлиханов мұраларын зерттеуде академик Ә.Марғұланның атқарған еңбегі аса зор. Оның басшылығымен жиылып-теріліп, тыңғылықты түсініктемелерімен екі мәрте жарық көрген Шоқан Шыңғысұлының бес томдық шығармалар жинағы — айрықша құнды қазына.

Ә.Марғұланның қызы Дәнел ол туралы өз естелігінде былай дейді: «Әкем үшін Шоқан Уәлиханов — баға жетпес ұлы тұлға. Ол — қазақ арасынан шыққан еуропалық деңгейдегі тұңғыш ғалым. «Білімдінің күні жарық» дейді ғой. Ол жаққан жарық — мәңгілік жарық! Ол өз білімін қазақ мүддесімен байланыстыра білді. Рас, оның әлемді тануы қазақтан өзгеше болды. Шоқан нағыз патриот еді. Бала күнінен Айғаным әжесінің ертегі, жырларына қанып өскендіктен, болмысы, санасы таза қазақы қалпын сақтады. Ол — этнограф та. Нансаңыз, оны өмір бала жастан ғылым жолына бұрды. Қазақтың тұрмыс-тіршілігін, жырларын қағазға түсіріп, жаза берді, жаза берді. Яғни ол ғалымдық жолын бұғанасы қатпаған бала күнінен бастады десек болады. Ғасырлар бойы жинақталған ұлтымыздың әдебиетін, өнерін, тарихын қаймағы бұзылмаған кезінде көріп, сол қалпында жазып кеткендігі үшін де біз оған қарыздармыз. Шоқан шығармалары — ата-бабаларымызға қатысты ілімнің қайнар көзі.

Шоқан туындылары 1960-жылдардан бастап жинақтала бастады. Әкем көп жұмыс істеді. Бір ғана әкем емес, қаншама ғалымдар осы жолда тер төкті. Әлкей Марғұланның ұйымдастыруымен, жетекшілігімен, жанкешті еңбектің арқасында Шоқанға қатысты 5 томдық кітап жарық көрді.

Шоқанды іздеу, Шоқанды тану жұмыстарын әкем сонау студенттік кезеңдерден бастады. Ленинградтың мемлекеттік университетінде студент боп жүргенде де, кейін де ол талай мұрағат, кітапханаларды кезіп жүріп, инемен құдық қазғандай еңбек етіп, Шоқан еңбектерін жинақтаған. Бірде Шоқанға қатысты өткен жиында бір ғалым маған арнайы келіп: «Айналайын, әкең Шоқанды зерттемесе, тамшылатып жинамаса, 5 томдық та болмас еді, біз Уәлихановты білмес те едік, оны танымас та едік», — деп ағынан жарылған еді [18].

Ә.Марғұлан басшылығымен басылып шыққан Ш. Уәлихановтың бес томдық академиялық шығармалар жинағы тамаша ғалымның тұлғасын көз алдыға толық келтіреді. Шоқан шығармаларының баспа бетінде түгел шығуы оның талантының жаңа қырларын тани түсуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, Әлкей Хақанұлы Марғұланның Шоқан Шыңғысұлына деген, оның мұрасына деген ықылас-пейілін, сүйіспеншілігін қалың қауым оның «Шоқан және Манас» [19] деп аталатын зерттеу кітабынан тағы да анық көз жеткізді.

Жазушы, географиялық көптеген кітаптардың авторы С.Н.Марков Орта Азияның атақты зерттеушісі Ш.Уәлиханов туралы баяндайтын «Шыңдарға бет алғандар» («Идущие к вершинам») деген тарихи-географиялық повесть жазды. Онда XIX ғасырда Орта Азияны мекендеген халықтар мен тайпалардың өмірі мен тұрмысы, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы жазылған және Верный қаласына ерекше тоқталып, оның болашағының үлкен екендігі туралы әңгімелейді. С. Марков өзінің жас ғалым-қазаққа деген сүйіспеншілігін мына өлең жолдарымен білдіреді [20]:

*Чужая жизнь безжалостней моей
Зовёт меня... И что мне делать с ней?
Ведь можно лишь рукою Великана
В лазоревой высокогорной мгле
Куском нефрита выбить на скале
Рассказ о гордом подвиге Чокана.*

Өлеңнің қазақша мазмұны [21]:

*Қырышын кеткен басқа жанның өмірі
Шақырады мені өзіне... Не істесем
екен енді мен жай табу үшін көңілі?
Тек Алыптың қолымен ғана
Жартасына жақұт таудың шыңы асқақ
Шоқанның ерен ерлігі жайлы әңгімені
Асыл тастармен ғана жазуға болады оны растап.*

Қазақтың ұлы ойшылы Шоқан Уәлихановтың ғұмыры мен шығармашылығын түбегейлі зерттеп, оның сапарларының ізімен жүріп өткен, өмір сүрген жерлерін арнайы аралаған, соның нәтижесінде бірнеше кітап жазған белгілі қаламгер — Жарылқап Бейсенбаев. Мәселен, өзінің «Жасын-тағдыр жарқылы. Тарихи-ғұмырнамалық хикаят» [22] атты кітабында қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы-демократы бітіміне ол ғұмыр кешкен мекендер арқылы көз жіберген. Автор әр мекеннің өткені мен бүгініне, сол орталардағы Шоқан тағдырына тікелей қатысты көптеген жайларға назар аударған. Тарих, архив деректерін пайдалана отырып, ғалым өмірінің бұған дейін мәлімсіз тұстарына барлау жасаған.

Сонымен, халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі Ш.Уәлихановтың қысқа ғұмырында тындырған тарихи, әлеуметтік, әдеби еңбектерін; халқы, болашақ ұрпағы жайындағы ой-толғаныстарын; парасатты пікірлерін айтудан, жазудан оның замандастары да жалықпаған, шәкірт ұрпағы да ешқашан жалыққан емес, жалықпайды да.

Сөз соңы

Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың ғылыми мұрасы 100 жылдан астам уақыт бойы зерттеліп келеді. Ол туралы жазылған кітаптар өте көп-ақ.

Әйтсе де, бұл (Ш. Уәлиханов туралы әдебиеттердің көптігіне қарамастан) оның өмір жолы, ғылыми және қоғамдық қызметі түгелдей зерттелді деген сөз емес. Мысалы, бүгінгі күнге дейін зерттеушілердің қайсысы болса да оның туған жері мен қалай қайтыс болғандығы жөнінде нақты бір тоқтамға келген жоқ. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына Шоқанның көзқарасы әлі толық зерттелген жоқ.

Ғалымның талай хаттары мен зерттеулері сол күйі таптырар емес. Олардың Ресейдің құпия қоймаларында бүркеліп жатуы да мүмкін. Әрине, талайының ұшты-күйлі жоғалғаны — амалсыз

мойындайтын ақиқат. Шоқан мұраларын тәуелсіздік заманы талабы тұрғысынан зерттеу жағына да онша көңіл аударма алмай жатқан сияқтымыз. Осының барлығынан шығатын қорытынды — Ш.Уәлихановтың өмір жолы мен қызметіне, шығармашылық мұрасына қатысты зерттеулерге нүкте қою әлі ерте.

Сөз соңында айтарымыз, XIX ғасырдың өзінде орыс ғалымдарынан жоғары бағасын алып, «Шығысты зерттеу әлемінің аспанынан аққан жұлдыздай өте шыққан» Шоқан XXI ғасырда да ғылым үшін маңыздылығын мысқалдай да кеміткен жоқ. Өз халқы үшін оның ағартушылығы мен этнографтығы, ауыз әдебиетін жинаған еңбегі тағы бір төбе. Қамшының сабындай аз ғана ғұмырында халқына мол мұра қалдырған Шоқанды қай қырынан да жан-жақты, терең зерттей түсу, аша түсу — бүгінгі және кейінгі ұрпақтың ең қасиетті міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қарасаев Ф.* Ресей зерттеушілері Шоқан Уәлиханов туралы (XIX ғасырдың II жартысы) // Қазақ тарихы. — 2009. — № 1. — 35–37-б.
- 2 *Жолдасбеков М.* Асыл арналар: Зерттеулер, мақалалар. — Астана: Күлтегін, 2012. — 295-б.
- 3 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 3-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл.» Бас ред., 1973. — 23-б.
- 4 *Веселовский Н.И.* Аққан жұлдыз // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 1-т. / 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 69–71-б.
- 5 Қазақ Совет энциклопедиясы. 9-т. / Бас ред. М.Қ. Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1976. — 321, 322-б.
- 6 *Потанин Г.Н.* Ш.Уәлиханов туралы өмірбаяндық мәліметтер // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-т. / 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 340–363-б.
- 7 Г.Н.Потаниннің Н. Веселовскийге жазған хаты (1893 жылғы 3 желтоқсан, Иркутск) // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 5-т. / 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 220–221-б.
- 8 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 12-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: «Қазақ Совет энцикл.» Бас ред., 1978. — 521-б.
- 9 *Ядринцев Н.М.* Шоқан Уәлиханов туралы естеліктер // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 1-т. / 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 81–84-б.
- 10 *Ядринцев Н.М.* Орыс шығысындағы бұратаналардың оқу-ағарту ісі // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 5-т. / 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 283–284-б.
- 11 *Остен-Сакен Ф.Р.* Шоқан Уәлихановты еске алу // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 5-т. / 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 269–270-б.
- 12 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 8-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1976. — 196-б.
- 13 *Мушкетов И.В.* Шоқан Уәлиханов және оның геологиялық коллекциясы // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 1-т. / 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 74–75-б.
- 14 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 10-т. / Бас ред. М.Қ. Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1977. — 123-б.
- 15 *Семенов-Тянь-Шанский П.П.* Батыс Сібірдегі және Жетісу өлкесіндегі кездесулер // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 5-т. / 2 – бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 231–237-б.
- 16 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 4-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1974. — 29-б.
- 17 Ф.М. Достоевскийдің хаты (1856 жылғы 14 желтоқсан, Семей) // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 5-т. / 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 172–175-б.
- 18 *Марғұлан Д.* Әкем жайлы ізденсем, Шоқанға жолығамын // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Шоқан Уәлиханов (1835–1865). — 2011. — № 12 (24). — 40–41-б.
- 19 *Марғұлан Ә.* Шоқан және Манас. — Алматы: Жазушы, 1971. — 164 б.
- 20 *Марков С.Н.* Идущие к вершинам: Историко-биографическая повесть. — Алма-Ата: Жазушы, 1981. — С. 5.
- 21 *Умарова Г.С., Шарабасов С.Ф.* Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Астана: Фолиант, 2007. — 130-б.
- 22 *Бейсенбаев Ж.* Жасын-тағдыр жарқылы. Тарихи-ғұмырнамалық хикаят. — Алматы: Жалын, 1987. — 288-б.

Р.С.Каренов

Исследование богатого наследия Шокана Уалиханова**К 180-летию со дня рождения**

В статье рассмотрен удивительный многогранный талант Ш.Уалиханова как феноменальное явление в мировой цивилизации. Уделено особое внимание анализу трудов русских просветителей, посвятивших себя изучению жизни и деятельности казахского мыслителя. Раскрыто значение работ отечественных исследователей и мастеров пера, ориентированных на познание крупных достижений в различных сферах науки гениального ученого. Автором отмечено, что еще имеются «белые пятна» в изучении жизни и деятельности этой яркой нестандартной личности, а также высказано мнение, что в будущем требуется более обстоятельно изучить вклад казахского ученого в мировую науку.

R.S.Karenov

The investigation of the rich heritage of Shokan Ualikhanov, left his mark in the world of science as a meteor flashed**To the 180th anniversary of his birth**

It's considered an amazing multi-faceted talent Sh. Ualikhanov as phenomenal phenomenon in world civilization. It pays special attention to the analysis of works of Russian educators who have devoted themselves to the study of life and activities of the Kazakh thinker. The significance of the work of local researchers and masters of the pen-oriented knowledge of the major achievements in various fields of science genius scientist. It is noted that there are still «white spots» in the study of the life and activities of this vibrant custom personality. Showed the view that in the future requires a more detailed analysis of the contribution of the Kazakh scientist in the world of science in the functioning of the republic as an independent state in the world community of nations.

References

- 1 Karasayev G. *The history of the Kazakhs*, 2009, 1, p. 35–37.
- 2 Zholdasbekov M. *Gold channel: Research articles*, Astana: Kultegin, 2012, p. 295.
- 3 *Kazakh Soviet Encyclopedia*. 3 vol. / Editor M.K.Karatayev, Alma-Ata: Home Edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1973, p. 23.
- 4 Veselovskiy N.I. *Meteor flashed* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works. 1 vol. / 2 edit., Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 69–71.
- 5 *Kazakh Soviet Encyclopedia*. 9 vol. / Editor M.K.Karatayev, Alma-Ata: Home Edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1976, p. 321, 322.
- 6 Potanin G.N. *Autobiographical details of Sh. Ualikhanov* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works, 5 Vol. / 2, rel., Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 340–363.
- 7 *Letter from G.N. Potanin Veselovsky (December 3, 1893, Irkutsk)* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume Collected Works Volume 5/2 — rel., Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 220–221.
- 8 *Kazakh Soviet Encyclopedia*. 12 vol. / Edit. M.K. Karatayev, Alma-Ata: Home Edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1978, 521 p.
- 9 Yadrintsev N.M. *Memories of Shokan Ualikhanov* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works, 1 vol. / 2 — rel., Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 81–84.
- 10 Yadrintsev N.M. *Teaching and educational work among the backward peoples of eastern Russia* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works. 5 vol. / 2 edit., Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 283–284.
- 11 Osten-Sacken F.R. *Memories of Shokan Ualikhanov* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works. 5 vol. / 2 edit., Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 269, 270.
- 12 *Kazakh Soviet Encyclopedia*. 8-vol. / Edit. M.K. Karatayev, Alma-Ata: Home Edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1976, p. 196.
- 13 Mushketov I.V. *Shokan Ualikhanov and his geological collection* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works. 1 vol. / 2 edit., Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 74–75.
- 14 *Kazakh Soviet Encyclopedia*. 10-vol. / Editor M.K. Karatayev, Alma-Ata: Home Edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1977, p. 123.
- 15 Semenov-Tian Shan P.P. *Meetings in Western Siberia near Zhetisu (Semirechie)* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works. 5 vol. / 2 edit., Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 231–237.

- 16 *Kazakh Soviet Encyclopedia. 4 vol. / Edit. M.K.Karatayev, Alma-Ata: Home Edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1974, p. 29.*
- 17 *Letter from F.M. Dostoevsky (December 14, 1856, Semey) // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works. 5 vol. / 2 edit., Almaty «Tolagay groups», 2010, p. 172–175.*
- 18 Margulan D. *Stellar family legendary figure: Shokan Ualikhanov (1835–1865)*, 2011, 12 (24), p. 40–41.
- 19 Margulan A. *Shokan and Manas*, Alma-Ata: Zhazushy, 1971, 164 p.
- 20 Markov S.N. *Reaching to the heights: Historical and biographical novel*, Alma-Ata: Zhazushy, 1981, p. 5.
- 21 Umarova G.S, Sharabasov S.G. *History of Kazakh literature: Textbook*, Astana: Folio, 2007, p. 130.
- 22 Beisenbayev Zh. *Fate of shock. Documentary and biographical novel*, Almaty: Zhaly, 1987, p. 288.

ӘОЖ 82.0

С.Ысқақұлы

*Іле педагогикалық университеті, Қытай Халық Республикасы
(E-mail: 554323028@qq.com)*

Таңжарық ақынның шығармашылық ғұмырнамасы

Мақалада Таңжарық ақын өлеңдерін өзінің өмірінен, бастан кешірген тағдырымен бірлестікте қарау басты мақсат ретінде алынған. Ақын туындыларының тарихи негізі, туу себептері өз өміріне, көріп-білген оқиғаларына барып тірелетіні жүйелі түрдегі бір сабақтастықта қарастырылады. Қытайдағы қазақ әдебиетінде Таңжарық Жолдыұлының өршіл де өміршең тұлғасы көркем туындыларын әдеби-теориялық тұрғыда талдаулар жасау арқылы бағаланады. Күрескер ақынның тар жол, тайғақ кешуі қысқа ғұмырында қалдырған мұрасы зерттеу мәселелері нақты сөз болады.

Кілт сөздер: Таңжарық ақын өмірі, шығармалары, тарихи негізі, мұра, шешендік өнер, эпос, жыр, аңыз.

Жүрегі жұртым деп соғып, халқының азаттығы мен өркениетке жетуі үшін қаламын қару ете білген, өз елінің бостандығы мен бақыты үшін талантын аянбай арнаған, өмірін құрбан еткен айтулы ақындардың бірі — Таңжарық Жолдыұлының өмір сүрген дәуірі бізге әрі жақын, әрі алыс деуге болады. Жақын болатыны ол тарих қойнауына күні кеше ғана жылжыған XX ғасырда өмір сүрді. Алыс болатыны өзге жұртта, бөлек қоғамда жасады. Тағдыр оның маңдайына бұралаңы көп күрес пен азапқа толы өзгеше өмір сыйлады.

Таңжарық Жолдыұлы 1903 жылы наурыздың 15 жұлдызында Шыңжаң Іле Қазақ автономиялы облысына қарасты Күнәс ауданындағы Қамысты деген ауылда дүниеге келді. Бала Таңжарық он жасында Мыңбай деген молдадан дін оқуын оқып, араб әліппесі негізіндегі шағатай жазуында сауатын ашады. Ауыл молдасынан үш қыс оқығаннан кейін ауылдық медреседен бірнеше жыл үздік-создық оқыды. Ол оқыған оқуына қоса халық арасындағы ауыз әдебиеті мұраларымен танысып, халық ақындарын ұстаз тұтты. Сол өңірде өлең-той, шілдеhana, айтыс, бәйіт айту болса, Таңжарық одан қалмады. Сөйтіп, бала күнінен өлең құмарлыққа салынған ол кімнен шешендік өнер мен жақсы ән байқалса, соны жағалады. Кімде өлең кітап болса, жабысып сұрап алып, соны күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалып көшірді, жаттады. «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Ләйлі-Мәжнүн», «Біржан-Сара», «Мың бір түн» сияқты халықтық және шығыстық эпос, жыр, аңыз, ертегі Таңжарыққа сол тұста таныс болды. Оның ақындық өнері сол қазақтың батырлық, ғашықтық эпостарын жаттаумен жарыса 11–12 жаста басталды. Ар жағынан жыр ағыны кернеп тұрған өжет бала алдына не кездессе де тайсалмай, қысылмай соны өлеңге қосты. Бұл тұстағы өлеңдері, әрине, бала Таңжарықтың жасына, жасаған ортасына байланысты еді, дені ауылдағы кейбір сорақылықтар мен өз құрбы-құрдастарына арналған тапқыр да тық етпе дүниелер еді.

Таңжарық 1919 жылы күзде Күре қалашығындағы монғол-қазақ мектебінің қытай тілі сыныбына оқуға түседі. Ол кез Іле өңірін милитаристер билеп тұрған заман, аймақ орталығы Қорғас ауданына қарайтын Күре қалашығы болатын. Іле Дубаны өзінің сойыл соғарлары мен бек-төрелерінің

балаларын оқытуға арнап, сол қалашықтан 1910 жылдың орта шенінде жеті жылдық мектеп ашқан. Дубан жағынан осы мектепте оқуға Таңжарық ауылына бір бала салық болып түскенде, қараңғы халық арасынан «баламыз қытайша оқыса, қытай болып кетеді, оқу қаражатын қалай төлемекпіз?» дегендер шығып, балаларын бұл оқуға жіберуден қашқалақтайды. Сонда жоқ-жітік Жолдының ұлы Таңжарық суырылып шығып, сол салыққа мені жіберіңдер деп өзі тіленіп, оқуға кетеді.

Бұл мектепте үш жылдай оқып, қытай тілін, қытай жазуын меңгерген Таңжарық танымдық тұрғыда мүлде биік сатыға көтеріледі. Мектеп қабырғасында жүріп болашақ ақын бергі жақта іргелі қазақ елі барын, өркендеген мәдениет, өскен әдебиет барын біледі. Ерте есейген, көкірегі ояу бала жігіт көзбен көріп, өнеге алмақ, оқып, жоғары білім игермек, әділет таппақ болып, Күредегі оқуын қанағат тұтпай, 1923 жылдың қаңтарында Шапшал ауданының батысындағы Қалжат шекарасынан Қазақстанға қашып өтеді. Келген бойда Нарынқол ауданындағы жұраттас жақыны Кәрібай ауылын паналайды. «Жұратшылап, тағы бір жақтан оқу іздеп келдім», — деп, өзін жергілікті өкіметке мәлімдейді. Сол жергілікті ұйымдардың қамқорлығы және туыскандарының көмегімен Таңжарық оқуға түседі. Сол кезде Қазақстан баспасөзіндегі алаш ұранды ақын-жазушылардың шығармаларымен танысады, бұдан тыс қазақ тіліне аударылған әлем әдебиетінің классиктерін оқиды. Әсіресе Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев мұраларына ерекше зейін қояды. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабай, Міржақып Дулат сынды қазақ зиялыларының шығармаларымен танысу нәтижесінде жігерін шыңдай түседі. Оқуға қосанжарлатып өлең де қуады. Талай жерді, талай елді аралайды. Көптеген ақын, небір шешен, төкпе жыршылармен, қоғам қайраткерлерімен танысады. Топ жарып бәйге бермей жүрген Қойдым деген әйел ақынмен айтысады. Бұл жақтағы игі жақсылардың өнеге-нысандарымен танысу, жаңаша білім алу, жаңа қоғамды аралап көру Таңжарықтың қоғамдық санасының бір белестен бір белеске көтерілуіне аса маңызды ықпал етті. Ақын ақиқатты ту қып көтеруден тайынбайтын, халық, ұлт намысын ешкімге таптатуды қаламайтын, қырағы, принципшіл азамат болып қалыптасты. Ол ел-жұртын қара түнек қорлықтан құтқаруға, гүлдендіруге, шынайы әділетке кенелтуге, ізденіп тапқан ақиқаттары мен білім санасын өмір бойы сол жолға арнауға берік бел байлайды.

Содан үш жылды өткеріп, 1925 жылдың соңында қоржын толтырып, көркем әдебиеттерін алып, ауылына қайтып оралады. Қазақстанда болған аз уақыттың ішінде-ақ ой-сана, пайым-парасат, жасампаздық позиция жағынан жаңа бір биік белеске көтерілген ақын ел-жұртқа Қазақстаннан көрген-білгендерін, оған қосып әділет, еркіндік, теңдік, бақытты өмір жөніндегі жаңа пайымдарын өлеңмен елге таратты. Поэзиясында сыншыл реализмнің белгілері айқын байқалды. Сол тұстағы қоғамның кереғарлығын, билік басында отырған шонжарлардың және қанаушы саясаттың «сойыл-соғары» болған жергілікті бай мен бектердің халыққа жасаған озбырлық қиянаттарын өз поэзиясында аяусыз әшкереледі. Осы «қылмысы» үшін ақын «Таңжарық ел ішінде теріс үгіт және «қызыл» орыстың сөзін таратып жүр» деген жаламен ұлықтар тарапынан 1926 жылдың күзінде тұтқындалып, Құлжадағы Даутай Жамбылының зынданына салынды. Алайда ақын оған бола, алған бетінен қайтып жасып кетпеді. Теңсіздік, әділетсіздік, озбырлықты айыптаудан тіл тартпады. Алдағы күндерден күдерін ешқашан да үзбеді. Оған мына өлең жолдары куә:

*Тартынба бір есептен жаудан, Тәке,
Болса да бастан бағың ауған, Тәке.
Қызық көп өмір болса көретұғын,
Біткен жоқ осыменен саудаң, Тәке.*

*Ей, Тәке, құлағың сал мына сөзге,
Қызығып жүргенім жоқ пұл мен бөзге.
Көңілінде көздегенің шын әділдік,
Ойласам арманым жоқ онан өзге.*

Ақындарының тұтқындалуына қазақ елінен наразылық туылады. Ақын да зынданда тек жатпайды. «Ел-жұрттың өлең жаздым атын салып», — деп ел-жұртына және «Сәлем де Алпекене», — деп, ел ақалақшысы Алпысбайға жазған хатында:

*Сыртым сау, ішім түтін, қапалықпен,
Бұл күнде көңілім жүдеу, қасіретім мол.
Тереңге түсіп кеттім, ұстар тал жоқ,
Ел-жұртым, есіңе алып, жардамшы бол! —*

деп еліне шағынса:

*Бұқараң қай жеріңе мәз болады,
Басына келген дертін қаға алмасаң.
Бұл менің итте болса бұқарам деп,
Бір кезек нең кетеді хабар алсаң...
Қойшы да баққан қойын түгендейді...
Келер деп сенен оға ойға алмаймын,
Сонда да сені ойламай қоя алмаймын, —*

деп بازیналық айта, Алпысбай ақалақшыға да тілек білдіреді.

Ел-жұрты ақынның тілегін жерде қалдырмайды: «Азаматымызды босат, болмаса тартып әкетеміз», — деп ұлыққа арызданады. Қасына азаматтар қосып беріп, әкесі Жолдыны Даутайдың жамбылына жібереді. Алпысбай ақалақшы да ақын بازیнасы мен тілегінен аттап өте алмайды. «Таңжарықты босатып бер», — деп ол да өтініш айтып, сол заманның қабындап тұрған өз жосыны бойынша Жамбыл мәнаптыларының обыр көмейлеріне пара тығындайды. Бір жылға жуық уақыттан соң, Таңжарық ақыры ел-жұртының көмегімен зынданнан да босап шығады. Бұдан былай ақын бай-манаптарды мінеп-шенеумен қоса, күрделі әлеуметтік тақырыпқа да ойысты. Ол халықты ояту тұрғысында ағартушылық сипаттағы өлең-жыр жазып ғана қойған жоқ, қоғамдық, әлеуметтік істерге де белсене араласты. Шығармаларында азаматтық әуен, жауынгерлік рух күшейді. Отызыншы жылдары Шынжаңда етек алған демократиялық қозғалыс ақынның тынысын кеңітіп, оған біраз жол ашқан сияқты болады. Осы тұста Таңжарық көп жұмыстар атқарып үлгерді. Жаңадан шыға бастаған «Іле газетінің» тұңғыш редакторы болады. Құлжа қаласындағы ұлттық театрдың негізін қалап, оның алғашқы шымылдығын Бейімбет Майлиннің «Шұға» атты пьесасымен ашады. Газет бетінде «Оқып көр газетімді», «Осы таң кімнің таңы», «Мыс қазан» т.б. өлеңдерін жариялайды. Бұл туралы мына жолдарды оқып көрейік:

*Қалың ел, қазақ, енді аш көзіңді,
Оқып көр газетіңді — өз сөзіңді.
Әділет, шындық жолын үйретеді,
Ашады ашты шайдай аң сезімді.
Айнадай жарқыратып көрсетеді,
Мін бар ма, қолыңа алып көр өзіңді... («Оқып көр газетімді»).*

*Осы таң кімнің таңы — жетім таңы,
Күн кешкен күндікпенен жесір таңы.
Теңдікке қолы жетпей күңіреніп,
Қорлықпен өтіп кеткен есіл таңы.*

*Таңы атпай, айы батып, түнек кешкен,
Қатарға ғаріп-қасер келсін тағы.
Көзіңді аш, езілген ел, таң сенікі,
Айырып дос пен қасты жете таны («Осы таң кімнің таңы»).*

Бір құптарлық жай сол кездегі Құлжа қаласында қоғамдық сананың оянуы тұрғысынан көпшілікті әдеби-мәдени шараға жұмылдыру, сол арқылы халықтың сауатын ашу, өркениет бағытына жетелеу мақсатында туыстас ұлттарды бөліп-жармай бірлікте іс-қимыл жасау еді. Бұл орайда да Таңжарықтың ұйтқы болып, жақсы істің басында жүргендігі жөнінде Д.Мәсімханұлының: «Көп өтпей Құлжа қаласына келіп, Аймақтық қазақ-қырғыз ұйымында әдебиет-мәдениет саласын басқарды. Онда, негізінен, мәдени топтар ашу, әдеби кештер өткізу істері жолында белсене тер төкті. Бұл тұста Іле өңірінде әлі де болса қазақ тілінде газет, театр дегендер атымен жоқ еді. Ақын Таңжарықтың белсенділігі мен ұйымдастыруы арқасында Құлжа қаласында «Іле газеті», Қазақ театры дүниеге келді. Бұл 1930-жылдардың орта шені еді. Осы кездерде ақын, бір жағынан, газеттің қауырт редакциялық жұмысымен айналыса жүріп, тағы бір жағынан — қойылымдарда бас ролдерде ойнап жүрді», — деп жазғанындай, ел өміріне мәдениет ұрығын сеуіп, санасын оятуға құлшына кірісті [1]. Бұлардан сырт ақын ауылдық мектептер құруға, оған қазақтан оқытушылар дайындауға қолғабысын тигізді. Осы барыстардың барлығында да ол жауапты міндеттер өтеді. Бірақ бұл уақытша ғана толас болатын. Көп ұзамай Шынжаң аспанында қара бұлт үйіріліп, ел басына ауыр апат төнді.

Төңкеріс пен демократияға опасыздық жасап, милитаризмге бет бұрған Шың Шысай өкіметі халықтың саналы деген азаматтарын қойдай көгендеп, Үрімжі түрмесіне апарып тыға бастады.

Сонымен, Таңжарық 1940 жылдың басында Үрімжі түрмесіне айдалып кете барады. Сол жатқаннан мол жатқан ақын әйтеуір абақтыда өлген жоқ, өлгеннен басқа қорлық пен қинаудың бәрін көрді. Әрине, Гоминдаң билеушілері ақынды абақтыға отырғызу арқылы өздерінің оңбай ұтылғанын білген жоқ. Ол Гоминдаң жендеттерінің қаныпезер қаталдығын әшкерелейтін ең тамаша өлеңдерін осы түрмеде отырып жазды. Жеті жыл бойы ақынның үні бір толастамай, оның өлеңдері ауыздан ауызға таралып, жауларының бетіне қарғыс таңбасындай басылып жатты. Абақтының азапты шындығының нақты суреті жасалды. Ол туралы жазылған ақынның «Түрме халі», «Түрме тарихы» атты шығармалары барша қазаққа әйгілі.

Таңжарық Үрімжі түрмесінде жатқанына 4 жыл шамасы боған кезде Шың Шысай Кеңес Одағымен достық қарым-қатынасын үзеді және Гоминдаң орталығы құлау қауіпінде қалған билігін сақтауға жанталасып, халықтың қарсылығы күшейген Шың Шысайды 1944 жылы күзде Шынжаңнан ауыстырып әкетеді. Оның орнына У Жуңшин дегенді Шынжаңды билеуге әкеледі. Өзін бояп халықтан бедел табу үшін ол Шынжаңға келе салып, Шың Шысай кезінде қамауға алынған адамдардың бір бөлігін абақтыдан босатады. Сол қатарда Таңжарық та абақтыдан босайды. Ақын өзінің бұл жолы абақтыдан босауын:

*Бір күні жаңадан бір жуши келді,
Түрмені тексерген боп жымси келді.
«Бұл өзі әділетсіздік жұмыс екен,
Барлығын түзетемін», — деп қыңси келді.
Ұзамай қолдарына қағаз беріп,
Шығарды айтқанындай бір мұнша елді.
Қуандық, жолықтық деп жанашырға,
Болмадық түсінгендей арғы сырға.
Өңім бе, не болмаса түсім бе деп,
Солардың мен де шықтым арасында, —*

деп суреттейді.

Ол кезде Үрімжіде қазақ, ұйғыр жастары мен алғабасар зиялыларының Гоминдаңға қарсы төңкерістік жасырын ұйымы бар еді. Ұйымның мақсаты 1945 жылы мамыр күні Үрімжіде көтеріліс жасап, Үрімжінің шығыс қақпасы Дауаншыңды бекітіп, арғы жағы Құмыл партизандарымен, батыс жақта үш аймақ төңкерісшілерімен тоғысу болатын. Абақтыдан шыға салып, көкіректе қайнап жүрген мақсаттары үшін Таңжарық осы ұйымға қатынасады. Үрімжі қаласында, Нәнсен тауындағы қазақтар арасында, Манас төңірегінде төңкерістік құпия жұмыстарда болады. Бұл қызметті бірнеше ай жалғастырады. Артынан сатқындар ұйымды әшкерелеп қойып, сол себептен Таңжарық қайтадан тұтқындалады. Осы ұсталған бетінде ол 1946 жылдың күзіне дейін Үрімжі абақтысында қамалады.

Үрімжі абақтысында жоғарыдағыдай екі рет қамауда болған барысында Таңжарық ақын Гоминдаң тұтқындаған көп ұлттың озық ойлы адамдарымен пікірлес болады.

*Өлсек те біздің өлмес атағымыз,
Белгілі істеп жүрген шатағымыз.
Алыстан алтын сәуле бір күлімдер,
Болғанмен қазір түнек жатағымыз.
Алатын құнды қуып иеміз бар,
Біз де елміз — шөберелі, аталымыз.
Зұлымға қарсы тұрғанымыз,
Ол да рас құпия ұйым құрғанымыз.
Кекпенен қолымызға құрал алып,
Желкеден Гоминдаңды ұрмағымыз.
Қашан да теңдік алмай тұра алмаймыз,
Бұл ойды басқа жаққа бұра алмаймыз, —*

деп әділет, ұлт теңдігі, еркіндік, гүлдену жолындағы өшпес мұратын көк алмастай шындай түседі.

*Жазып өлең, оқып өл...
Өлейін, өлсем-дағы айтып-айтып.
Шыдайды дәтім қалай тірі жатып?!
Деген зой «мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік»,
Буынар белін біреу бір нығайтып, —*

деген жолдардан ақынның жауынгерлік рухының қоғамдық сипат алғанын көреміз.

1946 жылы үш аймақ үкіметі мен Үрімжідегі Гоминдаң билеушілері арасында он бір тармақты бітім жасалады. Сол он бір талаптың бірі ретінде «Гоминдаң түрмесіндегі саяси қылмыстыларды тұтас босату» белгіленеді. Осылайша жұрт қатарлы Таңжарық ақын да ауылына оралады. Ұзамай, ақын өкпе ауруына шалдығып, ақыры осы аурудан 1947 жылы 6 тамызда қайтыс болады.

Аяулы ақын осылайша қамал бұзар шағында, кемеліне келген кезінде мезгілсіз мерт болды. Алайда азамат ақын тар жол, тайғақ кешулі қысқа ғұмырында артына ұшан-теңіз, тозбас мұра қалдырып кетті.

Ендеше, ақын шығармаларының жай-күйіне келер болсақ, бүгінге дейін табылып, жарияланған ақын шығармаларының көлемін ең соңғы түгел тұяғы дей алмаймыз. Ақын шығармаларының бір бөлімі Қытайдағы аты шулы «Мәдениет төңкерісі» кезінде өртелді. Халық арасында ауызша таралып жүргендері «тайлы-тұяғы қалмай» жиналып болған жоқ. Қытайдағы әдебиетші қауым ақын мұрасын жинады, реттеуді, жариялауды із суытпай әлі де жалғастырып келеді.

Таңжарық Жолдыұлының өлеңдері 1930 жылдардың орта шенінен бастап жарық көре бастады. Яғни, ақынның сол тұста өзі бас болып шығарған «Іле газеті» және «Алға» газетінде «Оқып көр газетімді», «Құттықтау», «Осы таң кімнің таңы?», «Мыс қазан», «Шынжаң нұры», «Жастар таңы», «Жас күнім», «Саңқылдап көкке самғап» қатарлы өлеңдері жарияланды [2]. Бұлар ақынның көзі тірісінде жарық көрген туындылары болып есептеледі. 1949 жылдан кейін де ақын өлеңдері мерзімді баспасөзде бір мезгіл жарияланып тұрды.

Ақынның абақты өмірі бастан-аяқ тасқындаған поэзия өмірі болды. Туындыларының басым көпшілігін абақты ішінде жазды. Өйткені ақынның саналы ғұмырының көп бөлігі қуғын-сүргінде болды, талай азапты көріп түрмеде өтті. Сондықтан Таңжарықты қуғын-сүргінде жүріп есейген, түрмеде түлеген ақын деуге де болады. Сол шығармалары арқылы Шың Шысай Гоминдаң дәуірі дейтін бір кезеңнің, оның адам қаны сасыған қасап түрмесінің бейнесін және өзінің нұрлы мұрат-мақсатының құнын мәңгілік жоймайтын рухани архивін және нағыз келбетін орнатты. Қазақ тарихында талай ғұламалардың, талантты ақын-жазушылардың ғұмыры абақтыда сорлап сөнген. Таңжарық поэзиясы абақтының жантүршігерлік жауыздық өмірінің күнделігі сипаттас, онда абақтыда күн сайын түлеп, жетіліп отырған өздерінің асыл мұрат-мақсаттарынан хабар беретін жеке өлеңдер бар. Мұндай жеке бір лирикалық циклді құрайтын Таңжарық ақынның мұрасындай мүкәммал мұра сирек. Осындай шыншыл да сыншыл, ұлт жанды, көркемдік қуаты мол ақын поэзиясы түрме ішіндегі түрмелестерін баулудың үстіне, сондай қыспақты шақтарда да, қараңғы түндегі қара бұлттардың жыртығынан әлемге жарқыратып нұр құйған ай сәулесіндей, зындан-түрменің саңлауынан құстай ұшып шығып, кең-байтақ сыртқы қоғамдағы ел-жұртымен, қан майданда әділдік, ұлттық еркіндік, теңдік үшін сайыста жүрген сардар-сарбаздармен іштей, жүрекпен табысып жатты, оларды әділдікке, үмітке, тайсалмастыққа, нұрлы болашаққа сенуге шақырды.

Қай дәуірдің, қай халықтың қаламгері болмасын, егер ол шындықты айналып өтіп, өз жанын ғана күйіттеп, жалғандыққа жол берсе, онда ол адамның қас талант, халық ұлы болмағаны. Егер ол шын талант, үлкен жүректі азамат болатын болса, өзі өмір сүрген дәуірдің шындығын бедерлемей тұра алмайды. Бұл тұрғыдан қарағанда, Қытай қазақ әдебиетінің классигі, әйгілі ақын Таңжарық Жолдыұлы — өз заманының бар шындығын көркем ой, кестелі тілмен өрнектеп кеткен ұлы тұлға. Шындықты шымбайына батыра айтқаны үшін, халық тілегі, ұлт мүддесін жырлағаны үшін, ол теңсіз, сүреңсіз қоғамда әділетсіз үкіметтің тегеурініне ілікті. Ширек ғасырға жуық ат қойылып, айдар тағылып, орынсыз айыпталды. Қуғын-сүргін көрді, жеті жылға жуық түрмеде отырды. Алайда оның бәрі жүрегінің оты бар, өр мінезді, өжет ақынды жасыта алмады. Жігерін мұқалта алмады. Қайта қажырын қайрап, өршелене өрге жүзді. Отты жырларын дауылдата түсті.

Аса дарынды ақын Таңжарық Жолдыұлының қазірге дейін бізге жеткен мұра саны 25858 жол болып, шығармаларының екі томдық толық жинағы Қытайда және Қазақстанда 2001, 2002 жылдары баспадан шығып, халқымен қауышты. Осы екі томнан тұратын шығармаларын парақтап көрсеңіз, түрмеде жатып (түрме тақырыбы мен басқа тақырыптарда) жазған өлеңдері жалпы шығармасының жартысына жуығын иеленгенін байқаймыз.

Бұл орайда шығармаларын жинап, зерттеуші О. Егеубаевтың ақын өлеңдері мен поэмаларының отыз мың жолға жуығы сондай үрейлі, тар жол тайғақ кешу, қысылтаяң жағдайда өмірге келгендігін айта келіп: «Ұлтымыздың тарихында арғы бет, бергі бетте қаншалаған бағлан ақындардың жарық жұлдызы абақтыда, айдауда сөнгендігін барлығымыз да қанық білеміз. Бірақ солардан бір-екілі шығармасы болмаса түрме құпиясын, жауыздық сырын, өзінің жан азабын Таңжарықтай түрме түбінде кісендеулі, күлеткілі отырып, қанша мыңдаған өлең жолдарымен қағаз бетіне таңбалап

кеткен бірде-бірі болмаған. Таңжарық — бүкіл қазақ әдебиетіне түрме тақырыбын әкелген тұңғыш ақын», — деп түйіндеуі шындыққа сай деп білеміз [3].

Ақынның 1940 жылы тұтқындалуының себебіне келсек, Шың Шысай 1937 жылдан бастап «тазалау» жүргізеді. Ол тазалаудың басты мақсаты жергілікті халықтың ішіндегі көзі ашық, көкірегі ояу зиялылар мен, ұлтының мүддесін, еркіндік-теңдігін аңсаған, ұлтын гүлдендіруді мұрат тұтқан азаматтарды — халықтың ардагер ұл-қыздарының көзін жою болатын. «Азаматы алаштың — қайран Тәкең мен едім, Өліп кетсем артымда айтыла жүрер өлеңім», — деп жар салған, халықшыл қайраткер Таңжарық та, әрине, бұл «тазалаудан» тысқары қалмасы анық еді. Сонымен 1940 жылдың басында ақын Үрімжі түрмесіне айдалып кете барады. «Сталин мен Шың Шысай бірлесіп құрған сот алқасының Фаленов, Мұқанбаев (Сталин жіберген), Уголин қатарлы әккі сұрақшыларының тергеу тезіне алынады. Тергеу үш тілде — орысша, қытайша, қазақша жалғасады. Ол үкіметке қарсы ұйым құрған, ұлтшылдықты қоздырған, қазақтарды қоныс аударуға, қару-жарақ тапсырмауға желіктірген, қару-жарақ топтаған, көсемді көзге ілмеген, үкіметтің әмір-саясаттарын сөккен, қазақ тіліндегі газетте жауыққан ой үгіттеп, газет редакциялауда қаталықты күшейткен, жасап хат жазып, заң қызметкерлерінен өш алу қастандығына барған, қашып кету қауіпі бар, күмән өте күшті, — деп қорытынды жасайды» [4].

Абақтының сүркейлі, жауыз тұрмысына тізе бүкпей төзе отырып, абақты өмірін, құпиясын, Гоминдаң үкіметінің әділетсіздігін, жауыздығын түрме түбінде кісендеулі отырып, сорғалаған қанымен қағазға жазып кеткен Таңжарықтай жау жүрек ақын жоқ, сірә. Қысқасы, түрме тақырыбын ең көп жазған, кемеліне келтіріп жазған Таңжарық деуге болады. Жеке тақырыптық өлеңдерінің саны бойынша алғанда да, абақты жөнінде жазған өлеңдерінің саны жалпы шығармасының салмақты орнын иелейді.

Ақынның шығармалар жинағындағы «Іле түрмесінен», «Тұтқындалу», «Елмен, жермен қоштасу», «Абақтыда кім жатыр», «Түрме тарихы», «Түрме халы», «Елес», «Елге амандасу», «Жерге амандасу» қатарлы жеке тақырыптарда басылған өлеңдері бір-біріне тұтас желі қуып жазылған. Бұларда жалғасқан, үзуге болмайтын ұзақ бір жүйе жатыр. Яғни, бұл өлеңдерін тұтас бір өмірдің сыр-сипатын, қоғамдық, әлеуметтік мәнін қамтыған лирикалық цикл ретінде қарауға болады. Ал мазмұн жағынан қарастырсақ, жүйелі, кесек дастан деуге де болады. Бұл туралы профессор Зұфар Сейітжанов «Шыңжаң қазақ әдебиеті» атты монографиясында: «Абақты» аймақ әдебиетін қойып, бүкіл қазақ әдебиетінде түрме туралы жазылған алғашқы көлемді шығарма болып табылады», — деген-ді [5].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мәсімхан Д. Аңсаған атты таңы Таңжарықтың // Жетісу. — 2000. — 25 қаңт.
- 2 Жүнісұлы Ж., Егеубаев О. Ақын өмірі // Іле тарихи материалдары. — Құлжа, 1998. — 13 б.
- 3 Егеубаев О. Қытайдағы қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы: Халықарал. ғыл.-теор. конф. материалдары. — Алматы, 2003. — 4-б.
- 4 Егеубаев О. Таңжарық туралы ақиқат // Жұлдыз. — 2001. — № 4. — 109-б.
- 5 Сейітжанов З. Шыңжаң қазақ әдебиеті. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1999. — 136-б.

С.Искакулы

Творческое наследие поэта Танжарыка

Главная цель статьи — ознакомление с деятельностью и творчеством поэта Танжарыка Жолдыулы. Отмечено, что историческая основа, причина появления на свет произведений поэта опираются на его жизнь, пережитые им события. Целеустремленная личность Танжарыка в казахской литературе в Китае оценивается автором через призму произведений в литературно-теоретическом направлении. Проанализированы и исследованы наиболее значимые произведения поэта.

S.Iskakuly

The creative life of the poet Tanzharyk

In this article the main idea is that the songs of Tanzharyk are closely connected with his life and also his songs try to follow us to unique. The historical origion of writer's songs, the reasons of appearing his songs correspond to his life and stories which he met, these all aspects are shown systematically in the article. The work of Tanzharyk Zholdyuly is highly apraciated in kazakh literaty in China according to literary comparison and theory of literature. Also this article touches all good and bad moment of his short life.

References

- 1 Masimkhan D. *Zhetisy*, 2000, January, 25.
- 2 Zhunisuly Zh., Yegeubayev O. *Historical materials of Ili*, Kulzha, 1998, p. 13.
- 3 Yegeubayev O. *Bright star of the Kazakh literature in China. Proceedings of the international scientific-theoretical conference*, Almaty, 2003, p. 4.
- 4 Yegeubayev O. *Zhuldyz*, 2001, 4, p. 109.
- 5 Seiyitzhanov Z. *Kazakh literature Shynzhan*, Almaty: Kazakh University publ., 1999, p. 136.

ӘОЖ 001 (05) (574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов құбылысы — азаматтық өркениетке қосылған мол олжа Туғанына 180 жыл толуына орай

Макалада Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі жан-жақты, жүйелі зерттелген. Оның қазақ ұлттық әдебиеттану ғылымының іргетасын қалаудағы білімпаздығы көрсетілген. Ғалымның елінің тарихын, ауыз әдебиетін, этнографиясын, саясатын жетік білгені туралы айтылған. Кемеңгер ойшылдың әр түрлі қайнар көздерге сүйене отырып, көне жазбаларды, жылнамаларды салыстыра зерттеуге, тарихи шындықты ашуға мүмкіндігі болғаны жайлы қорытынды жасалған. Шоқанда ұлы ғалымға тән зор қабілет, қажымас ізденушілік, ойлылық қасиеттер күшті екендігі оның кез келген шығармасынан айқын аңғарылып отыратындығы дәлелденген.

Кілт сөздер: қосқан үлесі, ағартушы, саяхатшы, әскери жорық, әдебиеттанушы, шығарма, жыр, кастерлеу, шежіре, мұра, сот реформасы.

Kipicne

Осыдан 180 жыл бұрын қарашада хан шаңырағында дүниеге келген текті ұл — Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов — күллі әлемге өзін де, қазақты да мойындатып кетті. Оның туған елге, әлемдік ғылымға қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Ш.Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі XIX ғасырдың 30–60-жылдарымен тұстас келді. Қазақстан тарихында XIX ғасырдың ортасы Ресейдің өлкені түпкілікті қарамағына алуымен және Далаға жаңа капиталистік қатынастардың енуінің басталуымен, ескі феодалдық құрылымдардың бұзылуымен ерекшеленеді. Бұл патша отаршыларының реакциялық саясатына табанды қарсылық көрсеткен қазақ халқының тарихындағы атаулы кезең болды.

Осыған байланысты Уәлихановтардың отбасында қарама-қайшылықтар жиі-жиі туындайтын. Шоқанның әкесі патша әкімшілігінің қолдауына ие болған Шыңғыс аға сұлтан болып тағайындалды

және полковник шенін алды. Сонымен бірге ол білімді адам болды, орыс ғалымдарына қазақ халқының фольклоры мен тұрмысын зерттеуге көмегін көрсетті. Шоқан өзінің дамуында кадет корпусының қабырғасынан шыққан аңғал монархистен демократ-ағартушыға және атақты ғалымға дейінгі күрделі қарама-қайшылықты жолдан өтті [1].

Ш.Уәлиханов өмір сүрген XIX ғасырдың ортасы және екінші жартысы — қазақтың билігі өз қолынан сусып, бодандыққа толықтай мойынсұнған «қарағай басын шортан шалған» заман болатын. Осындай дәуірде өмір сүру маңдайына жазылған Шоқан Шыңғысұлының өзі тұрғылас ғалымдардан жоғары болғанын қазірде күллі әлем мойындады. Әрине, әлі де мойындалады. Кемеңгер Шоқан сансалалы қырымен, ашқан жаңалықтарымен, өлшеусіз еңбегімен ерекшеленеді.

Қазақтың ұлы ойшылы Уәлихановтың өмірі мен қызметі жайлы деректер

Кемеңгер ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнолог, географ, фольклортанушы, суретші Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы қазіргі Қостанай облысы аумағындағы Сарыкөл ауданы, Күнтимес қыстауында дүниеге келген. Бабасы Абылай Қазақ Ордасының, атасы Уәли Орта жүздің ханы болған. Ал Шоқанның әкесі Шыңғыс аға сұлтан ретінде Аманқарағай округін билеген.

Шоқанның азан шақырылып қойылған аты — Мұхаммед-Ханафия. Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы хазірет Әлидің ең батыр ұлының құрметіне әрі «Болашақтың Мұхаммед-Ханафиясы болар ма екен?» деген тілекпен Қалқай ишан балаға осы атты қояды. Бірақ анасы Зейнептің оған тілі келмей, сәбиін «Қанаш» деп, ал былайғы жұрт «Шоқан» деп атап кетеді [2].

Шоқан әкесі Шыңғыс 1842 жылы ашқан Құсмұрындағы бірінші қазақ мектебінде білім алған болатын. Бұл мектепте тарих, география, математика, шығыс тілдері, қазақ эпосы пәндері бойынша сабақтар жүргізілген. Осы мектепті бітірген Шоқан әдебиеттен, тарихтан, түркі тілдері поэзиясынан білім алып шығады.

Сонымен, қазақ сөзінің сиқыры мен поэзиясының саз гармониясы Шоқанды бала кезден баурап алған: ол қазақтың бай ауыз әдебиетінің үлкенді-кішілі үлгілерін, «Едіге батыр», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» сияқты жырларын тыңдап өскен. «Есейген» (әлі отызға жетпесе де) шағында 1861 жылдары ауырып ауылға келгенде, ол Шөже, Тоғжан, Орынбай, Арыстанбай, Ажар қыз сияқты ақындарды тыңдап, сүйсінген. Шығыстың классикалық поэзиясымен де ауылда танысады, оларды да жаттап, оқып үйренеді. Осындай қазақша, мұсылманша тілдік таным қоры бар, бірақ бір ауыз орысша білмейтін Шоқан 12 жасында, 1847 жылдың күзінде Омсктегі әскери оқу орны — Сібір кадет корпусына оқуға түседі [3].

Ұғымтал Шоқан орыс оқуын тым жетік меңгеріп, үлкен ілтипатқа қолы жетті. Жиырмаға толартолмаста «жарты патша» атанған Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік-батыс аймағының генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорттың адъютанты қызметіне белгіленді. Сонымен қатар Батыс Сібір өлкесінің Бас басқармасы оған айрықша тапсырмаларды орындайтын офицер ретінде қараған.

1855 жылы Г.Х.Гасфорт Орталық Қазақстанға, Жетісу мен Тарбағатайға әскери инспекциялық сапарға шықпақшы болып, бірнеше адамнан тұратын жасақ құрады. Сол жасақ құрамына жас болса да Шоқан Уәлихановты қосқан. Өйткені жергілікті халықтың ұлттық ерекшелігін, тұрмыс-салтын, тіршілігін, тарихын, мәдениетін одан жақсы білетін оқыған, көзі ашық жан жоқ еді. Гасфорт осы сапарында Шоқанның нағыз ғалым екеніне көзі жетіп, еңбегін жоғары бағалайды. Содан бастап оның атағы Батыс Сібір әскери ғалымдарының арасында ғана емес, жалпы орыс ғылымының ортасына енген азиялық жаңа есім болып таныла бастаған. Келер жылы полковник М.М.Хаментовский бастаған экспедиция Ыстықкөл мен Алатау қырғыздарына, одан әрі Қытайдың Құлжа өңіріне сапарға шықпақшы болады. Хаментовский бұл сапарына Шоқанды арнайы шақырған екен. Орыс ғылымына бұл өлкелер әлі де өз сырларын толық аша қоймаған еді.

Ш.Уәлиханов 1856 жылы орыс экспедициясымен Ыстықкөл бойына келіп, қырғыздардың мәдениеті мен тарихын үйреніп қайтады. Ресей империясының бірінші барлау тапсырмасын ойдағыдай орындаған Шоқан, 1856 жылы арнайы тапсырмамен Құлжаға келіп, онда үш ай тұрып, көптеген мәліметтерді жинап, Омбыға келеді. Шоқан алып келген мәліметтер жоғары бағаланып, ол 1857 жылы Императорлық орыс географиялық қоғамына мүше болып қабылданады.

Шоқан Уәлихановтың 1858–1859 жылдары Ресей империясы үшін сол кезге дейін мүлдем белгісіз болып келген Шығыс Түркістандағы Қашқарға жасаған сапары аса қауіпті әрі аса маңызды болды.

Ержүрек саяхатшы бұл сапарда талай-талай қиындықтар мен кедергілерден өтеді, жалған атпен Әлімбай болып керуен басының туысы ретінде аттанады, Тянь-Шань биіктерінің бірі Сырт деп

аталатын қауіпті әрі адам қадам баспаған биік асуларында түтекке тұншығып, суыққа тоңып, қарлы жаңбырда тайғанақтаған ат-түйелері де біраз шығынданып, кейде алыс ауыл тұрғындарының қауесет-сенімсіздіктеріне де кездесіп, талай бөгеттерді өткеріп, керуен 1858 жылдың 27 қыркүйегінде Қытай шекарасынан өткен. Қашғарияда Шоқан 1858 жылдың 1 қазанынан 1859 жылдың наурыз айының ортасына дейін болған кезде бұл аймақты — Қашғар қаласы мен Алты шаһар елін терең зерттейді. Қоқан ханының Қашғардағы сауда консулы, әрі саяси резиденті, егде тартқан ресми адаммен Шоқанның сыйлас, құрметтес болуы сапар нәтижелерінің өнімді де пайдалы болуына едәуір жәрдемдескен.

Ш.Уәлиханов Қашғарияның экономикалық-саяси құрылысын, тарихын, этнографиясын, рухани өмірін зерттеген, бұл аймақтың өткені мен сол кездің қалпын жақсы білетін адамдарымен, ғалымдарымен, ақындарымен де кездесіп мағлұматтар жинаған, шығыс қолжазбаларының бірсыпырасын қолға түсіріп алған, нумизматикалық және тау жыныстарының коллекциясын, гербарий жасаған.

Солардың бірінде Мирджай тауы мен Қарақаш өзені аңғарынан шығатын нефрит асыл тасының текшелері болған. Зерттеуге қажет деп саналған талай бұйымдар да жиналған. Сөйтіп, бейтаныс елді жан-жақты сипаттайтын, әскери, саяси, экономикалық, сауда-саттық жағынан үкіметке де, ғылымға да пайдалы бай материал мен сирек деректерді жинап, қиыншылықтар мен қауіп-қатерді көп көріп Шоқан керуені 1859 жылдың сәуірінде елге оралған [4].

Шоқан Шыңғысұлының осы сапарда Орталық Азияның тарихы, географиялық орналасуы, экономикасы, қорғаныс күші, сондай-ақ этнографиясы жайында жазған қолжазбалары орыс ғылымына Шығыс Түркістанның ішкі сырын ашып берді.

Ш.Уәлиханов 1860 жылдың наурыз айында Петербургке келді. Ол мұнда жылдан аса жұмыс істеді. Ресейдің сол кездегі ең озық ойлы азаматтарымен танысты. Олармен пікірлес, сырлас болды.

1860 жылдың 8 сәуіріндегі Үкімет жарлығымен Шоқан Шыңғысұлына штабс-ротмистр әскери атағы, 4-дәрежелі Ізгі Владимир ордені және бір жолғы көмек ретінде 500 сом күміс ақша берілетін болды. Петербургтегі ғалымдар, Бас Штаб пен Сыртқы істер министрлігі Азия мәселесі жөнінен Ш.Уәлихановты үлкен бедел тұтты. Солардың ұсынысымен Александр II қазақ ғалымын Азия департаментіне қалдыру туралы 1860 жылы 15 маусымда бұйрыққа қол қойды.

Петербургке келген Шоқан бірнеше мекемеде қатарынан жұмыс істеді. Петербург университетінде лекция тыңдады. Бас штабтың әскери-ғылыми комитетінің тапсыруы бойынша Орталық Азия мен Шығыс Түркістанның карталарын жасады. Оның редакциясымен «Балқаш көлі мен Алатау жотасы аралығының картасы», «Құлжа қаласының жобасы», «Ыстықкөл экспедициясының қорытындысына қосымша карта», т.б. дайындалды. Орыс география қоғамы мүшелеріне Шығыс Түркістан, Тянь-Шань, Жетісу тақырыбы бойынша лекция оқыды.

Уәлиханов Петербургтің ғылыми, әдеби қауымымен тез танысып, достасып кетті. Ескі досы Достоевскиймен кездесті. Орыстың Шығысты зерттеуші-ғалымдарымен, әсіресе «Орыс география қоғамы жазбаларының» редакторы профессор А.Н.Бекетовпен, Азия департаментіндегі Е.П.Ковалевский, Ф.С.Остен-Сакенмен, Петербург университетінің профессоры, Құлжада консул болған И.И.Захаровпен тығыз байланыс жасады. Захаровпен бірге Азия департаментінің жоғары мектебінде түркі тілінен сабақ берді. Алғыр ойы, әр нәрсе жайында өз пікірі, өз пайымдауы бар дарынды қазақ ғалымының пәтеріне В.Б.Григорьев, В.П.Васильев, В.В.Вельяминов-Зернов секілді шығыстанушы-ғалымдар жиі келіп тұрды [5].

Шоқан Шыңғысұлы Петербургте болған бір жыл ішінде көп тыңдады, сөйтіп, көп үйренді, көп ұқты. Федор Достоевский мен Сергей Дуровтың пікірлесі бұрынғысынан да озық ойға, биікке құлаш сілтеді. Оның алдында биік көрінген нысандай боп, игі мақсаттың ойлы азаматтары тұрды.

Наукасы меңдеген Шоқан дәрігерлердің кеңесімен 1861 жылы туған еліне қайтты. Өкінішке орай, ол Петербургтен оралған бойда ойға алған көптеген ой-арманын, мақсатын іске асыра алмады. Атағы шығып кеткен дарын ісіне торма-тосқауыл көп болды. Ел ішінде тұрып, қазақ халқының езгідегі тұрмысын көрген Ш.Уәлиханов 1862 жылы Атбасар округінің аға сұлтаны болуға ниеттенді. Алайда аға сұлтандыққа сайлана алмай, Омбыға кетіп қалды.

1864 жылы Шоқан полковник М.Г. Черняевтің әскери экспедициясына шақырылды. Верный (қазіргі Алматы) бекінісінен шыққан, Черняевтің басшылығымен жорыққа аттанған әскери жасақ, құрамында 68 офицер, 2571 солдат және 400-ден астам жергілікті қазақтардан құралған милиция тобы, 22 қарулы зеңбірегі бар отряд Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі елді мекендер мен қалаларды күшпен жуық арада Ресейге қосуды мақсат етті. Сөйтіп, Ресей мемлекеті Орта Азия мен Қазақстанды

отарлауды сол жолы толық аяқтауға тиіс болды. Бұған шетелдерден Ресейдің Сыртқы істер министрлігінің Азия елдері департаментіне астыртын жеткен суық хабар себеп болды. Онда Ұлыбритания отаршылары Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік аймағын жаулау қызметтерін жандандырып, Қоқан, Бұхара, Ташкент шаһарларына басып кіріп, онда бекем орнығып алу саясатын мақсат еткені жайлы еді. Бұл ақпарат сол кездегі Ресей басшыларын қатты қобалжытып, тезірек өздерінің ертеден келе жатқан отаршылдық жоспарын іске асыруға итермеледі. М.Г.Черняев өзінің әскери жорығына күшпен отарлап алған сол өлкелерді ғылыми негізде түбегейлі зерттеп, географиялық картасын жасау үшін ғалым-зоолог Н.А.Северцевты, этнограф Ю.Д.Южаковты, суретші М.С.Знаменскийді шақырды. Сол ғылыми-зерттеушілер тобының құрамында талантты да білгір ғалым-географ, сұлтан, поручик Шоқан Уәлиханов та болды. Патша үкіметі М.Черняевқа жорық алдында мүмкіндігінше Әулиеата, Шымкент, Ташкент қалаларының басқарушыларымен, «жергілікті қырғыздармен» өзара келісімге келіп, шу-жанжалсыз, қақтығыссыз, соғыссыз, қантөгіске бармай-ақ Ресей мемлекетіне бейбіт түрде қосылуды ұсынуды тапсырды. Ол тапсырманы орындау үшін патша үкіметі М.Черняевқа «қазақ және татар тілін жақсы меңгерген, тапқыр да білімді штабс-ротмистр Шоқан Уәлихановты пайдалануға» кеңес берді [6].

Осы әскери жорық «Түркістан сапары» деп аталып 1864 жылдың 1 мамырында Верный бекінісінен оңтүстік аймаққа аттанды. Бірақ Черняевтің бұл сапардағы қанқұйлы қаталдығы Шоқанды ғана емес, бүкіл Ресейдің алдыңғы қатарлы азаматтарының жанын түршіктірді. Ондай қанқұмардың қол астында болғысы келмеген бір топ офицерлермен бірге 1864 жылы шілдеде Ш.Уәлиханов Верныйға қайтып кетті. Черняевтің шағымы бойынша бұлардың көбі жазаға тартылды, әскери атақтары төмендетілді.

Верный қаласына оралған Шоқан одан әрі әскери қызметтен мүлдем бас тартып, денсаулығы нашарлай бастаған соң, болашақтағы қатерді сезіп, ауасы таза, жері шұрайлы, суы шипалы жер жанныаты Жетісу өңірінің сол кездегі беделді азаматы Тезек Нұралыұлы сұлтанның ауылына қоныс аударады. Осы жерде ол Тезек төренің қарындасы Айсарыға үйленеді. Бірақ ауыр өкпе ауруынан айыға алмаған Шоқанның денсаулығы бірте-бірте нашарлап, ол сол дертінің асқынуынан 1865 жылдың 4 сәуірінде Алтынемел маңындағы Тезек ауылында 30 жасында көз жұмады да, сол жерге жерленеді. Сөйтіп, Алаштың ұлы ғалымы мәңгілік тыныштықты Жетісу жерінен тапты.

Ғалымның зираты басына Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманның тапсыруымен мрамор тастан биік ескерткіш орнатылды.

XIX ғасырдың озық ескерткіштер қатарына қосылатын Шоқанның әдебиет саласындағы еңбектері

Ұлы зерттеуші халықтың рухани қазынасына ерекше мән берген, оны жинап, зерделеген. Қазақтың «Едіге батыр» дастанын, қырғыздың «Манас» жырын алғаш қағазға түсіріп, орысшаға ең көркем тұстарын аударып, жат елдерге таныстырған. Тәттіқара, Бұхар, т.б. көрнекті ақын-жыраулардың шығармаларынан орыс тіліне тәржімалағандары қаншама. Ол қазақ ауыз әдебиетінің барлық түріне ғылыми сипаттама берген. Халықтың рухани бейнесін сол халықтың өзіне түсіндіріп, өзін-өзіне танытуды мақсат еткен.

Ғалым «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» [7; 236–241] деген әйгілі еңбегінде қазақ поэзиясының жанр, түр, өлең құрылысын зерттеген. Оның пайымдауынша, қазақ даласында төмендегі жыр түрлері бар:

1. Жыр. Оның мағынасы сазды шығарма. Жырламақ етістігінің мағынасы әуендетіп айту. Барлық дала жырлары қобыздың сүйемелдеуімен әуендетіп айтылады. Әдетте жырдың арқауы өмір немесе ертедегі белгілі бір батырдың ерліктері болып табылады. Айта кететін жай, батырдың өмірі, ерлігі, бір сөзбен, баяндау қара сөзбен, проза тілімен айтылады, ал жыр жолдары тек басты кейіпкер немесе кейіпкерлер сөйлеген кезде қолданылады.

2. Жоқтау — қайтыс болған адамға арнау. Оны әдетте әйел адамдар шығарады және көбінесе жанынан шығарылады. Өлшемі жырдағы сияқты.

3. Қайым — үйлену тойларында айтылатын, сұрақ пен жауаптан құрылған жастар арасындағы өлең. Ол төрт жолдан тұрады, алғашқы екі жолы төртінші жолмен ұйқасады. Бұл өлеңдер әр түрлі жұмбақтар, эпиграммалар, шектен шығып кететін бәдік қалжыңдарды камтиды.

4. Қара өлең — қарапайым өлең, төрт шумақтан құралады, шумақтардың әрқайсысы жеке тақырыпты сөз етеді. Бұл өлеңдер негізінен ашық дауысқа арналған. Көп жағдайда шумақтардың мағынасы болмайды.

5. Өлең — бұл форманы қазір барлық жаңа ақындар табан асты тауып айту үшін де, терме-жыр үшін де қолданады.

Ш.Уәлиханов «Қырғыздар туралы жазбалар» [8; 8–105] еңбегінде қырғыз фольклорын үшке бөледі:

- біріншісі — ертегілер (жұмоқ, жумук) және халықтың шыққан тегі туралы, атақты ру басыларының өмірінен алынған тамаша оқиғалар туралы аңыздар. Ертегілерде көбінесе рухтар (жын-шайтан, дию, перілер) әлемі мен сол әлемнің шын болмысқа қатысы туралы айтылады. Ертегілерінің түрі проза болғанымен, айтқан кезде әрқашанда нақышты сөздер мен ұйқасты, күлдіргі мәтелдер көп араласып отырады. Тарихи аңыздары да фантастикалық элементтерден алшақ емес;
- халық поэзиясының екінші түрі тайпалар соғысы мен батырлардың ерлік істері туралы эпикалық хикаялардан, поэмалардан немесе батырлық қиссалардан құралады;
- халық шығармашылығының үшінші түріне әдетте қысқа мазмұнды болып келетін әнге қосылып айтатын өлеңдер мен ойын өлеңдер және тұрмыс-салт өлеңдер жатады.
- Әлемдік әдебиет пен мәдениеттен мол хабардар болған Шоқан Шыңғысұлы қырғыз елінің «Манас» жырына айрықша көңіл бөлген. Ол өзінің мынадай белгілі еңбектерінде «Манасқа» кең тоқталып, өз бағасын берген:

1. «Ыстықкөл сапарының күнделігі» еңбегінде келесідей дерек ұсынады: «26 мамыр күні менің қасымда қарақырғыз жыршысы болды. Ол Манас поэмасын біледі екен. Поэманың тілі, ауызекі тілге қарағанда, түсінуге әлдеқайда жеңіл. Поэма қаһарманы Манас — ноғайдан әйел жинаудың қайтпас қайсар батыры. Оның барлық өмірі соғыс пен сұлуларды іздеуден тұрады. Тек оның мінезі шығысқа тән емес — ол өзінің әкесін жиі балағаттайды, малын қуып әкетеді, онымен дөрекі сөйлеседі. Бұл жағы түсініксіз. Барлық көшпенді халықтар қарттықты құрметтейді, ақсақалдар ерекше сый-құрметке ие» [9; 279].

2. «Жоңғария очерктері» деген туындысында автор Манас жайлы толық мәліметтер келтірген: «Қарақырғыздардың ноғай жырларының қатарындағы бір ғана жыры бар, ол — «Манас». «Манас» бір уақытқа келтірілген және бір ғана тұлға — батыр Манастың маңына топталған барлық қырғыз мифтарының, ертегілерінің, аңыз-хикаяларының жиынтығы. Бұл жазық далалық Илиада тәрізді. Қырғыздардың өмір салты, дәстүрі, мінез-құлқы, географиясы, діни және медициналық білімі осы үлкен эпопеяда көрінісін тапқан. Біздің ойымызша, бұл поэмаға қосымшалар қосылған және өзгертулер қазіргі заманда жасалған. Шамасы, оның проза күйіндегі жумуктардан (ертегілерден) біртұтас ырға айналдыру соңғы уақытта жүзеге асырылған болуы тиіс. «Манаста» тұтас түрдегі жеке-жеке көптеген эпизодтар бар. «Саметей» атты басқа дастан «Манастың» жалғасы болып табылады, және ол — буруттық Одиссея. Қырғыздар «Манасты» тыңдап шығуға үш түн де жеткіліксіз дейді, «Саметейді» тыңдауға да дәл сондай уақыт керек дейді, бұл асыра айтқан болуы керек. Поэманың басты кейіпкері батыр Манас, Йакубтың ұлы, алдымен Шудан Таласқа дейін ноғайлардың билеушісі, ал поэманың кей жерінде әндіжандық, кейде самарқандық сарт деп аталады. Шығу тегі бойынша Манас ақсүйектер (яғни Шыңғысхан ұрпақтары) қатарына жатпайды, бірақ оның күші хандардан кем түспейді. Оның әкесі Йакуб: «Мен Шудан Таласқа аты шыққан жас Манастың әкесімін, хан емеспін, бірақ ханнан кем емеспін, мен хан Йакубпын» дейді. Манас қаһарлы да сезімтал дала жігіті қылып көрсетілген. Оның мінезі поэмада былайша суреттеледі: «Ол [Манас] Әндіжанда жартылай піскен нанды жеп және Әндіжанның жасыл алмасын кеміріп әбден семірді, 12 жасында садақтан оқ атты, 13 жасында қолына найза ұстап, жауларын жеңді, ер үстінен балаларды алып кетті, қырмызыдай қызыл қыздарды ұрлады, ер жүрек батырларды «көкелетті» (қырғыздардың ауырсынғанда айғайлап айтатыны), 14 жасында шатқалда жатқан ауылдарды тонап, биік таулар арқылы жаулардың табындарын қуып кетті, 15 жасында сан жетпес халықтың билеушісі болды. Тұлғасы биік Манастың қасы көтеріңкі, түсі салқын, қаны қара; бірақ денесі ақ, қарны шұбар, арқасы көк. Ер Манас кімге ұқсайды? Ол жүні тікірейген көкжал қасқырға ұқсайды». Ашуланғанда Манас одан да қорқынышты. Оның сақалы мен мұрты тік тұрады, көзінен от, аузынан жалын шығады, оның тал бойы алачугтей үрлене бастайды (қырғыздар көш-қонға ыңғайлы киіз үйлерді осылай атайды; ал қайсақтар джуламейки дейді, орыс сөзі «лачуга» осыдан шыққан).

Поэма жас Манастың әкесін Қараханның қызы Ханікейге құда түс деп жібергенінен басталады, қыздың «беті аппақ қардай, бетінің ұшы албыртып, қарға тамған қандай». Бұл ханшайым 15 жасқа толыпты, шашы тілерсегіне түсіпті, иісі жұпар, тісі інжу».

Манастың әкесі Йакуб ұлына қалыңдық іздеймін деп, ұзақ жол жүреді, «аты ырғайдай, биті торғайдай» болыпты. Ақыры ол керек ауылға жетіп, хан оның сөзін қабыл алмайды: «Менің қызыма хан баласы сай, ал сенің ұлыңа қарапайым би қызы жарайды», — дейді хан. Манас соғыс бастап, хан қызын күшпен алады. Бұл бөлімде Манастың әрекеті әдептен тыс шығады, ол өзінің әкесін тонап, шал Йакуб пен кемпір-шешесін тақырға отырғызып кетеді. Келесі бөлімдерде біз оны әлсіздерді жақтаған, қалмақтармен соғысқан және Жоңғарияның ішкері жерлерінде ерлік көрсеткен батыр ретінде білеміз. Қырғыздардың айтуынша, Үрімшінің жанындағы Манас қаласы мен осы атты жоғарғы Ертістегі сай осы батырдың атымен аталған.

Кукотай-ханның үшін беру туралы хикая «Манастағы» ең тамаша бөлім болып табылады. Бұл хикаяда ноғай ханы Кукотайдың баласы Бук-Мурун әкесінің үшін беруге Ыстықкөлдің маңынан көшіп, Қара Иртышқа, Алтайға және Хинганға монғол ханы Джулайдың қол астына барады. Асқа келген Манас және басқа да мұсылман көшпелілер кәпірлердің қысымына шыдамай, төбелес шығарады. Содан соғыс басталады. Манас Джулай ханды жеңіп, мерт қылады. Қытай батыры Қоңырбай да оның қолынан сол соғыста қаза табады. Кейінірек Манастың өзі монғол ханы Наз Қарының қолынан ажал құшады. Манастың ұлы Саметейдің әкесінің өлімі үшін кек қайтаруы қырғыздардың екінші эпопеясында әңгімеленеді.

«Манас» поэмасының эпизодтарының бірін, атап айтқанда, Кукотай ханның асын мен қырғыз жырауының аузынан жазып алдым. Бұл қағаз бетіне түсірілген бірінші қырғыз сөзі болуы тиіс. Мен қырғыз поэзиясының осы шығармасын аударумен айналысып жүрмін және шығыстанушыларды осы күнге дейін белгісіз болған тіл диалектісімен таныстыру мақсатында кішкентай сөздік жасамақшымын» [10].

3. «Қырғыздар туралы жазбалар» деген көлемді шығармасында ғалым Манас туралы былай деп жазады: «...Поэманың қаһарманы Манас өз әкесін аямай, оған мейірімсіз қаталдық істеп отырады. Қарт Жақып оның небір қиын тапсырмаларының бәрін де орындап, бір сұлудан соң бір сұлуды айттырып, елден ел кезіп, дүниені шарлайды да жүреді. Сол жақсылығы үшін ол баласынан не рахат көрді? Жан дегенде жалғыз ұлы Манас оны сәтсіз құдалығы үшін қатты жазалап, барша малын айдап, қарт әкесі мен қарт шешесіне қайтадан мал біткенше, ішеріне қымызын, жеріне етін де қалдырмай кетеді. Әкесіне ол ылғи да өрескел тұрпайы түрде бұйырып отырады: «Мен талай халық, талай жер көрдім, сол көргенім жетер енді. Менің ержетіп, үйленер кезім келді. Әкеме айтыңдар, ел ішін аралап, маған сұлу қыз тауып берсін», — дейді. Жақып оның бұйрығын екі айтқызбай, атын ерттеп мінеді де, елден-ел кезіп, атының мойны ырғайдай, әйгілі қанқұмар жәндігі торғайдай болғанша шарлайды да жүреді. Жақып кездескен жанның бәрінен: «Таластан Шуға дейін даңқы жайылған ер Манастың әкесі Жақып бай мен болам. Мен хан емеспін, бірақ ханнан кем емес — хан Жақып деген мен болам. Жалғыз ұлым Манасқа лайықты жар таба алмай, айналып өттім көкжиекті. Қайтпас қайсар Манастан әбден азап шектім», ел ішінде көрген жоксың ба сұлу қызды?» — деп сұрайды.

Поэманың жалпы сипаты, міне, осындай. Бұл дастанның тамашалығы тілінде және баяндалып отырған жерлерінің географиялық жағынан өте дұрыс көрсетілуінде. Тарихи жағынан алғанда бұл поэма қарақырғыздардың өткендегі әдет-ғұрыптары мен ұғымдарын дұрыс бейнелейтіндігімен және Таластан Ілеге дейін, одан әрі Қашғарға дейінгі жерлерде мекендеген түрлі халықтарды кездесіп отыратындығымен құнды. «Манаста» Талас пен Шу бойында — ноғайлылар, Өндіжанда — қарақырғыздар, Сарысуда — қайсақтар, Іле мен Ыстықкөлде — қалмақтар көшіп-қонып жүреді. Қалмақтарға шапқыншылық жорығында халықтардың баршасы да соқтығысып отырады, бірақ ноғайлылар мен қырғыздар және қайсақтар өзара тату болады. Қырғыздардың «Манастан» басқа поэмалары жоқ» [8; 83–84].

Сонымен, «Манасты» тереңнен нәр алып, ұзақ замандар бойы дамыған халықтық эпос, сахараның «Илиадасы» секілді деген ғұлама ғалым. Біз әрдайым «Манасты» өркениетті елдерге тұңғыш таныстырушы, жырдың ең құнды бөлігін алғаш орыс тіліне тәржімалаушы Ш.Уәлиханов екенін мақтан етуге тиіспіз.

Шоқанның «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» жырын кереметтей қастерлеуі

«Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» — қазақтың лиро-эпостық жыры. Шамамен XIII–IX ғасырларда пайда болған. Бұл жыр Қозы мен Баян арасындағы ғашықтық жайлы сюжетке құрылған. Халық Қозы мен Баян тарихта болған адамдар деп ұғынады. Аякөз маңындағы халыққа белгілі зират Қозы мен Баяндікі деп аталады. Жырды Сыбанбай, Бекбау, Жанак, Шөже, т.б. ақын-жыраулар әр түрлі нұсқада (жыр нұсқасы жиырмаға жуық) жырлаған. Жыр Сарыбай мен Қарабайдың ежеқабыл құда болып, Қозы мен Баянды күні бұрын атастыруынан басталады. Баянды құлай сүйген Қозы мен зорлықшыл

Қодар, қара жүрек Қарабай арасында шиеленіскен тартыс арқылы зұлымдық пен махаббат күресі, ескі салт-сананың азабы баяндалады. Барлық нұсқаларда жыр Қозы мен Баянның қайғылы қазасымен аяқталады [11].

Ш.Ш.Уәлихановтың алты томдық шығармалар жинағының 2010 жылы жарық көрген бірінші томында «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» жыры жарияланған. Бұл жырда бұрынғы нұсқаларға қарағанда елеулі өзгешеліктер бар: оқиғасы аса тартымды, қысқа да мазмұнды.

«Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» атты еңбегінде [7; 236–241]: «Көне жырлар жаңа буынға түсініксіздеу болғандықтан, жыл өткен сайын ұмытылып барады және оны жақсы білетін жыршылар да аз қалды. Оларды жинау да өте қиын. Қанша тырысқаныммен, Қозы-Көрпештің толық мәтінін, Едіге мен Орақ туралы жырдың шағын үзіндісін ғана таптым, дегенмен жақында танысқан бір ақыннан олардың барлық көне жырларын табармын деп үміттенемін» [7; 241], — деген Шоқан сарыла ізденудің нәтижесінде «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» лиро-эпосының көптеген нұсқасын қағазға түсірген.

Кейбір зерттеушілердің деректеріне сүйенсек [12], Шоқан 1851 жылы (бұл кезеңде ол 16 жаста) өз әкесі Шыңғыспен Құсмұрында осы жырдың өздері естіген алғашқы нұсқасын қағазға түсірген. Ал бұдан кейін де Шоқан белгілі жыршы Жанақтан осы жырдың екінші нұсқасын да жазып алған. Сондай-ақ 1864 жылы Шоқан генерал Черняевтың экспедициясына аттанар алдында бұл аңыздың тағы бір үшінші данасын, ақын Шөженің айтуы бойынша, жазып алуға мүмкіндік тапқан.

Ғұлама ғалым «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы жөнінде мыналарды зерттеп анықтаған: «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» туралы жыр Орта Азияның барлық татар және монғол тайпаларында бар, бірақ, әрине, оқиғаның өткен жері мен кезеңі әр түрлі айтылады. Профессор Эрдманн Қозы-Көрпешті түсініктемелерімен парсы тілінде жариялапты, бірақ мен оны оқыған жоқпын, себебі парсы тілін білмеймін. Кейін Қозы-Көрпешті Орынборда біреу башқұрт тілінен аударып және шығарма аздаған данамен жарық көрген.

Қырғыз даласында жыр ауыздан ауызға тарап айтылады. Қырғыз поэзиясы мынадай: өлең — жаңа шыққан немесе танымал әнші шығарып, домбыра, қобыз немесе ишарамен бастапқы түріне мейлінше жақындатылып айтылатын ән. Әнші туындыға өз бетінше кіріспе немесе соңын қосуға ерікті. Осы аудармадағы — бастапқы төрт шумақ Қаракесек руының Қамбар елінен шыққан Жанақ ақынға тиесілі, қалғандары — көне дәуірдің беймәлім ақынының шығармасы» [7; 240].

Бұдан біз зерттеушінің бұл поэманың аса көне үлгісін жазып алғанын көреміз. Атақты поэма былай басталады [13]:

*Жоғартынан көрінген сары ноғай
Еділ суға таласқан бұ не тоғай?
«Қозы-Көрпеш» дегенің біраз өлең,
Ептеп айтқан кісіге тым-ақ оңай.
Жігіттер, кісіге сөзді кен етелік,
Жер ортасы жекенді белгі етелік.
Жақсының аруағы қалмай ма екен,
Қозы-Көрпеш, Баянды тебіретелік.
Еділ-Жайық бойында жолдас болды,
Бірін-бірі екі бай танымайды.
Ат сұрамақ бұрынғыдан қалды дейді,
Сарыбай Қарабайға кімсің? — дейді.
Қарабай мен Сарыбай аңға келді,
Алдынан буаз марал душар болды.
Екеуі бір-бірінен өтінгенде,
Сарыбай атайын деп тұра келді.
Қарабай Сарыбайменен аңға шыққан,
Екеуінің дәуірлеп даңқы шыққан.
Екі бай қосылған соң, келе жатса,
Алдынан буаз марал тұра қашиқан.
Жақсы, жаман болмағы құдайдан-ды,*

*Бір бұлт жауайын деп шыр айналды.
Алдына буаз марал келгеннен соң,
Атқалы Қарабай мылтықпенен оңтайланды.
Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелік,
Ортасында Көктөбе белгі етелік.
Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз,
Қозы-Көрпеш, Баянды тебіретелік...*

Келтірілген жыр жолдарында соңғы төрт шумағы Арғын — Қаракесек тайпасының Қамбар руынан шыққан Жанақ ақындікі. Ал қалғандары ерте замандағы бір белгісіз ақынның аңыз-әңгімесі.

Шоқан Шыңғысұлының «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» жырын кереметтей қастерлегені соншалық, ол «Ыстықкөл сапарының күнделігінде»: «Мен Аягөзді өте жақсы көремін және сүйсінемін. Баян сұлудың алтын айдарлы Қозы-Көрпешке деген махаббаты туралы аңыздың оқиғасы осы жерде өткені де бұған аз себеп болмаса керек.

Сапарымыздың желісін ары қарай тарқатайық. № 2 бекетте біз оң жағалауға ауыстық. Бұл кезде түн болатын. 4-ші нөмірге жетпей, 10 шақырымдай жерде қырғыздар жырында айтылатын әйгілі Қозы-Көрпештің моласы тұр. Біз поэманы жақсы зерттегенбіз, сондықтан олардың моласын көргіміз келді. № 2 бекеттен шыққан уақыт бойынша Қызылқия бекетінен түнде өтуіміз керек болатын. Бірақ біз таңертең сонда тұрып, молада шай ішкіміз келді: жолда шай ішкен жақсы, әсіресе ескі қирандылар мен молаларда. Өткен туралы ойлайсың, бүгінгіңді аялайсың. Осы мақсатпен жәмшікке тек таңертең, күн көтерілген кезде, бозторғай алғашқы әнін шырқап, түн пердесі түрілгенде, түнгі бұлттар солтүстікке ауып, батыстан таңғы қызғылт күн көтерілгенде, жарық ағаштардың бұтағына түсіп, су керемет тамаша түске енген кезде, осындай поэтикалық сәтте моланың басында болуды тапсырдық.

Адам жобалайды, бірақ Құдай шешеді. Түні бойы жаңбырдың ірі тамшылары жеңіл арбаның шатырын ұрғылап тұрды. Шаршаған аттар, батпақта аяқтарын әзер басып жүріп келеді. Тек шыбықтың шартылдаған дауысы мен шаршаған аттардың пысқырынуы, делбешінің айғайы ғана жаңбырдың бірсарынды дыбысын бұзып тұрды.

Нашар түн болды, сондықтан жүру де қиындады. Жаңбыр ойлаған жоспарымызды бұзбасын деген күдік, алаңдаумен жәмшікке бірнеше рет: «Қалай, аспан ашылмады ма?» деп сауал тастадым. Суық сүйегіне дейін өткен делбеші «Жоқ!» деп күңкілдей жауап берді де, тағдырға назаланғандай «Не боп кетті, брр...» деп тізесіне жиналған суды төкті. Менің оған жаным ашыды, тезірек жүрсек, ол баяғыда жылы пешке қыздырынып отырар еді. Баян сұлудың естелігін көрмей кету де обал.

Осылайша біз бір сағат жүрдік.

— Мәртебенізге құлдық, — деді жәмшік, — міне мола!

Мен басымды шығардым. Күннің көзі түнерген бұлттардан шығып келеді, аспанды сұр бұлт басқан, бұрынғысынша жаңбыр жауып тұр, көбіктенген аттар батпақты сортаң жермен әзер жүріп келеді, өзеннің сол жағында тобылғылардың арасынан моланың үшкір басы көрінді: ол қызыл кірпіштен қаланған болып көрінді. Мұндай ауа райында шай ішіп, қазақтардың ескерткішін тамашалау туралы ойлаудың өзі артық еді.

— Шамасы, өзен де арнасынан шығайын деп тұр, жоғары мәртебелім, — деді жәмшік менің ойымды оқып қойғандай.

— Олай болса, жүре бер, қайтар жолда қарармыз, — дедім мен, сосын тонға оранып, ұйықтап алайын деп көзімді жұмдым» [9; 260–261], — деп жазған.

Шоқан Ыстықкөл сапарынан келе жатып, «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» кесенесіне соққан. Зерттеу еңбегінде кесененің жалпы келбетін, бүтін сақталған төрт мүсінді сызып қалдырған. «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» ескерткішінің жанындағы тас мүсіндерде қасиетті құты ұстаған үш әйел мен бір еркектің бейнесі суреттелген. Халық аңызында үш әйелдің бірі — Баян сұлу, екіншісі — сіңлісі Айғыз, үшіншісі — апасы; ер адам — Қозы делінеді. Қазір тас мүсіндер жоғалып кеткен.

Ғалым сол жердегі жыршылардың аузынан «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» жырының тағы бір нұсқасын жазып алған.

Жас Шоқанның он төрт тармақтан тұратын ғылыми очеркі

1852 жылы Омбы кадет корпусында оқып жүрген кезде Шоқан қазақ халқының тарихи аңыздарын жинауды ойлаған еді. Потаниннің естеліктерінде оның қазақ халқының аңыздары мен ертегілерін зерделеу арқылы Шығыстың көне тарихына жаңалық енгізуді үнемі армандап жүретіні айтылады. Шоқан қазақтың ертегілерін, өлең-жырларын жинап қана қоймай, бірінші болып зерттеді.

Ал «XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-әңгімелер» [14] деген шығармасында (тарихи очеркінде) бабасы Абылай ханға байланысты көптеген аңыздар мен жырларды топтастырған. Ол онда ханның және оның кейбір жортуылшы батырларының басынан кешкен оқиғалар туралы аңыздарды мысалға келтіреді. Бұл аңыздарда ол Абылайды да, оның батырларын да мадақтап, дәріптеуді мақсат тұтпайды. Қайта халықпен байланыстағы қайсыбір тұстарына сыншыл көзқараспен қарайды. Зерттеуші сол материалдарды 14 тарауға бөліп, Абылай туралы аңыз-жырлардың мазмұнын орысша баяндаған [15]:

1. Шығармада отыздан астам тарихи адамның аты аталады. Олардың екеуі жырау (Бұқар, Тәттіқара) — ел басына күн туған қысылтаянда халықты рухтандырушы, батырларға күш-қайрат қосушы ақылгөй кемеңгерлер. Екеуі би (Қазыбек, Ерден); қазақ ханы Абылай мен жоңғар (ойрат) ханы Галдан-Церен; өзгелері кілең ел қорғаушы асқан батырлар, бұған қоса жауынгерлер, бұқара халық.

2. Оқиға жоңғар шапқыншылығына қарсы алдын ала аттандырған 1000 адамдық барлаушылардың кешігуінен, олардың тағдырына алаңдаған Абылайдың жанындағы Бұқар жырауға тіл қатуынан басталады. Барлаушылар екі топқа бөлінген: оның бірін — Қанжығалы қарабұжыр Жантай батыр, екіншісін — Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр бастап кеткен.

Олардан ұзақ уақыт хабар болмаған соң, Абылай Бұқар жыраудан батырлардың тағдыры жайында сұрайды. Сонда жырау: «Жантай барады, барып ұлысты шабады, күлін көкке ұшырып, Жантай әкелген ақша бет қызды хан Абылай алады», — деген екен. Кейіннен Абылай: «Бұқардың айтқаны келгенде, төбем көкке жеткендей қуандым», — депті.

3. Бірде Абылайдың жасағы қытайларға қарсы ұрыста қорқып қаша бастапты. Сонда Тәттіқара жырау қазақтарды жырмен жігерлендіре келіп: «Жау қытайлардың аттары болдырды, жоқ хан Абылай қашпады, «қашты» деген дұрыс емес, ол тек қиғаш тартты», — депті. Осы сөзді естіген бәсентин Сырымбет батыр және уақ Баян батыр кескілескен ұрыс салып, жеңіске жетіпті.

4. Абылай үйсін биі Ерденді бір қателігіне бола жазалау үшін оның ауылын шабуға қол жинайды. Бұл жолы ханның қатулы болғаны соншалық, қасына жақындауға ешкімнің жүрегі дауаламайды. Сонда халықтың өтінішімен хан алдына Бұқар жырау барып, былайша толғайды: «О, Абылай, Абылай! Сенің сөздерің арсы мен гүрсі сияқты таумен таласып гүрілдейді; сенің босатқан құлдарыңның бес қақпасына да сыймайды. Алатауға барыңыз, ашуыңызды басыңыз, ашуыңызды бассаныз, боз шекпенді құлыңыз Ерден сіздің алдыңызға 80 түрлі ат-шапан айыбымен келмей ме?» — деген екен.

Сонымен, жыраулар бейнесі, олардың тапқырлығы Шоқанның бұл туындысында келісімді шешім тапқан.

5. «Аңыз бойынша, Түркістаннан шыққан Абылай бірде ең жақын туысқаны Әбілмәмбет ханның ордасына туысы Оразбен бір атқа мінгесіп келеді және біраз уақыт бойы қарауыл руынан шыққан дәулетті қырғыз жақсылық Дәулетбайдың қызметінде болып, жылқысын бағады. Дәулетбайдың әйелі жат жерліктің өздері ұсынбайынша, ешқашан да тамақ сұрамайтынын байқайды, ұсынған тамақты да ықылассыз алатынына және ешқашан кір ыдыстан ас ішпейтініне қатты танданады. Бұл қырғыздарға мүлдем тән қылық емес. Бұған қожайын да назар аударады, сонда ол Оразды тергеп, оның шыққан тегін білген соң, ең жақсы атын мінгізіп, Әбілмәмбет ханға алып барады. Бұл ат әйгілі Шалқұйрық болатын...Абылайға батыр атағын әперген осы Шалқұйрық болатын».

6. Абылай үлкен айқастарда, шешуші сәттерде жекпе-жекке өзі де шығып отырғаны белгілі. Жоңғарлармен соғыста Галдан-Цереннің ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтірген Абылай тұтқынға түседі. Онымен бірге бірнеше би, атығай руының атақты батыры Жапақ сүйікті баласының қазасына қайғырып отырған Галданның алдына әкелінеді.

«Менің ұлымды қай жерде өлтірдің?» — деген сұраққа Абылай былай жауап береді: «Сен мені айыптап отырсың, бірақ оны өлтірген халық, мен тек сол халықтың қалауын орындап Шаршының (Шарыштың) басын алдым», — депті. Галдан бұл жауапқа разы болыпты.

7. Үш ордадағы барлық батырлардың ішінен ең құрметтейтінің кім? — дегенде, Абылай: «Өзімнен бұрынғылардан Қалданның (Галдан-Цереннің) тұтқынынан 90 адам алып шыққан қаракесек Қазыбек пен өз адамдарын тұтқыннан босатып алған уақ Дербісәліге қатты таң қаламын. Біріншісі, Қалданның алдына өзі барса, екіншісі, ауылында отырып, жауын ықтырған. Менің батырларымның ішінде бәсентин Малайсары байлығы мен батырлығы жағынан, ал уақ Баян ақылы мен ержүректігі жағынан барлығынан артық», — деп жауап қайтарыпты.

8. Абылай хан тұтқынға түскенде, Галдан-Церен одан: «Қай патшаны жоғары санайсың?» — деп сұрапты. Ол сонда: «Қондакерді, орыстың ақ патшасын, Ежен ханды, содан кейін өзімді», — депті. «Мен ше, мен?» — деп кеудесін ұрыпты Галдан. «Аз халықты басқарсаң да, көп халыққа бергісізсің», — деген екен Абылай.

9. Қашқан торғауыттардың соңғы жортуылына қарсы күрес халық аңызында «Шанды жорық» деген атпен белгілі. Оған сансыз көп адам қатысқан. Хан өзінің орнында қозғалмай тұр; ол басқа батырлардың көңіліне келетініне карамастан, ержүрек Баян батырды тағатсыз күтуде. Ақырында 540 адамымен оралған ол ханның алдына келіп: «Қайда, не бұйырасың, мен орындаймын», — дейді. Хан халыққа арнап: «Міне, менің Баянды неге ұзақ күткенім», — деп түсіндіреді. 500 әскерімен 10 мың қалмаққа қарсы тұрған Жантай батырдың қаһармандығын, өлер алдында атынан түсіп баласы Тоқышқа бергенін, тірі қалған 8 адамға: «Үйге қайтыңдар, мен жауымды тосып қалайын», — деп барып құлап түскенін естігенде, Абылай: «Қайран қайыспас қара болатым-ай!», — деп көзінің жасын тия алмайды. Бұл басшы мен батырдың, батыр мен халықтың арасындағы мүдде бірлігін танытар көркем шешім [16].

Қорыта айтқанда, ғалым бұл еңбегінде тарихи жырларда, аңыздарда есімдері зор сүйіспеншілікпен айтылатын тарихи тұлғаларға, олардың қаһармандығына ғылыми дәлдікпен көркем барлау жасаған. Он төрт тармақтан тұратын ғылыми, тарихи очерктің көтеретін жүгі, берер мағлұматы қайсыбір «роман», «повесть», деп айдар тағылып жүрген қалың кітаптардан әлдеқайда салмақты. Қорғасыннан құйылғандай шып-шымыр, көлемі шапшағын осы бір алтын қазыналы туынды әзірге өз бағасын ала қойған жоқ.

Шоқан Шыңғысұлының қазақ тарихына қосқан үлесі

Ш. Уәлихановтың Шығыс, Батыс халықтарының тілдерін білуі әр түрлі қайнар көздерге сүйеніп, көне жазбаларды, жылнамаларды салыстыра зерттеуге, тарихи шындықты ашуға мүмкіндік туғызды. Ғалым өз ойын нақты дәлелдеу үшін Орта Азия халықтарының тарихын көп зерттеген Жолбарыс әулетінен шыққан Әбілғазының «Түрік шежіресін» [17] толықтыра түсу мақсатында «Қырғыз (қазақ) шежіресі» [18; 163–184] еңбегін жазған.

Ғалым: «Қазақтар қазақ даласында пайда болған тайпалар одағына қосылды деуге болады. Көшпелі далалық тайпалардың жалпы қасиеті мен мұрасы — көшпелі дала тұрмысы мен жаугершілікке бейімділіктен жаңа одақ — олардың жаңа ұрпақтары қазақ қалыптасты. Бұл ұғым «Шайбанинаме» деректеріне қарап сол кезде құрметті деген мән-мағынаға ие және Еуропадағы рыцарлыққа сәйкес келетін — көтеріңкі рухты, парасаттылықты білдіреді деуге болады.

Далалық көшпелі өзінің қалалық көрші туыстары, өзбек, ноғайлардан айырмашылығы — көшпелі, даланың еркін адамы қазақ деген атты мақтаныш тұтқан [18; 167], — деп баяндап, сол кездегі көптеген автордың еңбектеріне шолу жасады. Олардың деректерін шежірелермен салыстырды.

Шоқан Шыңғысұлы қазақтың төл шежірелерінен бастап, әлемдік және орыс шығыстанушыларының еңбектерінен қазақтың шығу тегі мен «қазақ» атауының түп-тамырын көп іздеген. Зерттеу барысында ол өз мақаласында «Алаш» ұғымын қазақтың жалпы есімі деп тапқан: «Ерте ертеде, Тұранда Абдулла есімді хан болыпты, басқа бір аңыздарда оны Абдул-Өзиз хан деседі, осы ханның алапес ауруына шалдыққан Алаша есімді ұлы болыпты. Осы жұқпалы аурумен ауырғандардың барлығын елден аластатын көнеден келе жатқан салтты орындай отырып, әкесі алапес баласын елден аластатады. Сол заманда Абдулла ханның асқан қаталдығына төзбеген ашыққан адамдар Сыр өзенінің солтүстігіндегі далаға, Қарақұм мен Борсық құмдарына кетіп, қазақылық жасай бастады. Олардан шыққан батыл да ержүрек батырлардың саны үш жүзге жетіп, тез арада қуатымен және байлығымен танымал болды. Бірнеше жылдар өтіп, күйзеліс басталады: қазақтардың қонысы көршілермен ұдайы болған соғыстарда жеңіліс табады. Даланың еркін елі аштықты сезініп, ағайын арасында бассыздық пен алауыздық оларды ыдыратып, өзара соғысқа алып келеді. Ыңғайлы уақытты пайдаланып Абдулланың өзі бейбақтықты соңына жеткізудің жолын қарастырды, оларды біржола құрып кетуден көрегендіктің күші ғана құтқарды. Осындай қиын-қыстау жағдайда екі жүздіктің ішінен Алаш (жат жұрттық) деген дана қарт шығып, соншалық көңілге қонарлық сенімді ақылды сөз айтқаны сондай, қазақтар оны өздерінің рубасы, қазысы етіп сайлайды және оның ақыл-кеңесімен Абдулла ханның елден аласталған алапес ұлы Алашты шақырып хан сайлайды. Осылайша, даланың кезбе қазақтары енді салауатты қоғам мен ұлтқа (егер көшпелілерді осы сөзбен атауға лайық болса) айналады, өздерінің жеке тәуелсіздігі құрметіне өздерінің ханы Алаш

пен рубасы әрі қазысы Алаштың есімдеріне естелік үшін Алаш немесе жүздіктің санына (үш жүз) қарай Үш Алаш атанады (Алаштардың тым шебер қосылуы). Бірақ олардың сырттай қайта құрылуына қарамастан, көршілері мен Абдулланың өзі де әлі де болса оларға кезбе қарақшылар сияқты қарады, Алаш, Алаштың ұлы, тұтастай үш жүз барлығы Абдулла еліндегі аштық пен ауруды пайдаланып, өздерінің тәуелсіздігін жазбаша мойындатқан уақыттан қазақ деген олардың атауы қалған. Осылайша, Алаш ел болды. Алаша сол елдің ханы болды» [18; 173].

Ол осы еңбегінде қазақты сұлтан, қожалардан айырып көрсеткен: «Қазақтарда Шыңғыстың ұрпақтарын сұлтандар мен хандарды — ақсүйектер, ал Мұхаммедтің ұрпақтарын қожалар деп атаған. Ақсүйектерден айыру үшін жай халық өздерін қара халық деп атаған. Сұлтандар ешқашанда Алаш қауымының адамы қатарына жатпаған. Сол замандарда болып тұрған халықтық жиындарда «Алаш» деп айқайлаған ұранға тек таза қанды қара қазақтардың барлығы көтерілген, ал сұлтандар мен олардың әрдайым қалмақтар мен қазақтардан құралған құлдары бір шеңберге жиылып, «арқар» деп ұрандаған. Дегенмен, қазақтардың: «Сұлтансыз ел болмас, уықсыз үй болмас» деген мақалы жеке халыққа, елге жеке билеуші қажет деген халықтың пікірін байқатады, бірақ көпшілікке сұлтандардың ешбір әсері болмаған. Қазақтар: қожалар — сарттар, ал сұлтандарда мал бағуға, қорқытуға тиісті... және көзделген мақсаттың орындалуы үшін қойылғанын тұспалдап түсіндіре отырып, осылай құлға ұқсатып сұлтандар біздің құлымыз, — дейді. Шынында, халықты рубасылары басқарды, хандар халықтың қалауын орындайтын болған. Қара халық наразы болған жағдайда оларды орнынан алып тастайтын» [18; 175].

Шоқан XIV ғасыр тарихшысы Рашид ад-Диннің парсы тілінде жазылған атақты шежіресін XVI ғасырда түрлі түсініктемелермен толықтырған. Халқымыздың дәстүрлі шешендік өнерін жақсы меңгерген қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайыридың «Жәми-ат-тауарихын» тарихи құнды мұра ретінде бағалап, оны жан-жақты зерттеген Шоқан Уәлиханов кітаптың негізгі тілі қазақша екенін нақты деректер келтіре отырып, бұлтартпастай дәлелдеген.

Еуразия халықтарының ішіндегі ең көне, ең батыл, ең дархан халықтардың бірі — қазақтар көптеген тарихи-этникалық даму сатыларынан өтіп, бірігудің нәтижесінде пайда болды. Іріктеліп, сұрыпталған жауынгер қазақ ру-тайпалары біртіндеп тарих сахнасына шығуға бағыт алды. Шу бойында Қазақ хандығының құрылуы қазақ атымен аталатын мәдениетті, өнерді, әдебиетті туғызуға негіз қалады. Бұл туралы Ш.Уәлиханов өз еңбегінде былай жазады: «Аласапыран замандарда, Қазан, Қырым, Астрахан хандықтары құрылар алдында, талап-тонау, бүліктер нәтижесінде жан-жаққа және әр түрлі елдерге бөлшектелген Алтын Орда мен Шағатай ұлыстарының алғашқы тайпалары өздерінің қоныстанған жерлерінде өздерінің құқықтарын қамтамасыз ету үшін одақтар құрған және Шыңғыс тұқымдарынан әйтеуір бір ханзаданы шақырып, хан көтерген. Осылайша, [шығу тегінен] тәуелсіз әр түрлі тайпалардан тұратын рулардан өз алдына бөлек саяси қауым құрылады. Сарайшықта — Ноғайлы, Моғол ұлысы — Ташкентте, Сейхун даласында — Қырғыз [Қазақ] хандығы ордаларының негіздері қаланып құрылды. Осы болжам, шындығында, қазақ руларының тамаша құрамын құрайды, олардың арасынан сіз Алтын Орда қыпшақтарын да, Шағатай ұлысының арғындарын да, ұйғырлар мен жоңғарлардың көршілестері үйсіндерді де кездестіресіз...

Қырғыз [қазақ] халқы (өздерін осылай атайды, көршілес қырғыздар да оларды солай атайды) үш жүзге бөлінеді; орыстар оларды Үлкен Орда, Орта Орда, Кіші Орда (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) және жол үлкендігіне қарай Ұлы, Орта және Кіші жүздік деп атаған.

Ұлы жүзді, немесе Орданы, төрт негізгі рулар құрайды: дулат, жалайыр, абден (албан), суан; барлығы біртұтас ортақ атаумен өздерін үйсін деп атайды; кейіннен жоңғарлар мен ұйғырларға қосылған, осы орданың жоғарыда аттары аталған рулар одағына кірген қуатты тайпа үйсіндердің атымен аталуынан шыққан; олардың қалдықтары қазір де бар, сонымен қатар бір бөлімі ретінде дулат руының құрамына енген, сары үйсіндер деп аталады.

Орта Орда қайсақтарын құрайтын рулардың негізгілері — арғын, қыпшақ, қоңырат, найман; осы жүзге кейін қосылған екінші дәрежелі рулар жетіру қазақтарда уақ пен керей деп аталады. Кіші Орданы: әлімұлы, байұлы атты екі үлкен бірлестік пен жетірудың бірі құрайды; Ұлы жүздегі үйсіндер сияқты алшын — бүкіл Кіші жүздің ортақ атауы» [18; 165–166].

Сонымен, сөз соңында айтарымыз, Ш.Уәлиханов зерттеулерінің үлкен бір саласы қазақ халқының шежіре, аңыз-әңгімелерімен сабақтасады. Шоқанның бір ерекшелігі — ол үнемі өзі жүрген, аралаған жерлердің тарихын, этнографиясын, жаратылысын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын түгел қамтып жазады да, сол еңбектерді үнемі қызықты шежіре, тартымды аңыз-әңгімелермен

толықтырып, безендіріп отырған. Мұның өзі ұлы ғалымның еңбектерінің тереңдігіне де, көркемдігіне де үлкен әсерін тигізген.

Ғалымның Ресей патшасының сот реформасын қатты сынға алуы

Шоқан Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазба», «Жоңғария очерктері» және басқа да аса құнды еңбектері оны саяси қайраткер ретінде танытты. Ғалымның ардақты есімін әлемге жайды.

Мәселен, «Жоңғария очерктері» [10; 341–371], ғылыми, әдеби, тарихи, публицистік құнды еңбек ретінде, XIX ғасырдың алпысыншы жылдарында Еуропа ғалымдарын, шетел баспасөзін, әсіресе неміс зиялыларын елең еткізген. Онда саяси-әлеуметтік мәні бар оқиғаларды ғалым жалынды публицистикаға тән сипатта шебер баяндайды; философиялық терең ой түйіп, батыл пікірлер айтады; сөйтіп, ғылыми очеркті саяси деңгейге көтерген. Ал өзінің аса көрнекті мұрасы «Сот реформасы туралы жазбада» саяси көзқарасын бұрынғыдан да тереңдете түсті.

1864 жылы Омбы қаласында, Сібір қазақтарының шекаралық басқармасында жауапты қызмет атқарған Ш.Уәлиханов қазақ заңдарының жинағын құрастыруға қатысып, Ресей патшасының әкімшілік және сот реформаларын қатты сынға алды. Ол Ресей империясы жүргізіп отырған жемдеттік пиғылдың шынайы сиқын әшкерелейтін атақты «Сот реформасы туралы жазба» деген еңбегін [19; 83–113] жазып, 1864 жылғы ақпанның 28 жұлдызында патшалық ашкөз билеушілердің алдына көлденең тартты.

Оқымысты өз еңбегінде халық өркендеудің қандай сатысында тұрса да қарапайым өсу жолында: өздігінен даму, өзін-өзі қорғай білу, өзін-өзі басқара білу қажеттілігін басшылыққа ала отырып, билер сотын бұрынғы қалпында өзгеріссіз қалдыруды талап етті. Пікірін бұлтартпайтын деректермен қорытындылады:

1. Билер сотының басты құндылығы, біздің пікірімізше, қағаз жүзділігінің және толып жатқан ресми кертартпа тәртібінің жоқ болуында. Бидің рөлі оның беделіне негізделген және бұл атақ сот тәжірибесінде берілетін патент сияқты.

2. Билер сотының артықшылығы жеке бидің өз бетімен сирек болуы тұрғысынан анықталады; өйткені сот ісінің қаралуы кезінде көпшіліктің қатысуына шек қойылмайды, ал кейде сайланылған би қосшыларының қатысуына жол беріледі; оның шешімі шағымдануға жатады.

3. Билер сотының ең тамаша қасиеті, әрине, келесі салттан көрінеді: айыпкерге қарсы ашық айғақ болмай, тек қатты күдік қана болса, онда билер ара ағайындыққа оның әділ аталастарына жүгінеді. Олар антпен сотталушыны кінәлайды не ақтап шығады. Сот ісіне қатысушылардың саны және оларды сайлаушы алқа қаралатын істің маңыздылығына қарай анықталады. Сөйтіп, сот ісіне қатысушылар сотталушының жақын руластарынан да, ал кейде тұтас болыстықтан не тұтас округтен алынады.

4. Билер соты ауызша, көпшілік алдында жүргізіледі және барлық жағдайларда қорғаушылық қызметке жол беріледі. Оның халық арасында құрметке ие болғаны соншалық, бүгінгі күнге дейін ешқандай тәртіптік шара қолдануды талап етпеді және етпейді де.

5. Орта жүз қырғыз-қайсақ ордасы қоныстарында округтік приказдар құрылғанға дейінгі далада болған билер соты, міне, осындай.

Қайсар қайраткер өзінің сот реформасы туралы тарихи жазбасында: «Ресей империясы құрамына енетін барлық бұратана тайпалардан саны жағынан, байлығы жағынан және, бәлкім, келешектегі дамуына сенімі жағынан бірінші орын бізге — қырғыздарға тиесілі. Біз біртұтас кең байтақ территорияны алып жатырмыз, ал басқа бұратаналар, керісінше, орыс тұрғындарының ішіне шашыратылған...

Біздің халқымыз бай поэтикалық құндылықтарды сақтаған өсімтал әдебиетке ие, ол осы тектес шығыс шығармаларына қарағанда, үнді-герман эпостарына көбірек жақын. Ақыры соңында, бәрінен де маңыздысы, олар жоғарғы мәдени даму нәтижелерімен ұқсастық тауып жатқанда, біздің қоғамдық даму формамыз әлі де сол табиғи қалыпта. Осы дерек тұрғысынан біздің келешекке деген барлық сеніміміз негізделеді» [19; 87], — деген көрегендік болжам жасады.

Шоқан осы туындысында барымта мәселесіне көп көңіл бөлген. Оның пайымдауынша, барымта — қылмысқа қарсы қолданылатын ұжымдық шара. Егер қылмыс жасаған жақ би үкіміне көнбесе немесе кешіктірсе, даугер жақ өз тарапынан барымта ұйымдастырады. Барымта — ең алдымен, малды айдап алу, оның талабы — белгіленген (бидің алдында кесілген) көлемнен шықпау. Осы тұрғыдан барымта қоғамдық қатынастарды реттегіш деп есептеуге болады. Зәбір шегуші жақ, ең алдымен, ақсақал, билердің алдынан өтіп, ал малды айдап келгеннен кейін қанша мал әкелгенін баяндайды. Айдап

әкелінген мал үкіммен берілген айыпқа немесе құнға сәйкес келуі керек. Барымта ашық түрде жасалады. Барымтаға қатысқан адам жорықта өлетін болса, зәбір шеккен жақ құн төлеуді талап етуге хақылы.

Барымтаның түрлері — ұрлық жасалып, ұры малды сіңіріп алса, біреудің кісісі өліп, өлтіруші жақ тез арада алты жақсысын алып алдарына жығылмаса, біреудің қорық жеріне өзгенің малы жайылып, істен шығарса. Сонымен қатар неке мен отбасы мәселелерінен өрбитін: қалың малын төлемей қыз алып қашу, біреудің заңды некесін бұзу, ортаға түскен олжадан сыбаға бермеу, қонақасы дәстүрін бұзу [19; 5].

Шоқан Шыңғысұлы: «Біз барымтаны қырғыздардың өз түсінігіндегі мәнісі бойынша түсіндіруге тырысамыз. Қырғыздарда барымтаға кейде заң жүзінде де жол беріледі. Ұрлық, тонау, айдап әкету үшін айып салынса, барымта үшін еш жаза қолданылмайды. Барымта деп өзгенің малын немесе өзгенің затын, жалпы өзгенің меншігін төленбеген қарыз-қалың немесе құн үшін басып алып кетуді айтады. Ескілікте күшті ру жағынан шыққан қырғыздың кісі өлімі үшін құн немесе өзінен әлсіздеу бір қырғызды қорлағаны үшін айып төлемеген кездері, немесе кісі өлімін жасап, немесе қандасқан өкпе тудырып алып, сотқа барғысы келмеген жағдайлары орын алған. Сол кезде рулық сейм (парламент) шешімімен, жәбір көріп қорланғандар барымтаға барып, қатты бататындай сес көрсетіп, көкірек керген зорлықшыны заңды айыбын төлеуге мәжбүр еткен. Бітімге келгеннен кейін барымталанған мал ешбір айыпсыз толығымен қайтарылған.

Барымта қасақана ашық, яғни күндіз, зорлықпен, қажеттілік туғанда құпия түрде немесе ұрлықпен жүзеге асырылған. Соңғы жағдайда барымташы 3 күннің ішінде барымтаның өз тарапынан және не үшін жасалғаны жөнінен өзінің қарсыластарын хабардар етуі тиіс. Әйтпесе басып алынған нәрселер ұрлық болып есептеледі. Ашық барымтада барымташыны даярланған қарсы тойтарыс күтіп тұрады, төбелес, кісі өлімі болады. Алайда мұның барлығы малды айдап әкету кезінде де болады, бірақ ол қылмыстық іс деп саналмайды» [19; 104–105], — деп тұжырымдайды.

Өкінішке орай, Шоқанның жалынды, қаһарлы үніне самодержавие итаршылары құлақ асқан жоқ. Оның тарихи еңбектерін жоққа шығаруға тырысты. Ғылыми басылымдарына кедергі келтірді. Қашғар сапарының нәтижелерін бұрмалады. Жала жапты.

Айналасы бір жылдың ішінде самодержавие түрлі айла-шарғымен оның сілікпесін шығарып, көзін жойды. Ұлтының келешегін ойлаған, қорлыққа ұшыраған халқына араша түскен асқақ тұлға лап етіп жанып, күйіп кетті. Бірақ ұлы ғалымның өшпес рухы ұлтымыздың қозғаушы күшіне, намыс символына айналды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Умарова Г.С., Шарабасов С.Ф. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Астана: Фолиант, 2007. — 128-б.
- 2 Рақымқызы Р. Бала Қанаштан – Шығыс жұлдызы Шоқан Уәлихановқа дейін // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Шоқан Уәлиханов (1835–1865). — 2011. — № 12 (24). — 5–9-б.
- 3 Сыздық Р. Шоқанның тілтанымдық тұлғасы // Қазақ әдебиеті. — 2010. — № 41 (3205). — 22 қаз. — 10 б.
- 4 Сәтбаева Ш.Қ. Шоқан Уәлиханов // Ұмытылмас есімдер / Құраст. Б. Ысқақов. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 147–161-б.
- 5 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. — 8-т. / Бас ред. Б. Аяған. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2006. — 648 б.
- 6 Ордабеков С. Шоқанды зерттеп болдық па? // Түркістан. — 2013. — 3 мамыр. — 11-б.
- 7 Уәлиханов Ш.Ш. Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 1-т. — 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 236–241-б.
- 8 Уәлиханов Ш.Ш. Қырғыздар туралы жазбалар // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 2-т. — 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 8–105-б.
- 9 Уәлиханов Ш.Ш. Ыстықкөл сапарының күнделігі // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 1-т. — 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 259–306-б.
- 10 Уәлиханов Ш.Ш. Жоңғария очерктері // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 3-т. — 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 341–371-б.
- 11 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 6-т. / Бас ред. М.Қ. Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1975. — 585, 586-б.
- 12 Уәлиханов Ш.Ш. Қозы-Көрпеш – Баян сұлу (Құсмұрын тізімі) // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-т. — 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 9-б.
- 13 Зұлхаров Ф. Шоқанның ізі қалған Аягөзде // Түркістан. — 2013. — 7 ақп. — 96-б.
- 14 Уәлиханов Ш.Ш. XVIII ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз-әңгімелер // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 1-т. — 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 186–191-б.
- 15 Ақбай Н. Шоқан жазып алған аңыздар // Қазақ әдебиеті. — 2011. — № 8 (3224). — 25 ақп. — 7-б.

- 16 Қанафияұлы Н. Шоқан мұрасы – дәуір шежіресі // — Егемен Қазақстан, 2014. — 12 сәуір. — 9-б.
- 17 Әбілғазы. Түрік шежіресі. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 208 б.
- 18 Уәлиханов Ш.Ш. Қырғыз (қазақ) шежіресі // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 2-т. — 2-бас. — Алматы: «Толғай групп», 2010. — 464-б.
- 19 Уәлиханов Ш.Ш. Сот реформасы туралы жазба // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — 4-т. — 2-бас. — Алматы: «Толғай групп», 2010. — 496 б.

Р.С.Каренов

Феномен гениального ученого Шокана Уалиханова — это большой вклад в общечеловеческую цивилизацию

К 180-летию со дня рождения

В статье всесторонне и системно исследованы жизнь и творческая деятельность Шокана Шынгисовича Уалиханова. Отмечены его глубокие научные знания, оказавшие помощь при формировании основ национального литературоведения. Выделена широта взглядов ученого в области познания и изучения истории своего народа, устной народной поэзии, этнографии, политики. Показано, как ему удавалось раскрыть историческую правду, изучить древние рукописи и летописи на основе сравнительного анализа, опираясь на многочисленные информационные источники. Доказывается, что при изучении научных трудов Уалиханова обнаруживаются такие черты, свойственные ему как гениальному ученому: огромный талант, бесконечное стремление к поиску нового, нестандартность и оригинальность мышления.

R.S.Karenov

The phenomenon brilliant scientist Shokan Ualikhanov is a great contribution to panhuman civilization

To the 180th anniversary of his birth

Comprehensively and systematically studied the life and creative activity Shokan Shingisovich Ualikhanov. It's marked by his deep scientific knowledge, provided assistance for the formulation of a national literary criticism. It's found mindedness scientist in the field of cognition and learning the history of his people, oral poetry, ethnography, politics. Shows how he was able to uncover the historical truth, explore the ancient manuscripts and chronicles on the basis of a comparative analysis, drawing on multiple sources of information. It's proved that in the study of scientific papers Alikhanov had found such features peculiar to him as a brilliant scientist: great talent, endless desire to find a new, non-standard and originality of thought.

References

- 1 Umarova G.S., Sharabasov S.G. *The history of Kazakh literatures*: Textbook, Astana: Foliant, 2007, p. 128.
- 2 Rakymkyzy R. *The star family. A legendary figure*: Shokan Ualikhanov (1835–1865), 2011, 12 (24), p. 5–9.
- 3 Syzdyk R. *Kazakh (adebieti) literature*, 2010, 41 (3205), 22 October, 10 p.
- 4 Satbayeva Sh.K. *Unforgettable names* // Compiled by B. Iskakov, Almaty: Kazakhstan, 1994, p. 146–147.
- 5 *Kazakhstan. National Encyclopedia*: Vol. 8 / Edit. in Chief B. Ayagan, Almaty: Home Edition Kazakh Encyclopedia, 2006, p. 648.
- 6 Ordabekov S. *Turkestan*, 2013, May, 3, p. 11.
- 7 Ualikhanov Sh.Sh. *On the forms of Kazakh folk poetry*. // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works, vol. 1, edition 2, Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 236–241.
- 8 Ualikhanov Sh.Sh. *The notes on the Kirghiz* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works, vol. 2, 2 edit., Almaty «Tolagay groups», 2010, p. 8–105.
- 9 Ualikhanov Sh.Sh. *Diary of travel Issyk Kul* // Ualikhanov Sh. Sh. Multi-volume collected works, vol. 1, 2 edit., Almaty «Tolagay groups», 2010, p. 259–306.
- 10 Ualikhanov Sh.Sh. *The essays Dzungaria* // Ualikhanov Sh. Sh. Multi-volume collected works, vol. 1, 2 edit., Almaty «Tolagay groups», 2010, 424 p. 341–371.
- 11 *Kazakh Soviet Encyclopedia*. Vol. 6 // Editor in Chief M.K. Katayev, Almaty: Home Edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia» 1975, p. 585, 586.

- 12 Ualikhanov Sh.Sh. *The Goats Korpesh–Bayan Sulu (Kusmurunsky version)* // Ualikhanov Sh.Sh. Multivolume collection socheny, vol. 1 / 2 edit., Almaty «Tolagay groups», 2010, p. 9.
- 13 Zulharov G. *Turkestan*, 2013, February, 7, p. 96.
- 14 Ualikhanov Sh.Sh. *Historical stories about Batyr XVIII century* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works, 1 vol., 2 edit., Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 186–191.
- 15 Akbay N. *Kazakh adebieti (literature)*, 2011, 8 (3224), February, 25, p. 7.
- 16 Kanafiyaully N. *Egemen Kazakhstan*, 2014, April, 12, p. 9.
- 17 Abilgazy. *Pedigree Turks*, Almaty: Ana tili, 1991, 208 p.
- 18 Ualikhanov Sh.Sh. *Kyrgyz (Kazakh) genealogy* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works, 2 vol., 2 edit., Almaty: «Tolagay groups», 2010, p. 464.
- 19 Ualikhanov Sh.Sh. *A note on Judicial Reform* // Ualikhanov Sh.Sh. Multi-volume collected works, vol. 4, 2 edit., Almaty: «Tolagay groups», 2010, 496 p.

ӘОЖ 811.512.122:378.096

Б.М.Айтбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: beibarys@mail.ru)

Эпикалық шығармалардағы бейнелеу құралдарының рөлі

Мақалада эпикалық шығармалардағы бейнелеу құралдары жан-жақты талданды. Сонымен қатар автор эпостағы батыр бейнесінің жасалуындағы сөз көркемдігінің атқаратын қызметі айрықша екендігін айқындаған. Сондай-ақ эпикалық жырлардағы ажарлаудың аса пәрменді көркемдеу, бейнелеу құралы екендігіне көңіл бөліп, осы мәселелердің негізінде ажарлаудың ассоциациялық мүмкіндіктері мен тұрақтылық сипатын, дыбыс үндестігі мен бояу үйлесімдігін анықтап, ажарлаудың семантикалық құрылымы қандай, стильдік вариациялары мен эмоционалдық-экспрессивті сапасына назар аударған.

Кілт сөздер: батырлық жырлар, зерттеу, ассонанс, теңеу, аңыз, әдебиет, поэзия, аллитерация, талдау.

Эпикалық мол мұраларымыздың жинақталуы, жариялануы, басқа да халықтар тіліне аударылып, олардың шығу тегі мен дамуы, тарихи негіздері мен көп нұсқалы болу себептері, көркемдік болмыс-бітімі туралы тереңдей зерделене басталғанына екі ғасырға жуық уақыт болыпты. Бұл — қазақ фольклортану ғылымындағы эпостың зерттелу тарихының өзіндік жеткен жетістігін көрсете аларлық меже екендігі рас.

Қазақ қауымының ру-тайпалық кезеңдерден бастап, оның халық болып құралған дәуірлерінен мол хабардар ететін, сондай-ақ ұлттық даму межесін айқындайтын елдік пен ерлік шежірелерін бір ғасырлық шеңберінде танып, білу мүмкін емес. Сан ғасырлық тарихы бар, миллиондаған адамдарға қызмет ететін батырлық жырлардың тұтас табиғатын тану бір ғана уақыттың ісі де емес. Бұл туралы ғылымда айтылатын келелі-келелі тың ізденістер мен ашылатын ғылыми мәні бар жаңалықтар әлі де айтыла бермек.

Бүгінгі таңдағы еліміздің егемендік алған нәтижесімен келген оң істеріміз, батыл бастамалар бұны дәлелдей түсетіндей. Қазақтың батырлық жырларының тарихи негіздері мен жанрлық жіктелісіне қатысты ғылымда біршама пікірлер нақтыланған. Сонымен коса эпикалық шығарманың сюжеті ондағы қаһармандар әлемі, ұнамды образдардың жасалу ерекшеліктерімен батыр бейнесімен салыстырыла берілетін ұнамсыз бейнелердің салыстырмалы әдіс-тәсілдер арқылы түсіндіріліп келе жатқандығы мәлім.

Алайда соншалықты тартымды жасалған қаһармандар образының құдірет-күші не себептен, адам жанын бірден тербеп алатын сиқырлылығы неден? деген сұрақтарға толық жауап берілді деуге негіз жоқ. Өйткені зерттеу еңбектерде негізінен жырдағы бейнелі сөздерге қатысты азды-көпті пікірлер айтылғанымен, кең көлемде тоқталып, бейнелі сөздердің образды жан-жақты ашудағы қызметіне байланысты тексерулер жасалмағандығы белгілі жайт.

Эпостың шығу тегі мен дамуын білу қандай керек болса, онда ондағы сөз өнерінің күш-қуатын тану да ауадай қажет болады. Өзге де эпикалық шығармаларымыз тәрізді, батырлық жырлар да тұтас бір дәуірлердің тарихын, соның ішінде халықтың ой-арман, қиялын білдіре алатын қымбатты қазынамыз. Оның белгілі бір кезеңдердегі елдің тұрмыс-тіршілігін сипаттайтыны, сөз өнерін орынды қолдана алатын хас шеберлердің болғанын және жырды айтушылардың аймақтық стильдерінің пайда болып, әрі қарай дәстүрге сай қалыптасқандығын зерттеу аса пайдалы іс болатындығы сөзсіз.

Қай халықтың болмасын асыл сөз өнері басқа халықтардың әдебиетінен, ең басты айырмашылығы — өзінің образдар жүйесімен, сөз бейнелеу тәсілдерімен ерекшеленді. Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері ұлттық болмыс-бітімімізді анықтайтындығы рас. Халқымыздың ғажайып ескерткіштері болып табылатын эпостағы ғаламат кейіпкерлердің сөз өнерінің құдіреті арқылы танылғандығына ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда сандаған ғасырлар мен жылдар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауызша жетіп, жанды баурап, сананы арбайтын қазақтың қасиетті сөз өнерінің ұлттық негізі — ауыз әдебиетінде қалыптасқан деудің реті бар. Сөз өнеріндегі ұлттық негіз дегеніміздің өзі — сол рухани мұраны жасаған халықтың тілі. Онсыз образды сөз, көркем сөз дегенді айта алмаймыз. Тіл — әдебиеттің құрылыс материалы, жер бетіне ауа тіршілік үшін қандай керек болса, әдебиетке тіл де сондай қажет екендігі баршаға түсінікті.

Өнерді тану мен білу туралы ғибраттарға мән берсек, көркем әдебиет деген ұғымның сыр-сипаты образды сөз, көркем сөз атты терең түсінікке тіреледі. «Сөз — адамның ой-сезімін жеткізудегі бірден бір күшті құрал». Ал, көркем ойлау жүйесі шексіз. Көркем әдебиеттің бүкіл болмысы, шынайы табиғаты түр мен мазмұнның бірлігі арқылы жасалған. Түрдің өмір сүру заңдылығы, өзгеріп дамуы, өзінің көріну тәсілдеріне байланысты. Әдебиеттегі түрдің көріну тәсілдерінің бірі бейнелеу құралдары. «Бейнелеу құралдары — әдебиетте көбінесе бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелі сөздер, мысалы, жалпы түрде құбылту деп аталатын метафора, метонимия, әсерлеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, эпитет және стильдік айшықтар, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады» [1].

Шындығына жүгінсек, бейнелеу тәсілдерінің мән-мағынасы бұдан да кең, мол екендігі белгілі. Анықтай түссек, көркем шығармадағы бүкіл тіл байлығы — түгелдей бейнелеу құралы. Бұның басты ерекшелігі халықтың айналадағы дүниені өзінше түсініп, көркемдік ой-сезімімен қабылдауында жатыр. Сондықтан бейнелеу құралдары қай ұлттың әдебиетінде болса да сөздік қорға, тіл байлығына байланысты қалыптасады.

Көркем әдебиеттің өзіне тән даму заңдылықтары, қоғамдағы алатын өзіндік орны туралы пікірлер ерте заманнан айтылып келеді. Бұл жайында ғалымдар алғашқы жазылған еңбек ретінде, ежелгі грек елінің біздің жыл санауымызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген ғұлама ойшыл Аристотельдің «Поэтика» атты кітабын атайды. Әйгілі ғұлама бабамыз Әбунасыр әл-Фараби (870–950 жж.) Аристотель ізіндегі екінші ұстаз атанып, философия, поэтика және т.б. арналған трактаттар жазғаны белгілі. Содан бері сөз өнері туралы Леонардо до Винчи, Буало, Шеллинг, Чернышевский, Белинский, қазақ халқының даңқты перзенті Ш.Уәлихановтар талай-талай зерттеулер жазды. Көшпелі қазақ халқының өлең мен әнге деген құмарлығын, ақындық таланты туралы Ш.Уәлиханов мынадай аңызды арнайы дәлел ретінде келтіріпті: «Аңыздың айтары өлең, өнер аспаннан, әуеден келіпті-мыс [2]. Өлең туралы қызғылықты ойлар мен пікірлер қазақтың ақын-жыраулары, сал-серілерінің шығармаларында да айтылған. Ұлы Абайдың «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» деуі қай уақытта да дәлелді екендігіне көз жеткіземіз.

Өлеңнің теориясы, құрылысы, техникасы жайында классикалық еңбектердің бар екендігі әдебиетшілер қауымына жақсы таныс. Аристотель, әл-Фараби, В.Г.Белинский, А.А.Потебня, А.Н.Веселовский, одан кейінгі В.Брюсов, Б.Томашевский, В.Жирмунский және тағы басқалар алдымен еске түссе, қазақ поэзиясына байланысты Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, М.О.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, З.Қабдолов, З.Ахметов, М.Базарбаев деп, бұдан әрі де жалғастыра беруге болады. Аталған ғалымдардың еңбектерінде өлеңнің теориялық мәселелері, айрықша атасақ, поэзияның тілі, құрылымы, түзілісі, бейнелеу құралдары жайлы тамтұмдай түсіндірілген. Алайда осымен іс біткен, ендігі қалғаны сол зерттеулердің нәтижесімен шектелуге тиіс дейтін ғылымда қағида жоқ. Қайта осы бағытта сандаған ізденістерімізбен қатар, өлең теориясына қатысты көркем шығарманы талдауда іркілістеріміз де бар екендігі қисынсыз емес.

Сөз өнеріндегі бейнелеу құралдарының бір парасы — ажарлау, бұған қатысты ой-пікірлердің ертеден айтылып келе жатқандығын жоғарыдағы аталған еңбектер де анықтайды. Қазақ әдебиеттану ғылымында Ахмет Байтұрсыновтан бастап енген терминдер өз алдына бірнеше сала болып

калыптасты. Солардың ішінен Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты кітабында бар, ғылыми тілімізде орын тепкен бір алуан терминдерді атасақ та болады.

Мысалы, теңеу, кейіптеу, тұспалдау, әсерлеу, шеңдестіру, арнау, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, мазмұн, тармақ, шумақ, бунақ т.б. Бұлардың аса мәнді терминдер екенін атай отырып, Байтұрсынов осы табында қолданған басқадай бір қыдыру терминдердің еленбей, ескерілмей қалғанын да айта кеткен жөн. «Олардың ішінен әлі де мәнділігін сақтаған, қолдануға қолайлыларын сұрыптап алып, ғылыми тілімізде ретін тауып орнықтыру алдағы уақытта атқарылуға тиісті міндет», — дейді академик З.Ахметов [3]. Анығына келсек, көркем әдебиеттің тіліне байланысты келелі сөз қозғап, байыпты бағыт пен бағдарды көрсеткен З.Қабдоловтың еңбегі еді. Өзінің «Әдебиет теориясының негіздері» атты еңбегінде ғалым сөз өнеріндегі тіл көркемдігін ажарлау, құбылту, айшықтау, машықтауды жекелей саралай көрсеткен. Мұндағы ажарлау негізгі сөздегі дауыс ырғағынан басталып, дыбыстық қайталаулар арқылы ерекшелетіндігіне алдымен көңіл бөлінген. «Әдеби тілге дауыс ырғағы емес-ау, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы да әжептәуір ажар бітіруге болады.

Бұл тәсіл екі түрлі аллитерация (лат. *дыбыстас*) — бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталау және ассонанс (фр. *үндес*) — бірыңғай дауысты дыбыстарды қайталау. Бұлар поэзияда да, прозада да кездесіп отырады» [4].

Сөзді ажарлаудың ендігі бір көрсеткіші болып табылатын — айқындау (эпитет), теңеу екендігі осы еңбекте айтылады. Жалпы бүкіл бейнелеу құралдарын кез келген шығармадан тауып, жүйелеп шығудың өзі қыруар жұмыс екендігі сөзсіз. Алайда бейнелеу құралдарын ішіндегі ажарлау, құбылту, айшықтау көркем шығармалардан талдап көрсеткен еңбектердің сандық көрсеткіші көңіл қуантпайтындығы тағы белгілі. Рас, жазба әдебиетіне қатысты поэтикалық тұрғыдан Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Р.Нұрғалиев, М.Атымов, Т.Әбдрахмановалардың еңбектері алдымен аталады.

Ал қазақ фольклорының поэтикасына қатысты көріністер енді ғана басталды десек те болғандай. Ауыз әдебиеті шығармаларының тіл кестесі, өлең құрылысы, құрылымы, образдар жүйесі, сюжет деңгейіндегі қарастырулар С.Қасқабасов, О.Нұрмағамбетова, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева, Б.Рақышов және тағы басқалардың зерттеулерінде жүзеге аса бастады. Аталған ғалымдар фольклорлық мұраларымыздағы сөз көркемдігіне арнайы тоқталып, оны жүйелей көрсеткен. Бұның асығыс айтылған пікір еместігін сөз арасында айта кетейік. Эпосты — әуезе, лириканы — толғау, драманы айтыс деп жүйелеп, сала-салаға жіктеп әкеткен ғалым-теоретик, эстетик-сыншы А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде көріктеу (эпитет) теңеулерге негізгі дәлел батырлық жырлардан алынған еді [5]. Осы бастама Е.Ысмайловтың «Әдебиет теориясының мәселелері», «Ақындар» және Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» атты еңбектерінде жалғасын тапқан. Батырлық жырлардан бейнелеу құралдарына қатысты мысалдар келтірілген. Одан кейінде халық ауыз әдебиетіне байланысты жарық көрген еңбектерде шолу түрінде айтылып, мектеп оқулықтарында батырлық жырлардан үзінділер келтіріледі.

Қазақ эпосына байланысты зерттеулер жасаған М.Әуезов және Л.Соболев, А.С.Орлов, В.Жирмунский, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, С.Садырбаев еңбектерінде де жырдағы дыбыстық қайталаулар, эпитет, теңеулер шолу түрінде айтылып отырған. Осындай зерделі еңбектердің негізінде XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап, «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көп томдықтар шығарылу көзделген еді. Алғашқы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томында және кейінгі басылымдарда да батырлық жырларға қатысты тарауларда жырдың сөз көркемдігі, тіл өрнегіне қатысты мәселелерде ажарлаудың үлгілері қалып қалмай көптеген мысалдар арқылы түсіндірілген. Сонымен қоса, «Қазақ ауыз әдебиетінен» арнайы жоғары оқу орындарына оқулықтар дайындаған М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, М.Тілеужановтар еңбектерінен де эпостық жырлардан ажарлауға қатысты мысалдарды табуға болады. Солай дей тұрсақ та, бұлардың бәрі ажарлауға байланысты арнайы зерттеу емес. Анығына көшсек, мұнда аңдату, аңғарту, бар екендігіне талас жоқ. Осы тұрғыдан алып қарағанда Т.Қоңыровтың ажарлаудың бір түрі теңеулер жөніндегі зерттеу еңбегіндегі мына төмендегі пікірі дәлелді айтылған:

«Қазақ теңеулерін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу былай тұрсын, оны әдебиеттану тұрғысынан тексерген арнайы бірде - бір еңбек жоқ» [6].

Шындығына келсек, бұл ажарлаудың бірі теңеуге қатысты XX ғасырдың 70-жылдарынан кейінгі айтылған пікір екендігі даусыз. Бұл арада біздің мақсатымыз теориялық тұрғыдан тұжырымдар жарыстыру емес, қайта көркем шығармаларды негізге алып талдауға байланысты қаншалықты зерттеулер жасалғанын анықтау еді. Нәтижеге жүгінсек, кейбір көлемді шығармалардың көркемдік ерекшеліктеріне қатысты жол-жөнекей әңгіме болып, біркелкі дәлелдемелер болмаса нақтылы

бейнелеу құралдарының белгілі шығармалардан тұтастай тексере қараған еңбектер өте аз екендігі көпке мәлім.

Жалпы қазақ фольклорының аса бай саласы болып табылатын эпостық жырлардың көркемдік күш-қуатын таразылау, ондағы бейнелеу құралдарының алатын орны, атқаратын қызметін зерттеудің негізі ғылымдағы үлкен жетістіктердің бірі болатындығына ешкімнің күмән туғызбайтындығы анық. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін мұндай арнайы тоқталып, монографиялық тұрғыдан зерттелмеуі эпостанушы-ғалымдарды ойландыруы тиіс. Сондықтан біздің зерттеуіміздің мақсаты — осы олқылықтың орнын толтыруға біршама үлес қосу: эпикалық жырлардағы ажарлаудың аса пәрменді көркемдеу, бейнелеу құралы екендігіне көңіл бөліп, осы мәселелердің негізінде ажарлаудың ассоциациялық мүмкіндіктері мен тұрақтылық сипатын, дыбыс үндестігі мен бояу үйлесімдігін анықтау, ажарлаудың жоғарыдағы аталған түрлерінің семантикалық құрылымы қандай, стильдік вариациялары мен эмоционалдық-экспрессивті сапасына назар аудару, сөйтіп, нәтижесінде ажарлаудың қолданыс аялары мен функционалдық негіздерінің мүмкіндіктері қандай деген сауалдарға жауап беру. Осы мақсатта ажарлауға қатысты дауыс ырғағы (интонация), дыбыс қайталаулар аллитерация мен ассонанс, эпитет (айқындау) пен теңеу ізденісімізге арқау болып, олардың эпикалық шығармадағы қызметін ерекшелеу алдыңғы орынға шығады.

Жалпы алып қарағанда, қазақ халқының өлеңдік қоры, оның өзіндік ерекшеліктері дейтін мәселелер ерте замандардан айтылып келеді. Қазақтың даңқты перзенті Ш.Уәлихановтың бұл істе елеулі еңбегі бар екендігі әркімге жақсы таныс. Сонымен қатар қазақ жеріне келіп, оның әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне үңілген көптеген еуропа ғалымдарының аса қызыға қарағаны тағы да халқымыздың поэзиясы екендігі мәлім. Ерте кездің өзінде айтылған академик В.В.Радловтың мына пікірі соның дәлелі: «Қазақтың өз өлеңдерінде бағалы санайтын ертегілердегідей әлдеқандай бір жан түршігерлік және ғажайып дүние емес, ол өзінің сезімі мен талап-тілегін, қоғамның әр мүшесі аңсайтын арман-мұратты жыр етеді. Тыңдаушыларды сүйіндіретін қисынсыз ғаламат жайлар, керемет зор нәрселер емес, табиғи жайлар, айналадағы өмірдің ақиқат шындығы» [1–9]. Сөз өнеріндегі көркем бейнелер, тіл шұрайы, көркемдік кестелер дегеннің өзі ұлттық ерекшеліктің ғажайып бір айғағы. Бұл әсіресе эпостық шығармалардан айрықша танылады. Белгілі ғалым, академик З. Ахметов былай дейді: «Тілдің, сөз кестесінің табиғилығы мен қарапайымдылығы дегеніміз — халықтың көркем дүниетанымы, көркем ой-сезімі қоғамдық өмірімен нақтылы әлеуметтік-тарихи жағдайлармен тығыз байланысты қалыптасқандығының белгісі. Міне, сондықтан да тілінің қарапайымдылығы, көркемдігі мен тартымдылығы жағынан халық поэзиясы әрқашан да тамаша үлгі болып қала бермекші.

Нағыз поэзиялық көркемдік шеберлікті танытатын халықтың өлең, жырлары болса, халықтық тілдің тұнығынан алынған нелер асыл сөздерді де сол өлең-жырлардан табамыз», — депті [7]. Осы пікірдің жалпы эпостық шығармаларға қатысты айтылғандығын да байыптау қиын іс емес. Бір анығы, өлең-жыр болсын, оның күш-қуаты, сөздік нақышы алдымен айтушы шеберлігіне байланысты екен. Батырлық жырларды жырлаушы шеберлігін анықтау, ондағы сюжеттік ерекшелік пен образ жасаудағы мүмкіншіліктен ғана емес, соны қиыннан-қиыстырудағы сөздік қолданыспен де ерекшеленетіндігін ұмытпайық. Осы қисынның түп негізі көркемдік ойлауға тіреледі. «Көркемдік ойлаудың табиғаты мен мәні — дүниені көркемдік тұрғыдан игерудегі рухани қабілет екендігімен анықталады. Образдық сезімділік тұрғыдан әлемді тану, адам болмысына үңілу, тіршілік-тұрмыс мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ырқымен жүзеге асатын суретті, бейнелі ұғымдар синтезі көркемдік ойлаудың ерекшелігі болып табылады», — дейді ғалым С.Негимов [8].

Эпостағы көркемдік ойлаудың ең көне кезеңінің басты белгісі — ертегілік элементтердің мол ұшырасатындығында. Эпикалық шығармадағы батырлардың «суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтыны», оқ өтіп, қылыш кеспейтін қасиеттері мұны анық дәлелдеп тұрғандай. Батырлардың мінген пырақтары құстан жылдам, айшылық жерді алты сағатта алатындығы қандай ғажап.

«Көркемдік ойлау жүйелері шежіре (тарих) ретінде бірнеше сатылардан тұрады, ең алғашқысы — ертегілердегі мифтік тотемдік, фетиштік, магиялық ұғымдар (бұлар қазақ фольклористикасында, тіпті зерттелген жоқ), екінші сатысы — бәдік туралы ұғымдармен, ал, үшіншісі — жан-жануарлардың бабасы (жаратушысы) болады деген ұғыммен жалғасады. Күрделене барып, бұлар «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Алпамыс» жырларындағы көркемдік ойлау жүйелерімен жалғасады» [9].

Батырлық жырлар мен ғашықтық жырлардағы негізгі өзекті мәселе — намыс. Міне, осыны биікке көтеру жолында бүкіл адамзат бойындағы күш-жігер, қайрат пен ақыл, адамгершілік асыл сезімдердің барлығы көркемдік ойлау жүйесі арқылы эпостағы негізгі қаһарманның бойына

жинақталған. Келе-келе бұл тамаша дәстүрге айналған. Жырды айтушы тыңнан толғап, бейнелеу құралдарының түрлі тәсілдері арқылы образды сомдауды барынша көркемдеген. Осы процестің едәуір ғасырларға созылғаны, жырдың көп нұсқалы болу себептерінен де көрінеді. Батырлық жырлардағы жар таңдау, жауға мінетін керемет пырақ ат таңдау, оның кездесетін жауының да осал болмауы — даралаудың дәлелі. Бұған назар аударған Ш.Ыбыраевтың төмендегі тұжырымы соны аңғартады: «Іс-әрекет әсерлі де ойнақы болу үшін жыр бұл жерде оқиғаны баяндап отырмайды, сол іс-әрекеттің сөз арқылы көзге елестетіп, көңілге ұялатарлықтай көркем суреттемесін жасайды. Осындай суреттеменің бел ортасында қаһарманның тұлғасы тұрады. Оқиға неғұрлым қалындаған сайын бас қаһарман да пайдалана түседі. Баяндалып отырған оқиға ұзарып, әрі ұлғайтылып, мыңдаған адам тағдыры түйісіп жатқанымен бәрібір ол батыр тұлғасын көлегейлей алмайды. Керісінше, оның бейнесі халықтың идеалына сәйкес онан сайын асқақтай береді», — дейді [10].

Демек, эпостағы батыр бейнесінің жасалуындағы сөз көркемдігінің атқаратын қызметі айрықша екен. Жырдағы жойқын жекпе-жек, батыр астындағы пырағының жекелей алынуы, алынбас аса биік тас қамалдар, терең қазылған орлардың жан түршігерлік суреттері батыр бейнесін ерекшелеуден туған. Осының бәрі өнер тілімен, сөз құдіретімен ғана түсіндірілетін күшке ие. Бірақ мұндағы көркемдік ойлаудың негізі ел қорғанышы болған адамды дәріптеу. Ел қамқоры, қорғаны болатын қаһармандарды жасау ертеден қалыптасқан. Қазақ эпосына елеулі еңбегі сіңген ғалым Р.Бердібаев былай деді: «Эпостың өзіне хас, қалыпты белгілері: онда белгілі бір халықтың эпикалық өткен дәурені суреттеледі, эпопея негізіне жеке бастың емес, ұлттық өмірдің аңызы алынады, мұнда бұрынғы мен қазіргінің арасында ұзақ уақыттық белестер жатады.

Эпос — өмір оқиғаларының нақтылы талдауы емес, естелігі. Ал қандай да болмасын ұлттың эпикалық естелігі қайта өзгертуге, басқаша баяндауға болмастай қасиетті ұғым ғой. Ол жеке адамдардың өңдеуіне, әрлеуіне көнбейді, өйткені эпикалық аңыз өз келбетімен қызық, оның бағасы да беріліп, қорытындысы да шығарылып қойылған» [11; 45, 46]. Осы пікірдің эпостағы көркемдік ойлау, қиялға немесе бейнелеу құралдарына да қатысы бар.

Жырдағы дыбыс ырғағының белгілі үндестігі, дыбыстар заңдылығы, түр-түсті айқындап берулері мен батырдың мінез-құлқын (психологиясын), оның астындағы пырағының өзіне сай келуі, бойына асынған бес қаруының сайма-сайлығы көркемдік тұрғыдан көріктеудің алғашқы озық үлгілерін көрсетеді. Образды сөз жасауға айрықша қызмет етеді екен. Бұларсыз тіптен айтарынды анықтау мен суреттеліп отырған құбылысты, затты нақтылау қиын. Олай болса ажарлау сөз өнеріндегі бейнелеу құралдарының пәрменді бір үлгісі.

Қысқаша айтқанда, ажарлау — көркемдік ойлау мен қиялдың келісті бір көрсеткіші.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст. З.Ахметов. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 66-б.
- 2 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: В 5 т. — Т. 2. — Алма-Ата: Наука, 1961. — С. 196.
- 3 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. — Алматы: Мектеп, 1970. — 9-б.
- 4 Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 225-б.
- 5 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. — Алматы: Мектеп, 1978. — 353–355-б.
- 6 Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. — Т. V. — СПб., 1985. — С. 3.
- 7 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. — Алматы: Мектеп, 1973. — 29-б.
- 8 Негимов С. Әдебиет терминдерінің сөздігі. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 118-б.
- 9 Тілеужанов М. Ел әдебиеті. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 150-б.
- 10 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. — Алматы: Ғылым, 1993. — 274-б.
- 11 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер. — Алматы: Ғылым, 1982. — 45, 46-б.

Б.М.Айтбаева

Роль выразительных средств в эпических произведениях

В статье всесторонне раскрыта роль выразительных средств в эпических произведениях. Автором выявлена роль эпитетов, сравнений, аллитераций и ассонансов в описании образа батыра. Определено, что одной из сторон изучения изобразительности слова в эпическом произведении является исследование функции эпитетов, сравнений, аллитераций и ассонансов. Умение воссоздать картины жизни, изображенные в произведении, подчеркивает автор, в свою очередь, способствует проникновению в эмоциональный настрой произведения, воссозданию образа персонажа. Отмечено, что для того, чтобы увидеть изменение характера героя, динамику эмоций, недостаточно воспроизвести отдельные картины, необходимо установить между ними связь.

B.M.Aiytbayeva

Role of means of expression in epic works

In this article the author comprehensively opens a role of means of expression in epic works. And also the author to consider a role of epithets, comparison, alliterations and assonans in descriptions of an image of the batyr. If attentively to concentrate on history of research of the heroic epos of Kazakhs, it is visible that most of researchers pays attention to pictorialism of the word in the epos. One of the parties of studying of pictorialism of the word in epic work is research of function of epithets, comparisons, alliterations and assonans. Ability to recreate the life pictures represented in work in turn promotes penetration into an emotional spirit of work, a reconstruction of an image of the character. To see change of character of the hero, dynamics of emotions, it isn't enough to reproduce separate pictures, it is necessary to establish connection between them, to compare the, reader's assessment of events and heroes with an author's assessment.

References

- 1 *Dictionary literary criticism* / Originator. Z.Akhmetov, Almaty: Rodna language, 1996, p. 66.
- 2 Valikhanov Ch.Ch. *Collection of compositions*: in 5 vol., t. 2, Alma-Ata: Nauka, 1961, p. 196.
- 3 Kabdolov Z. *Bases of the theory of literature*, Almaty: School, 1970, p. 9.
- 4 Baiytursynov A. *White way*, Almaty: Zhalyln, 1991, p. 225.
- 5 *Konyrov T. Kazakh comparison*, Almaty: School, 1978, p. 353, 355.
- 6 Radlov V.V. *Samples of national literature of Turkic tribes*, V, Saint Petersburg, 1985, p. 3.
- 7 Akhmetov Z. *Theory versification*, Almaty: School, 1973, p. 29.
- 8 Negimov S. *Dictionary of terms of literature*, Almaty: Rodna language, 1996, p. 118.
- 9 Tileuzhanov M. *Literatura of the people*, Almaty: Ana tili, 1992, p. 150.
- 10 Ybyrayev Sh. *Mir of the epos. Poetics of the Kazakh heroic eposes*, Almaty: Nauka, 1993, p. 274.
- 11 Berdibayev R. *Kazakh eposes*, Almaty: Nauka, 1982, p. 45, 46.

ӘОЖ 82-95:821.512.122

Ж.Қ.Смағұлов, Б.О.Рахимбаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: jandosmagulov@mail.ru)*

Дандай Ысқақұлы және сын жанрлары табиғаты

Мақала қазіргі ұлттық әдебиеттануда өзекті де, жаңашыл проблема болып табылатын мәселеге арналған. Авторлар зерттеу нысанында сирек сөз болып жүрген жанр теориясы аталатын өзекті тақырыпты жан-жақты зерделеуді мақсат тұтады. Ұлттық әдеби сын жанрларын бір жүйедегі классификацияда қарау мен зерттеудегі жаңашыл көзқарастар мен пікірлерді салыстырмалық тұрғыдан қарастыру арқылы бүгіндегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қол жеткізе алған жетістіктерін саралайды. Сын жанрларының өзіндік ерекшеліктері мен басты сипаттары ғылыми-теориялық тұрғыдағы талдаулар арқылы зерделенеді. Сол арқылы сын тарихы мен теориясын зерттеген Т.Кәкішұлы мен Д. Ысқақұлының еңбектеріне баға беріледі.

Кілт сөздер: әдебиеттану, әдеби сын, сын жанрлары, жанр теориясы, жанр түрлерін классификациялау, сыншы-зерттеуші, мақала, шығармашылық, ғылыми талдау, ой-пікір.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлын әдебиет сүйер қауым жақсы біледі. Д.Ысқақұлы — әдеби сынға ерте араласқан ғалымдардың бірі. Ғалым-сыншының қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынындағы әрбір еңбегі сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық тұрғыдағы талдауда ғылыми тереңдігі жағынан ерекшеленеді. Ғалымның ғылыми зерттеу жүргізу аясы көбіне көп әдеби сынның теориясы мен тарихын және XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің келелі мәселелерін қамтиды. Оның бұл саладағы ізденістері 1967 жылдан бері баспасөз беттерінде үзбей жарияланып келеді. Қазірде сыншы — әдебиет пен өнердің сан-алуан мәселелеріне арналған 300-ден астам мақалалардың иесі. Оның «Әдеби көркем сын», «Сын шын болсын», «Сын жанрлары», «Сын сымбаты», «Сын өнері», «Сынсонар» сияқты бірқатар еңбектерінде әдеби сынның теориялық мәселелері қазақ әдебиеттануында алғаш рет арнайы зерттеліп, жеке ғылым саласы ретінде негізі қаланды. Дандай Ысқақұлы өз зерттеулерінде әдеби сынның өркенді дамуын өзек етіп алып, оның табиғаты, әдістері, әдеби көркемдік процестегі орны, атқаратын қызметі, принциптері, түрлері мен жанрлары сияқты ғылыми-теориялық мәселелерді тұңғыш рет зерттеу нысаны етіп, жан-жақты сараптаудан өткізіп, ғылыми негіздегі тұжырымдамасын түзеді.

Белгілі әдебиетші-ғалым Дандай Ысқақұлының «Сын шын болсын» атты еңбегі — біз сөз еткелі отырған сынның теориясы дейтін қиын да, күрделі салаға арналған тұңғыш теориялық еңбек. 1920–30 жылдардағы әдебиет, сын тарихына тереңірек барып, толғана қалам тартып, тұжырымды ойлар айтып жүрген Д.Ысқақұлы бұл еңбегінде әдеби сынның табиғатын танытып, принциптерін жүйелеп, түрлерін түстеуде алғашқылардың бірі болып қалам тартып, құнды еңбек жазып отырғанын айрықша айту қажет. Яғни, әдеби сынның ғылыми негіздерін жүйелеп қарастыруда бұл кітаптың маңызы зор екені даусыз. «Әдеби сынның табиғаты» деп аталатын тарауында сынның әдеби, ғылыми, публицистикалық және әлеуметтік сипаттарын жеке-жеке талдау жасап, тұжырымды ой айтады. Сынның көркем әдебиетпен астасып жататын тұстары болғанымен, екеуінің ара-жігі ажыратылып ерекшеленетін тұстарын да автор ескерусіз қалдырмайды. Яғни, көркем шығармаға қойылатын талаптар басқа да, сынға қойылатын талаптар басқа. Екеуінің алдына қойған мақсаты да — екі түрлі. Әдебиеттің негізгі объектісі — өмір. Ал әдеби сынның негізгі мақсаты — бүгінгі күн әдебиетінде,

әдеби процесте болып жатқан сипатты жаңалықтарды, ондағы жетістіктер мен кемшіліктерді уақтылы ашып көрсету. Сыншы бұл міндеттерді орындау үшін аналитикалық талдау әдістерін қолданады [1; 9, 10]. Бұл пікір, әрине, сын мен көркем әдебиеттің байланысын жоққа шығармайды. Қайта сынды көркем әдебиеттің дамуына көмектесіп отыратын негізгі сала ретінде қарастырады. Әдеби сынды әдебиеттану ғылымына теліп қоюға автор келісе бермейді. Екеуінің қаншама ортақ, ұқсас жақтары болғанымен, өз кезегінде бірімен-бірі қатыса бермейтін тұстары да баршылық. «Сын көбіне, бүгінгі әдеби процесті зерттейді; оның ертеңгі даму қамын ойластырып, жол нұсқап отырады. Бұл ретте сынды әдебиеттің келешегіне бағыт сілтер ғылым деп шартты түрде атауға болатын секілді. Ал ғылымға келсек, ол көбіне әдебиеттің өткенін зерттейді. Осы мәселеге дәстүр мен жаңашылдық проблемасы тұрғысынан келетін болсақ, сын оны жаңа асуларға жетелейді. Ғылым әдебиетті бұрыннан келе жатқан дәстүр ізінде қарастырады».

Дандай Ысқақұлы әдеби сынның ғылыми сипатына да ерекше ден қояды. Автор сынның сипаттарын айқындай келе, әдеби сынның негізгі субъектісі, мазмұны, методология мен әдістері, құралдары, өмір сүру арнасы, жанрлары, зерттеу объектісі, бағыты, қызметі, принциптері деп құрылымын да жүйелейді. Әдеби сынның табиғатын жан-жақты талдай келе, автор «әдеби сын дегеніміз — әдебиеттану ғылымы мен қоғамдық ғылымдардың тоғысқан түйінінен пайда болып, күнделікті әдеби процесті зерттейтін, оған баға беріп, оқырманның рухани әлемі аясында қызмет атқаратын әлеуметтік сананың сан қырлы саласы», — деп толыққанды тұжырым жасайды [1; 14].

Сонау 1990 жылдар аяғында шыққан «Сынсонар» монографиясы қазақ әдеби сынының соғысқа дейінгі дәуірін түгендеп, отызыншы жылдар ойранындағы әдеби сынның «ақтаңдығын» аршыды. «Қазақ әдебиетінде, — деп жазады ғалым осы кітабында, — әдеби сынның «ішкі» жақтарына, теориясына, методологиялық мәселелеріне назар аудару соңғы уақыттарға дейін қаға берісте қалып келді. Ал, сынды қалай болса солай «дамыта» салуға келмейтін жағдайы тағы бар. Әдеби сынның да уақыттар бойғы жетілуінде табиғи қалыптасқан, өзіндік «физиономиялық құрылысы, даму заңдылықтары бар» [2]. Ғалым, алдымен, алған бағытты айқындап алып барып, өзі белгілеген «заңдылықтардың» сырын ашады. Сөйтіп, әдеби процестегі сынның орнын, сын жанрларының даму үрдісін, 1930-жылдардың аяғында солақайлығынан усойқылығы басым келіп, алаштың асыл азаматтарының басына қара түнек орнатқан қатыгез сынның сырына бойлайды. Бұл кезеңдегі жалпы сынға тән жайттар туралы ғалым былайша тұжырым жасайды: «Саяси солақайшылықтың салдарынан әдебиетте де солақай сындар өріс алды. Көптеген көрнекті қалам қайраткерлерінің шығармашылықтарына саяси кінәлар тағылып, қуғынға ұшырады, аяғы жаппай саяси жазалауларға жалғасты». Осы кезеңге қатысты ғалымның көз майын тауыса қилы қаріптердегі (араб, латын, кириллица) ескі басылымдардан іздеп тауып, ғылыми айналымға қосқан сыни ой-пікірлер бұрын сол материалдар авторларының атын атауға қорыққан тұста назардан тыс қалған дүниелер болатын.

Ғалымның жаңа ғасырмен жарыса жарыққа шыққан «Сын сымбаты» еңбегінде қазақ әдеби сынының өткен ғасырдың екінші жартысындағы жай-күйі сараланып, сын жанрының өркендеуіне «Жұлдыз», «Жалын» сияқты әдебиеттің төл басылымдарының көркем сынды дамытудағы қызметіне назар аударылған. Бұл да әдеби жыл қорытындыларында ғана арақідік сөз болғаны болмаса, тың жатқан «тыныш» дүние болатын. Сондай-ақ мұнда қазақ әдеби сыны мен зерттеушілік пайымның өркендеуіне елеулі үлес қосқан кешегі Н.Төреқұлов, М.Әуезов, С.Мұқановтардан бастап, әдебиеттану ғылымына солардың ізін баса келіп, тау төңкерердей күш-жігермен еңбек еткен Х.Сүйіншәлиев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, З.Қабдоловтардың сыни еңбектері мен әдеби зерттеулері кеңінен талданып, таразыланды.

Зерттеуші Д.Ысқақұлының «Сын өнері» атты еңбегі әдеби сынның теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыдан қарастырады. Басты мұраты мен негізгі принциптері, әдеби дамудағы орын-үлесі, көркемдік-эстетикалық құндылықтары, өзіндік сыр-сипаттары кеңінен сөз етіледі. Зерттеу еңбекте қазақ әдебиетіндегі сынның әлеуметтік-публицистикалық, әдеби-ғылыми, лингвистикалық-эстетикалық, шығармашылық һәм сатиралық сипаттары жеке-жеке қарастырылып, ондағы халықтық мұраттарға, тарих тағылымы мен өмір шындығына зор маңыз беріледі. Сол арқылы сынның идеялық-көркемдік дәрежесіне, әдеби процестегі орын-үлесіне, теориясы мен методологиялық мәселелеріне кең орын беріледі. Сын мен сыншы мұраты, осыған байланысты арғы-бергі кезеңдердегі алуан ізденіс пен қилы көзқарастар да белгілі бір жүйеге түсіп, бүгінгі уақыттың талап-тілектері негізгі назарда болады. Нәтижесінде әдеби сынның табиғаты мен жанрлық жүйесі, әдістері мен түрлері, басты мұрат, ерекшеліктері кеңінен сөз етіледі.

Ғалым әдеби сынның даму жолдары жөнінде «Әдеби сынның тарихына көз жібергенде, оның пайда болу, даму жолдарының әдебиеттің өсіп-өркендеу бағытымен сәйкес келіп отырғандығы байқалады. Әріге бармай-ақ, XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде А.Пушкин, Н.Гоголь, Л.Толстой сияқты алыптардың кезінде әдеби сын да шарықтап, шырқау биігіне көтерілді. XX ғасырдағы әдебиеттің сыны күні бүгінгі биігіне шықты. Қазақ әдебиетінде үстіміздегі ғасырдың алғашқы кезеңінде Абайдың, Ахметтің, Мағжанның, Шәкәрімнің, Жүсіпбектің, тағы басқалардың шығармаларының жарық көруі әдеби-сыншылық ой-пікірлердің жаңаша қарқынмен дамуына түрткі болды. Әсіресе Абайдың, Мағжанның шығармашылығы жайлы таластар шын мәніндегі кәсіби сынның қалыптасып, өріс алуына ұйытқы жасады. Мысалы, кезінде М.Жұмабаевтың шығармашылық сипаты, бағыты төңірегінде түрлі даулар дуылдап тұрған кезде жазылған Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы қазақ әдеби сынының биік үлгісіне айналды. Әдебиетте түрлі ағымдар, бағыттар пайда болып, тарау-тарау жолдармен дамыған тұстарда оған шырылдап жүріп тура жолды көрсеткен де — осы әдеби сын», — деп жазады. Ал, әдеби сынның ғылыми қырлары хақында: «...Әдебиеттің сыны мен ғылымының ұқсастық жақтары олардың зерттеу объектілерінің бірлігінен, адресінен — оқырманға бағышталғандығынан, методологиялық негізі мен зерттеу әдістерінің ортақтығынан, ойлау ерекшелігі, жазу мәнері жағынан да көрінеді екен. Әдеби сынның ғылымилық сипаты әдебиеттану ғылымымен байланыстылығында ғана емес, бүкіл қоғамдық ғылымдармен қатыстылығынан да көрінеді. Әдеби шығарма қоғамдық өмірдің көркемдік көрінісі болса, сол өмір шындығының қалайша көркемдік сипатқа ие болғандығын анықтауға тек әдебиеттану ғылымының шамасы келе бермеуі мүмкін. Әлеуметтік өмірдің сан-саласын түрлі қырларынан зерттейтін тіл білімі, тарих, этнография, философия, заң, экономика, психология, педагогика, этика, эстетика сияқты ғылым тарауларымен де әдеби сын тікелей байланысты болады», — деп түйін түйеді.

Сондай-ақ сын мұраты туралы: «...әдеби сын дегеніміз — көркем әдебиет, оның ғылымы мен журналистиканың тоғысқан түйінінде пайда болып, күнделікті әдеби процесті зерттейтін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап баға беретін, оқырманның дұрыс түсінуіне көмектесетін, рухани әлем аясында қызмет атқаратын әдеби, ғылыми, публицистикалық, әлеуметтік сипатты шығармашылық түрі; қоғамдық сананың бір саласы; көркем әдебиет жайлы дәуір үні. Әдеби сынның басты мақсаты — әдеби процесте болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде бағалап оқырмандарға түсіндіріп отыру», — деп байыпты байлам жасайды.

Сөз өнері ғылымында жанр мәселесі — аса күрделі проблемалардың бірі. Дандай Ысқақұлының қазақ әдеби сынындағы жанрлар жүйесін қазақ баспасөзінің тәжірибелеріне сүйене отырып, типологиялық тұрғыдан қарастырып, зерделеуі осы жолда атқарған елеулі еңбегі деуге болады. Сыншы осы тақырыпта әңгіме қозғамас бұрын жалпы жанр мәселесінің жай-күйіне тоқтала кеткен. «Әлемдік әдебиеттану ғылымының тарихында жанр туралы түрлі кездерде айтылған пікірлерді Аристотельден бастап кездестіреміз. Бұларда жанр сипатын әр түрлі қырынан әңгімелеп, табиғатын аша түсушілік бар. Солай бола тұрса да «жанр дегеніміз не?», «оны жіктеудің шарттары» деген сияқты негізгі сауалдарға жауап іздегенде басы ашылмаған қиындықтар туындайды».

Ғалым өз ойын былай жалғастырады: «Белгілі әдебиет теоретиктерінің өздері де жанр проблемасының аса күрделілігіне назар аударып отырған. Б.Томашевский жанрларға жіктеудің өте қиындығын, оны әдеби дамудың белгілі бір тарихи кезеңіне ғана қатысты қарастыру керек екендігін ескертеді [3]. Ю.Тынянов жанрдың барлық белгілерін жан-жақты қамтитын анықтама беру мүмкін емес дегенді айтады [4]. Академик Д.С.Лихачев әдеби дамумен бірге жанрлардың да өзгеріп отыратындығын, сол себепті де алдымен жанрды емес, жанрды тудыратын принциптерді зерттеуді ұсынады» [5]. «Жанрдың әдебиеттегі жағдайы осылай болғанда, оның сынындағы күй бұдан да күрделілеу. Ол күрделірек әдеби сынның көркемдік, ғылыми, публицистикалық сипаттарынан, қоғамдық-рухани өмірде атқаратын қызметтерінен тікелей туындайды. Әдеби сын жанрларын анықтау оның осындай сан сипатты табиғатына тікелей байланысты».

Сыншы Дандай Ысқақұлы сын жанрларының теориялық тұрғыдан арнайы зерттеу объектісі болмай келе жатқанын атай отырып, оны жіктеуде қалам тартқан зерттеушілер жайлы сөз етеді. Сын жанрларын зерттеп, алғаш жүйелегендердің бірі Л.П.Гроссман оның он жеті типін көрсетеді [6]. Автордың сын жанрларын жіктеуде қандай өлшемдерді басшылыққа алғандығы мәлімсіз. Мұның ішінде сынның негізгі жанрларымен бірге, олай деп санауға келмейтін, оның ішкі мүмкіндіктерінің көрінісі ретінде қабылдауға болатындары бар [6].

Зерттеушілер әдеби сын жанрларын анықтауда түрлі ұсыныстар білдіруде. Б.Егоров жанрға бөлу тәсілінің үш түрлі типін айтады. Олар:

1. Сынау әдісі бойынша (мысалы, публицистикалық сын, академиялық пікір т.б.).
2. Әдеби тек бойынша (пародия, памфлет т.б.).
3. Қамту объектісіне қарай (рецензия, творчестволық портрет т.б.) [7].

Жалпы сын жанрларының ара жігін дәл ажырату мүмкін емес, өйткені ол — тарихи категория, сын дамуының әр түрлі кезеңдерінде оны анықтауда түрлі белгілеріне қарап отыру керек. Әдеби сын қалыптасуының алғашқы дәуірінде көрініс табатын хабар, аннотация, рецензия сияқты жанрлар көбіне қамту объектісінің ауқымына қарай анықталған.

Ал қазақ әдеби сынының жанрлық сипаттары XIX ғ. I жартысында шыға бастаған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде айқын көрініс тапты. Онда әр мезгілде жарияланған мақалаларда жанрлық белгілер саралана түсті дей келе, осы жайлы өз ойын сыншы былай толғайды: «Қазақ топырағында көркем әдебиет жайлы ой-пікірлердің өмір сүретін көрініс табатын орта — баспасөздің дамуымен бірге сын жанрлары да қалыптасып, жетіле түсті. Қазір қазақ әдеби сынының барлық жанрлары дерлік қалыптасқан, жанрлық мол мүмкіндіктерді толық пайдалануға жағдайлары бар деуге болады.

Әдеби сынның жанрлық жүйесін айқындау оның сан сипатты табиғатынан туындайды. Сол себепті де оған бір ғана әдеби, не публицистикалық принциппен, өлшеммен келуге болмайды. Сынның жанрларын анықтағанда, оның көркемдік сипаты әдеби принципті қажет етсе, публицистикалық табиғаты, публицистикалық ғылымилығы ғылыми өлшемдерді қолдануға міндеттейді. Осы тұрғыдан сын жанрларын алдымен әдеби, публицистикалық, философиялық деп жіктеуге болады. Сынның көркем жанрлары әдебиеттің тегі, түрі, жағынан эссе, пародия, эпиграмма, памфлет т.б. болып бөлінеді. Сын жанрын іштей шартты түрде қарасөзбен (рецензия, шолу, эссе, шығармашылық портрет т.б.) және өлең сөзбен (эпиграмма, пародия) жазылған деп бөлуге болады. Публицистикалық жанрға әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шолу, творчестволық портрет, әдеби фельетон, әдеби очерк, әдеби есеп т.б. жатады. Бұларды тағы да хабар (әдеби хабар, аннотация), талдау (рецензия, мақала, шолу, шығармашылық портрет), әдеби-публицистикалық (әдеби фельетон, әдеби памфлет, әдеби очерк т.б.) жанрлары деп жіктеуге болады. Бүгінгі әдебиет жайлы жазылған көлемді ғылыми еңбекті «монография» деп атайды. Сын жанрларын шартты түрде осылай жіктеген Д.Ысқақұлы енді осылардың басқа жанрларды айқындайтын жалпы белгілері жайлы сөз қозғайды: «Әдеби сынның жанрларын ажыратуда оның қандай стильмен жазылғандығы, қандай көркемдік құралдарды, әдістерді пайдаланғандығы көмектеседі».

Сын жанрларын айқындаудың басты белгілерінің бірі – оның зерттеу объектісі. Әдеби сын қарастыратын негізгі объектілер – шығарма, жазушы, әдеби процесс. Осы үш түрлі объектіге орай, соларға сәйкес келетін рецензия, шығармашылық портрет, мақала жанрлары қалыптасқан. Сынның басқа жанрлары осы үшеуінің төңірегінде топталып, түрліше жағдайдағы көріністері іспеттес. Зерттеу объектісі аннотацияда, рецензияда, пародияда – біреу, ол жекелеген шығарма, кітап. Творчестволық портрет, эпиграмма, әдеби фельетон, эссе сияқты сын жанрларының негізгі объектісі — жекелеген қаламгер. Ал, мақала, шолу, әдеби памфлет, әдеби есеп, т.б. негізінен әдеби өмірдің өзекті мәселелеріне арналады. Демек, сын мақалаларының қамту аумағы да – олардың жанрлық ерекшеліктерін анықтай түсуге көмектесетін өлшемдердің бірі.

Сөйтіп сыншы ұлттық сынымыздың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ әдеби сынының мынадай негізгі жанрларын атап көрсетеді: әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шығармашылық портрет, шолу, эссе, әдеби фельетон, әдеби пародия, әдеби эпиграмма, монография. Бұлардан басқа библиографиялық көрсеткіш, әдеби есеп, әдеби очерк, әдеби шарж, т.б. жанрлар бар екенін ескертіп кетеді.

Профессор Д.Ысқақұлы сын жанрларын жіктеп қана қойған жоқ, оларға сипаттама беріп, ой зердесінен өткізе білді. Енді кезекті осы сын жанрларының ең негізгілері жайлы қысқаша сипаттамаларға берейік. Өз әңгімесін сын жанрлары ішіндегі ең маңыздысы әдеби хабар жайлы бастаған сыншы «әдеби хабар — сын жанрларының ішіндегі» жасы жағынан ең үлкені, көлемі шағын, икемділігі жағынан шапшаң, ең елгезек «тіл алғышы» деп атап көрсетіп, өз сипаттамасын былайша жалғастырады: «Баспасөз бетіндегі әдеби пікірлер ең алдымен, хабар түрінде көрінді десе болғандай. Мәдени өмірдегі елеулі деп табылған әдеби фактілер оқырманға, ең алдымен, хабар түрінде баспасөз арқылы жетеді. Қандай оқиғаны хабардың объектісі етіп алудың өзінде де

сыншылық-бағдарлаушылық сипат бар. Көбіне оқырманға пайдасы бар, ұнамды оқиғалар хабардың объектісіне айналады».

Сыншы алғашқы қазақ баспасөзінде көрінген әдеби сынның мұндай түрі профессор Т.Кәкішев «Жарнама сынның «өзіндік ерекшеліктерін сипаттап берген мына пікірін келтірді: «Сын жанрының ішкі түрлері дамып-жетілмеген кезеңде талдаудан гөрі, көңіл білдіру, тілек айту басым болатыны аян», «Жарнама сын пәлендей көркем шығарманың дүниеге келгенін хабарлау міндетін атқарады» [8].

Сын жанрының келесі бір маңызды да негізгі түрі – аннотация жайлы Д.Ысқаков былай деген: «Аннотация – сын жанрының ішіндегі ең шағын көлемдісі, шын мәніндегі әдеби сынның бастау алар бұлағы. Алғаш көрінген түрі десе де болғандай. Аннотация объектісі – бір ғана шығарма, кітап. Мақсаты – кітаптың не туралы екендігімен таныстыру. Әдеби сынның басқа жанрлары сияқты алдына көп міндеттер қоймайды, жоғарыда айтылған бір мақсатты шағын көлемде орындау аннотацияның негізгі жанрлық ерекшелігін айқындайтын өлшем болып табылады».

«Рецензия – сын жанрларының ішіндегі ең көп қолданылатын, өрісі кең жанр», — деп бастайды сыншы. Әрі қарайғы оның ойы былай жалғасады: «Рецензия – латын сөзі, қазақша тексеру, бағалау, пікір білдіру дегенді білдіреді. Рецензия дегеніміз — әдеби шығарманы сыни тұрғыдан талдап қарастырып бағалайтын, пікір білдіретін әдеби сынның жанры».

Сыншы ойынша, рецензияның ең маңызды міндеті — сапасыздыққа қарсы күрес. «Әдетте, — дейді ол, — рецензияның көпшілігі сәтті делінген туындыларға арналады да, сапасыздыққа қарсы күрес жағы әлсіздеу соғып отырған. Әсіресе бүгінгі күн сынында әдебиеттегі кемшілік атаулыға қарсы күрес жағы сын көтермейді. Солай бола тұрса да, әдеби сынымыздың әдеби сауатсыздыққа қарсы қажырлы қайрат көрсете білген үлгілерін көптеп көреміз».

Келесі сөзді Д.Ысқақұлының сын жанрлары ішіндегі ең ауқымды түрі — мақала жайлы пікірлеріне берейік: «Мақала терминінің әдетте екі түрлі ұғымы бар. Біріншісі, көбіне баспасөз бетінде жарияланған материалдардың жалпы аты ретінде қолданып жүр. «Газетке мақала шығыпты» дегенде, ол рецензия да, хабар да, шолу да, фельетон да болуы мүмкін. Екінші — нақтылы баспасөз жанрының атауы. Газеттің хабар, аннотация, репортаж, очерк, рецензия сияқты жанрлары бар десек, мақала да сол секілді осы қатардан белді орын алады. «Мақала – баспасөз жанрларының ішіндегі ең көп қолданылатын және кеңінен талдайтын мүмкіндігі молырағы. Біз мақаланы осы жанрлық тұрғыдан қарастырамыз».

Әдеби ой-пікірлерді кеңінен насихаттау үшін әдеби сын баспасөздің мақала жанрын барынша пайдаланды. Кей зерттеушілер мақаланың әдеби сында ең көп қолданылатындығын талдаушылық, пікір білдірушілік мүмкіндіктерінің молдығын, көлемі, формасы жағынан ыңғайлығын ескере отырып, оны сын жанрларының ішіндегі ең бастысы, негізгісі деп біледі». Ғалым сондай-ақ мақала жанрының мақсатын, зерттеу объектісін, құрылымдық жағы мен басқа жанрлардан ерекшелігін де саралап берген екен: «Мақаланың мақсаты — әдеби өмірде болып жатқан маңызды құбылыстарды, оқиғаларды талдап – бағалау, оның заңдылықтарын ашу, оқырмандарға түсіндіріп отыру. Сондықтан да мақалада әдеби сынның ғылыми-публицистикалық сипаты айқын көрінеді. Мақала әдетте белгілі бір идеяның «әлеуметтік ой-пікірдің негізінде жазылып», сол мәселені талдауға, түсіндіруге, осыған қатысты өз пікірлерін білдіруге құрылады. Көбіне қазіргі әдебиеттің бір немесе бірнеше зәру мәселесі көтерілген мақаланың проблемалық сипаты анық. Демек, мақаланың зерттеу объектісі — әдеби процестің жекелеген зәру мәселелері. Мысалы, рецензия бір кітап туралы жазылып, соған жан-жақты сипаттама беріп, бағалауға ұмтылса, мақаланы бұл кітап тұтас көркем туынды ретінде қызықтырмайды, онда көркем бейнеленген әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық проблемалардың бірі төңірегінде әңгіме қозғалады, немесе шығарманың идеялық-көркемдік жағының бір ғана қыры сөз болады. Мақала авторы көтеріліп отырған мәселеге қатысты өз ойларын дәлелдеуге дәйектерді бір кітаптан немесе бірнеше кітаптардан, тіпті бүкіл әдебиеттерден алуы мүмкін. Сондықтан да мақала — әдеби өмірдің өзекті өңірлеріне батыл барып, толымды пайымдаулар жасауына шамасы да, мүмкіндіктері де мол жанр. Профессор Д.Ысқақұлы сын жанрының ең бір маңызды түрі әдеби шолуға кеңінен тоқталып, саралап берген. Біз сол пайымдауларға қысқаша ғана тоқталмақпыз. «Аннотация, рецензия, шығармашылық портрет, мақала сияқты сын жанрлары негізінен әдеби өмірдің бір ғана құбылысын, не мәселесін қарастырып, сол төңіректе ғана сөз қозғайды. Олар әдеби процестен үзік-үзік мағлұматтар ғана береді, мүмкіндіктері шектеулі. Ал көркемдік дамудың тұтас көрінісін жасап, ондағы басты тенденцияларды анықтау шолудың еншісінде. Атынан-ақ көрініп тұрғандай, көркем әдебиетте жүріп жатқан өмірдің біртұтас көрінісін жасау әдеби шолудың басты мақсаты болып табылады. Әдеби шолудың негізгі зерттеу объектісі — әдеби өмір де, мақсаты соны

шолып, пікір білдіру. Әдеби шолудың сынның басқа жанрларынан басты ерекшелігі – шолынып отырған әдеби объектінің шынайы көрінісін жасау. Шолудың негізгі жанрлық белгісі қарастырылып отырған объектінің, яғни әдеби өмірдің, біртұтас панорамасын жасау, сол туралы пікір білдіру болса, осы мақсатқа жету үшін ол сынның басқа жанрларының мүмкіндіктерін еркін пайдаланады. Шолудың ішінде библиографияның, хабардың, аннотацияның, рецензияның, мақаланың, шығармашылық портреттің т.б. элементтері жүре береді. Сыншы айтар ойының бағытына қарай баяндау, толғаныс, суреттеу, талдау, жинақтау секілді тәсілдерді кеңінен қолданады» — деп, сыншы жалпы әдеби шолуға түсінік береді де, олардың құрылымына былай тоқталады: «Әдеби шолудың ішкі анатомиялық құрылымы негізгі үш түрлі құрамдас бөліктерден тұрады. Оның біріншісі — әдеби фактілер, яғни фактілердің жиынтығы. Олар бір-бірімен органикалық байланысты, көркемдік дамуды бейнелей алатын айтылар басты мәселеге тікелей қатысты болуы керек. Екіншіден, шолуда міндетті түрде әдебиеттің фактілеріне негізделген ой айтылу қажет. Үшіншіден, сыншы өз ойын тиімді жеткізудің түрлі жолдарын таңдайды. Бұл ретте әдеби фактілерге берілген түсініктемелер негізгі роль атқарады».

Зерттеуші Д.Ысқақұлы сын жанрының тағы бір түрі — эссе жайлы былай дейді: «Эссе латынның — таразылау, ағылшынның, француздың очерк, мақала деген ұғымын білдіреді. Эссе жанрының негізін салған француздың үлкен гуманист, философ жазушысы М.Монтень. Кейіннен бұл жанрда көптеген жазушылар, философтар, қоғам қайраткерлері қалам тартып, әдебиеттің ерекше эссеистика саласы қалыптасты.

Эссенің өміршеңдік танытуы оның көркем әдебиет пен ғылымның жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп, оқырман ойын қозғай білуіне байланысты болса керек. Жүрекке жылы тиетін лиризм — эссенің сипатты қасиеттерінің бірі. Қайсы бір эсселерді автордың әдебиет, өмір туралы философиялық толғаныстары дерлік. Эссенің жанрлық ерекшелігі — оның композициялық құрылымының еркіндік танытуы. Мұнда басқа жанрлар секілді қалыпты стандарт байқалмайды. Автор өз ойларын жүйелі, жүйесіз баяндайды. Пікір білдіру бір кітап, жазушы, тақырып, әдеби өмір жайлы нақтылы болуы да, не жалпы әдебиеттің кейбір мәселелері хақындағы үзік-үзік ойлардан тұруы да мүмкін. Кейде естелік түрінде жазылып, жазушының шығармашылығы жайлы пікірлер оның іс-әрекетін көрсету, айтқан сөздерін келтіру арқылы да білдіреді. Кей эсселер әңгіме-естелік түрінде жазылса, енді біреулері қара сөзді лирика, яғни әдебиет жайлы толғаныс болып келеді. Соңғы жылдарда эссенің әдеби трактат, әдеби тезис, әдеби күнделік түрлері де бой көрсетіп жүр. Эссе көркемдік жанр болса да, оның сыншылық сипаты айқын. Әдетте әдебиеттің тарихында өзіндік орны бар үлкен қайраткерлер жайында естелік, не толғаныс түрінде жазылып, оған деген автордың субъективті пікірлері айтылады. Эсседе ғылыми талдаулардан гөрі автордың өзіндік әсерлері, шығармашылық тәжірибелеріне негізделген ойлары басым, шағын көлемді еркін құрылымды келіп, көркем әдеби стильде жазылады. Сонымен, сын жанрларының ішіндегі эссе жанры — әдебиет жайлы не бір құнарлы ойлардың бір бұлағы, әдебиетіміз, қаламгерлеріміз хақында жүректі жарып шыққан ақжолтай пікірлерді оқырмандарға жан жылуымен, әсем әсерімен, бейнелі бояуымен сол күйінде жеткізудің бірден бір арнасы. Көркем әдебиет пен оның сынының арасында жүріп, екеуіне бірдей қызмет ететін өміршең жанр. Қазақ сыншылдық тұрғыдағы эссеистикасы әлі жас. Қазақ әдебиеті мен сынында эссенің эссеистика аталатын үлкен өркенді алаңға айналатындығына сеніміміз мол. Сонымен, әдеби сының жанрлық түзілісі әдеби фактінің сипатына, соған байланысты сын міндеттеріне де тікелей байланысты екендігі көрінеді. Міне, осындай әдеби сынның басты белгілерін ескере отырып, Д.Ысқақұлы сын жанрларын бірнеше топқа бөлді. Оның классификациясын жасады.

Әдебиет — ардың ісі. Демек, көркем әдебиетке жүктелер жүк айрықша. Әдебиет — әрбір ұлттың болмысын, ар намысын, рухани, мәдени дәрежесін байқатар айнасы. Әдебиеттің осындай биікте көрінуіне бірден бір жағдай жасап, жол нұсқайтын, арын арлап, жоғын жоқтап, қоғамдық сананың сын сарабынан өткізіп, таразылап отыратын — оның сыны. Нақтылай айтсақ, ұлттық әдебиет, оның ғылымы, оқырман қауым әдеби сынға дәуір талабы тұрғысынан белгілі бір дәрежеде өз аттарынан сөйлеуге өкілеттіктерін берген. Сондықтан да әдеби сынға қоғамдық өмірдің рухани әлемінде аса маңызды міндеттер жүктелген.

Сынның дәрежесі белгілі бір шамада көркем әдебиеттің де жай күйін аңғартады. Әдеби сын көркем әдебиетпен бірге пайда болып, дамиды. Сынның тағдыры — қиын да күрделі. Ойымызды түйіндей келе, қазақ әдеби сынының теориялық мәселелерін зерттеп, сын жанрларын жүйелеп, арнайы оқу құралын жасап, жоғары оқу орындарына «Сын теориясы» деген арнайы курстың енуіне себепші болған ғалым — Дандай Ысқақұлы. Ғалым-сыншы Д.Ысқақұлы әдеби сынның табиғатын

анықтап, әдеби сынның негізгі құрамдас бөліктерін (әдеби сынның мазмұны, әдіснама мен әдістері, жанрлары, зерттеу объектісі, бағыты, қызметі, түрлері, принциптерін) атап көрсетті. Ғылыми принциптерге сүйене отырып, әдеби сынның жанрларын жіктеді. Әдеби сынның сатиралық жанрларын қарастырып, әдеби сынның басқа да жанрлық түрлерін анықтап, әдеби айналымға енгізді. Сондықтан да әдеби сынның табиғатын теориялық, практикалық тұрғыдан зерттеген Д.Ысқақұлының еңбектері әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне айналмақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Ысқақұлы Д.* Сын шын болсын. — Алматы: Санат, 1991. — 288 б.
- 2 *Ысқақұлы Д.* Сынсонар. — Алматы: Рауан, 1994. — 86-б.
- 3 *Томашевский Б.* Теория литературы. — М.: Федерация, 1928. — С. 160.
- 4 *Тынянов Ю.* Архаисты иноваторы. — Л., 1929. — С. 7.
- 5 *Лихачев Д.* Поэтика древнерусской литературы. — М.: Наука, 1979. — С. 55.
- 6 *Гроссман Л.П.* Жанры литературной критики. — М.: Искусство, 1925. — С. 61.
- 7 *Егоров Б.* О мастерстве литературной критики. — Л.: Наука, 1980. — С. 14.
- 8 *Кәкішев Т.* Сын сапары. — Алматы: Жазушы, 1971. — 84-б.

Ж.Қ.Смағұлов, Б.О.Рахимбаева

Дандай Ысқақұлы и природа жанра критики

Цель статьи — всесторонний анализ редко изучаемой на сегодняшний день темы — теория жанра. Авторами рассмотрены жанры национальной литературной критики. Классификационная система жанра представлена через новаторские взгляды и сравнительные мнения с научной точки зрения, выделены особенности и главные признаки жанра критики. Дана оценка литературно-критическим трудам Т.Какишева и Д. Ысқақұлы.

Zh.K.Smagulov, B.O.Rakhimbayeva

Dandai Yskakuly and the nature of the genre criticism

The article is devoted to the main and modern problems in national literature. The authors identified the subject of their work to investigate actual themes which are used in seldom genre theory. According to systematic classification critical genre in national literature and innovational research, also taking into consideration comparative opinions to determine some achievements in scientific and research works. Critical genre with its own features and the main characteristics are also estimated according to investigation of scientific theory. The history and theory of critical genre are valued in the works of T.Kakishuly and D.Yskakuly.

References

- 1 Yskakuly D. *Syn shyn bolsyn*, Almaty: Sanat, 1991, 288 p.
- 2 Yskakuly D. *Synsonar*, Almaty: Rauan, 1994, p. 86.
- 3 Tomashevskiy B. *Theory of literature*, Moscow: Federazia, 1928, p. 160.
- 4 Tynyanov Yu. *Archaists innovators*, Leningrad, 1929, p. 7.
- 5 Likhachev D. *Ancient russian literary poetry*, Moscow: Nauka, 1979, p. 55.
- 6 Grosman L.P. *Critical genres of literature*, Moscow: Iskustvo, 1925, p. 61.
- 7 Yegorov B. *About master of critical literature*, Leningrad: Nauka, 1980, p. 14.
- 8 Kakishhev T. *Critical way*, Almaty: Shazushy, 1971, p. 84.

Е.С.Адаева

*Назарбаев Университеті, Астана
(E-mail: Ermek_ali@mail.ru)*

Киноаударманың түрлері: субтитр және дубляж

Бүгінгі таңдағы қазақ тілі, діні мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың қаншалықты деңгейде сақталғанын немесе ұлт санасының қаншалықты тазалығын қазіргі кездегі кино өнерінен көруге болады. Себебі кино халыққа ақпарат берудің ең тиімді, қолайлы тәсілдерінің бірі болып табылады. Кино аудару тәжірибесі Қазақстанда ұзақ жылдар бойы дамып келе жатқанымен де, оны зерттеу мәселесі әлі жолға қойылмаған. Теориясы әлі жасалмаған. Мақалада автор осы мәселені тереңірек қарастыруға тырысады. Киномәтінінің және киноаудармасының ерекшеліктері айқындалып, киноаудармасы түрлерін пайдаланудың тиімді, тиімсіз тұстары сараланып көрсетілді.

Кілт сөздер: кино мәтіні, киноаударма, баламалылық, дубляж, субтитр.

Қай халықтың тарихына көз салып қарасақ та, ол өзінің мәдени, рухани байлығын ең басты екі негізден алып дамып отырған. Бірі — өзінің ішкі мүмкіндіктері болса, екіншісі — өзге жұрттың мәдени байлығын игеру. Осылай әр халық өзге елдің рухани дүниесімен сусындай отырып, өз мәдениетін өркендеткен. Осындай игі істің жандануына аударма айрықша қызмет атқарды.

Адамдар, халықтар, ұлттар арасындағы әлеуметтік, экономикалық, рухани, ғылыми, мәдени қарым-қатынастың алмасу, айырбастау, ел танудың құралы болған аударманың кино өнерінде де алатын орны айрықша. Кинодағы аударма оның мақсаты мен жұмыстың ерекшелігіне қарай синхронды және жазбаша жасалады. Бұл мол тәжірибе мен білімді қажет ететін күрделі үдеріс. Кино мәтінінің өзіндік көркемдік ерекшеліктері мол. Ондағы монологтар мен диалогтар арқылы көрермен жүрегіне жол табу үшін бейнелі көріністі ақпараттау образ, көңіл-күй, эмоциялар сөз арқылы жақсы, ұғымды әрі орынды жеткені дұрыс.

Кинофильм мәтіні диалогтар, кадр сыртындағы комментарийлер, ән сөздері және жазбалар түрінде көрсетіледі. «Басқа мәтін аудармаларымен салыстырғанда, оның бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар: амплификацияны болдырмас үшін уақытша дыбыс рамкаларымен шектелген; аз уақытта қабылдауға негізделген, соған орай, көрерменге жеткілікті түрде ақпаратталған әрі түсінікті болуы тиіс. Сонымен қатар аударманың мүмкін болатын нұсқалар таңдауын шарттайтын видеоқатар да қоса беріледі».

Көркем фильмдер аудармасы — «мақсаты түпнұсқа мәтінді интерпретация жолымен басқа тілде жаңа мәтінде туындаған тіларалық, эстетикалық коммуникацияны іске асыру болып табылатын көркем аударманың ерекше түрі» [1]. Осыған орай кино аудармасында екі түрлі ерекшелікті атап өтуге болады: біріншісі, киноның өз тілімен айтылған ерекшелік, екіншісі көркем аударма критерийлерін сақтау қажеттігі. Ережеге сай, аудармашыға студияда монтажды қағаз, яғни диалогтар жазбасы және фильм түсірілген кассета, беріледі. Ол бұл мәтінді аударып, аударманы фильмнен шығатын репликаларымен қоса синхронды түрде дыбыстауы қажет.

Кино мәтінінің лексикасы күнделікті өмірде қолданылатын тіл, идиома, архаизм, вульгаризм, диалектизмдерге жақын. Кино аудармашысы үшін кино мәтінінің көркемдігін төмендетпеу, автор ойын дәл жеткізу, диалогтар сапасын, сөз ерекшелігін, стилін сақтау, сол дәуірдің өзіндік сипатын жеткізу оңай шаруа емес. Кино аудармасындағы басты қиындықтың бірі фильмдегі персонаждар

аударма тілімен сөйлемейді. Сондықтан аудармашы тек мәтінге ғана емес, бейнекөрініске, ондағы айтылған әрбір сөз артикуляциясына, кейіпкердің іс-қимылдарына мән беріп, сөздер мен сөйлемдердің дәл немесе мағыналық, балама аудармаларын табуы қажет. Ал балама табу аудармашының шығармашылық шеберлігіне, сөз табу жүйесіне, сөздік қорының байлығына байланысты.

Тілдердің сөйлеу қарқыны мен грамматикалық құрылысы әр түрлі болады. Испан тілі орыс тілімен салыстырғанда, грамматикасы жағынан анағұрлым шағын болып келеді. Оған қоса испандықтар, орыстарға қарағанда, жылдам сөйлейді. Бұл жағдай аздап қиындық тудырады. Себебі аударма мәтінін құрағанда, жайбарақат орыс тілін бетке ұстау лазым. Бұған қоса кадр сыртындағы аударманың ерекшелігі аудармада талап етілген сөз қарқыны фильмнің соңына дейін сақталуы керектігі болып табылады. Сондықтан аудармашы қос тілмен жұмыс істеу барысында тілдік құралдардың минималды мөлшері көмегімен ақпаратты максималды түрде толық жеткізу үшін, компрессия тәсіліне жүгінуі керек.

Киноаудармасында мәтін ақпаратын кескіндеумен де байланыс болуы қажет, яғни вербалды және бейвербалды құралдар көріністеріне бірдей назар аудару керек. Алайда түпнұсқа тіліндегі фраза ым-ишаратпен қабаттасып келсе, эквивалент табу қиынға соқтырады. Әр түрлі мәдениет өкілдерінің ым-ишаралары сәйкес келе бермейді. Педро Альмодорованың «Женщина на грани нервного срыва» киносынан мысал келтірейік. *Y que de la cara (И пусть за все ответит)* сөзін айта отыра, кейіпкер өз бетінен алақанымен қағып қояды. Орыс мәдениетіне бұл ишара жат, сондықтан бұл көріністі ойнап шығу мүмкін емес.

Кейде аудармашы техникалық тұрғыдағы қиындықтарға соқтығысып қалады: монтажды қағаз толық болмайды, сол кезде есту қиындық тудыратын диалогтар — қуғын, ұрыс-керістер, сыбыр және т.б. аудару керек.

Киноаудармасының тағы бір ерекшелігі — әдеби шығармаларды аудару бір немесе екі аудармашының қатысуымен жасалатын болса, толық кинофильмді аудару үшін үлкен шығармашылық топ қажет. Олар: кино мәтінінің аудармашысы, дублер-актерлер, режиссер, дубляждың дыбыс операторы, редактор, монтаждаушы. Бұлардың әрқайсысы киноаудармасының сапасына өз ықпалдарын тигізбей қоймайды. Өйткені кино мәтінінің аудармасы қанша жақсы болғанымен, кино аудармасын дайындауға қатысушылардың біреуі өз ісін жөнді атқармаса киноаудармасының сапасы төмендейді. Кинофильмді аудару барысында үлкен жүк қашан да режиссерге түседі. Көптеген режиссерлердің қанатын қатайтқан академик Сергей Герасимов былай дейді: «... режиссер үшін ең бастысы — бұл өзгелер көре де, сезіне де алмайтынды көру және сезіну, ойындағыны образға айналдыра білу қабілетінің болуы».

Режиссер сөздің әуенін, сәулет әуенін, табиғат пен қозғалыстың әуенін, ой әуенін сезініп, осы барлық сезімдерді бір ортақ дүниетанымда тоғыстыра алуы қажет.

Дубляж режиссері жақсы кәсіби дайындығы бар әдеби шығармаларды аудару мен драматургия заңдылықтарын білетін, кино өндірісі, мәдениет тарихы және актерлер әлемімен жете таныс болғаны дұрыс. Сонымен қатар бірнеше тілдерді білуі қажет. Әрине, ол кино мәтінін аудармайды, бұл кәсіби аудармашылардың жұмысы. Бірақ экранда орындалып жатқан диалогтарды тыңдау, ондағы мағынаны ашатын әрбір сөз интонациясын байқап, түсіну үшін қажет. Мысалы, жай қарапайым «Мен сізді сүйемін» деген сөйлемді алып қарайтын болсақ, бір-біріне жақын келмейтін түрлі мағынада айтуға болады: ұнату, жек көру, қуану, я қайғыру, нәзік сезімін білдіру, не артынан қалмай мезі ету, шаттану, ренжу, өзін ақтау не кінәлау, т.с.с. Сондықтан әрбір сөздің интонациясына қарай кейіпкердің көңіл-күйі көрініп отырады. Режиссердің мақсаты — эмоциялық түрленудің бай қорын ұтымды, әрі орынды қолдана білу, ол үшін фильмнің түпнұсқадағы тілін түсіну, оны аудармада мағынасынан ауытқымай жеткізу өте маңызды.

Егер дублер актерлер рольдегі актерлердің деңгейінде орындай алмаса немесе дыбыс операторлары қажетті деңгейде жаза алмаса, жоғары сапалы аппаратуралармен студия цехы жабдықталмаса, қандай жақсы диалогтардың болмасын аудармасы дубляжда мүлдем көрінбей қалады. Ал талантты дублерлерсіз толыққанды фильмнің аудармасы болуы мүмкін емес. Дубляждың режиссері әр фильмде кездесетін жаңа образға тән дублерларды орынды таңдай білуі керек.

Сондықтан фильмді аудару барысында қызмет жасайтын шығармашылық топтың әрқайсысы өз ісін мұқият атқаруы қажет. Тек осы ұжымның еңбегінің нәтижесінде көрермен назарына өзге тілде түсірілген кинотуындыларды өз ана тілімізде сөйлете аламыз.

Киноаудармасының бірнеше түрі бар. Олар:

- субтитрлеу;
- кадр сыртынан түсінік беру;
- дикторлық орындау;
- дубляж жасау [2].

Оларды таңдаудың да себептері бар: фильм ерекшеліктері, инженерлік-техникалық және шығармашылық кадрлардың сандық қажеттілігіне, экономикалық жетістіктеріне байланысты. Басында дыбысты фильмдердің аудармасы кадр арасындағы жазулар арқылы жасалатын. Содан соң субтитрлар пайда болды, яғни кадрдың төменгі жағында көрініске жазылған аударма жазулар. Кадр сыртынан түсінік беру, субтитрға қарағанда, әлдеқайда тиімді, өйткені көрермен субтитрді оқу үшін көріністен көзін алып әлекке қалмайды, түпнұсқадағы дыбыстар сақталады, жақсы аудармашы тек диалогтар мағынасын ғана емес, интонациясын сақтап, эмоциялардың бояуын беруге және аударылмайтын каламбурлерге, яғни қисық сөздерге де, мағыналық түсінік беріп отырады.

Ал дикторлық орындау арқылы берілетін аударма, әдетте, хроникалық, деректік, ғылыми, мәдени т.б. фильмдерде жасалады. Егер түпнұсқа тілінде сөйленетін синхронды көріністер болса, онда олар да кадр сыртынан түсінік беру жолымен көрсетіледі.

Біз осылардың ішінен қазіргі кезде кеңірек қолданылатын субтитрлеу мен дубляж жасау әдістерін салыстырып, тиімді, тиімсіз тұстарын саралап көрейік. Алдымен аталған түрлердің анықтамасына тоқталайық.

Киноаудармасын зерттеуші В.Е.Горшкова тілаларлық субтитрлеуге: «Экранның төменгі тұсынан орын алып, басылған мәтін түрінде оның негізгі мазмұнын көрсететін фильмдегі диалогтардың қысқаша аудармасы», — деген анықтама береді [3].

Ал тілаларлық дубляж түпнұсқа тілдегі актерлердің сөздерін аударылатын тілге толық ауыстыру болып табылады. В.Е.Горшкова аталған терминге берілген көптеген анықтамаларға сүйене отырып, дубляж жасаудың дыбыс жазу техникасының ерекше түрі екендігін айқындайды. Енді осы аталған түрлерді салыстырып көрейік. Бірінші субтитр туралы.

Субтитрді пайдаланудың тиімді тұстары:

1. Субтитрлеуге жұмсалатын қаржы дубляжға қарағанда 10 есе аз. Сондықтан бұл әуесқой субтитрлеудің кең таралуына әкеледі.

2. Дубляжға қарағанда, субтитрлеуге уақыт та аз кетеді.

3. Субтитр жасағанда фильм түпнұсқасының дыбыстық жолы сақталып, дыбыс режиссері жасаған атмосфера сақталады. Сонымен қатар субтитрді оқығанда реципиент актерлердің дауысын естиді. Ал фильм дыбысталған кезде актерлердің дауысы көбінесе кәсіби емес дублерлердің дауысына ауыстырылатыны белгілі. Бұл, әрине, фильмнің дыбысталуының бұзылуына әкеледі.

4. Субтитрлі фильмдер сонымен қатар білімдік қызмет атқарып, шет тілін үйренудің материалы болып табылады.

Алайда аударма сөздерді қою арқылы жасалатын субтитрлі кинофильм аудармасы оңай болғанымен, оның кейбір кемшіліктері де бар. Яғни, титрді оқу үшін экранда орындалып жатқан көріністен көп ауытқып отырасың, кейде жазылған титрлі сөздерді қайсысын қай кейіпкер айтып жатқанын түсінбей қаласың.

Субтитрді пайдаланудың жағымсыз тұстары:

1. Сапалы орындалған дубляжға қарағанда, аудиовизуалды мәтіннің аударма тілінде жасалғандығы туралы иллюзияның жоқтығы.

2. Субтитрді қабылдау реципиенттен көп күш қажет етеді. Субтитрді оқу арқылы реципиенттің киноға назар аударуы әлсіреп, визуалды ақпараттың кейбір бөліктерінің жоғалуына әкеледі.

3. Субтитр жасағанда компрессия (сығымдау) пайдаланылады, себебі адамның сөйлеу темпі оқу жылдамдығынан жоғары, сондықтан мәтінді қысқартуға тура келеді. Сондай-ақ субтитрдің көлемі 30-40 белгіге дейін шектелген. Ал, жолдың саны 2-ден аспауы тиіс.

4. Компрессия мен түсіріп тастауларды пайдаланғандықтан, субтитрлеу барысында түпнұсқа тілінің экспрессиясы жоғалады.

Енді дубляждың ерекшеліктеріне тоқталайық. Киноаудармасының ең көп тараған әрі күрделі түрі — дубляж. *Дубляж* «doublage» француз тілінен аударғанда *қосарлану* деген мағынаны білдіреді. Бұл жерде аудармашы идея, стиль, кейіпкерлер мінезіне көңіл аудара отырып, тек артикуляциясын емес, актерлердің іс-қимыл, қылықтарын бәрін қамтуға тырысады.

Дубляж — өз алдына бір дүние. Оның техникалық және шығармашылық бөлімдері бар. Шығармашылық бөлімнің ішіндегі аударма саласының өзі бір төбе. Былайша айтқанда, аудармашылар тобы мен әртістер тобы және техникалық мамандар тобы жұмыс істейтін, көпқырлы арнайы бөлім. Аудармашылар аударып береді, ал редакторлар өңдейді, режиссерлер ауызға түсіріп, емеурінге келтіру жағын реттейді. Ары қарай дыбыс актерлары сезімдік бояуын жеткізе отырып дыбыстауы керек. Сөздің мәнін білмесең, қалай болса, солай сөйлей салуға болмайды. Барлығы өз жұмысын жақсы істеуі керек. Техникалық жағы өте маңызды. Қосанжар дауыстар (интершум) деген бар, мәселен, табиғаттың дыбыстары, желдің соққаны, шөптің сыбдыры, сиырдың мөңіреуі, адамның жүрген дыбыстары т.б. бұларды да үйлестіре білу керек. Барлығының өз өлшемі бар, соның барлығын өз орнын тауып, үйлестіргенде ғана жақсы кино шығады.

Сонымен, дубляж жұмысы екі сатыдан тұрады. Әуелі аудармашы фильмдегі сөздерді ондағы бейнемен синхронды етіп аударып шығады. Ол фильмде ойнап жүрген актердің ауыз, ерін қимылына сәйкес және дәл мағынасына сәйкестендіріп ана тіліне аударарды. Актердің еріндерінің және неше рет қосылғандығына дейін (*б, в, п, ф, м* — дауыссыз дыбыстары айтылған кезде) есепке алынады. Ол сонымен қатар фильмдегі барлық компоненттерге мән беруі керек. Идея, стиль, кейіпкерлер мінезіне көңіл аударар отырып, тек артикуляциясын емес, актерлердің іс-қимыл, қылықтарын бәрін қамтуға тырысады. Сондықтан фильм аудармасын түпнұсқа тілі мен аударма тілін жетік білетін әдеби аудармашы жасағаны дұрыс.

Осындай ерекшеліктері сақталған аударма дайын болған соң, дубляждың екінші — шешуші кезеңі басталады. Әр рольді дубляж жасауға дайындалған актерлер, дубляж режиссері, аудармашы, дыбыс операторымен бірге бірнеше рет көреді. Мақсаты — фильмде ойнаған актерлердің сөйлеу мәнерімен танысу, оның айтқан сөздерінің дәлдігіне аудармашымен бірге көз жеткізу. Содан соң барып аударылған актер сөзі пленкаға жазылады. Тек жоғары кәсіби деңгейде жасалған дубляж көрермен жүрегіне жол тауып, өз тілінде түсірілген түпнұсқа фильмді көріп отырғандай ой тудыруы мүмкін. Бұл туралы Г.Заргарьян былай дейді: «Киношығарманың көркем аудармасы — бұл көркем шығарманың өзінше бір бөлігі және ол сол өнер жанрының заңдылықтарына бағынғанда ғана сапалы болуы мүмкін» [4].

Дубляжды қолданудың тиімді тұстары:

1. Тындаушы аудиторияның үлкендігі, көруі нашар адамдар, балалар т.б.
2. Аударылатын тілді қолданатын көрермендердің қабылдауына еш қиындық тудырмайды.
3. Аудиовизуалды мәтін басынан-ақ аударылатын тілде жасалғандай болып көрінеді, яғни тілдік кедергі жойылады.
4. Дубляждау кейіпкер тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді көрсетпеуге септігін тигізеді, ал субтитр кезінде бұл мүмкін емес.
5. Дубляж кезінде түпнұсқаның аудиожолы естілмейтіндіктен, көрермен байқамайтындай етіп, кейбір репликаларды ауыстыруға болады.

Сондай-ақ дубляж жасаудың тиімсіз тұстары да бар. Енді соларға тоқтала кетейік:

1. Актерлік құрамның жұмысы мен құрал-жабдықтарға жұмсалатын үлкен шығын.
2. Дыбыстау кезінде және аударма мәтінді түзеуге кететін уақыттың көптігі.
3. Реципиентке түпнұсқадағы актерлердің дауысы естілмейді, ал дубляж актерлері мәтінді түпнұсқа актерлеріндей мәнерлеп оқи бермейді.

Дубляждың тілі — қарапайым сөйлеу тілі. Оның ішінде әскердің сөзі бар, қарақшының сөзі бар, дәрігердің сөзі бар, лауазымды тұлғалардың сөзі бар. Аудармашылар осының барлығын өз мағынасындағы бояуын бере отырып аударуы, ал дыбыс актері оны түсініп айтуы керек. Әуелі дыбысталатын сөздің мағынасын дұрыстап түсініп алу қажет, алдын ала дайындалу керек, қай жерінде күледі, қай жерінде жылайды, қай жерінде тыныс алады, соның бәрін алдын ала біліп тұруы керек. Мәселен, актер Шыңғысханның дауысын дыбыстауы керек болса, ол үшін алдын ала Шыңғысхан ақырып сөйлей ме, жай биязы сөйлей ме соны біліп алуға міндетті және әртістің түріне қарай дауысын бейімдеуі тиіс. Мысалы, ол денесі үлкен адам болса, жіңішке дауыспен шіңкілдеп тұрсаң, болмайды. Тойға барсаң, киініп баратының секілді, дыбыс берер алдында дыбысыңды дұрыстап, сахналық түрге келтіріп алу қажет. Актердің сөзі әрбір адамның құлағына нақты әрі жағымды естілуі тиіс. Дыбыстаушы дубляжшымыз сүле-сапа оқи салса, ертең халықтың алдына солай жетеді. Әдетте кинодағы барлық әртістердің әрқайсысына бір-бір адамнан дыбыс беру мүмкін емес. Сондықтан бір адам бірнеше дауысты дыбыстай білуі керек, сонда ғана ол нағыз дубляжшы бола алады. Ол үшін режиссерлер әртістерге бағыт бере отырып, жұмыс істеуі керек. Қосанжар

дыбыстың бәрін беріп, актерлердің дауыс ерекшеліктеріне қарай дыбыстарды бөлу қажет болады. Бастыққа, балаға, шалға, кемпірге келетін дыбыс болады, соның барлығына өз рөлін тауып беру қажет. Жалпы әр нәрсені өз маманы істеуі керек. «Алтынды зергер соқсын» дегендей, дубляжды дубляжшының өзі істесе, сонда ол көрерменнің де көңілінен шығады.

Ары қарай дыбыстауға арналған мәтіндер мен субтитр мәтіндерінің ерекшеліктерін айқындауға тырысайық.

Түпнұсқаның жолма-жол аудармасы субтитрлеуге, ары қарай дыбыстауға да сәйкес келеді деген қате түсінік бар. Субтитрлеу мен дыбыстауға арналған аудиовизуалды мәтіндердің айтарлықтай айырмашылықтары бар екенін тәжірибе көрсетті.

Осы тұста дыбыстау туралы сөз қозғайық. Фильмге керекті түрлі дыбыстарды жазып алудың және оларды қолданудың бірнеше түрі бар. Оларды да қысқаша түсіндіріп кетейік.

Дыбысты синхронды жазу. Көркемсуретті және ойналатын көріністері бар ғылыми-көпшілікті, хроникалық-деректік фильмдер кейіпкерлерінің сөздері мен бейнелерін кинопенкаға бір кезде қоса түсіріліп жазылуы синхронды кино түсіру деп аталады. Дыбысты осылай бейнемен үйлестіре синхронды жазу көбінесе киностудия павильонында, не болмаса басқадай үй ішінде түсірілген жағдайда қолданылады. Ал, фильм ашық далада, көшелерде түсірілген жағдайда, қажетсіз көлденең шулар бөгет жасайтын болғандықтан, дыбысты синхронды көбінесе қолданыла қоймайды.

Кейін дыбыстандыру. Фильм кейіпкерлерінің сөздерін, музыканы және түрлі шуларды бұрын түсірілген бейнелерді экранда көріп отырып, оларға дәлме-дәл сәйкестендіріп жазу кейін дыбыстану процесі болып табылады. Бұл әдетте фильм түгел түсіріліп болғаннан кейін және түсірілген материалдар әбден іріктеліп, монтажи аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Кейін дыбыстау, әсіресе фильм рольдерін орындаушы актерлерге пайдалы. Өйткені олар өз бейнелерін экраннан қарай отырып, сол тұста айтылған өз сөздерін асықпай, бабына келтіріп қайталайды да, кинопенкаға жаздырады.

Алдын ала дыбыстандыру. Бейнелер түсірілмес бұрын жазылып алынған фонограмманы фильм көріністерін дұрыс түсіру үшін, пайдаланудың бұл жолы алдын ала дыбыстандыру деп аталады. Алдын ала жазылып алынған фонограмма көбінесе фильмнің ән және би көріністерін түсірерде қолданылады. Өйткені алдын ала жазылған тиісті музыканы ести отырып, соған сәйкес билеу немесе естіліп тұрған әнге қосылып түсіру фильм рольдерін орындаушы актерлерге көп жеңілдік туғызады. Сондай-ақ бұл тәсіл фильмде ән айтушы актердің дауысы орнына әнді одан жақсы айтатын басқа адамның дауысын жалғап пайдалану үшін де қолданылады.

Қайта жазу. Бұл өте маңызды творчестволық және техникалық процесс. Фильмге керекті дыбыстар, атап айтқанда, кейіпкерлердің сөздері, музыка және түрлі шулар әуелде жеке-жеке жазылады. Оларды бейнелерге сәйкестендіре және біріне-біріне үйлестіре жүзеге асырады.

Ойлап табылған осы нәтижелі тәсілдердің іс жүзінде қолданылуы, жемісті болуы дыбыс жазу аппаратурасын және одан жеке дыбыс шығу аппаратурасын ойлап табуды қажет етті. Бұл жұмыс оңайға соқпаған болу керек. Біріншіден, дыбыс құбылысының табиғи қасиеттері, түрлі ерекшеліктері бұзылмастан таза, дұрыс жазылуы және сол қалпында қайта шығарылатын болуы қажет. Екіншіден, жазылған дыбыстың қайта шығуы, оның естілуі экрандағы көріністерге сайма-сай, дәл болуға тиісті. Үшінші, алдын ала жеке жазылған түрлі дыбыстардың (адам сөзі, музыка және соққан дауылдың, ағып жатқан судың, атылған мылтықтың, құлаған заттың т.б) естілуінде олар біріне-бірінің бөгет болмауы, сондай-ақ дыбыстардың барлығы үйлесімді түрде үн қосуы қалай да қамтамасыз етілуі керек.

«Фильмге тіл бітуі киноның стилистикасына, көркемдік тәсілдеріне көп өзгеріс енгізді, кейіпкерлерді сипаттаудағы, сондай-ақ өмір құбылыстарын бейнелеудегі оның шығармашылық мүмкіндіктерін орасан байытты. Осыған байланысты сценарий көркем әдебиеттің толық құқылы жанрына айналды және болашақ фильмнің идеялық-көркемдік бағытын алдын ала айқындайтын басты кешені болды. Дүние жүзіне аты әйгілі кинорежиссер Чарли Чаплин соңғы уақытқа дейін өз фильмдерін сөзсіз етіп жасап келді» [5].

Аталған типтегі мәтіндерді оларды жасау мен редакциялау (субтитр мен дубляжды жасау ережелеріне сәйкес) барысындағы көлемінің қысқартатындығы байланыстырады. Мәселен, дубляж кезінде аударманың дыбысталу уақыты түпнұсқаның дыбысталу уақытына байланысты, асып кетпеу керек. Мәтіннің көлемін қысқарту сюжетті түсінуде ақпарат бермейтін артық элементтерді түсіру, кейбір сөздерді қысқа синонимдермен алмастыру арқылы жүзеге асады.

«Белгілі бір ақпараттың қайталай берілуі салт-дәстүрге байланысты немесе хабарламаның сенімділігін арттыру үшін имлицитті және эксплицитті берілуі мүмкін» [6].

Субтитрлеуде дискурс элементтерін үш типке бөлу бар [7].

1. Керек элементтер (аудармасы міндетті).
2. Кейбір бөліктері қажет элементтер (қысқаша, сығымдалған формада берілуі керек).
3. Артық элементтер (аударма кезінде түсіріп тастауға болады).

Керек элементтер — бұл мәтіннің мазмұнынан ақпарат беретін барлық элементтер. Оларсыз оқырмандар сюжеттің дамуын бақылай алмайды. Екінші, үшінші категорияға төмендегілер жатады:

а) Қайталаулар.

ә) Аппелятивті құрылымдардағы жалқы есімдер.

б) Интернационализмдер.

в) Еліктеуіш сөздер (*ах!*, *ох!*, т.б.).

г) Сәлемдесуді, келісуді, келіспеуді, тандануды білдіретін ым-ишараларға байланысты одағайлар.

д) Фатикалық функциясы ғана бар, семантикалық жүгі жоқ байланыстырушы сөздер.

Бұл көрсетілген элементтердің көпшілігі аудиовизуалды мәтіндердің дыбыстық жолында кездесетіндіктен, түсіп қалуы мүмкін. Дубляждау кезінде аталған элементтерді түсіру міндетті емес, себебі мәтін аудармасын түпнұсқаның дыбысталуына үйлестіру керек. Бұның түрлі тәсілдері бар:

1. Егер мәтіннің аудармасы түпнұсқа мәтіннен ұзағырақ дыбысталса, түсіріп тастау және компенсация әдісін пайдалана отырып, аударма мәтінді қысқарту.

2. Түпнұсқада жоқ болса да мәтін мағынасына қайшы келмейтіндей фатикалық құрылымдарды, одағайларды, қыстырма сөздерді пайдалана отырып, аударма мәтіннің дыбысталу ұзақтығын арттыру.

3. Дыбысталу үдерісінде қосымша түзетулер енгізу: ауыр айтылатын дыбыстардың қосындыларынан қашу немесе мәтінді фонетикалық, семантикалық, драмалық деңгейлерде синхронизмге жететіндей етіп редакциялау қажет [8].

Киноаудармасының негізгі түрлерін қарастыра отырып, субтитрлеу мен дубляждаудың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар екеніне көз жеткіздік. Бұл олардың аудармасына да қатысты. Бұл ерекшеліктердің әрқайсысының осал және мықты тұстары бар, алайда әр мемлекеттің киноаудармаға қатысты өзінің дәстүрлі басымдықтары бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кузьмичев С.А. Перевод кинофильмов как отдельный вид перевода // Вестн. Москов. гос. лингвист. ун-та. — М.: ИПК МГЛУ «Рема», 2012. — С. 45.
- 2 Сиранов К. Киноискусство советского Казахстана. — Алматы: Жазушы, 1986. — 158 с.
- 3 Матасов Р.А. Перевод кино/видеоматериалов: лингвокультурологические и дидактические аспекты. — М., 2009. — С. 141.
- 4 Сапожников И. Дубляж и закадровое озвучивание фильмов. — М.: Наука, 2004. — С. 85.
- 5 Лось Е. 1 день с диктором: как озвучивают кино. — НашКиев.UA. — [ЭР]. Режим доступа: nashkiev.ua
- 6 Валгина Н.С. Теория текста. — М.: Логос, 2004. — С. 210.
- 7 Особенности перевода фильмов с субтитрами // Вестн. Сиб. гос. аэрокосм. ун-та им. акад. М.Ф.Решетнева. — Красноярск, 2006. — С. 272.
- 8 Чернов Г.В. Синхронный перевод: речевая компрессия. — М.: ИПК МГЛУ «Рема», 1969. — С. 24.

Е.С.Адаева

Виды перевода кино: субтитр и дубляж

В статье отмечено, что насколько сохранены на сегодняшний день казахский язык, религия и обычаи и традиции или насколько чисто национальное сознание можно увидеть в искусстве кино. Определено, что кино является одним из эффективных, благоприятных способов передачи информации народу. Практика перевода кино в Казахстане развита давно, подчеркнута автором, тем не менее проблема ее исследования не решена. Автором рассмотрен этот вопрос, определены особенности текста кино и его перевода. Показаны выгодные и невыгодные стороны использования видов перевода кино.

Ye.S.Adayeva

Types of cinema translation: subtitle and dubbing

How are Kazakh language, religion and tradition preserved in present day? Or, how pure is our national consciousness nowadays? One can find answers to these questions in present film industry. As film is one of the most efficient and convenient way in providing the people with information. Although, film translation has developed long ago, studies are seldom carried out in this field. There is not any theoretical foundation established. Author of the article tries to look into these issues. Film text and peculiarities of film translation are identified. Advantages and disadvantages of cinema translation are analyzed.

References

- 1 Kuzmichev S.A. *Bull. of the Moscow State Linguistic University*, Moscow, IPK MGLU «Rema», 2012, p. 45.
- 2 Siranov K. *Soviet cinema of Kazakhstan*, Almaty: Zhazushy, 1986, 158 p.
- 3 Matasov R.A. *Translation movie / video: lingvokulturological and didactic aspects*, Moscow, 2009, p. 141.
- 4 Sapozhnikov I. *Dubbing and Voice-over dubbing movies*, Moscow: Nauka, 2004, p. 85.
- 5 Los' Ye. *1 day with speaker: as voiced movie*, NashKiev. UA, [ER]. Access mode: nashkiev.ua
- 6 Valgina N.S. *Theory of text*, Moscow: Logos, 2004, p. 210.
- 7 *Bull. of the Siberian State Aerospace University Reshetnev*, Krasnoyarsk, 2006, p. 272.
- 8 Chernov G.V. *Simultaneous translation: voice compression*, Moscow: IPK MGLU «Rema» 1969, p. 24.

АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА

ӨОЖ 821.512.122-25

Л.Н.Дәуренбекова

*Назарбаев Университеті, Астана
(E-mail: daurenbekova.laura@mail.ru)*

Ә.Сатыбалдиевтің аудармашылық шеберлігі

Мақалада өзбек жазушысы Ш.Рашидовтың шығармаларын қазақ тіліне аударған Ә. Сатыбалдиевтің аудармашылық шеберлігі, өзбек тіліндегі нұсқасымен салыстырыла отырып, зерттелді. Аудармашы түпнұсқа авторының жазушылық стилін сақтай отырып, әр кейіпкердің психологиясын, көңіл-күйін түпнұсқаға сәйкес тәржімалады. Түпнұсқадағы мәтін ырғағы, интонациясы сақталатындығына назар аударылды. Аудармашының аудармасында қолданылған лексикалық трансформацияларға талдау жасалды.

Кілт сөздер: аударма, трансформация, реалий, түпнұсқа, мәтін, диалог, коммуникация, семантика.

Тікелей аударма болсын, сатылы аударма болсын Ә. Сатыбалдиевтің интерпретациялық ұстанымы — түпнұсқаны барынша дәл жеткізу. «Аудармашының түпнұсқа шеңберінен шығып кетуге қақысы жоқ. Түпнұсқа мәтіні қандай аудармашыға болмасын бұлжымас заң. Ал, аударма үдерісінде кейбір еркіндіктер, мәселен, бір сөзді немесе бір ұғымды басқа сөзбен беру кейде түпнұсқа әрпінен аулақтау — бұлар ауытқу емес, сапалы аударма жасаудағы әдіс-амалдар болып табылады» [1; 214], — дей отырып, Ә. Сатыбалдиев түпнұсқа мәтіннің коммуникативтік ақпаратын дәл жеткізеді. Аудармашының аудармашылық тәжірибесінің нәтижесінде бірнеше тақырыпта көркем аудармалары жарыққа шықты. Атап айтсақ, орыс тілінен: Б. Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз», Е. Мальцевтің «Шын жүректен», Ф. Гладковтың «Балалық шақ туралы әңгіме», И. Гончаровтың «Жар», М.Твеннің «Әңгімелері», В.Железниковтың «Жүгі бар жолаушы», З.Фобианның «Үш айқай», өзбек тілінен: Ш. Рашидовтың «Дауылдан да күшті», «Кашмир жыры», А. Қаххардың «Қыштак», Ф. Насыровтың «Жүрек әмірі» атты шығармаларын қазақ тіліне еркін сөйлете отырып, ел мен елдің әдебиетін байланыстырудың нағыз дәнекері бола білді.

«Аудармашылық — нағыз шығармашылық өнер. Аудармашы екі тілді де тең дәрежеде білумен қатар, әрі жазушы, әрі ғалым болуға тиіс» [1; 365], — дей отырып, өзі де осы қасиеттерді бойына сіңіре білген.

Академик М. Қаратаев көркем аудармамен суреткерлік қабілеті бар адам ғана айналысу керек екенін алға тартады. Бұл тұрғыдан келгенде қаламгер, әрі аудармашы Ә. Сатыбалдиевтің аудармаларының сәтті шыққанына риясыз иланасыз.

Ә. Сатыбалдиев өзбек жазушыларының шығармаларын аудару барысында: «Аударма деген сөзбе-сөз көшіру емес, мағынасын түсініп, өзбекше сөйлету, сөйлеткенде оқырман қақалып-шашалып қалмайтындай, рахаттанып, қызығып оқитындай етіп беру керек екенін түсіне бастадым» [1; 41], — деп, А. Қаххар, Ш. Рашидов, Н. Фазылов шығармаларын қазақ тіліне еркін сөйлете отырып, екі елдің әдебиетін байланыстырудың нағыз дәнекері бола білді.

«Басы Абайдан бастап қазақ әдебиетінің азды-көпті елеулі шығармаларынан өзбек тіліне аударылмағаны жоқ деуге болады. Солардың бәрі қазақ тілінен өзбекшеге тікелей аударылған. Ташкенттіктер өздерінің көркем аударма мәселесіне арналған кеңесінде тілдері түбірлес халықтардың әдебиетін тек қана түпнұсқаларынан тікелей аударудың тиімді екенін дәлелдеген. Өйткені бұл тілдердің бір-бірінен ұқсастық жақтары көп. Біріншіден, екі тілдің де синтаксистік

құрылыстары негізінен бір-біріне сай келіп отырады, жеке атаулардың да ұқсастығы көп, мақал-мәтелдердің де көбі екі елге ортақ және басқа да толып жатқан үйлесімді жақындықтары бар. Осылардың бәрі екі елдің әдебиетіне тікелей түпнұсқадан аударғанда ол шығармалардың көркемдік сапасы толық сақталуға мүмкіндік береді» [1; 41], — деп, өзбек тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен өзбек тіліне аударудың соншалықты қиын емес екендігіне назар аудартады. Әрине, өзбектің тілін, дәстүрін жақсы білетіндіктен, оның аудармаларының тілі жатық, ұғымға жеңіл болып келеді. Мәселен, өзбек жазушысы Ш. Рашидовтың «Дауылдан да күшті» романын аудару барысында еркіндік пен дәлдікті шебер ұштастыра отырып, қазақ тіліне жатық жеткізеді.

Романда «Тың және тыңайған жерлерді игеру» науқанына байланысты, шұрайлы да, жазық жерлерді игеріп, гүлстанға айналдыру мақсатындағы күресті күндер сипатталады. Басты кейіпкерлер: Айқыз, Әлімжан, Жорабаев, Погодин, Смирновтар тау мен шөл даладағы жайсыз үйлерде тұратын колхозшыларды жана жерлерге, үй салып көшіріп шаруа мен мәдениетті көтеру, мемлекеттің ақ алтынын байыту жөніндегі ұсыныс-тілектері, халықтың тірнектеп жиған табысын өзі ғана иеленіп отырған колхоз басшысы Қадыровқа ұнамайды. Қарсы шығып, кедергі келтіргенімен жеңіліс табады. Жанқиярлық еңбектің нәтижесінде, мидай жазық далаға сәнді үйлер бой көтеріп, дала ақ алтынға толды. Шығармада бірнеше оқиғалар тізбектеліп берілген. Қай жағынан алсақ та, түпнұсқа мен аударма мәтін бір-біріне сәйкес келеді.

Оқырман үшін аударма түпнұсқаның жазылған кезеңінен хабар беріп отыруы керек. Себебі көркем аудармадағы ақпараттарды қабылдау арқылы мәтінмен жеке байланысқа түседі. Яғни, қабылданған мәлімет рецепторға терең ықпал етеді. Оның сезіміне әсер етіп, қандайда бір іске баулуы мүмкін. Демек, оқырман мен мәтін арасында коммуникативті әсер пайда болып, прагматикалық байланыс орнайды.

Көркем туындыны аударған кезде соншалықты көп күрделі сұрақтар туындайды, олардың тамырына үңіліп, түпнұсқаның рухын сезіне отырып, өз көңілін қалағандай аударған дұрыс. Жалпы, аударма теоретигі ретінде Ә. Сатыбалдиевтің бағыты да осы. Аудармада шығармашылық еркіндіктің түпнұсқаның шеңберінен шықпай, автордың бар стилін сақтай отырып, аударманы оқуға жеңіл және тартымды етіп шығаруды, сондай-ақ, түпнұсқаның ықпалына түсіп кетпей, оның барлық бояуын, ырғағын, ой астарын ана тілінің заңды жүйесінде жеткізе білу керек екендігін басты орынға қойып, бұл ойын көркем шығармаларды аудару барысында ұстанады. Мәселен, «Қатартал қыстағына көктем ерте шықты. Бірнеше айлар бойы тау баурайын көрпедей қымтап, тұтаса жауып жатқан қалың қар әлдеқашан-ақ еріп кеткен. Жақпар тастар мен төбелердің теріскей жағында, ой-шұқырларда жасырынып қалған қар пәришелері көктем күнінің ыстық лебімен қазанға түскен майдай еріп, сай-жылғаларды қуалай сарқырап ағып жатыр» [2; 3].

Аудармашы романды осылайша Қатартал қыстағын суреттеуден бастаса, түпнұсқада өрік ағашының астындағы биік сәкіде жатқан Мұратәліні таныстырудан басталады. Демек, аудармашы шығармада маңызды орын алатын Қатартал жерін қазақ оқырманына жақынырақ таныстыру үшін, бейнелі түрде еркін жеткізуді мақсат еткен.

Аудармада әрбір сөздің, сөз тіркесінің баламаларын дұрыс тауып, бірі-бірімен сәйкес қиыстырып, түпнұсқадағы мағынаны дәл беру керек.

Мысалы, — *Мен гапнинг туғрисиини айтаман, — деди Султанов утирганларларга куз югуртириб. У, одатдагича, табассум билан сузларди. — Халқимизда, туғри гапириб, туғишганинга екмайсан, деган мақол бор. Эхтимолки, мен хам туғри гапни айтиб, айрим кишиларнинг дилига озор берарман* [3; 3]. Бұл сөйлемді қазақ тіліндегі аудармасымен салыстырайық:

— *Мен сөздің турасын айтамын, — деді Сұлтанов отырғандарға көз жүгіртіп. Өзі әдетінше, жымия күліп қойды. — Халқымызда «тура сөйлеп, туғаныңа жақпайсың» деген мақал бар. Мен де сөздің турасын айтамын деп, кейбір кісілерге ұнамай қалуым ықтимал* [2; 8], — деп ешбір сөзді қысқартып, қосуларсыз, мәтінге сәйкес аударады.

Кейде оқырман үшін түпнұсқадағы ойды айқындап беру мақсатында мәтінге кіріспе сөз немесе сөйлемдер қосып ұлғайтылады. Ә. Сатыбалдиевтің өз сөзімен айтқанда, «кейбір сөз ауыстыру, қосарлау, үстемелеу деген сияқты нәрселер шығарманың көркемдік бояуы мен эмоциялық әсерін жеткізе түсу мүддесімен келген» [1; 148]. Бұл ойы келесі мысалдар да аңғарылады. ...*Қатартал қыстағының табиғаты да тез-ақ жанданып, күннен күнге құлпыра бастады. Тау бөктерлері мен сай-салалар көктемнің еркетайы болған гүлдер мен көк балаусаға малынып, тамылжи бастады. Күн ысыған сайын өсімдік те қоюлана түсті, бірте-бірте өсіп, ұлғайып, көріктене берді. Сайдың екі*

бетіндегі сирек біткен ағаштар да енді-енді бүршік ата бастаған еді [2; 3]. Аудармашы ішкі түйсігіне сүйене отырып, мәтінге бір азат жол қосу арқылы дәл нысанаға тиіп, табиғатқа жан бітіреді.

Түпнұсқада: *Олтинсой чуллари теп-тегис, ерлари қуірұқдай семиз ва серхосил, қуриқ ва буз ер очишининг харажати оз* [3; 16], — деп белгілі бір ойды аяқтап, келесі оқиғаға көшеді. Ал, аудармада: *Алтынсай жазығы мидай дала; топырағы шұрайлы да құнарлы, ал мұндағы тың және тыңайған жерлерді игерудің шығыны да аз* — дей отырып, Соны ойлаған Айқыз, қыстақ советіне қарасты колхоздардың бар мүмкіншіліктерін терең зерттеп, есеп-қысабын алғаннан кейін, диқандармен, механизаторлармен, басшы қызметкерлермен кең түрде әңгіме жүргізді де, тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысын осы көктемнің өзінде-ақ бастап жіберген жөн болар деген қорытындыға келді [2; 15], — деп өз жанынан қосып, түпнұсқадағы ойды айқындай түседі.

Себебі романның басты мотиві тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы Айқыздың бастамасын беру. Өжеттілігін, еңбекқорлығын көрсету болса, аудармашы оны дәлелдермен нақтылайды.

Олтинсойликлар оммавий чиқишга тайёрланардилар. Хар бир ховлида ва устахонада кетмон ва белкуракларни чархлар эдилар, кийм тиктириб, этик ва ботинка хозирлардилар [3; 44], — деген, сөйлемнің алдына: *Өмірде не бір салтанатты кезеңдер болады. Ол кездерде кісінің жүрегі қайрат-жігерге толып, еңбекке деген зауқы, ықылас, ынтасы арта түседі* — деп, Алтынсай тұрғындарының тың және тыңайған жерлерді игеру үшін қандай көңіл-күйде, қандай дайындықта жүргендерін түсіндіру мақсатында оқиға алдына кіріспе қосады. Мұны, әдебиет теориясының тілімен айтқанда, экспозиция деп атаймыз. Жоғарыдағы сөйлемге *Сол сияқты, алтынсайлықтар да тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы жаппай жорықтың басталуын ұлы мейрамды күткендей-ақ шыдамсыздана күтіп жүр. Әрбір аула мен шеберханада кетпен мен күректер қайралуда, киім тіктіріліп, етік, ботинкелер сайлануда* [2; 42], — деп, аудармашы қандай жорық екені түсінікті болу үшін әсерлеп, көркемдеп ойды ұлғайтып береді де, әрмен қарай тұрғындар дайындығын түпнұсқадағыдай дәл аударып береді. Әрине, өзбек тіліндегідей, *Алтынсайлықтар жорыққа шығуға даярлануда* деп бірден бастаса, қазақ оқырманына түсініксіз болар еді.

Сондай-ақ түпнұсқада қайталанып берілетін кейбір ой қайталаулар аударма барысында қысқартылған. Десек те, түпнұсқаның мағынасы сақталған. Мәселен, романның үшінші бөлімі «Хат» деп аталады. Айқыздың қалаға оқуға кеткен жары Әлімжанға ауылдағы жаңа жер ашу турасындағы болған дауды айтып, хат жазуы баяндалады. Автор: *Азизим, қадрдоним Олимжон ака! Хозиргина хатингизни ва хат билан сурагингизни олдим. Қандай меҳрибонсиз-а! Сизни жуда-жуда соғинганимни, дийдор қуришишга интизор булиб қутганимни узингиз хам билиб тургандирсиз, жоним. Мен сизга янги планимиз райкомда қандай мухокама қилинганини ёзмоқчиман* [3; 24]. Аудармасында бұл бөлім «Хат» деп аталғанымен дәл осылай Айқыздың сағынышынан басталмайды. Алдына көп нүкте жіберіледі де, бірден *...Жорабаевтың кабинетінде аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі болып жатыр еді...* [2; 20], — деп онда болған жағдайды хатта мәлімдейді. Демек, бұл бөлімнің бас жағы қысқартылып қалған. Себебі, алғашқы «Мөлдір бұлақ» бөлімінің аяғында Айқыз жарынан келген хатты кеудесіне қысып, іштей сағынышын жеткізгендігі суреттелгендіктен, аудармашы келесі бөлімінің бас жағында Айқыздың сезімін қайталауды жөн көрмей қысқартқандай.

Ә.Сатыбалдиев кейіпкерлердің өзара диалогын дәл түпнұсқамен сәйкестендіріп бере білген. Диалог арқылы кейіпкерлердің ішкі сыры аңғарылады. Яғни, әр кейіпкердің сөз саптауынан, оның ой-толғанысынан, сөйлеу өзгешелігінен жан-дүниесі айқын елес береді.

— *Ким қурипти?*

— *Кім көріпті?*

— *Бутун Олтинсой курган. Шамол булмаса, дарахтнинг учи қимирламайди! Майли, шошмай тур, қизинг невара туққанини қуриб қоларсан...* — *Муротали иргиб урнидан турди-ю, қалтироқ босган қулларини столга тираб, захар билан жавоб берди.*

— *Бүтін Алтынсай көрген. Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды! Мейлі, сабыр ете тұр, қызыңның немере туып бергенін бір-ақ көресің әлі...* — *Мұратәлі ұшып орнынан тұрды да, қалтыраған қолдарын столға тіреп, ызғармен жауап берді.*

— *Тухмат! Гапнинг пухтаси шуки, қизим ундақлордан эмас. Юзимни ерга қаратмайди. Карим хам...*

— *Жала! Сөздің қысқасы, менің қызым ондайлардан емес. Жүзімді жерге қаратпайды. Кәрім де...*

— Карим, — деди раис Муроталининг сузларини юлиб олиб, — у тирранча бошимизга битган бало булди. Мехрини йулдан урган ким? Кучишга кундирган ким? Сенинг устингдан турли-туман ова-за таркатган ким? Авом, нодон, қайсар, деган ким? Карим эмасми! Сен уни «халол йигит» дейсан. У булса, сени хам, мени хам оёк ости қиялпти.

— Кәрім, — деді председатель, Мұратәлінің сөзін бөліп. — Ол оңбаган басымызга бәле болды. Мехріні жолдан шығарган кім? Көшуге көндірген кім? Сениң үстіңнен түрліше әуезе таратқан кім? Атам надан, қайсар, оғжар кісі деп жүрген кім? Кәрім емес пе? Сен оны адал жігіт дейсің. Ол болса, сені де, мені де топырақпен тең етіп жүр.

— Хой, раис, оғзингизга қараб гапиринг, худонинг қахрига учрайсиз.

— Қой, председатель, байқап сөйле, құдайдың қаһарына ұшырарсың.

Бұл диалог аудармасынан аудармашының диалогты дәл беріп, екі кейіпкердің қақтығысы арқылы мінез-құлықты түпнұсқадағыдай ашып бергеніне көз жеткіземіз.

Аудармашы аударма барысында белгілі бір ұлт тілінің мәдениетіне, тарихына, дәстүріне, өміріне қатысты сөздерге түсініктеме беріп отыруды да ескерген. Аталған аудармада өзбек ұлтына ғана тән реалий сөздерге түсініктеме беріп аудару тәсілі де кездеседі. Бұл сөздер өзбек мәдениетіне, тарихына, тұрмысына, дәстүріне, өміріне қатысты түсініктер. Мәселен, *санда* — *аласа стол*. Қыста астына шок қойып, үстін көрпемен бүркеп қояды да, үйдегі бар адам аяғын сұғып, айнала отырады. Бұрынғы өзбек тұрмысында бұл пеш орнына жүретін. Мысалы:

Әуіз — шағындау су қоймасы.

Тәлімі — сусыз өсірілген дақыл.

Қозапая — мақта өсімдігінің сабағы.

Айван — терраса, сая деген мағынада.

Құмдан — қыш күйдіретін пеш.

Қоза — мақта өсімдігі.

Осма — қас бояйтын шөп.

Базоз — жібек маталармен сауда жасайтын кісі.

Парварда — қолдан істейтін конфет.

Дутар — өзбек домбырасы.

Бір ескертері, аудармашы түпнұсқадағы «дутар» аспабын кейде домбыра деп береді. Мына мысалда, *Алиқұл булса, онда-сонда мехмонлар келганда қизининг зехни тезлиги, фикри зурлиги, уқуви куплиги туғрисида мақтаниб, исботи учун дутор чалдириб, ашула айттирарди. Бундай пайтларда эрка киз буралиб-буралиб келардида, ноз билан сузилиб, дуторга қул юборарди* [3; 128].

Аудармасы: *Әліқұл болса, оқта-текте бір қонақтар келгенде, қызының зеректігін, ойы ұшқырлығын, көп оқитынын мақтаныш ететін де, онысын дәлелдегісі келгендей, домбыра тартқызып, ән салдыратын. Мұндай кездерде ерке қыз бұрала басып келеді де, жұртқа назбен сүзіле қарап, дутарға қол созады* [2; 121]. Сондай-ақ *Назокатхон булса, узи қилган гунохлар изини дилидан хам, миясидан хам суғуриб таишлади-ю, яна уйин-кулги, дутор, ашулага берилди, ноз билан сузилган кузлари кимларнидир қидирадиган булиб қолди...* [3; 128]. Бұл сөйлем қазақ тілінде: «*Назақатқан болса, істеген күнәсінің ізін ойынан да, миынан да өшіріп, тағы да ойын-күлкіге, домбыра мен әнге беріліп кетті, назбен сүзілген көздері тағы да әлдекімдерді іздей бастады...*» [2; 121], — деп, оқырман бұл сөйлемдерден өзбек қызы әрі домбыра, әрі дутар тартып ән салады екен деп түсініп қалмауы үшін, аудармашының «домбыра» сөзін енгізудің керегі жоқ еді. Десек те, тек қана бір ұлтқа ғана тән реалий сөздерді аударылып отырған ұлттың ұғымына сәйкестендіру үшін аудармашы алдымен «Дутар — өзбек домбырасы» деп түсініктеме береді де, әрмен қарай домбыра сөзін қолданып отырады.

Аудармашы аударма мәтінде түпнұсқа тіліне сай бейнелеу тәсілдерінде сәтті қолданады.

«Әдебиетте көбінесе бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелі сөздер, мысалы, жалпы түрде құбылту деп аталатын ауыстыру, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, айқындау және стильдік айшықтар, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады. Бейнелеу тәсілдері, әрине, бұдан әлдеқайда кең, мол. Кейіпкерлерді мінездеу, сөйлету, портрет жасау, табиғат көріністерін суреттеу — осының бәрінде бейнелеу тәсілдері қолданылады» [4].

Тонг отди. Уфқ поларанг булди. Аммо сойларнинг тубида, тоғларнинг ораларида энди чиқаэтган қуэшининг заррин нурлари билан буялган туман куринарди. Баланд-баланд тоғларнинг чуққилари ус-тидаги кумуш қор нур билан товланиб, Бухоро дупписига қадалган зардек ялтирарди [3; 7].

Аудармасы: *Таң атты. Көкжиек жауқазын таңалеткенің қызғылт тартты. Дегенмен, сай-жылғалардың түбінде, тау жақпарларының арасында енді ғана шашырап шығып келе жатқан күннің алтын нұрымен боялған тұман әлі де көрінеді. Асқар-асқар таулардың шоқы шыңдарын жапқан күміс қар, күн шұғыласымен түрлене түсіп, Бұхара тақиясына таққан зердей жылтырайды [2; 8], — деп, мұнда, көктемнің алғашқы күндері түпнұсқадағыдай дәл аударылған. Тау шыңдарында қалған қарды күміс, жылтыраған зерге теңеуі сәтті шыққан.*

...Бу пайтда водийдаги ерлар анча исиб қолган эди. Аллақачон қорлар эриб, ерлар қуриб, бахор хиди анқиб турарди. Тоғда булса, эртаюкеч изгирин эсиб турар, совуги суяк-суякка утиб кетарди. Бироқ, олтинсойликлар аччиқ совуқни хам, изгирин шамолни хам писанд қилмай, ёнбагирларни хай-даб, дон сепишда давом қилардилар [3; 12].

Аудармасы: *...Бұл кезде қырдағы жазық жерлер едәуір қыза бастаған еді. Әлдеқашан-ақ қар еріп, жер құрғап, көктемнің исі аңқып тұрған-ды. Тау жақта болса, ертелі-кейті ызғырық соғып, суығы кісінің сүйек-сүйегіне өтеді. Бірақ алтынсайлықтар жай суықты да, ызғырық желді де елемей, тау беткейлерін айдап, егін егуге кірісіп кетті [2; 113]. Автор Алтынсай тұрғындарының еңбекқор екендігін көрсету үшін, сол сәттегі күннің суықтығын суреттеу арқылы ұтымды тәсіл қолданған. Аудармашы да автордың бейнелеу тәсілін сақтап аударғандықтан, аударманың көркемдігі жоғары болып шыққан. Сондай-ақ түпнұсқада жиі кездесетін теңеулерді де дәл аударды. «Теңеулерді аудару — көркем аударманың аса маңызды, күрделі қыр-қатпарларының санатынан саналады. Өйткені теңеулер көркем аудармада көркемдік қуаты бар құрал екендігімен бірге ұлттық образдық суреттеу көрсеткіштері болып табылады» [4; 323].*

Мәселен, Тікендей қадалған былапыт сөздер [2; 10].

Тикандек қадалувчи бу сузларни чидам билан суради [3; 11].

Бұрадай бұрқырады [2; 10].

Маст туядай букирди [3; 11].

Ойдин кеча, сув ховузининг тепасига келиб таббассум қилаётган тулин ойнинг заррин нурлари чайқалиб турган сувга тегарди-ю, бир парча кумуш тушкандай ялтираб кетарди [3; 45].

Жарық түнде су қоймасының дәл төбесінен жарқырай нұрын төккен айдың сәулесі болмашы шайқалған судың бетінде дір-дір етіп, күміс теңгедей жалт-жалт етеді [2; 44].

Ол теректей бойшаң кісі еді [2; 48].

У теракдай новча эди [3; 18].

Басқалардың бәрі гүлдей жасаныр келсе, олардың ішінде Мехри бір түп құрайдай болып сиықсыз көрінбей ме? [2; 56].

Дугоналари гулдай ясаниб келсалар, уларнин ичида Мехри бир туп шувокдай куринайдими, ахир! [3; 171].

Дала бүркітіндей қырағы да жігерлі кісі болатын [2; 59].

Сахро бургутидек сезгир ва жасоратли эди [3; 65].

Айқыздың жүзіне қан жүгірді. Ағы ақ, қызылы қызыл алмадай алабұртып құлтыра бастады [2; 69].

Ойқизнинг юзларига қон югурди, оқи оқ, қизили қизил нақш олмадай куринарди [3; 209].

Толысудың орнына, шөптей боп құрап барады, гүлдей жайнаудың орнына, сабандай сарғаяды. Назақатхан толысқан терек сияқты болса, Адалат оның алдында сидиып құраған тұт ағашына ұқсайды [2; 264].

...семириш урнига чупдай озади, гулдай очилиш урнига, сомондай сарғаяди. Назокатхон кулф урган терак булса, унинг олдида Адолатхон қуриб қолган хасак тутга ухшарди [3; 240].

Зығыр майын жұтқандай-ақ, жүрегін айнытқан бұл насихат сөздерді әрең-әрең тыңдап келеді [2; 113].

Шөл даланың түрлі-түсті кілемдей боп көзді қаймықтыратынына Айқыздың да сенімі кәміл еді [2; 114].

Бәрі де су сепкендей тына қалысты [2; 116].

Оның жүрегі көкбұлақтай мөлдір таза [2; 116].

Сонымен қатар түпнұсқада адамның бір сәттегі ашу-ызасын суреттеуде табиғат құбылыстарымен салыстыру арқылы сипатталынатын тәсілде жиі кездеседі. Аудармашы да автордың бейнелеу шеберлігін сақтап аударды. Түпнұсқа: *Жала-ёмғир ёққан пайтларда сув купайиб ариқлардан тошгани каби, унинг уч-алами хам икки пиёла ичкандан сунг юракларидан тошиб чиқибди-ю, хаммасини захарли сузлар билан баён қилди [3; 11].*

Аудармасы: *Нөсер жаңбыр жауған кездерде судың көбейіп, арықтарға симай кететіні сияқты, оның ашу-кегі де, екі кесені қағып алғаннан кейін, жүрегіне симай тасып төгілді де, бар білгенін зәрлі сөзбен баян етті [2; 10].*

Айқыз өне бойы шөл далаға шығып келіп тұратын, түрлі кәсіптің адамдарымен әңгімелесетін, гүлден-гүлге қонып, бал жинаған ара сияқты, Айқызда халықтың пікірлері мен ойларын, тілек-мақсаттарын жинастырды [2; 116]

Келесі назар аударатынымыз, екі нәрсені қатарластыра бейнелейтін параллелизм тәсілінің аударылуы. Төмендегі мысалда ағаш пен адам жанастырыла суреттелген.

Түпнұсқада: *Ойқиз уйчан кузларини узоқ-узоқларға тикиб гапирди: — Тинчилик вақтида яхиши ишлаб, уруш вақтида номардлик қилганлар хам бор. — Ойқиз анча узоқда, кум-кук кукариб турган майда-майда, аммо қалин дарахтлар бир-бирига ухшайди. Аммо, уларнинг ичида нимжонлари хам борки, тинч вақтда кукараверади, қаттиқ шамол турдимми, синиб кетади, ёки томири билан купорилади. Албатта иккисидан бири булади. Одамлар хам худди шундай, уста амаки, баъзилар биринчи шамолгача яхиши буладилар, холос...* [3; 58], — десе, аудармасында Айқыз ойлы пішінмен қиырға қарап тұрып сөйледі: — *Ол сонау көз ұшындағы көкпеңбек болып тұрған майда да қалың талға қарап сөйлеп тұр. — Қараңызшы, сонау ағаштар бір-біріне ұқсап тұр ғой. Бірақ олардың ішінде нашарлары да бар. Олар жағымды кезде көгеріп өсе береді де, қатты жел тұрса, не опырылып сынады, немесе тамырымен қопарылып құлайды. Қалайда сол екеуінің бірі болады. Адамдар да дәл солай, ұста аға, кейбіреулер алғашқы екпінге тап болғанынша жақсы болып келеді де, сонымен бітеді* [2; 53]. Сөйлеп тұрған Айқыз екендігі белгілі болып тұрғандықтан, аудармашы қыз есімін түпнұсқадағыдай қайталай беруді жөн көрмей «ол» есімдігін қолданады.

Сондай-ақ аудармада кісі, жер-су аттарындағы өзбек тіліне тән дыбысты қазақ тілінің орфографиялық заңдылығына сәйкестендіріп, транслитерация жасау арқылы беріп отырады. Мәселен, *Қатортал — Қатартал, Олтинсой — Алтынсай, Муротали — Мұратәлі, Қодиров — Қадиров, Журабоев — Жорабаев, Ойқиз — Айқыз, Олимжон — Әлімжан, Алиқул — Әліқұл* т. б. Ал шығарма ішінде кездесетін орыс кейіпкерлерінің есімдері дыбыстық жағынан өзгеріске түспей, дәл беріледі.

Түпнұсқада кездесетін мақал-мәтелдердің аударылуына да назар аударайық.

Темирни қизигида ур [3; 85].

Темирді қызған кезде соқ [2; 88].

Алма пиш, оғзимга туш [3; 88].

Алма піс, аузыма түс [2; 94].

Маслахатли ош ачимайди [3; 92].

Ойласып істеген ас ашымайды [3; 97].

Сичқон сизмас унига, галвир боглар думига [3; 99].

Тышқан ініне сыймайды, оған қарамай құйрығына қалбыр байлайды [2; 110].

Туғри гапириб, туғишганинга екмайсан [3; 142].

Тура сөйлеп, туғаныңа жақпайсың [2; 131].

Юз сум пулинг булмаса хам, юзта дустинг булсин [3; 132].

Жүз сом ақшаң болғаныша, жүз досың болсын [2; 130].

Дили очнинг кузи оч [3; 128].

Араны ашылғанның көзі де ашқарақ [2; 136].

Чумчукдан қуруққан тариқ екмас [3; 113].

Шегірткеден қорыққан егін екпес [2; 186].

Уйламай сузлаган, оғримай улар [3; 178].

Аңдамай сөйлеген, аңдамай өледі [2; 785].

Байқап отырғанымыздай, бұл мақал-мәтелдер екі тілде де бір-біріне семантикалық жағынан тепе-тең келіп тұр. Жалпы, Ә.Сатыбалдиев аударма үдерісі кезінде түпнұсқадағы ақпараттарды толықтай қамтып бере алады. Аударылып отырған ел мәдениетін, тілін, тарихын салт-дәстүрін жақсы білгендіктен, автордың сезімі мен ойын оқырманға жеткізу үшін аударма теориясындағы лексикалық трансформацияларды ұтымды пайдаланады. Аудармашы көркем аударма шарттарын жақсы меңгергендіктен, оның аудармалары оқырманға төл туындыдай әсер етері анық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сатыбалдиев Ә. Сөз қазынасының кеншісі. — Астана: Фолиант, 2008. — 212 б.
- 2 Рашидов Ш. Дауылдан да күшті. — Алматы: ҚМКӘБ, 1959. — 286 б.

- 3 Рашидов Ш. Бурондан кучли. — Тошкент: Ғ. Ғулом номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти, 1979. — 289 б.
- 4 Алтысбаев Қ., Қазыбек Г. Қазақ аудармасының теориясы мен практикасы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2001. — 91-б.

Л.Н.Дауренбекова

Мастерство перевода А.Сатыбалдиева

В статье проанализированы рассказы узбекского писателя Ш.Рашидова в переводе А.Сатыбалдиева на казахский язык. Рассмотрены основные принципы воссоздания формально-смысловых и идейно-содержательных компонентов оригинала в переводном тексте, а также проблема передачи индивидуального стиля в художественном переводе. Переводчик, сохраняя писательский стиль автора, обращает внимание на интонацию, ритм текста оригинала, пытается передать психологию каждого героя.

L.N.Daurenbekova

Translation mastery of a A. Satybaldiyev

In article Satybaldiyev A. translational skill is discussed who translated comic stories of the Uzbek writer Z.Razhidov into Kazakh language, comparing it to option in uzbek. The main principles of a reconstruction of formal and semantic and ideological and substantial components of the original in the translated text, a problem of translation of individual style in a literary translation are considered. The translator keeping Z.Razhidov 's literary style, pays attention to preservation of intonation, a rhythm of the text of the original, and tried to translate easy language mood, psychology of each hero.

References

- 1 Satybaldiyev A. *Spiritual wealth*, Astana: Folio, 2008, 297 p.
- 2 Razhidov Sh. *Heavier than storm*, Almaty: KMCAP, 1959, 286 p.
- 3 Razhidov Sh. *Heavier than storm*, Tashkent: Literase, 1979, 289 p.
- 4 Alpysbayev K., Kazybek G. *Theory and practice of Kazakh translation*, Almaty: Kazakh University publ., 2001, p. 91.

МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІ НАШИ ЮБИЛЯРЫ

М.І.Әбдуов, Б.С.Рахымов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: abduov_m@mail.ru)*

Зерделі ғалым, зерек жан

Дарынды ғалым, дүйім елге танымал білікті зерттеуші, публицист, шежіреші атақты алаштанушы, ұлағатты ұстаз Р.С. әл-Карени (Каренов) 70 жасқа толып отыр. Рашит Саттарұлы — ғылыми, педагогтік, ұйымдастырушылық, қоғамдық қызметті ғылымның бірнеше салаларымен шебер ұштастыра білген ғұлама ғалым. Күнделікті қат-қабат әкімшілік жұмыстар мен қыруар тірліктің қайнаған ортасында жүрсе де, бойына біткен таланты мен ізденгіштік, еңбекқорлық қасиеттерінің арқасында ғылымның бірқатар саласында зерттеулер жүргізіп, үлкен жетістіктерге жетті. Оның қаламынан туған 1500-ге тарта ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми көпшілікке арналған еңбектері көтерген мәселелерінің өткірлігімен, нақтылығымен, жаңалығымен ерекшеленеді. Оның ішінде ғалымның жеткілікті дәрежеде көп айналысқан саласының бірі – қазақ әдебиеті және оның тарихы мәселелері, ондағы кейбір «ақтандақтарды» тың тұрғыдан зерттеп қарастыру.

Ғалымның барлық шығармашылық еңбектерін ірі-ірі үш бағытқа бөліп қарастыруға болады.

Алғашқы бағыт — оның тарихи тұлғаларға, батырларға, билерге, Алаш қайраткерлеріне арналған еңбектері: «Мәңгілік құндылықтар саңлақтары (2000); «Әрі көсем, әрі шешен Байдалы би» (2002); «Қазақтың үш ұлы көсемі» (2002); «Азаттық қаһарманы Мәнжі батыр» (2005); «Алаш азаттығының ақиығы Имам Әлімбеков» (2010); «Жұмабек Тәшенов – Алаштың жүз жылда біртуар алып тұлғасы» (2014); «Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жиырма көшбасшылары» (2014).

Бұл еңбектердің кейбірі қазақ халқының сан ғасырлық әдебиетінен, мәдениетінен, тарихынан деректі мәлімет беретін мақалалар, эсселер жинағы түрінде жазылған. Оларға енген мақалалар негізінен орталық басылымдарда, мерзімді баспасөздерде жарық көріп, оқырман қауымның сарабынан өткен.

Ғалымның қалың оқырман қауымына ұсынылған бұл кітаптары Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі Қазақстанда және басқа да жерлерде шыққан «Айқап», «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеті», «Сарыарқа», «Қазақ», «Қазақстан» «Еңбекші қазақ», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын» газет-журналдарының бетінде жарық көрген қазақ елінің сол кездегі тарихынан, мәдени өмірінен, әдебиетінен көптеген мәлімет беретін материалдары негізінде жазылған. Бұл кітаптар қазақ сияқты ұлы да қайсар халықтың мандайына жазылған біртуар, жүз жылда бір келер жарқыраған жұлдызы, шуақ шашар күні, жарық берер сәулесі, қайталанбас тұлғалары туралы жүрекжарды ыстық лебіздер, естеліктер, қимастық, сыйластық сезімдер сыйлайды.

Қазақ елінің әдет-ғұрпын, тарихын, әдебиетін, мәдениетін, саяси өмірін, ғылымын мазмұндататын бұл кітаптар қоғам ғылымдарын зерттеуші-ғалымдарға, жоғары оқу орындарының тарих, педагогика, философия және филология факультеттерінің оқытушыларына, магистранттары мен студенттеріне қосымша құралдар ретінде қызмет ете алады.

Ғалымның орыс тілін жетік білуі оның орыс тілі мен қазақ тілін салыстыра зерттеулер жүргізуіне мүмкіндік берді. («Творцы немеркнувших ценностей» (2000), «Азаттық қаһарманы Мәнжі батыр» (2005) т.б.

Автордың бұл зерттеулерінде қазақ көгінде жарқырап көрінген жұлдыздардың, Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жиырма көшбасшыларының ұлықтығы мен кішіктігін, олардың өздерінен

кейінгі жамырай өрген дарынды толқынның дүр етіп, жаңбырдан соңғы көк шалғындай қаулап өсуіне игі әсерін тигізгенін қарастырған. Автордың зерттеп көрсеткендей, XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ қазақ зиялыларының қатары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ә. Бөкейханов, Қ. Сәтбаев, Ж. Аймауытов, Б. Қаратаев, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Ә. Диваев, М. Дулатов, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Н. Төреқұлов, М. Әуезов, Ә. Ермаков сияқты тағы да басқа саясат, әдебиет пен мәдениет, ғылым саласындағы ондаған демократиялық бағыттағы Алаш ардақтыларымен толықты. Оларда бір ғана ұлы мақсат болды. Ол халықтың санасын ояту, орта ғасырлық мүлгуден арылтып, өнер-білімді меңгеріп, дамыған халықтардың қатарына қосылу арқылы ұлттың тәуелсіздігіне қол жеткізу еді. Олар бодандық бұғауының әйтеуір бір уақытта үзілетініне сенді. Сондықтан да сол күнге туған халқын жеткізуге бар күш-жігерлерін жұмсады.

Алаш қайраткерлерінің басым көпшілігі ғылымға емес — утопияға, демократияға емес — авторитаризмге негізделген большевизм идеясын қабылдамай, баррикаданың арғы бетіне шығып, өз елінде, өз жерінде отырып азап шеккен қазақ халқының мұң-мұқтажын қорғауды мақсат еткен Алаш партиясын ұйымдастырды. Ел алдындағы ұлы мақсаттарды жүзеге асыратын атқарушы билік органы — «Алашорда» үкіметін құрып, ұлттық-аймақтық негіздегі «Алаш автономиясы» мемлекеттігін жариялауға талпыныс жасады. Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған XX ғасыр басындағы осы бір қазақ зиялылары алдыңғы қатарлы тобының саяси қызметі де, құқықтық көзқарастары да, тіпті ғылыми, әдеби мұралары да ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналып, зерделі зерттеулерге нысан бола алмады. Оларсыз қазақ тарихы — тұл, алтын дегені күл еді. «Алаш» партиясынсыз саяси күрес тарихын, «Алашорда» үкіметінсіз экономикалық ілімдер мен реформалар тарихын, «Алаш автономиясынсыз» Қазақстан мемлекеттілігінің негізін, Алаш ардагерлері өмірінсіз ұлт тарихын жасау, мемлекеттік тіліміздің тарихын қалыптастыру мүмкін емес еді.

Сондықтан да соңғы жылдары Алаш көсемдері мен көшбасшылары туралы едәуір жазылды. Ғылыми зерттеулерден бөлек көркем шығармалар да бар. Дегенмен де, олардың мемлекет қайраткерлігі істерінде әлі де түйіндей түсетін, анықтап, ашығын айтатын жайлар жетерлік.

Әсіресе 1937–1939 жылдары ерекше қарқын алып, халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқан репрессия саясаты – ұлттық тарихымыздың ең қаралы, ең қасіретті беттері қатарынан орын алады. Табанды зерттеуші өз еңбектерінде ұлтымыздың зиялы қауымын, барша көзі ашық азаматтарын баудай жапырған «ұлы террордың» әлі де айтылмай жатқан көлеңкелі беттері аз емес екендігін ашып жазған.

Әл-Карени еңбектеріндегі кейіпкерлер мен тұлғалар адамдық, имандылық, төзімділік, қайсарлық жағынан ылғи да жоғары тұрады.

Бірақ бәрінен де бізге қымбаттысы — әл-Карени еңбектеріндегі биік рух. Ол қай тұлғаны жазса да, бірінші орынға рухты шығарады. Жазушы ғалымның зерттеп жазған кейіпкерлері рухы биік адамдар. Осы күдіретті күш оларды кез келген уақытта кез келген тығырықтан алып шығады. Мысалы, Алаш қайраткері Имам Әлімбеков жайында жазылған «Алаш азаттығының ақиығы Имам Әлімбеков» атты кітабы соның айғағы. Себебі Имам Әлімбеков өткен ғасырдың бас кезінде Алаш қозғалысының рухы биік өкілдерінен болатын, және ол туралы жазылған шығармалар некен-саяқты. «Азаттық қаһарманы Мәнжі батыр» еңбегі де осы айтылғандарды қуаттай түседі. Демек, Әл-Каренидің есімі қазақ оқырмандарына өткен ғасырдың сексенінші-тоқсаныншы жылдарынан бері таныс. Мысалы, оның «Мәңгілік құндылықтар саңлақтары» атты кітабы 2000 жылы жарық көрді.

Бұл еңбегінде автор ұлттық мәдениетімізге, тарихымызға асыра үлес қосқан жазушыларымыздың, жезтаңдай жыраулар мен адуан ақпа акындарымыздың, ойшыл ғалымдарымыздың, қажырлы да қайсар батырлар мен қайраткерліріміздің жалпы адам баласының тарихындағы орындарын ашып көрсеткен. Кітапта дәуір тұлғалары қосқан тарихи үлестер қазіргіге сәйкес жан-жақты баяндалған.

Автордың ойынша, өмірдің күнгейінен көлеңкесін, тәттісінен ащысын, жеңілінен ауырын көп көрсе де мойымаған тегеуріні мықты, рухы өжет Алаштың көсем жандарының адами болмыс-бітімі кейінгі буын ұрпаққа ғибрат, үлгі-өнеге болуы керек.

Зерттеуші-ғалымның шығармашылық туындыларының екінші бағыты — шежіре, этнография, генеалогиялық мәселелерге арналған еңбектер: «Қарекелер (Шежіре)» (2000); «Тұғыры биік тұлғалар» (2003); «Жеті атасын білген ер...» (2008); «Аралбай руының шежіресі» («Аралбай батыр: Шежіре») (2011); «Үш жүздің шежіресі және Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары: энциклопедиялық анықтамалық (Екі томдық. Бірінші кітап)» (2014); «Үш жүздің шежіресі және

Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары: Энциклопедиялық анықтамалық (Екінші кітап)» (2014).

Шежіре — халқымыздың асыл қазынасы, барша қазақтың арғы-бергі күллі ұрпағын бір кісінің баласындай туыстырып, ұйыстырып келе жатқан алтын тін екендігін тағы да қайталап айтып жатудың қажеті жоқ шығар. Қазіргі көкірек көзі ояу оқырман тек өз ру-тайпасының өткенімен шектеліп қалмай, жалпы шежіре атаулыға қызығушылық танытуы мұндай туындылардың сол ұйыстырушылық қызметіне, халқымыздың тарихына тамшы болып қосылар тағылымдық тартымдылығына байланысты болса керек.

Ғалымның аталған кітаптарында халқымыздың тарихи тізбегін үзбестен, ұланбайтақ аймақта тайпалық одақ құрып, сол мекендерде үрім-бұтағының туын тігіп кеткен тарихи тұлғалар тұрғысынан мәліметтер беріліп, оның ұрпақтарының шежіресін жасаудағы мақсаттары жан-жақты түсіндірілген. Бұл тарихи шежіре жай әшейін ата-баба атын жаңғырту үшін жазылған аңыз-әңгіме, жалған дақпырт емес екендігін айта отыра, осы еңбектердің ішінде келтірілген әрбір деректердің қазақ халқының болмыс-бітімін тану үшін, күллі қазақ халқының тұтастық сипатын айғақтайтын соны деректері мен құндылығын баса айтуды жөн көріп отырмыз. Автордың бұл кітаптарын өскелең ұрпаққа тарихи ғибрат беретін құндылықтар деп санауға болады.

Тарих сабақтарын ұмытпайық, өркениеттісінен үлгі алайық, өкініштісін қайталамайық дегенді меңзейді автор. Мың өліп, мың тірілген халқымыздың ұлы көшіндегі тапқанымыз бен жоғалтқанымызды саралай келе, соның себеп-салдарына үңілдіріп, ұлт рухын сақтаудың озық үлгілеріне назар аудартады бұл еңбектер.

Қазақ елі — өте бай ауызша тарих айту және оны сақтау дәстүрі мен мәдениеті бар халық. Өткен өмірінде көшпелі өмір салты басымдық танытқан қоғамда ауызша тарих айту дәстүрі, белгілі дәрежеде, отырықшы өркениетті елдердегі архив пен кітапхана міндетін атқарды, халықтың рухани өмірі ұрпақтан ұрпаққа осы негізде жетіп, ұласып отырды.

Қазақ қоғамында ауызша тарих айту дәстүрінің қалыптасуы үшін қажетті алғышарттардың барлығы да болды деп айта аламыз. Қазақ фольклорының бізге дейін жеткен бай туындылары, ауыз әдебиетінің шығармалары, тарихи әңгімелер, тарихи жырлар, дастандар, ауызша айтылып қалдырылған шежірелер қазақ халқының есінде өзінің өткені туралы мәліметтер мен білімдер жиынтығының сақталып, белгілі бір жүйе бойынша қазіргі заманға жеткізілгенін дәлелдейді.

Шежіре жайлы жазылған бұл шығармаларында зерттеуші-ғалым шежірені қазақ халқының ауызша тарих айту дәстүрінің өте маңызды туындысы деп қарастырған. Себебі қазақ шежіресі әдебиет пен тарих ғылымдарындағы халқымыздың шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы. Шежіренің қазақ, түрікмен, монғол, қырғыз және т.б. халықтар арасында ауызша сақталғандығы дәлелденіп, біздің ата-бабаларымыз үшін де шежіре тарих қызметін атқарғандығы пайымдалған. Ол халықтың этникалық құрылымын анықтауға, тұтастығын көрсетуге мүмкіндік беретін төл тарихымыздың нұсқасы, ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылған. Қазақ қоғамында ауызша айту дәстүрі туындыларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын арнайы адамдар болған. Ел арасында өткен өмір тарихын жақсы білген «шежіреші адамдар» болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын, әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, көшпелілердің танымын жете түсінген, небір аңыз-әпсана, жырларды жадында сақтаған. Егер қазақ мәдениеті біртұтас дейтін болсақ, онда шежірені де осылай қарастыруымыз керек деп дәріптейді автор. Яғни, шежіренің ішінде аңыз бен шындық та, ертегі мен әпсана да, өнер мен ғылым да бар, ал дәстүрлі қазақ мәдениетінен оның біреуін бөліп қарастыру мүмкін емес деп зерттеуші ғалым ой түйген.

Автордың пайымдауынша, шежірені көшпелілердің ауызша тарихи аңыз, қария сөз үлгісінде жалғасатын тарихи дәстүр деп түсінген жөн.

Қазақ халқындағы ұрпақ пен ұрпақ арасын үнемі жалғап ұстап тұратын қымбат та ғажап дәстүрдің бірі — ата-баба әруағын өзгеше құрмет тұту, құрмет тұтқанда — есімін естен шығармай, шамасы жеткенше жадына тоқып, ол білгенін өзінен кейінгі буынға үйретіп кетуге ұмтылу. «Өлі риза болмай — тірі байымайды» деген мақалды тудырған халқымыз оны ризалаудың жолын кейбір мұсылман елдеріне ұқсап, тек Құран бағыштаумен шектеп қоймаған, жетісін, қырқын, жылын берген, егер ұзақ жасап армансыз өткен кісі болса, соңғы жиынын үлкен думанға айналдырып, ат шаптырып, балуан күрестіріп, бәйге таратқан. Бірақ бұның да өткінші ғана оқиға боларын терең түсінгендері шығар, әруақтың басына күмбез тұрғызып, ескірмес ескерткіш орнатқан.

Әйтсе де, бұл секілді өзгеше құрмет екінің біріне бұйыра бермейді, екінің бірі түгіл мыңның біріне де бұйырмақ емес. Дегенмен, соңына әлеуетті ұрпақ қалдырған кез келген ата-ана дәл осындай болмағанмен, өзінің әлеуметтік дәрежесі мен орнына лайық құрмет дәметуге хақылы. Әлбетте, оны тұрмыс пен жағдай шешеді. Мұндай тілекте де, ниетте де пендешілік басымдау жататыны рас. Соны түсінгендей, біздің қанағатшыл ата-бабамыз бас-басына құлпытас қойғыздырмай-ақ, бас-басына күмбез тұрғыздырмай-ақ, мәңгілік ескерткіш орнатудың – яғни келер буын жадынан мәңгі өшпеудің өте оңтайлы жолын тауып, соны ұрпақ санасына ана сүтімен бірге сіңіріп кеткен. Ол — шежіре тарату дәстүрі.

Шежіреші әңгімелеген тұлғалар өмірбаяны мен тарихы олардың ата-тегін көрсететін кесте, туған жері, қыстау орны, жерленген жері, моласына тұрғызылған ескерткіштер, ескерткіштеріне жазылған жазу деректерімен расталған.

Қазақ даласында көптеп кездесетін осындай ескерткіштер сол адамдарға, сол жерлерге байланысты шежірелердің куәсі болып келеді. Шежіренің ішінде бір руды талдай отырып, сол рудың ішіндегі атақты адамдар, олардың басынан өткен кейбір оқиғалар туралы тарихи әңгімелерді көптеп кездестіруге болады. Ал тарихи жырларда басты кейіпкерге байланысты, оның ата-тегі туралы шежірелік мәліметтер ұшырасады. Бұдан қазақтың ауызша тарих айту дәстүрі туындылары өзара тығыз байланысты болған деген қорытынды жасауға болады.

Зерттеуші шығармаларының үшінші бағыты — әдебиеттану мәселелеріне, ақиық ақындарға арналған еңбектері: «Көмейінен жыр төгілген Ахметбек ақын» (2008); «Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын» (2011); «Ақын-ақ еді (Мақсұт Байсейітовтың поэзиясы хақында)» (2012); «Алаштың жиырма жыр алыптары»: екі томдық: Бірінші кітап (2012); «Алдаспаны Алаштың ақын Мағжан» (2013); «Алаштың жиырма жыр алыптары»: екі томдық: Екінші кітап (2013).

Өткен тарихымызды бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден бір жолы, халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген зиялыларымыздың артында қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек. Сондықтан да зерттеуші автор біртуар азаматтарымыздың өмірімен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысын халық арасында насихаттау — бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселе деп біледі.

Зерттеуші-ғалым өз еңбектерінде жыраулар мен билердің, сал мен серілердің мұраларын едәуір қарастырғанымен, негізінен ақындар, оның ішінде белгісіздеу ақындар шығармашылығын зерттеуге ден қойған. Қазақ халқының өзі ақындарды дәріптеп, әулие санап, әлпештеп төбесіне көтерген. Ол тегіннен тегін емес. Себебі ақын аузынан шыққан жалғыз ауыз сөз ұрпақтан ұрпаққа жеткен.

Ақындардың тасқа қашалып, ақ қағаз бетіне түскен өлең-жыры түгіл, оқыста аузынан шығып кеткен жалғыз ауыз сөзі мәңгілік ел есінде қалған.

Ғалымның қаламынан туындаған шығармалары көпшілігінің бір ерекшелігі — тағдыр тауқыметінің салдарынан есімдері елге етене таныс бола қоймаған ақындардың еңбектерін жарыққа шығаруға атсалысуы және мұны олардың мерейтойларына орай жариялап отыруы. Мысалы, XIX және XX ғасырлардың тоғысында өмір сүрген өрен де ерен көрнекті ақындардың бірі Байсалбайұлы Ахметбектің туғанына 130 толуына орай Рашит Әл-Карени (Каренов) «Көмейінен жыр төгілген Ахметбек ақын» кітабын жарыққа шығарды. Кітапта автор ақынның бүкіл саналы өміріне қалың бұқара халық жағында болып, оның жоғын жоқтап, мұңын мұндап, мүддесін қорғап өткендігін, ақынның өмір сүрген кезіндегі қоғамдағы келеңсіздікті, халық басындағы ауыртпалықты, сол дәуірдегі көкейкесті мәселелерді өз жырының тақырыбы еткендігін тұңғыш рет кең көлемде ғылыми-публицистикалық, танымдық тұрғыда зерттеп жазды. Ақиқатты айтуға келгенде, әл-Карени ғалым әділеттің жағына шығып отырады. Мысалы, туындылары ешбір жерде жарық көрмеген осы Ахметбек ақынның шығармаларын ерінбей, тірнектеп жинап өлеңдер жинағын жарыққа шығарды ақынның кейбір өлеңдерін басқа ақынға теліп, әдеби баспасөзде шу шығарған журналшыларға да ақын шығармаларының өзінікі екендігін заң жолымен дәлелдеп бергенін де көзі қарақты оқырман қауым біліп отыр («Жұлдыз» журналы, 2006, № 1).

Жалпы осы тұста айтылуы тиіс жайт, өткен ғасырларда өмір сүрген бірқатар қазақ ақындарының, қаламгер жазушыларының көптеген туындыларын ұзақ уақыт заман тезіне орай жұртшылыққа кеңінен жария ете болмауы, әдеби-ғылыми айналымға кеш қосылуы, сондай-ақ ұстанған бағыт-бағдары кеңестік идеологиямен үйлеспеген кейбір шығармашыл тұлғалардың еңбектерінің жарық көрмеуі, жалпы әдеби мұра мәселесінің игерілуін біршама қиындатқаны айдай анық. Ел тәуелсіздігімен жарыса жеткен жаппай жариялылық бұрынғы мұндай жасанды

кедергілердің бәрін алып тастады. Қолдан жасалып келген күллі кертпе іс кері ысырылды. Нәтижесінде – асыға күтіп, аңсай қауышқан мол қазынаға киіктік. Талай арыстардың ашылмай келген еңбектері есігін аштық. Бірақ бүгінде біреудің шығармасы біреуге телініп, бұрыннан белгілі шығармалардың жаңа авторы табылып дегендей, сырт көзге білінбесе де осы салаға қатысы бар адамдар сезіп жүрген қызық «қойыртпақтар» да көрінбей қалып жатқан жоқ. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бастапқы ширегінде өмір сүрген кейбір ақын-жыраулардың соңында қалған мұралардың осыған сабақтасатын мысалдарын кездестіре аламыз. Қайталанбас көрнекті ақын Байсалбайұлы Ахметбектің мұрасы да бұдан сырт тұра алмайды.

Туындылары жеке кітап болып шықпаған айтыс ақындарының бірі — Құлтума ақын. Ғалымның «Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын» атты кітабында Құлтума Өтемісұлын өзі жасаған заманның перзенті, өзі өмір сүрген дәуірдің өнерпазы: ақыны, әншісі, композиторы ретінде жоғары бағалаған. Табанды зерттеушінің пайымдауынша, өнер адамның өрге жүзуі өз бойындағы шығармашылық күшке, өзі өскен ұлттық ортаға, өнер-білім дәнін сепкен жанға рухани азық беріп, ой-қиялын дамытқан туысқан халықтардың озық адамдарының ізгі ықпалдарына тығыз байланысты. Асылы, қазақ топтарындағы озық бұқарашыл идеялардың қарыштай дамуына ең күшті себебі өркениетті елдер мәдени жетістіктердің арқасы, XIX ғасырдың екінші жартысында жасаған революцияшыл демократтар идеясына сүйенген орыстың бай класикалық әдебиеті, өнері. Шоқан, Ыбырай, Абайларды туғызған әдеби орта қандай десек, Біржан, Ақан, Құлтума, тағы басқа өнерпаздардың жетістіктері де сол қауымға ұштасады. Автордың көрсеткеніндей, ұлы Абай қазақ поэзиясында жаналық жаршысы болып, оның реалистік бетін ашса, музыка өнерінің қазақ торыпағандағы жаңа бағытын Біржан, Ақан, Құлтума бастап береді. Бұлардың өнерімізді дамутудағы әсерлері, олардың өскен орталары, алған өнегелері шығармашылықтарының қайнар көзі – бәрі сабақтас деп ой түйіндейді автор.

Қазақ әдебиетіндегі тұнығы майланбаған өзіне тән қуатымен арнасына сыймай буырқанып тасып жатқан сондай таза бұлақтардың бірі — Мақсұт Байсейітов поэзиясы. Кеңестік кезеңнің уақыт уысынан шығармай, шығармашылықты тар шеңберге қалап қойған кезінде де, елдің, қоғамның өсіп-өркендеуіне кесірі тиген кертартпа тіршілігін астарлап болса да, ретін тауып қиыннан қиыстырып жалғанның жарығына шығарған шайырлар болғаны белгілі. Солардың қатарында қайсар ақын Мақсұт Байсейітовтың да болғанын зерттеуші-ғалым мақтай, мадақтай жазды. Ғалымның бұл еңбегіне дарынды ақын Мақсұт Байсейітовтың өмірі мен саяси-әлеуметтік лирикасы, табиғат пен махаббат лирикалары көптеп табылатын шығармалары арқау болды. Ғалымның бұл ғылыми-әдеби монографиясын Арқаның акберен ақынын әрқашанда қадірмен тұтатын оқырмандарына татымды тартуы деп санауға болады.

Әл-Каренидің (Кареновтың) қай шығармасын алсаңызда бәрі де тың, бәрі де ерекше. Рекең сөз өнеріндегі алғашқы туындысынан бастап, жуырда жазған қос томдық «Энциклопедиялық анықтамалығында» да, жалпы, барлық шығармаларының қай-қайсысында да өмір шындығы шынайылығымен, сенімді де нанымдылығымен өзгеше көзге ұрып тұрады.

Қазіргі кезең біз өз тарихымызды жалтақсыз зерттеп, тіліміздің, өнеріміздің терең тамырларын тануға кіріскен кез. Енді біз мәдени өмірімізге қара таңба салған, ұлы азаматтарымызды қиянаттап ластаған, пәле-жала жабу арқылы қырғынға ұшыратқан сұмдықтарды ашық жариялаймыз. Сонда өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанғандай рахат қуанышқа бөленеміз. Мінеки, сол қайта тірілген, қайта жанған отымыздың бірі — даңқты жырлардың авторы, жарты ғасырдан аса атын да атауға рұқсат етілмей келген Мағжан Жұмабаев. Зерттеуші әл-Карени өзінің «Алдаспаны Алаштың ақын Мағжан» атты кітабында Мағжан поэзиясының түпкі, өзекті ерекшеліктерін қазіргі тәуелсіз таным тұрғысынан қарастырған орынды деп санайды. Автордың пайымдауынша, мағжантану дегеніміз — қазақтану, ұлтты, өзімізді танып білу деген сөзбен пара-пар.

Мағжантанудың бел ортасында Әлихан Бөкейхан, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытов, Смағұл Сәдуақасов, Қошмұхамбет Кемеңгеров, Нәзір Төреқұлов, Ғаббас Тоғжанов, Сәбит Мұқанов, тағы басқалардың тұрғандығын айта келіп, автор «осы тізімнің өзі-ақ аталған адамдардың қазақ тарихынан, қазақ әдебиетінен, ұлттық ақыл-ойдың тарихынан алатын орнына қарап-ақ, Мағжанның бейнесіне, ақындығына деген ықыластың және қарсылықтың қаншалықты күшті болғанын шамалауға болады» деп қорытынды жасаған.

Егемендігіміздің жиырма жылдығына арнап зерттеуші-ғалымның қазақтың «Көмекей әулиесі» Бұқар жырау Қалқаманұлынан (1668–1781) бастап, «поэзияны адам жанының шырылы» деп

бағалаған Мұқағали Мақатаевқа (1931–1976) дейінгі есімдері XVII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырда кең тараған ақындардың шығармашылық жолдары, қаламгерлік қуаты және туындыларының тарихы баян етілген «Алаштың жиырма жыр алыптары» атты екі томдық кітабын жарыққа шығарды. Автордың ондағы мақсаты халқымыздың ұлттық зиялыларын, сондай-ақ елеусіз қалған есіл ерлерімізді көпшілікке насихаттау.

Рашит Саттарұлы әл-Каренидің (Кареновтың) қаламынан туған шығармалардың барлығы құнды. Тіпті ең жай ғана деген дүниесінің өзінен оқырман жуық арада жадынан өшпес, есінен кетпес не бір тарихи-әлеуметтік оқиғаға, не бір ерекше тұлғаға жолығары сөзсіз. Нәтижесінде тағы да бір тұлғаны жақыннан білуге жол ашылады. Осы ерекшелік Р.С. әл-Каренидің (Кареновтың) бүкіл әдеби туындысына тән ортақ қасиет десе де болады.

Рекең өз шығармаларында жеке адам мен қоғамның қатынасында адамның жаншылып қалмауы керектігі, адамгершілік мұраттардың әрдайым жоғары тұруы жайлы жар салады. Жан-жақтан әркім өз құндылығын тықпалап жатқан жаһандану заманында біздің құндылықтарымызды, өз болмыс келбетімізді сақтап қалу, ол үшін адамзаттың бастан кешкен осынау тағылымдарын ескеру, сабақ алу, міне — заманымыздың ойшыл ғалым, сөз зергерінен алар пайымымыз. Оның туындылары әдебиет қана емес, әмбебап сипаты бар жалпыға бірдей әлеуметтік-эстетикалық құндылыққа айналды.

Қай ғалымның болса да өмірбаяны оның шығармаларында. Ғалым ғұмырының бөлінбес бөлшектері, тағдырының кейбір сәттерінің қайталанбас кезеңдерінің көріністері оның шығармаларынан, сөз жоқ, өз орнын табады.

Дарынды ғалым Рашит Саттарұлы әл-Каренидің (Кареновтың) еңбектерін оқып зерттегенде оның бүкіл ғаламның қасіреті мен қам-мұңын өз жүрегімен қабылдап, адамзат азабын арқалауға ұмтылысында өзгеше бір ерекшелік бар екендігін байқаймыз.

Өркениет заманының өрелі ғалымына тән жан-жақты терең білім, үлкен эрудиция, ел тағдыры — өз тағдырым деп қарайтын кең құлаш, адам баласына деген кең бауырмалдық, басқаның мұңын бөлуге бейім ақжарма пейіл оның шығармаларының түпқазығына айналғанын уақыттың өзі көрсетіп отыр.

М.Хамзин

*Қарағанды «Болашақ» университеті
(E-mail: abduov_m@mail.ru)*

Тұғыры биік тұлға

Адамзат баласының тарихи жолына зер салсақ, әлемдегі бірде-бір ел басқамен экономикалық, интеграциялық байланысқа түспей тұра алмайтынын көреміз. Экономиканың тиімді салаларын айрықша дамыту үшін озық технологияға негізделетін түрлі аппарат, жабдық т.б. өзгеден сатып алуға болады, ал, өз елінде игеріліп, әбден сенімге енген өнімді немесе технологиялық тұрғыдан жетілген жабдықтарды өзге елге сатуға болады. Бұрын да солай болған, ал, қазіргі нарық заманында тіпті дамуда, болашақта да солай болатыны анық. Демек, олқы тұсында толықтыру үшін қаржы керек, ол болса, бәрін де сатып алуға болады.

Сонымен қатар тағы бір шындықтың бетін аша кетейік, ол — адам болмысы үшін қажетті ұлттық рухты ешқандай ақшаға сатып ала алмайтындығың. Сірә, бұл жайт адам-пенденің сәби кезінде анасының ақ сүтімен, қоршаған ортасының тәлім-тағылымымен, жан дүниесіне сіңген табиғи ұлтшылдығымен түсіндірілсе керек. Ал, шыр етіп дүниеге келгеннен бастап ат жалын тартып мінгенге дейінгі аралықта болмысына берік ұя салған әлгі қасиет, сипат сол азаматтың өмір бойы адастырмас Құбыланама-Темірқазығы болары айдан анық.

Дәл осындай азаматтың қатарына өз басым даңғайыр ғалым, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Рәшит Саттарұлы Кареновты жатқызар едім. Бұл жерде экономист-ғалымның дәл осы ғылым саласына сіңірген ұланғайыр еңбегін, соған орай қол жеткізген қыруар марапаттарын айтудың қажеті болмас, себебі

экономика саласы даңғайыр ғалымының сол тараптағы өлшеусіз үлесін жіктеп, талдауға өреміз жете қоймас.

Біздің айтпағымыз, осынау тұғыры биік азаматтың ұлттық руханият саласына сіңірген еңбегіне байланысты.

Бірден басын ашып айтайық, Рәшит Саттарұлы өз мамандығына орай, экономика саласының ірі ғалымы ретінде өзін өзгеге таныта алды, ал, сол сала бойынша ірі компания, фирма т.б. алпауыт қызметтердің басшысы деген лауазымды қызметте болса да, ел аузына ілігер жақсы жағынан көрінер еді, алайда ол дәріс оқитын ұстаздық қызметті таңдады, Ұлы Мәртебелі Студентке қызмет студі, ел болашағының ертеңгі уақыттағы үкілі үміттеріне ғалым ретінде, азамат ретінде, ұлт руханиятына ерекше ден қойған тұлға ретінде тәлім-тәрбие беретін экономист-ғалым өз саласына қатысты іргелі еңбектерін жарияламай-ақ, ұлт руханиятының жоқшысы ретіндегі жазған еңбектерімен де ел жадынан берік орын алуға тиісті-тін. Алайда осынау тұлғалы азаматтың мақтау, марапат үшін еңбектенбегеніне бәс тіге аламыз.

Рәшит Саттарұлының пешенесіне Тәңірі экономист-ғалымдықпен қатар, Ұлт руханиятындағы кемшін тұстарды толықтыруды жазған-ау деп ойлаймыз. Ұлттық құндылықтардың шын мәніндегі Жоқшысына айналған осынау тұғыры биік тұлғаның еңбектеріне арқау болғандарға тоқталайық. Абай, Кенесары, Әлихан, Абылай, Шерубай, Мәнжі, Таймас, Таңшалақ, Игілік, Байдалы, Наурызбай, Нұрбай, Мағжан, Махамбет, Бекайдар, Қаман, Құлтума, Нұрлан, Тәти, Ахметбек, Шөже, Тауасар, Мінеж Жармұхамедов, Максұт Байсейітов, Кәрім Мыңбаев, Мойын баба, Мәшһүр Жүсіп, Қареке баба, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Бұқар жырау, Орынбай, Міржақып, Мұқағали, Нарманбет, Дулат, Сүйінбай, Шортанбай жырау, Мұстафа Шоқай, Д. Шаймұқанов, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Телжан Шонанұлы, А. Байтұрсынов, Х. Болғанбаев, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Досмұхамедұлы, Қ. Кемелгерұлы, О. Әлжанов, У. Танашев, Ақан сері, С. Мұстафин, С. Асфендияров, Қ. Аманжолов, Ә. Марғұлан, Махмұд Қашқари т.б. оның мерзімді республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында жеке мақала, ой-толғам ретінде жарық көрсе, қазақтың шежіресі т.б. газет-журналдарда ғана емес «Қаракелер (Шежіре)», «Мәңгілік құндылықтар саңлақтары — Творцы немеркнувших ценностей», «Әрі көсем, әрі шешен Байдалы би», «Қазақтың үш ұлы көсемі», «Тұғыры биік тұлғалар», «Азаттық батыры Мәнжі батыр», «Жеті атасын білген ер... (Арғыннан шыққан Мойын баба ұрпақтарының шежіресі)», «Көмейінен жыр төгілген Ахметбек ақын», «Алаш азаттығының ақиығы Имам Әлімбеков», «Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын», «Аралбай руының шежіресі (Аралбай батыр: Шежіре)», «Ақын-ақ еді (Максұт Байсейітовтың поэзиясы хақында)», «Алаштың жыр алыптары. 2 томдық», «Алдаспаны Алаштың ақын Мағжан», «Жұмабек Тәшенов — Алаштың жүз жылда біртуар алып тұлғасы», «Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жиырма көшбасшылары», «Үш жүздің шежіресі және Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары: Энциклопедиялық анықтамалық (2 томдық)» сияқты кітаптары арқылы өрісін тауып, кең түрде насихатталды. Ірілі-ұсақты ғылыми-публицистикалық әрі тарихи сипаты басым мақала, еңбектерін айтпағанның өзінде, 2000–2014 жылдар, яғни он төрт жыл ішінде, Р. Кареновтың қаламынан өмірдің өзі алға тартып отырған өзекті мәселелерді арқау еткен он тоғыз көлемді кітабы жарық көрген екен, ал, дәл осы жайттың өзі-ақ көп нәрсені аңғартса керек. Ақиқатын айтсақ, публицистикалық, ғылыми сипатты ықшам еңбек те, арнайы зерттеуді мақсат тұтқан кітап та тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси ақиқаттан ауытқымауы қажет. Ғасырлар қойнауындағы шындықтан сыр тартқанда, бүгінгі уақыт биігінен үңілу бар да, сол тұстағы нақты хал-ахуалды бағамдау бар. Міне, мәселеге осы тұрғыдан үңілсек, Рәшит Саттарұлының еңбектерінде де бір тарихи тұлғаның шығармасы екінші бір танымал жанның шығармалары ішіне еніп кетуі т.б. жайттар кездесіп қалатыны жасырын емес. Алайда газет-журнал беттеріндегі сол еңбектерінің азды-көпті кемістіктерін автордың көлемді кітаптарында түзеп, екшеп, толықтырғаны, жекелеген тұстарына нақтылық сипат енгізіп, өзгерткені бірден байқалады. Автордың осынау он тоғыз кітабына ғылыми, монографиялық еңбек деп атау бере бермегені де құптарлық. Оның әрбір мақала, еңбегі, кітаптары түгелдей дерлік танымдық сипатқа ие дер едік. Таным — күрделі ұғым. Ол автордың өз «Мені» арқылы көрініс беріп, уақыт өте келе, көпшіліктің «Біз» ұғымына айналса ғана, өміршеңдік сипатқа ие болмақ. Автор бұрын ешкім айтпаған, жазбаған проблеманы алғаш көтеріп отыр дегенді де айтқалы отырған жоқпыз. Қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар, Ұлы Даланың мәдениеті мен өркениетінің ешкімге ұқсас даралығын айғақтаған дарабоздар, күні кешегі алаш қайраткерлері, олардың жанкешті еңбегі, биік зияткерлігі т.б. кешегі уақыт аясында да, бүгінгі уақыт аясында да зерттеліп, зерделену үстінде. Алайда қазақ мәдениеті мен жалпы адамзаттық құндылықтар қатарынан ойып тұрып орын алатын руханиятты кешегі тоталитарлық заманда қалайша зымиян саясат тұншықтыруға тырысты. Абай да, асыл текті

Кенесары да, Әлихан мен Әлімхан да — бәрі де патшалық кезеңнің, сол жүйенің кейінгі уақыттағы бірден-бір заңды мұрагері болған кеңестік дәуірдің құрбандығына айналды. XIX ғасырдағы Кавказдың кішкентай ғана елінен шыққан Шәміл мен қазақ ханы Кенесарының тағдырын салыстырсақ та, империяның қазаққа деген шынайы пиғылын жазбай танысыз.

Міне, осыларды зерделей келе, шынайы тарихи тұлғалар мен олар ғұмыр кешкен уақыттың қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттарын кешенді түрде ғылыми, танымдық еңбектер арқауына айналдырудың қаншалықты маңызды екенін аңғарасың. Мұхиттай терең тарихы бар ұлтымыздың шынайы тарихнамасын тәуелсіздік кезеңінің биігінен қайта таразылау қазақтың ұлттық рухын асқақтатады дер едік. Ал, ұлттық рух елжандылыққа бастайды. Білімі де, байлығы да бір басына жетерлік Алаш арыстары сол ұлттық рух үшін күрескенін жадымызда ұстаған абзал. Ендеше, Рәшит Каренов еңбектеріне баға бергенде, мәселеге осы тұрғыдан келгеніміз абзал. Авторды шынайы еңбеккер, ізденгіш, әр тарихи тұлға мен құбылысқа өзіндік көзқарасы бар деп бағаласақ, ірі еңбегі қазақтың сол Ұлттық рухын биіктететін, жігерін жаныған ғалым деп түйіндегеніміз орынды.

Әрине, мақала көлемі кеңінен көсілуімізге мүмкіндік бере бермейді. Алайда Рәшит аға Кареновтің он тоғыз кітабындағы негізгі өзекті мәселелерге аз да болса, тоқталсақ, көп нәрсеге көзіміз жетеді. Ол, бәрінен бұрын, қазақ шежіресінің түзілуіне ерекше еңбек сіңірген автор. Ол кешегі патшаның отаршылдық саясаты нәтижесінде тәуелсіздік идеясын жасқанбай көтеріп, қарағайдың қарсы біткен бұтағындай қайсарлық көрсеткен танымал тұлғаларды өз көзқарасы тұрғысынан зерттеп, зерделеп әрі насихаттап жүрген тұғыры биік азамат.

Ол — кешегі дәуірде өте сирек кездесетін құбылыс — ел тәуелсіздігі үшін жанын қиған аса биік зияткерліктің, асқақ мәдениеттің иелері, бір басына саясаткер, қайраткер ұғымдарымен қатар, тарихшы, журналист, философ, педагог, лингвист, әдебиеттанушы ұғымдарын сіңірген, сөйтіп, ұлт мақтанышына айналған Ә. Бөкейханов бастаған Алаш арыстарын зерттеген ғалым.

Ол — бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасын қалаған, тағдырлары трагедияға толы Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай, Ж. Досмұхамедов, М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасов, Ж. Ақбаев, Ж. Аймауытов, Р. Мәрсеков, Т. Шонанов, У. Танашев, Х. Болғанбаев, Қ.Кемеңгеров, И. Әлімбеков, О. Әлжанов, С. Мұстафин (автордың «Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жиырма көшбасшылары» атты кітабындағы ірі тұлғалар) сияқты халық мақтанышына айналған танымал тұлғалардың бергі уақыттағы ізбасары, қайсар азамат Ж. Тәшеновке өз еңбегі (зерттеу кітабы) арқылы еңселі ескерткіш соққан автор. Бір ерекшелігі, Р. Каренов айтулы би, атақты ақын, сұңғыла тұлға, сарабал саясаткер т.б. туралы зерттеу еңбектерінде қазақтың ұлттық кескін-келбеті мен болмыс-бітімін басты назарда ұстайды және, ең бастысы, сол ұлы тұлғалардың еңбегін тәуелсіздікке қол жеткізген қазіргі уақытымыздың биігінен саралап, баға береді. Автор кітаптарына енгізген танымал ұлы тұлғалардың әрқайсына жеке-жеке қалың кітап арнауға болар еді. Соны түйсінген автор әр тарихи тұлғаның ел тарихында алатын орны мен сіңірген еңбегіне қысқа да нұсқа тоқталып, толымды түйін жасаған.

Қазіргі жастар кітап оқымайды дегенді жиі айтамыз. Тіпті «Мәдени мұра» бағдарламасымен шыққан дүниелердің өзі тек кітапхаларға ғана таратылады. Кітаптан гөрі, басқа нәрселермен көбірек айналысатын (зиянды ақпараттар ағымы, ғаламтор т.б.) жас буын үшін Р. Кареновтың біз жоғарыда көрсеткен еңбектері әрі түсінікті, әрі анықтамалық сипаты басым, әрі қолжетімді болғандықтан, оқушы мен студент үшін (жалпы оқырман жұртшылықты айтпағанның өзінде) аса қажетті құндылық дер едік.

Рәшит аға Каренов — елін қорғап, жанын қиған Шерубай, Мәнжі батырлар мен ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешкен Байдалы т.б. билер, сондай-ақ қазақтың асқаралы тұлғалары Таймас, Игілік би, репрессияға ұшыраған Ахметбек, ұлттың ұлы ақындары, алаш қайраткерлері туралы толғамды ой-пікірлерін өз танымы аясында ортаға салып келе жатқан азамат. Ұлы тұлғалар ғұмырын зерттеу оны тұғыры биік зерттеушіге айналдырғанын баса айтқымыз келеді. Ал, осынау ізденіс, түптеп келгенде, автор еңбектеріндегі ұлттың тектілігі мен зияткерлігінен, биік рухы мен ешкімге ұқсай бермес бай тарихы мен өзгеше болмысынан бастау алғанын айту парыз дер едік.

Р.С. Каренов биылғы жылдың қазан айында жетпіс жасқа толмақ. Абзал ағаның өз еңбектері арқылы жас ұрпақ болмысына сіңіруге бағытталған тағылымы мен тәліміне қызғанып емес, қызығып қарайтынымыз рас.

Тұғыры биік азаматты мерейтойымен құттықтап, шығармашылық табыс, отбасына береке-бірлік тілейміз.

Р.Сыздық

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы

**Х.М.Нұрмұхановтың «Сөз және сезім» атты монографиясының
қолжазбасы туралы пікір**

Еңбек ғылыми-теориялық және ғылыми-танымдық тұрғыдан жазылған. Жұмыстың ең басты құндылығы — бүгінгі таңдағы тілтаным ғылымының жаңа талаптарының бірі антропоцентристік бағытта зерттеу дегенге сай келеді, яғни сезім және оны білдіру адамға ғана тән, сондықтан зерттеуші осы сезімді адам тіл арқылы қалай білдіреді деген үлкен проблеманың бір пұшпағын таңдап алған. Оны фактілермен нақтылау үшін ұлы жазушы М.Әуезовтің драмалық шығармаларының тілін (дәлірек айтсақ, сөз қолданысын) талдаған. Мұның да орынды уәжі бар: адам өзінің әр алуан сезімін бір-бірімен жүзбе-жүз сөйлескенде немесе шаршы топ алдында сөйлегенде айқынырақ, жиірек көрсетеді, демек, эмоциялы, экспрессивті элементтер осы тұстан табылады. Ал мұндай мүмкіндік драма жанрында болатыны мәлім.

М.Әуезов — қазақ әдебиетінің драма жанрын бастап берген, үлгісін көрсетіп берген қаламгер.

Жұмыстың ғылыми-теориялық ізденіс екендігін біз мына тұстардан танимыз. Ғалым Х.М.Нұрмұханов зерттеу нысаны болып тұрған сезім көрсеткіші — эмоция туралы бұрын айтылып келген түсініктерді баяндай келіп, бұл ұғымды сөз еткен кейбір орыс ғалымдарына, «Үлкен Совет энциклопедиясында» берілген анықтамаларға сыни пікір айтады (11, 13-б.). Эмоцияны білдіретін жеке сөздерді ғана емес, сөз тіркестерін ашып көрсетеді. Сірә, біздің байқауымызша, қазақ тілінде эмоциялық қасиет (қызмет) тек жалаң сөздерде ғана емес, сөз тіркестерінде, әсіресе кәнігі (ұлттық) бейнелі фразеологизмдерде де көп болатын сияқты.

Демек, автор эмоциялық лексика жайындағы таным-түсініктерді баяндап қана қоймайды, өз түсінігін білдіреді, өзіне дейінгі зерттеушілердің айтқандарына сын көзімен қарайды. Мысалы, эмоциялық лексика орнықтылық пен тиянақтылыққа ие емес деген орыс ғалымдары А.М.Фенкель, Н.М.Баженовтардың пікірлерін қостамайды (18, 19-б.).

Теориялық тірек ретінде эмоция мен экспрессияны тануда да лингвистикалық сөздік иелері Ахманова мен Марузомен де келіспейтінін дәлелдейді (24-б.).

Ал жұмысты ғылыми-танымдық деп бағалауымызға Х.М.Нұрмұхановтың экспрессивтілікті дамытуда қолданылатын эмоциялық сөздердің қазақ тіліндегі, дәлірек айтсақ, М.Әуезов драмалары тіліндегі көрінісін өте жақсы және кеңінен талдаған. Бұл осы жұмыстың арқауы, арқауы ғана емес, тұтас бітімі. Соған орай едәуір көлемді бұл жұмыстың екінші, үшінші тарауларында тура мағынасында эмоционалдық пен экспрессивтік мән (мағына) бар сөздер мен ауыспалы мағынада эмоциялық пен экспрессивтілікті көрсететін (беретін) құралдарды жеке-жеке талдайды. Ол құралдар: метафора, эвфемизм, кейіптеу, метонимия, синекдоха, символ мен аллегория, ирония, сарказм, юмор, сатира, гипербола, литота, эпитет, теңеу болып келетін жеке тұлғалар мен сөз тіркестерін бөліп-бөліп үшінші тараудың тараушалары етіп талдайды. Мұндағы талдаулар мен оларға алынған иллюстративтік материалдар өте дұрыс дәлелді, сәйкесті. Осы талдаулар барысында зерттеуші еңбегінің көзге түскен және бір сәттерін атап айтуға болады.

Оның бірі — әрбір тақырыпқа қажет материалдың (мысалдың) молдығы мен сәттілігі. Бұнда монография авторының ерен еңбегіне тәнтіміз. Өйткені зерттеуге алынған тақырыптарға қажет иллюстративтік материалды (мысалдарды) іздестіру мен оларды дұрыс танып жіктеп алу — қиынның қиыны. Ол үшін іздеуші қазақ тілінің сөздік қазынасын жақсы білетін, әр сөздің сол жердегі

қолданыс уәжін дәл танитын, дәл тану үшін әр тараушадағы эмоциялық-экспрессивті құралдардың сыр-сипаты мен қызмет өресін жақсы түсінетін лексиколог-маман болуы керек. Біз пікір талқысына салып отырған осы еңбектің тақырыбы күні бүгінге дейін қазақ тілтанымында арнайы сөз болмай, яғни не диссертациялық жұмыстардың, не арнайы монографияның нысаны болмай келуінің бір себебі осында жатыр. Зерттеу объектісінің материалын жинау — әрі кең білікті керек етеді, әрі қыруар «қара жұмысты» атқаруды қажет етеді, яғни керек материалды, мысалы, бұл жұмыста М.Әуезовтің драмалық шығармаларының бәрін түгел бастан-аяқ оқып, сүзіп шығу, салыстыру үшін, не кейбір тұжырымдарын дәлелдеу үшін өзге авторларды да, өзге шығармаларды да жалықпай оқып, керек нысанды тауып алу сияқты төзімділікті, ұқыптылықты, көп уақытты қажет ететін «шаруаға» — аталған тақырыпқа барғанын автордың — сүйсінер, үлгі етер қасиеті дер едім.

Сөз болған объектілердің ішінде әсіресе омонимдердің (*Қонай қонжияды... Жігер колхозы жігерлімісіндер, Іңкәр, іңкәрің сол екен-ау*), алогизм мен оксюморондардың (*қой қасқырмен бірге өрген күн... бір өлмедім, екі өлдім... тірідей өлгенім* т.б.), неологизмдердің, жалған этимологиялық сөздердің (*бадырақ – батырақ, көктабан – котлован, мадақият – мәдениет*) талдаулары өте жақсы берілген. Бұларға мысал тауып алудың өзі зерттеушіден үлкен білгірлікті, сөз сырына деген аңғарымпаздықты керек ететіндігін және олардың өте сирек ұшырасатындықтарын айтсақ, бұл жұмыстың құндылығы арта түседі.

Эмоциялық, экспрессивтік бірліктердің осы сипатқа ие болып келгендерін топ-топқа жіктеп, бір жұмыста көрсету зерттеудің құндылығын, қажеттігін танытумен қатар, үлгісін де береді. Осы категорияларды әр түрлі мақсатта (жағдайда) сөз еткісі келген оқытушыларға, лексиколог және стилист мамандарға осы еңбекте талданған иллюстративтік материалдың өзі таптырмас қазына! Олардың бір жұмыста шоғырлануы оның құндылығын арттыра түседі. Бұл материалдардың ішіндегі метафора мен эпитеттерді кеңірек талдаған, тіпті эмоциялық-экспрессивтік мән алып қолданылатын 25 сөздің тізімін берген. Бұл да – осы тақырыпты әр тұстарда сөз еткісі келгендерге таптырмас дайын дүние.

Жұмыстың келесі құндылығы — оның бағдарламалық сипатында. Әр мәселенің тұсында өзгелерге айтылған сын пікірлер, әсіресе «алдымыздағы шамшырақтай» болып келе жатқан орыс тілтанымының ғалымдарының тұжырым-танымдарына, жоғарыда көрсеткеніміздей, сын көзімен қарап, өзі білдірген таным-топшылаулары келесі зерттеушілерді бұл тұстарға тереңірек баруға итермелейді.

Қолжазбамен танысқанымызда және бір көңіл аударып, мына бір жаңалық екен деп сүйсінген тұсымыз – тақырып аттарының өзі оқырман сезіміне тиетін әсерлі, әдемі етіп берілгені, яғни олар екі құрамды: алғашқысы – қарапайым, мейлінше түсінікті атау болады да оның жалғасы *немесе* деп берілген ғылыми термин болып келеді: *сөз бен сезім сыпайылығы, немесе эвфемизмдер қолданысы; Қиысқан қайшылық, немесе алогизм мен оксюморон; Сөз бен сезім уыты, немесе иронияның қызметі; Тіл тас жарады, немесе сарказмның эмоционал-экспрессивтілігі* т.т. Қарапайым (ғылыми термин емес) сөздермен берілген тақырып атауының өзінде кейбіреуі экспрессивті (көркем) сипатта көрінетін сияқты: *сөз өрнекті – сезім көрнекті*, немесе метафораның қызметі; *Түймедейі түйедей*, немесе әсірелеу (гипербола); *Түйедейі түймедей*, немесе литота; *өзі ұқсамағанды сөз ұқсатады*, немесе теңеудің бейнесі мен әсері.

Сірә, ғылым тілі – қасаң (көріктілігі шамалы) тіл болады деп санаймыз да, сезімге ерекше әсер ететін айшықты қолданыстарға бой алдырмаймыз ғой. Ал ғылыми еңбектердің мәтіндерінің де әр тұстарын ретін келтіріп «жаркылдатып» қойсақ, яғни оқырманға әсер ететін көрікті (көркем), ойнақы сөздермен өріп отырсақ, артық болмауы мүмкін. Ол үшін тілді «ойнататын» сәтті дәл таба білу керек. Мысалы, біздің авторымыз бұл тұсты тақырыпша атауларынан тапқан сияқты.

Қорыта келгенде проф. Хайролла Нұрмұхановтың біз қолжазбасына пікір білдіріп отырған «Сөз бен сезім» атты ғылыми монографиясын теориялық-танымдық тұрғысынан өте құнды (жоғары сапалы), тілтаным саласының жаңа бағыттарына үн қосатын, яғни, антропоцентристік ұстанымды ізденіс деп танимыз. Бұл жұмыс бүгінгі қазақ тілтанымының (тіл білімінің) заман сұранысына сай келетін зерттеулерге барып отырғанын көрсететін еңбек екенін де баса айтамыз. Жұмыс авторы — бұрын да «Сөз және шеберлік» (Алматы: Ғылым, 1987) сияқты аса құнды еңбегі мен ондаған ғылыми мақала жариялаған белгілі ғалым, қазақ лексикологиясының бірі емес, бірегей маманы. Ғалымның тек осы қолжазбасын ғана емес, өзге де жазып, жинақтап тұтас дүние етіп жариялауға аса құлықсыз болып келген, бірақ оларды түбінде бір жинақтап, іріктеп, тұтастырып, жеке басылымдар етіп

ұсынармын деген еңбектерін жариялау қажеттігі даусыз, бұл жұмысты шәкірттері мен өзге де әріптестері қолға алса дейміз.

Рецензиялап отырған жұмыстың қолжазбасы жақсы терілген. Ескерілер тұстары: қолжазба компьютердегі терілім стандартын сақтамапты: бір беттегі әр жолдың таңба саны да, әр беттің жол саны да артық. Бұл қолжазбаның 135 беті дұрыс терілгенде ең кемі 180–190 бет болады. Екінші ескертеріміз — қолжазбаның әр жерінде әріп қателері (орфографиялық) бар, түзетілуі қажет.

Сөйтіп, пікір жазылып отырған «Сөз және сезім» атты еңбектің қолжазбасын, азын-аулақ орфографиялық қателерін түзетіп, осы қалпында баспаға ұсынуға әбден болады.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Abduov, M.I.** — Dean of Philology Professor of chair of Kazakh literature, Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Adayeva, Ye.S.** — Associate professor philology of the Kazakh language, literature and culture, Candidate of Philology, Nazarbayev University, Astana.
- Aiytbayeva, B.M.** — Associate professor of a practical course of the Kazakh language, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Amanbayeva, G.Yu.** — Doctor of Philology, Professor, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Daurenbekova, L.N.** — Associate professor philology of the Kazakh language, literature and culture, Candidate of Philology, Nazarbayev University, Astana.
- Zhetibaiyuly, U.** — Professor, Ili Pedagogical University, China.
- Il'yasova, N.A.** — Abaiy Kazakh National Pedagogical University, Almaty.
- Iskakuly, S.** — professor, Ili pedagogical University, China.
- Karenov, R.S.** — Marketing professors, Economy doctor, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Khamzin, M.** — Professor of chair of Kazakh literature, Doctor of Philology, Karaganda University «Bolashak».
- Khozhasayn, Kasipbek** — Graduate student, Hovda State University, China.
- Kopzhassarova, U.I.** — Associate professor of English and Lingvodidactic, Candidate of pedagogical sciences, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kretova, L.N.** — Head of the department of English, Candidate of Philology, Novosibirsk State Pedagogical University, Russia.
- Kuanysheva, A.B.** — Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Nurzhanova, A.A.** — Undergraduate of faculty of foreign language, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Rakhimbayeva, B.O.** — Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Rakhimov, B.S.** — Professor of chair of Kazakh literature, Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Shipitsyna, A.Yu.** — Undergraduate of faculty of foreign language, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Smagulov, Zh.K.** — Professor of chair of Kazakh literature, Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Syzdyk, R.** — Professor of chair of Kazakh literature, Doctor of Philology, A.Baiytursynov Institute of Linguistics, Almaty.
- Toleubekova, A.T.** — Graduate student, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Yushko, N.F.** — Graduate student, Ye.A.Buketov Karaganda State University.

**2014 жылғы «Қарағанды университетінің хабаршысында»
жарияланған мақалалардың көрсеткіші.
«Филология» сериясы**

№ б.

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛ БІЛІМІ

<i>Аманбаева Г.Ю., Төлеубекова Ә.Т.</i> Ғылыми дискурстың онтологиялық өлшемдері	4	46
<i>Аманбаева Г.Ю., Юшко Н.Ф.</i> Қазіргі заманғы психолінгвистикалық зерттеулердегі тілдік тұлғаның жеке лексиконы ұғымы	4	53
<i>Көпжасарова Ү.І., Шипицына А.Ю., Нұржанова Ә.Ә.</i> Орыс және ағылшын тілдері фразеологизмдерінде ұлттық мәдениеттің бейнеленуі	4	39
<i>Көпжасарова Ү.І., Шипицына А.Ю.</i> Ағылшын және орыс тілдерінің фразеологизмдеріндегі түс атауларының семантикалық ерекшеліктері	1	18
<i>Кртова Л.Н.</i> Н.Заболоцкийдің ерте лирикасындағы синонимикалық авторлық парадигманы сақтау мәселесі	4	32
<i>Куанышева Ә.Б.</i> Орыс тіліндегі әлемнің тілдік суретіндегі «уақыт» концепті	4	23
<i>Нестерик Е.В., Махметова А.Т.</i> Көркем мәтіндегі уақытты субъективті қабалдауды модельдеуге баға беру категориясын білдіретін тілдік құралдардың рөлі	1	23
<i>Плотникова Л.И., Хаирова Г.М.</i> Жоо неология курсының регионалдық материалы	1	4
<i>Сапина С., Есенгелдинова А.Т.</i> Қазақ және ағылшын тілдеріндегі банк саласы терминдерінің қалыптасуы және жалпы сипаттамасы	1	30
<i>Шайбақова Д.Д.</i> Қазақ тілінің графикасы мәселесіне	1	8

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Ажарбекова Ә.Н.</i> Түркі тіл біліміндегі белгілілік/белгісіздік мәселесі	2	53
<i>Әбдірахманова Г.Х., Қалиев Б.А., Жарылғапова А.С.</i> Профессор Т.Р.Қордабаев еңбектеріндегі тіл білімінің кейбір мәселелері	1	57
<i>Әділова А.С., Бейсен Ф.</i> Годонимдер — халық өмірінің тарихи, мәдени және ақпараттық коды... ..	2	12
<i>Жетібайұлы Ү.</i> Тыйым және тыйым сөздер	4	4
<i>Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А.</i> Көне түркі тіліндегі сөйлем мүшелері	3	3
<i>Жүнісова М.Қ., Рахымберлина С.Ә.</i> Қазақ әңгімелеріндегі кейіпкерді бейнелеуші портреттердің берілуі	1	61
<i>Ильясова Н.Ә.</i> Этнотанымдық мәтіндердің лингвокоммуникативтік ерекшеліктері	4	10
<i>Қазанбаева А.З.</i> Төлеген Айбергенов лирикасы тілінің көркемдігі	2	41
<i>Мажитаева Ш., Нығметова Н., Хамзина Г., Бодық Г.</i> Көркем мәтіндегі метафораның стильдік қызметі	2	4
<i>Мажитаева Ш.М., Рахымберлина С.Ә., Рапишева Ж.Д.</i> Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі прецедент есімдердің табиғаты	1	37
<i>Пірімбетов Т.Т.</i> Сөзжасам саласындағы туынды сөз бен туынды түбір мәселелері	2	18
<i>Рапишева Ж.Д., Тәжікеева А., Сейдахметова З.Қ.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі кірме терминдер жайында	2	30
<i>Рапишева Ж.Д., Рахымберлина С.Ә., Ибраимова Ж.Ж.</i> Халықаралық терминдердің қазіргі қазақ тілінде берілу тәсілдері мен жолдары	1	52
<i>Рахымберлина С.Ә., Жүнісова М.Қ.</i> Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі бейресми кісі есімдерінің орны	2	35
<i>Сапарова К.О.</i> Еліктеуіш сөздердің сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалуы	2	58
<i>Тұрсынова М.А., Исатаева Н.Ж.</i> Көне түркі тіліндегі сын есім жұрнақтарының қазіргі түркі тілдеріндегі қалыптасуы	1	44
<i>Тұрсынова М.А., Жуынтаева З.Н.</i> Көне ескерткіштердегі септік жалғауларының қазіргі түркі тілдеріндегі сипаты	2	23
<i>Түйте Е.Е., Блялова А.А., Қадырова Л.Б.</i> Тілдің шығуы туралы теориялар	2	47
<i>Хожажайын Касипбек.</i> Метафораның зерттелу мәселесі жайында	4	16
<i>Ыбырайым Ә.О.</i> Тіл дыбыстарының стилистикалық қызметі	3	8

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИКА

<i>Айтбаева Б.М.</i> Эпикалық шығармалардағы бейнелеу құралдарының рөлі	4	88
<i>Ақышева Ж.С.</i> М.Цветаева поэзиясындағы адресаттың циклқұрушы қызметі	2	134
<i>Әбдуов М.І.</i> Ақиқатты жырлаған акындар мұрасы	2	78
<i>Әбдуов М.І., Жүнісова М.Қ.</i> Жидебай батыр және XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар шап- қыншылығы	1	82
<i>Әбдуова Н.М.</i> Өлең-шежіренің өзекті қырлары	2	143
<i>Дулєбова Ирина.</i> ХХІ ғасыр басындағы Словакия мен Ресей саясаты тіліндегі театралдық ме- тафора	3	68
<i>Жұмағұл С.Б., Еримова М.М.</i> Сәбит Дөнентайұлының саяси-әлеуметтік лирикасы	2	105
<i>Имангазинов М.М.</i> Аллегориялық туындылардағы дидактика мен өткір тіл	3	38
<i>Каренов Р.С.</i> Алаштың Мұхамеджан Тынышбайұлы және оның шығыстанушы, тарихшы ре- тіндегі зерттеулері (135 жылдығына орай)	3	42
<i>Каренов Р.С.</i> Ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов құбылысы — азаматтық өркениетке қосылған мол олжа (туғанына 180 жыл толуына орай)	4	74
<i>Каренов Р.С.</i> Қасым Аманжолов соғыстан кейінгі дәуірде қазақ поэзиясына жаңа леп енгізген ақын	1	66
<i>Каренов Р.С.</i> Қожа Ахмет Ясауи — сопылық поэзияның негізін салушы ақын, Күншығыс мұ- сылмандарының рухани ұстазы	3	13
<i>Каренов Р.С.</i> Құйрықты жұлдыздай ағып өте шыққан Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұра- сының зерттелуі (туғанына 180 жыл толуына орай)	4	58
<i>Каренов Р.С.</i> Соғысқа дейін және Ұлы Отан соғысы кезеңі — Қасым ақынның анық бой көрсеткен шағы	1	97
<i>Каренов Р.С.</i> Түркі филологиясының атасы Махмұт Қашқари және оның дүниеде теңдесі жоқ «Диуани лұғат ат-түрк» атты мұрасы	2	86
<i>Каренов Р.С.</i> ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары ұлы өкілдері бірінің ғылыми және ағартушылық қызметі (Халел Досмұхамедовтың қайтыс болғанына 75 жыл толуына орай)	2	66
<i>Кенжебекова Ж.А.</i> Мәди Бәпиұлының мәдени мұрасы және азаматтық ұстанымы	2	140
<i>Қазыұлы Е.</i> Қытай жазушысы Лау Шы мен Қауысқан Қозыбайұлының жасампаздық шеберлігіндегі салалас ұқсастықтар туралы	2	111
<i>Матейко Л., Цингерова Н.</i> Словакиядағы Ресей бейнесі: таптауырын және БАҚ-тағы қазіргі саяси метафора	2	123
<i>Рүстемова Ж.А., Шәкірова Қ.М.</i> Драмалық шығармалардағы мінез мәселесінің зерттелуі	2	128
<i>Смағұлов Ж.Қ.</i> Қасым Аманжолов поэзиясы және әдеби-көркем сын	3	31
<i>Станчу Никола.</i> Румын және словен тілдеріндегі ортақ лексикалық формалар	3	60
<i>Станчу Н.</i> «Spiritual quests»: пәнаралық тұрғыдан зерттеу	2	115
<i>Станчу Никола.</i> Славян және румын мәдениетіндегі айдаһарлар	1	112
<i>Фрешли Михай.</i> Икондық уақыт пен кинематографиялық уақыт: қарым-қатынас жасау мүм- кіндіктері	1	117
<i>Харитонова Л.М.</i> Модернизм және постмодернизм поэзиясындағы уақыт философиялық тал- дау пәні ретінде	3	56
<i>Харитонова Л.М.</i> Поэтикалық Қарағанды портретінің кейбір қырлары	2	152
<i>Ысқақұлы С.</i> Таңжарық ақынның шығармашылық ғұмырнамасы	4	68

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Айтбаева Б.М.</i> Кәсіби қазақ тілін деңгейлеп оқытудың тиімділігі	3	72
<i>Барин Эрол.</i> Шетелдіктерге түркі тілін оқытуда уәжділіктің маңыздылығы	3	77
<i>Мизанбаева Г.Ш., Жүнісова М.Қ.</i> Қазақ тілін жаңаша оқыту технологиялары	1	128
<i>Молнар Каталин.</i> Коммуникативтік құзыреттілік түсінігіне жаңа көзқарас. Ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқыту барысында бейвербалды коммуникация құралдарын үйрету және меңгерту	1	122

АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Адаева Е.С.</i> «Мұзтау» повесі және оның аудармасы хақында	1	139
<i>Дәуренбекова Л.Н.</i> Ә.Сатыбалдиевтің аудармашылық шеберлігі	4	108
<i>Дәуренбекова Л.Н.</i> Марк Твен юморлық әңгімелерінің қазақ тіліне аударылуы	1	134

ЖУРНАЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Адаева Е.С.</i> Киноаударманың түрлері: субтитр және дубляж.....	4	101
<i>Әбішева В.Т., Әбдірахманова Г.Х.</i> Журналистің кәсіби мәдениетін қалыптастыру мәселесіне ..	1	145
<i>Әбішева В.Т., Маршант В.А.</i> Тележүргізушінің имиджі эфирдегі жемісті жұмыстың құрамдас бөлігі ретінде.....	1	151
<i>Жұмабеков М.К., Мурзинцева В.В., Богомолова Т.Л.</i> Телеэфирде хабар жүргізудің ерекшелігі.....	2	159

МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІ

<i>Әбдуов М.І., Рахымов Б.С.</i> Зерделі ғалым, зерек жан	4	115
<i>Қалиев Б.А.</i> Ұстаз-ғалым мерейтойы (филология ғылымдарының кандидаты, доцент Т.Т.Пірімбетов 60 жаста)	1	154
<i>Хамзин М.</i> Тұғыры биік тұлға.....	4	120

ХРОНИКА

<i>Әділова А.С., Қазанбаева А.З.</i> Профессор Ә.Болғанбаевтың 85 жылдығына арналған «Тілтанудағы ірі тұлға» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция туралы.....	1	157
<i>Тұрсынова М.А., Рапишева Ж.Д.</i> «Сөз және шеберлік» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция туралы хабар	2	171

СЫН

<i>Әбдуов М.І., Қазбеков Т.Б.</i> Елім, жерім деп өмір сүрген нар тұлғаға арналған құнды зерттеу....	1	164
<i>Смағұлов Ж.Қ., Рахимбаева Б.О.</i> Дандай Ысқақұлы және сын жанрлары табиғаты	4	94

ПІКІР

<i>Сыздық Р.</i> Х.М.Нұрмұхановтың «Сөз және сезім» атты монографиясының қолжазбасы туралы пікір.....	4	123
---	---	-----

**Указатель статей, опубликованных
в «Вестнике Карагандинского университета» в 2014 году.
Серия «Филология»**

№ с.

ОБЩЕЕ И РУССКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Amanbayeva G.Yu., Toleubekova A.T.</i> Ontologic parameters of scientific research	4	46
<i>Amanbayeva G.Yu., Yushko N.F.</i> The concept of individual personality lexicon in modern psycholinguistic studies	4	53
<i>Kopzhassarova U.I., Shipitsyna A.Yu., Nurzhanova A.A.</i> Reflection of national culture in phraseological units of Russian and English languages	4	39
<i>Копжасарова У.И., Шипицына А.Ю.</i> Семантические особенности цветообозначений во фразеологизмах английского и русского языков	1	18
<i>Кретова Л.Н.</i> Проблема сохранения синонимической авторской парадигмы в ранней лирике Н.Заболоцкого	4	32
<i>Куанышева А.Б.</i> Концепт «время» в русской языковой картине мира	4	23
<i>Nesterik Ye.B., Makhmetova A.T.</i> The role of linguistic means expressing the category of evaluation in modeling subjective perception of time in a literary text.....	1	23
<i>Плотникова Л.И., Хаирова Г.М.</i> Региональный материал в вузовском курсе неологии.....	1	4
<i>Сатина С., Есенгельдинова А.Т.</i> Формирование и общая характеристика терминов банковской сферы в английском и казахском языках.....	1	30
<i>Шайбакова Д.Д.</i> «Одевает или рядит?» Еще раз о графике казахского языка.....	1	8

КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Абдрахманова Г.Х., Калиев Б.А., Жарылгапова А.С.</i> Некоторые вопросы языкознания в трудах профессора Т.Р.Кордабаева	1	57
<i>Адилова А.С., Бейсен Ф.</i> Годонимы — исторический, культурный и информационный код жизни народа.....	2	12
<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Проблема определенности/неопределенности в тюркском языкознании.....	2	53
<i>Жетибайұлы У.</i> Запреты и слова-табу.....	4	4
<i>Жунусова М.К., Рахымберлина С.А.</i> Способы передачи описательных портретов героев в казахских рассказах.....	1	61
<i>Жуынтаева З.Н., Турсунова М.А.</i> Члены предложения в древнетюркском языке.....	3	3
<i>Ильясова Н.А.</i> Лингвокоммуникативные особенности этноментальных текстов	4	10
<i>Казанбаева А.З.</i> Художественность лирики Толегена Айбергенова.....	2	41
<i>Мажитаева Ш., Ныгметова Н., Хамзина Г., Бодык Г.</i> Стилистическая функция метафоры в художественном тексте	2	4
<i>Мажитаева Ш.М., Рахымберлина С.А., Рапишева Ж.Д.</i> Природа прецедентных имен ономастического пространства в казахском языке	1	37
<i>Примбетов Т.Т.</i> Вопросы производных слов и производных корней в системе словообразования ..	2	18
<i>Рапишева Ж.Д., Рахымберлина С.А., Ибраимова Ж.Ж.</i> Способы передачи интернациональных терминов в современном казахском языке.....	1	52
<i>Rapisheva Zh.D., Tazhikeyeva A., Seidahmetova Z.K.</i> About the borrowed terms in modern Kazakh language	2	30
<i>Рахымберлина С.А., Жунусова М.К.</i> Место неофициальных имен в ономастическом пространстве казахского языка	2	35
<i>Сапарова К.О.</i> Образование подражательных слов лексико-семантическим способом словообразования	2	58
<i>Туйте Е.Е., Блялова А.А., Кадырова Л.Б.</i> Теории о возникновении языка	2	47
<i>Турсунова М.А., Исатаева Н.Ж.</i> Формирование суффиксов имени прилагательного древнетюркского языка в современных тюркских языках.....	1	44
<i>Турсунова М.А., Жуынтаева З.Н.</i> Характеристика падежных окончаний древнетюркских памятников в современных тюркских языках	2	23
<i>Хожажайын Касипбек.</i> К вопросу об исследовании метафоры	4	16
<i>Ыбырайым А.О.</i> Стилистические функции звуков языка	3	8

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<i>Абдуов М.И.</i> Наследие акынов-вольнодумцев	2	78
<i>Абдуов М.И., Жунусова М.К.</i> Жидебай батыр и казахско-джунгарское нашествие XVIII века ...	1	82
<i>Абдуова Н.М.</i> Актуальные вопросы стихотворных произведений шежире	2	143
<i>Айтбаева Б.М.</i> Роль выразительных средств в эпических произведениях	4	88
<i>Акишева Ж.С.</i> Циклообразующая функция адресата в поэзии М.Цветаевой	2	134
<i>Дулёбова Ирина.</i> Театральная метафора в языке политики Словакии и России в начале XXI столетия	3	68
<i>Жумагул С.Б., Еримова М.М.</i> Социально-политическая лирика Сабита Донентайулы	2	105
<i>Имангазинов М.М.</i> Дидактика и острый язык аллегорических произведений	3	38
<i>Искакулы С.</i> Творческое наследие поэта Танжарыка	4	68
<i>Казыулы Е.</i> Общие черты в творческом мастерстве китайского писателя Лау Шы и Каусылхана Козыбайулы	2	111
<i>Каренов Р.С.</i> Видный представитель Алашского движения Мухамеджан Тынышбайулы и его научные исследования как историка и востоковеда (к 135-летию со дня рождения)	3	42
<i>Каренов Р.С.</i> Вклад Касыма Аманжолова как поэта в отечественную поэзию послевоенных лет	1	66
<i>Каренов Р.С.</i> Довоенные годы и годы войны — период становления Касыма Аманжолова как мастера поэтического слова	1	97
<i>Каренов Р.С.</i> Исследование богатого наследия Шокана Уалиханова (к 180-летию со дня рождения)	4	58
<i>Каренов Р.С.</i> Научная и просветительская деятельность одного из великих представителей казахской интеллигенции начала XX века (к 75-летию со дня смерти Халела Досмухамедова)	2	66
<i>Каренов Р.С.</i> Слово об основоположнике тюркской филологии Махмуте Кашкари и о его непревзойденном произведении «Диуани лугат ат-турк»	2	86
<i>Каренов Р.С.</i> Феномен гениального ученого Шокана Уалиханова — это большой вклад в общечеловеческую цивилизацию (к 180-летию со дня рождения)	4	74
<i>Каренов Р.С.</i> Ходжа Ахмет Ясави — поэт, заложивший основы поэзии суфизма, и духовный учитель мусульман Востока	3	13
<i>Кенжебекова Ж.А.</i> Гражданская позиция и культурное наследие Мади Бапиулы	2	140
<i>Матейко Л., Цингерова Н.</i> Образ России в Словакии: стереотипы и современная политическая метафора в СМИ	2	123
<i>Рустемова Ж.А., Шакирова К.М.</i> Исследование проблемы характера в драматических произведениях	2	128
<i>Смагулов Ж.К.</i> Поэзия Касыма Аманжолова и литературно-художественная критика	3	31
<i>Stanciu N.</i> Spiritual quests and obstacles — an interdisciplinary approach	2	115
<i>Stanciu Nicolae.</i> Common lexical forms for Romanian and Slovenian languages	3	60
<i>Stanciu Nicolae.</i> Dragons in slavic and romanian cultures	1	112
<i>Фрешли Mihai.</i> Время иконическое и время кинематографическое: возможности взаимодействия	1	117
<i>Харитонов Л.М.</i> Время как предмет философского анализа в поэзии модернизма и постмодернизма	3	56
<i>Харитонов Л.М.</i> Несколько штрихов к портрету поэтической Караганды	2	152

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<i>Айтбаева Б.М.</i> Эффективность обучения профессиональному казахскому языку по уровням ..	3	72
<i>Barin Erol.</i> Yabancılarla Türkçe öğretiminde motivasyonun önemi	3	77
<i>Мизанбаева Г.Ш., Жунусова М.К.</i> Новейшие технологии обучения казахскому языку	1	128
<i>Molnár Katalin.</i> Communicative Competence «Revisited». Teachability and Learnability of Non-Verbal Communication in ELT	1	122

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА

<i>Адаева Е.С.</i> О повести «Мұзтау» и его переводе	1	139
<i>Дауренбекова Л.Н.</i> Мастерство перевода А.Сатыбалдиева	4	108
<i>Дауренбекова Л.Н.</i> Переводы юмористических рассказов Марка Твена на казахский язык	1	134

ПРОБЛЕМЫ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Abisheva V.T., Marshant V.A.</i> The image of a TV-host as one of the main constituents of successful broadcasting.....	1	151
<i>Абишева В.Т., Абдрахманова Г.Х.</i> К вопросу о формировании профессиональной культуры журналиста	1	145
<i>Адаева Е.С.</i> Виды перевода кино: субтитр и дубляж	4	101
<i>Жумабеков М.К., Мурзинцева В.В., Богомолова Т.Л.</i> Специфика выступления в телевизионном эфире	2	159

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

<i>Абдуов М.И., Рахимов Б.С.</i> О талантливом ученом.....	4	115
<i>Калиев Б.А.</i> Юбилей ученого-наставника (кандидату филологических наук, доценту Т.Т.Пиримбетову 60 лет)	1	154
<i>Хамзин М.</i> К юбилею ученого	4	120

ХРОНИКА

<i>Адилова А.С., Казанбаева А.З.</i> О республиканской научно-практической конференции «Тілтанудағы ірі тұлға», посвященной 85-летию профессора А.Болганбаева.....	1	157
<i>Турсунова М.А., Рапишева Ж.Д.</i> О республиканской научно-практической конференции «Сөз және шеберлік»	2	171

КРИТИКА

<i>Абдуов М.И., Казбеков Т.Б.</i> Ценное исследование, посвященное выдающемуся государственному деятелю, посвятившему свою жизнь территориальному единству Казахстана	2	164
<i>Смагулов Ж.К., Рахимбаева Б.О.</i> Дандай Ыскакулы и природа жанра критики	4	94

РЕЦЕНЗИИ

<i>Сыздык Р.</i> О рукописи монографии Х.М.Нурмуханова «Сөз және сезім»	4	123
---	---	-----